

Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық
қатынастар және
әлем тілдері университеті

Казахский университет
международных отношений
и мировых языков
имени Абылай хана

ҚХҚжӘТУ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК КазУМОиМЯ

"Филология" сериясы

Серия "Филология"

№ 1 (23) 2010

Алматы, 2010

Редакционная коллегия журиала «Вестник КазУМОиМЯ»
«Филология» сериясы
Серия «Филология»

Главный редактор
Кунанбаева С.С. *– доктор филологических наук, профессор, академик МАН ВШ*

Научный редактор
Н.Ф.Вердиева *– кандидат филологических наук, профессор*

Члены редакционной коллегии
К.О.Есенова *–- доктор филологических наук*
К.К. Дуйсекова *– доктор филологических наук, профессор*
О.Е. Людинина *– доктор филологических наук, профессор*
Пак Н.С. *– доктор филологических наук, профессор*
Медетова М.Е. *– кандидат филологических наук, доцент*

Корректоры
Дахшлейгер М.Г., Ақыш Б.У.

Регистрационное свидетельство издания №674-Ж
Выдано Национальным агентством по делам печатии массовой информации Республики Казахстан.
Издается с 2000 года

Вестник КазУМОиМЯ, №1 (23) 2010.
Издательство КазУМОиМЯ, 2010. - 277 с.
Адрес: 480072, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. комн. 217.
Тел.: +7 (327) 292 08 00 (вн. 3217)

© КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2010

Уважаемые коллеги!

Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана продолжает выпуск журналов «Вестник КазУМОиМЯ» по следующим сериям «**Педагогика и методика преподавания иностранных языков», «Филология», «Регионоведение и международные отношения», «Лингвистика и межкультурная коммуникация», «Востоковедение».**

Серии «Филология» и «Педагогика и методика преподавания иностранных языков» включены в перечень научных изданий, рекомендуемых Комитетом по аттестации и надзору МОН РК для публикации основных результатов диссертационных исследований.

В предлагаемых для публикации научных статьях авторы должны обосновать актуальность темы, четко поставить цели исследования, научно аргументировать факты, сделать обобщения и выводы, представляющие интерес своей новизной, научной и практической значимостью.

Требования к оформлению рукописи:

1. Автор представляет дискету, рукопись в двух экземплярах и в двух экземплярах резюме

2. К рукописи прилагаются: сведения об авторе (фамилия, имя, отчество, ученая степень, звание, место работы, должность, домашний адрес, индекс почтового отделения, номера служебного и домашнего телефонов).

3. Для ускорения набора необходимо приложить дискету с файлом в формате RTF, DOS- текст.

4. Текст должен быть отпечатан в двух экземплярах на принтере компьютера шрифт 14 Times New Roman - на русском языке и казахском языке. Интервал одинарный, в каждой строке должно быть не более 65 знаков, включая пробелы между словами. Поля рукописи: верхнее, нижнее, правое - 20 мм, левое – 30 мм. Размер абзацного отступа - 1.25 см.

5. Предельный объем рукописей 6-8 страниц, рецензий 1-3 страницы, хроники научной жизни до 5 страниц.

6. Заглавие статьи печатается строчными буквами и отбивается тремя интервалами сверху и снизу (от текста). Инициалы и фамилия автора(ов) статьи печатаются над её заглавием; авторов рецензий и информационных материалов – в конце рукописи.

7. Цитаты тщательно сверяются с первоисточником и визируются автором на оборотной стороне страницы.

8. Ссылки на источники располагаются в той последовательности, в какой встречаются в тексте, нумеруются и помещаются в конце статьи с точным указанием выходных данных:

а) для книг - фамилия, инициалы автора, полное название книги, город и год издания, например:

1. Выготский Л.С. Мышление и речь // Собр. соч. М., 1982 т.2.
2. Словарь литературоведческих терминов. - М., 1974.
3. Соссюр Ф.де. Курс общей лингвистики. - М., 1993.
4. Philips K. S. Language and class in Victorian England. – London 1984:

б) для статей - фамилия, инициалы автора, полное название статьи, книги, газеты, название сборника, журнала, где опубликована статья, город (для книг), год и номер газеты, журнала, например:

1. Конрад Н.И.О китайском языке // Вопросы языкознания. - 1952. - №3.
2. Fransois D.L. Oral les oraux et leur grammaire // Le Fransois dans le monde, 1979. - №45.

Ссылки на литературу в тексте даются в квадратных скобках, при цитировании указываются страницы через запятую и тире, например [2;5] или (2;5-8).

9. Статьи должны быть обязательно подписаны автором, а при наличии нескольких авторов - всеми соавторами.

10. Резюме (до 5 строк каждое) должно быть написано на двух языках: если статья на казахском языке, то резюме дается на русском и английском языках, если статья написана на русском языке, то резюме дается на казахском и английском языках.

Редакционная коллегия оставляет за собой право при необходимости сокращать статьи, подвергать их редакционной правке и отсылать авторам на доработку.

Плата за публикацию статьи – 2000 тенге.
Перечислять на счет: 050022, г. Алматы, ул. Муратбаева 200,
АО КазУМОиМЯ им. Абылай хана ИИК осн. счет (тенговый)-
400 609 428,
АГФ АО Банк Центр Кредит БИК 190 501 719 Кбе 16

Алматы, 050022
ул. Муратбаева, 200, ком.217
КазУМОиМЯ им Абылай хана
Редколлегия журнала «Вестник»

ЯЗЫК - МЫШЛЕНИЕ - КУЛЬТУРА



Жаңабекова А.Ә.
Алматы

ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТЕМПОРАЛДЫЛЫҚ ЖӘНЕ МОДАЛДЫЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОҒЫСЫМЫ

Темпоралдылық функционалды-семантикалық **модалдылық** категориясымен де тығыз байланысты. Бұл әсіресе, шақ жіктемесінде айқын көрініс табады. Яғни шақты жіктеуде сөйлеу сәтін меже ететін ұстаныммен бірге субъектінің амал-әрекетке қатынасын білдіретін модалдылық ұстаным жүйелі түрде негізге алынып жүр. Бұған шақты анық өткен шақ, танық өткен шақ, неғайбыл өткен шақ, сенімді өткен шақ, сенімсіз өткен шақ, сонымен қатар келер шақ жіктемесіндегі болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ түрлерінің болуымен түсіндіруге болады. Енді осы жерде шақты түр-түрге бөлуде неге модалдық мағына негізге алынды, шақ дегеніміз сөйлеу сәтінің алдында не сөйлеу сәтіндегі және сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатын амал-әрекетті білдіру емес пе деген сұрақ туындайды. Неге бірқатар ғалымдар модалдық мағынаны шақ жіктемесіне негіз етіп алды? Бұл өте қиын мәселе. Бұған дейін де ғалымдар осы ұстанымдардың екі басқа грамматикалық принцип екенін білді, бірақ біле тұра шақ жіктемесін модалдық мағынаның қатысынсыз жасай алмады. Бұл нені көрсетеді? Бұл темпоралдық пен модалдық мағыналардың ажырағысыз байланыстылығын көрсетеді. Бұл - бір.

Екіншіден, темпоралдық және модалдық категорияларының ажырағысыз байланыстылығын көрсететін тағы бір мәселе – грамматикалық шақ формаларының ашық рай құрамында қаралуы. Дәстүрлі грамматикада грамматикалық категория тұрғысынан рай мен шақ екі басқа категория, бірі - амал-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатынасын білдірсе, екіншісі – амал-әрекетке сөйлеушінің көзқарасын білдіреді. Бірақ мектеп оқулықтары мен жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарда, басқа да грамматикаларда шақ ашық райдың құрамында беріледі. Бұдан бір категорияның ішіне бір категория еніп кетеді деген ұғым туындайды. Осы жағынан шақ категориясының ашық рай құрамында қаралуы оқушыға түсініксіз болып қалады. Бұл өз алдына мәселе. Біздің айтайын дегеніміз темпоралдылық пен модалдылықтың астас келуі құрылымдық жүйедегі шақ және рай категорияларының осы аражігінен-ақ айқын көрінеді. Яғни шақтың ашық рай құрамында

қаралуының өзі бұл категориялардың мағыналық шектестігімен байланысты.

Енді осы темпоралдық және модалдық мағыналардың грамматикалық шақ жүйесіндегі байланысына тоқталамыз.

Ашық рай құрылымдық жүйеде етістіктің өткен шақ, осы шақ, келер шақ мағыналарын түгел қамтиды. «Ашық рай деп (индикатив) амал-әрекеттің өткенде, қазірде және келешекте болу я болмауын білдіретін грамматикалық категория»,- дей келе, А.Ысқақов модальдік категориясы арқылы айтылатын пікірдің ақиқатқа қатынасы реалды не неғайбыл (иреалды) болып көрінуі тиіс. Амалдың ақиқатқа қатысын білдіруіне қарай етістік райларын ашық (негізгі) райлар және неғайбыл (жәрдемші) райлар деп бөліп, оларды мағыналық, тұлғалық ерекшелігіне қарай бір-біріне қарама қарсы қойып қаралады дейді. Яғни ашық рай амалдың реалды екенін, ал неғайбыл райлар амалдың реалды емес екенін білдіреді дейді [1, 313б.]. Ғалымның пікірінше, ашық рай амалды реалды етіп көрсеткендіктен, мезгіл ұғымымен (өткен, келер, осы шақтармен) байланысты болады да, ал неғайбыл райлар амалдың реалды емес екенін, яғни амалдың негативті сипатын білдіріп, оларды қалау, шарт, бұйыру, қажет санау, ләзім көру тәрізді модальдік реңктер түріде айтады да, тек келешекке мегзегені болмаса, шақ категориясына тікелей қатыспайды.

Ғалымның бұл айтылған пікірлерінен мынаны аңғаруға болады. Темпоралдық құрылымдық жүйедегі грамматикалық категория тұрғысынан амал-әрекеттің ақиқатқа қатынасын білдіруіне қарай модалділік категориясының құрамына еніп кетеді, және осы неғайбыл райларға қарсы қойылып, ирреалдылық тұрғысынан амал-әрекеттің анық болғандығын не болатындығын не болып жатқандығын білдіреді. Бұл шақ категориясының ашық рай құрамында қаралуының бірден бір себебі. **Бұл кез келген темпоралдық мағына бар сөйленімде модалдылық мағына реалды модалдылық мағына ретінде көрініс тауып отырады деген сөз.** Мысалы: *Еңгезердей тұлға ебедейсіз қимылдап, есік алдындағы шылапшын, құманды салдыр-гүлдір құлата-мұлата төрге* ***озды*** (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). *Жиен бұртиып, кәдімгідей өкпелеп* ***отыр*** (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Сөйленімдердегі өткен шақ, осы шаққа қатысты темпоралдық мағыналар ақиқат шындыққа қатысына қарай реалды модалдылықты білдіреді. Бұл грамматикалық шақ формалары арқылы берілетін темпоралды жағдаяттардың барлығында реалды модалдылық семасының болатындығын көрсетеді.

Иреалды модалдылық дегеніміз амал-әрекеттің ақиқат шындыққа қатысын білдірмейтін, жүзеге асуы реалды емес амалды білдіретін мағыналар. Рай категориясында мұндай рай түрлері – бұйрық рай, қалау рай, шартты рай. Бұл райлар қазақ тілі оқулықтарында жанама райлар, қосалқы райлар деп те аталады. А.Ысқақов неғайбыл райлар деп атайды. Неғайбыл райлар амалдың айқын еместігін білдіреді. Бір қызығы бұл райлар тілдік жүйе, яғни грамматикалық категория жүйесінде көбінесе келер шаққа ғана қатысты болып тұрады. Ал келер шақ шақ түрлерінің ішіндегі ең нақтылығы жоқ категория, келер шақ түрлерінің болжам, мақсат, ниет мағыналарын білдіруі де (мақсатты келер шақ, болжалды келер шақ) осымен байланысты.

Сөйлеушінің амал-әрекетке көзқарасын білдіру негізінен шақ категориясының емес, рай категориясының функциясы. Бұл сөйлеудегі мақсаттылық, болжам модалділіктерінің семантикалық функциясы болып табылады. Осы функция тіл жүйесінде грамматикалық шақ жіктемесінің келер шақ парадигмасын құрауға негіз болған. Мақсатты келер шақ тұлғасы *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* тұлғасының шын мәніндегі негізгі мағынасы мақсат модалдылығымен байланысты. Ал бұл қосымшаның келер шақ мағынасын білдіруі оның екіншілік, яғни жанама, қосымша (перифериядағы) функциясы болып табылады. Болжалды келер шақ тұлғасы *-ар, -ер, -р* да болжам модалдылығының тілдік көрсеткіші, ал оның келер шаққа қатысты мағынасы мақсатты келер шақ сияқты екіншілік, перифериялық функциясы болып табылады. Ал бірақ осы модалдылық көрсеткіштерінің перифериялық функциялары (шақтық мағыналары) темпоралдылық категориясының өзектұлғасы болып табылатын грамматикалық шақ (келер шақ) көрсеткіштерін қалыптастырған. Бірақ мақсат және болжам мағыналары келер шақ көрсеткіштерінің құрамында сақталып қалған да, оларды жіктеуге негіз болған. Яғни келер шақ тұлғаларын мағыналық жағынан түр-түрге бөлуде айырым-белгі ретінде алынған. Енді осы мақсатты және болжалды келер шақ формалары арқылы берілген темпоралды және модалдық жағдаяттарға талдау жасап көрелік. Мысалы: *Орталық бір-екі айдың ішінде бес жүз қызметші* ***жібермек.*** *Темір жолды тез жеткізуге төтенше шаралар қолданып жатыр* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Адамға ажал тағдыр жақын келсе, Қызықты қызық дүние қырын* ***қалар.*** *Бауырың дос-жараның, туғандарың, Ұл-қызың, аға-жеңгең, інің* ***қалар.*** *Ақынмын, ел ақтаған бақсы емеспін Адасып айдалада жыным* ***қалар*** (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Бірінші мысалдағы «жібермек» етістігі сөйленімдегі амал-әрекеттің ең алдымен мақсаттылығын білдіреді, ал мақсаттылық мән келер уақытқа қатысты,

өйткені адам өткенге қарай мақсат қоймайды, өткен және осы уақытта нақтылық болады, ал келер уақыт беймәлім, арман-тілекке, мақсат-ниетке, болжам мен жобаға құрылған. Демек, берілген сөйленімдегі темпоралдық мағына (келер шақ мағынасы) мақсат модалдылығының жанама функциясы арқылы көрініс тапқан деуге болады. Екінші мысал болжам модалдылығына құрылған. Сөйлеуші алдағы болатын амал-әрекетке болжам жасауды мақсат еткен, ал келер шақ мағынасы осы модалдық мағынаның екінші функциясы тұрғысынан сөйленімде темпоралдық семантика беру мүмкіндігіне ие болған. Ал мына сөйленімде келер шаққа қатысы темпоралды семантика күрделі пысықтауыштар арқылы нақтылана түскен: *Ақтөбенің ақ тарысына баратын түйекеш-керуендер* ***ертең таң сәріден жүрмек****. Соған дейін керуенге қосатын түйені жеткізіп, жазы салып, ноқта кигізіп даярлау керек* (Ө. Тұрманжанов, Адам.).

Біз жоғарыда сөз еткен мақсат, болжам модалдылықтары құрылымдық жүйедегі неғайбыл рай түрлерімен (қалау, шартты, бұйрық) ұқсас. Бұл ұқсастық мынадан байқалады: біріншіден, қалау, шартты, бұйрық сияқты неғайбыл райлар келер шақ жіктемесіне еніп кеткен мақсат, болжам модалдылықтары сияқты негізінен келер шаққа қатысты. Екіншіден, неғайбыл райлар мен мақсат, болжам модалдылықтарының негізгі мағыналары ең алдымен модалдық мағына білдіру. Ал келер шаққа қатысты темпоралды мағыналары бұл екеуінің де екіншілік жанама функциялары. Бірақ бұл мағыналар ашық рай құрамында келер шақ көрсеткіштері ретінде берілгендіктен, неғайбыл райлар құрамында көрсетілмеген. Сонымен, біріншіден, темпоралдылықты құраушы етістіктің шақ категориясы құрылымдық жүйе бірліктері тұрғысынан ашық райды білдіруіне қарай модалдылық мағынамен ішкі бірлікте тұрса, екіншіден, шақ жіктемесінің өз ішінде модалдық мағыналар шақты жіктеудегі принциптік мәнге ие болған. Яғни модалдық мағыналары негізінде келер шақ түрлерінің мақсатты, болжалды келер шақ деп аталуы темпоралдық мағына мен модалдық мағыналардың ажырағысыз байланысының тағы бір көрінісі.

Шақ категориясының өз ішіндегі тағы бір модалдылықпен астастығы өткен шақ формаларының жіктемелерінен де байқалады. Ғалымдардың бірқатары өткен шақтың түрлерін анықтауда векторлық принциппен бірге, модалдық принципті де қолданып отырған. Дәлірек айтсақ, өткен шақтың анық, танық, сенімді, сенімсіз, неғайбыл өткен шақ сияқты атаулары осы модалдық мағыналарға негізделген деуге болады. Мәселен, өткен шаққа қатысты темпоралды мағына білдіретін шақ тұлғаларының мағыналық құрамында болып өткен амал-әрекетке

сөйлеушінің сенімділігі немесе сенімсіздігін білдіретін т.б. модалдық мағыналар бар. Атап айтсақ, *-ып, -ін -п* көсемше формасы сөйлеушінің сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды өз көзімен көрмей, екінші бір адамның айтуымен, немесе басқа бір жағдай арқылы білгендігін білдіреді. Яғни бұл қосымшаның мағыналық құрылымында субъектінің амал-әрекетті, оқиғаны баяндауында неғайбылдық, сенімсіздік, белгісіздік сияқты семалар бар. Осы модалдылық мағыналарға сүйеніп ғалымдар өткен шақ жіктемесін жоғарыда аталған түрлерге бөлген. Тіпті А.Байтұрсынов қазіргі шақ жіктемесінде беріліп жүрген сенімді, сенімсіз, болжал сияқты шақ түрлерінің осы модалдық мағыналарына орай райдың түрлері ретінде де атап көрсетеді. (Ал қазақ ғалымдары ішінде өткен шақты жіктеуде таза векторлық принципті ұстанған Ы.Маманов). Олай болса, модалдық мағынаның өткен шақты жіктеуге де негіз болуы темпоралдық мен модалдық мағыналардың ажырағысыз байланыстылығының тағы бір көрінісі болмақ.

Неғайбыл (иреалды) райлар (бұйрық рай, қалау рай, шартты рай) да темпоралдық мағынаны білдіре алады. Бұл орайда жанама рай формаларының темпоралды мағына білдіруі олардың екіншілік қызметі, яғни рай тұлғаларының жанама қызметі болып табылады. Аталған неғайбыл райлардың қайсысы болмасын тіл жүйесіндегі құрылымдық функцияларымен ғана шектелмейді. Олардың әрқайсысы функционалды-семантикалық модалдылық өрісін құрайтын өзектұлғалар болғандықтан, семантикалық функция (модалдық функция) да атқарады.

Енді осы неғайбыл райлардың әрқайсысының темпоралдық мағыналарына тоқталып өтеміз. Неғайбыл райлардың ішіндегі бұйрық райдың орны туралы Л.Дүйсембекова былай деп жазады: «Етістіктің рай категориясы ішінде бұйрық райдың алатын орны ерекше. Ол өзінің модальдық мағыналарымен де, ерекше морфологиялық құрылымымен де өзіне тән интонациясымен де басқа райлардан ерекше көрінеді» [2].

Қазақ тіліндегі рай парадигмасында модалдық мағынаның, яғни сөйлеушінің ақиқат шындыққа көзқарасын білдіруде бірден танылатын, үнемі тыңдаушыға қарай бағытталып айтылатын, ерекше интонациялық құрылымымен ерекшеленетін түрі бұйрық рай болып табылады. Бұйрық рай құрылымдық функционалдық аспектіден Л.Дүйсембекованың диссертациялық жұмысында қарастырылса, соңғы кезде ономасиологиялық функционалды грамматика тұрғысынан да біршама зерттеу нысанына іліге бастады. Мәселен, С.Құлманов «Бұйрықтық модалдігінің семантикалық құрылымы» деген мақаласында осы функционалды-семантикалық өрісті бұйрықты (фактитивті) және тыйым салу сөйлемдері, ал шеткері аймағын (перифериясын) ескерпе және

тілек-қалау мағыналарымен астасқан бұйрықты сөйлемдер құрайтынын айтады [3].

Бұйрық модалдылығы үнемі келер шаққа қарай бағытталады. Мәселен, Л.Дүйсембекованың көрсеткен бұйрық райдың мағыналық топтары бойынша алсақ, бұйрық алда орындауға тиісті істі міндеттейді, тапсырма алдағы уақытқа беріледі, ұсыныс алда істеуге болатын нәрселерге қатысты, сақтандыру да болашаққа қарай бағытталады, қысқасы бұйрықтылықтың қай мағыналық тобы болсын сөйлеу сәтінен кейінгі векторлық сызық бойында тұрады. Ал осы векторлық сызық бойында тұру дәрежесі жағынан олардың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы:

а) сөйлеу сәтінен кейін дереу орындалуға тиісті бұйрықтылық. Мұндай сөйленімдер сөйлеу сәтінен келер шаққа қарай бағытталған векторлық сызық бойында сөйлеу сәтіне өте жақын орналасады. Мысалы: *Кір үйге! Анау кішкене балалар шошымасын, солардың қасында бол!* (С.Мұратбеков). Кейбір жағдайда бұйрықтылық келер шаққа қарай бағытталғанмен, нақ осы шақпен астасып, ұштасып та кетуі мүмкін. Бұл әсіресе, тез орындалуға тиісті жағдаяттармен (соғыс, қауіп) байланысты. Мысалы: - *Жатыңдар! –деп айқайлады Кирилл қолын бұлғап жер бауырлап* (К.Федин).

ә) сөйлеу сәтінен соң біраз уақыт өткен соң орындалуға тиісті бұйрықтылық. Мұндай бұйрықтылық модалдылығы сөйлеу сәтінен келер шақ бағытының орта шеніне орналасады. Мысалы: *Абай келіншегіне бұйрық етіп: - Мына кісілерге ашықпастай қылып ет, азық әзірлете бер!* (М.Әуезов). *– Кемпір! – деді шал, – мына Сейсімет әскерге алынатын болыпты. Амандаса келген сыңайы бар. Қазаныңа ас сал. Биылғы күздіктен ауыз тиген жоқ еді, Еділханды жіберіп балалар мен келінді де алдыр* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

б) сөйлеу сәтінен кейін араға біршама уақыт салып барып орындалатын бұйрықтылық. Бұйрықтылық орындалу сипаты жағынан уақыт көлемі ұлғайған сайын векторлық сызық бойында сөйлеу сәтінен қашықтай түседі. Мысалы: *Дәл жөнеле кезде Ұлжан ат үстінде тұрған Абайды өзіне қарай шақырып алып: - Абайжан Тойғұлының ауылына бара кет. Әкелерің құда түсе кетіпті. Осы ауыл тегіс барсын деген екен. Мен қайдан сүйретіліп жүрейін, жолшыбай аз аялдап кете берерсің, - деді* (М.Әуезов). Демек уақыт көлемі бұйрықтылықтың сөйлеу сәтінен келер шаққа қарай бағытталған векторлық сызық бойындағы орналасу ретін анықтайды.

Бұйрықтылықтың келер шаққа бағытталған векторлық сызық бойында орналасу ретін темпоралдылықтың лексикалық, синтаксистік

тілдік құралдары да нақтылай алады. Мысалы, сөйлеу сәтіне жақын аралықта орындалуы қажетті бұйрықтылық *қазір, тап қазір, дереу, жылдам, тез* сияқты тілдік құралдардың қатысуы арқылы берілсе, одан кейінгі, яғни сөйлеу сәтінен келер шақ бағытының орта шенінде *ертең, сонан соң, бүрсікүні, кешке, немесе бернеше сағаттан кейін* т.б. тілдік құралдар тұрады, ал векторлық сызықтың аяқ шенін *бір айдан кейін, үш-төрт айдан кейін, бір жылдан кейін, екі-үші жыл өткен соң* сияқты т.б тілдік құралдар құрайды. Демек орындалуға тиісті бұйрықтылық темпоралдылық өрісінің негізгі сипаты болып табылатын векторлық сызықтың келер шағымен тығыз байланысты.

Қазақ тіліндегі **қалау райды** арнайы зерттеген Б.Доскеева: «Қалау рай тұлғасы рай категорияларының ішіндегі ең күрделі және қарымды тұлғалардың бірі болып есептеледі. Қалау райдың күрделілігі мен қарымдылығы оның лексика-семантикалық сипаты мен тұлғаларының молдығына байланысты» - дей келе, қалау рай тұлғаларын семантикалық ерекшеліктеріне қарай ерікті қалау рай және тілекті қалау рай деп бөледі [4, 15б.]. Қалау райдың шақтық мағыналарды білдіруіне қатысты түрліше пікірлер айтылады. Бұл әсіресе, ерікті қалау рай (-ғы кел) тұлғасының құрамындағы кел көмекші етістігіне байланысты. Бұл тұлға, яғни *кел* етістігі жүзеге асуы я аспауы белгісіз келер шақ мәнінде де, осы шақта да, өткен шақта да түрленіп қолданылады. Осы ерекшелігіне қарай (шақ бойына түрленуіне қарай) бірқатар ғалымдар *-ғы кел* тұлғасы рай категориясына жатпайды дегенді айтады [5, 122б]. Ал А.Ысқақов бұл тұлғаның шақ бойында түрленуінен я өткен шаққа, я осы шаққа қатысты, яғни соларды байыптарлықтай мән бағдарланбайды, демек, бұлардан аталған үш шақ туралы ешқандай ашық түсінік көрінбейді деп, *-ғы кел* тұлғасының негізгі мағынасы қалау мән деген тұжырымға келеді. Сонымен бірге А.Ысқақов бұл тұлғаның келер шаққа қатысы туралы: «бұл формалардан келешекке мезіреті етілетіндей әлдеқандай бір ишара немесе әлдебір ниет сезіледі. Бірақ бұл мезіреті келер шақ мағынасын бермейді және бере де алмайды» дейді [1, 315б.]. Біздің ойымызша, қалау модалдылығының негізгі функциясы келер шаққа тікелей қатысты. Өйткені философиялық тұрғыдан алғанда адам бойындағы мақсат, тілек, ниет, қалау, болжам сияқты сезімдер негізінен алдағы уақытқа қарай бағытталады. Ал осы шақ пен өткен шаққа да қатысты сияқты болып тұруы қалау райдың семантикалық құрылымының өз ішіндегі мағынасы емес, қалау рай формаларына жалғанған грамматикалық формалардың мағыналық реңктерімен байланысты. Мысалы, өткен шақ: *Жылағысы келгенін сезгенде, едәуір қызғанын ұқты* (Ә.Сараев). Өткен шақ мағынасы *кел* көмекші етістігіне жалғанған *-ген* тұлғасының

мағынасымен байланысты. Осы шақ: *Өз аузыңнан естігім келіп тұр* (Қ.Найманбаев). Осы шаққа қатысы *кел* көмекші етістігіне жалғанған *-ip тұр* формантының мағынасы.

В.Мелиоранский бұл тұлғаны келер шақтың көне түрі деп береді. С.Доскеева тілекті қалау рай тұлғасы болатын *-ғай, -гей* қосымшасының ежелгі қолданысы келер шақ мәнін және қалау, тілек мағыналарын беру екендігін, Э.Наджип, өзбек ғалымы Х.Нигматов т.б ғалымдардың ескерткіштер тілінде келер шақ мәнін білдіру үшін қолданылғандығы жайлы айтқан пікірлерін келтіреді. Д.Тумашева татар тіліндегі бұйрық және қалау райлардың келер шаққа қатыстылығы туралы тұжырым жасайды [6, 88б.]. Бірақ бұл айтылғандардан қалау райдың негізгі қызметі келер шақты білдіру деген ұғым тумау керек. Оның негізгі қызметі сөйлеушінің ақиқат шындыққа қатысын көрсетсе, келер шаққа қатысы оның екінші қызметі. Темпоралдылық өрісі тұрғысынан қалау модалдылығы векторлық сызықтың келер шаққа қарай бағытталған сызық бойында жатады. Ал грамматикалық қалау рай формалары осы темпоралдық өрісінің шеткері аймағының (перифериясының) негізгі тілдік құралы қызметін атқарады. Ал қалау райдың қалған тұлғалары *-са, -се* шартты рай формасына *ыгі, ыгі еді, екен, еді, етті, ғой* сияқты көмекшілердің тіркесуі арқылы жасалады. Қалау райдың бұл тұлғаларында да келер шаққа қатысты қосымша сема бар. Бұдан қалау модалдылығына құрылған сөйленімдерде, яғни қалау мәнді модалдық жағдаяттарда міндетті түрде келер шаққа қатысты темпоралды мағынаның қосымша (перифериялық мағына ретінде) көрініс тауып отыратынын көреміз.

Темпоралдық құрылымдық жүйеге түскен жоғарыда аталған модалдық топтардан басқа да семантикалық тұрғыдан аталып жүрген модалдылық түрлерімен де байланысты. Яғни грамматикалық парадигмалық жүйесі жоқ тілімізде модалдылықтың функционалды-семантикалық мүмкіндік, қажеттілік сияқты да категориялары бар. Шақ осылардың қай-қайсысымен болсын белгілі бір дәрежеде астасып жатады.

Әдебиеттер

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 380 б.

2. Дүйсембекова Л. Қазақ тіліндегі бұйрық райдың парадигмасы мен мағыналық құрамы. Филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1998. – 24б.

3. Құлманов С. Бұйрықтық модалдігінің семантикалық құрылымы. ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. – Алматы, 2007., №1 - 24-29бб.

4. Доскеева Б. Қалау райдың тұлғалық жүйесі мен семантикалық ерекшеліктері. Канд дисс. – Алматы, 1999. – 131б.

5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы:Мектеп, 1975. – 136б.

6. Тумашева Д. Татарский глагол. Изд-во Казанского университета, 1986. – 188с.

Резюме

Статья посвящена анализу взаимодействия категорий темпоральности и модальности. Характеризуются формы условного, желательного и повелительного наклонения казахского глагола, используемые для выражения темпоральной семантики.

Resume

This research is devoted to analysis of interaction of temporality and modality categories. There are the characteristic of conditional, desirable and imperative forms of kazakh verb's mood, which are use to expression of temporal semantics.

Жұбаева О.
Алматы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАНЫМНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі таңда адам факторы мен тілдік бірлік қызметі лингвистика ғылымында бірінші кезекке шығып, өзекті болуына байланысты тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Ғылыми зерттеулер сипаттама лингвистикадан функционалды бағыттағы зерттеулерге ойысып, тілді динамикалы, үнемі өзгеріп, дамып отыратын құбылыс ретінде қарастыра бастады. Әсіресе адамның ойлау және сөйлеу қабілеттерінің терең процестерін зерттеуде когнитивтік лингвистиканың орны ерекше. Қазіргі тіл білімінің теориялық зерттеу парадигмасының антропоцентристік басты ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметінің, атап айтқанда, танымдық (когнитивтік) және қарым-қатынас (коммуникативтік) қызметін терең ашып, тіл білімін заман талаптарына сай жаңа сапалы деңгейге көтеруге негізделіп отыр. Қазіргі антропоөзекті зерттеулерде бұрынғы лингвистикалық зерттеулердің бағытын өзгерте отырып, ұлттық сананың ерекшеліктерінің тілдегі көрінісі бейнеленеді. Бұрынғы зерттеулерде тіл

құрылымы мен жүйесіне, оның қызметіне ерекше мән берілсе, қазіргі кезде зерттеушілер адам әрекетін түсінуге басты назар аударуда. Тіл ақиқат болмысты тану барысында жинақталған әлем туралы біліміміздің жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Когнитивтік бағыт тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді. Когнитивтік тұрғыдан зерттеу тілдің барлық деңгейлерін қамтиды. Тіл түрлі элементтердің құрылымы ғана емес, сөйлеуді тудыратын механизм ретінде қарастырыла бастады. Сол себепті лингвистер білімнің ұйымдасуы мәселесіне, олардың тілде көрініс табуы, тілдік тұлға мәселесіне ерекше қызығушылық тудыруда. Тілде ұрпақтар арасындағы байланыс көрініс тауып, халықтың ментальдық сипаты көрініс табады. Қандай да бір тілдің меңгерген сөйлермен осы тілде сөйлейтін сөйлермендер сияқты, дүниені сол көзқарас тұрғысынан тани бастайды. Тіл дүниетаным қалыптастырудың, ойлау жүйесін қалыптастыру жолы болып табылады. Тілдік ұжымның ақиқат болмысты тануға бағытталған әдіс-тәсілдері, дүниенің тілдік бейнесі тілдің лексика және грамматика салаларында көрініс табады. Қазіргі зерттеулерде ұлттық сипатқа қатысты ізденістер негізінен лексикалық семантикадағы көрініске назар аударуда. Әрине, мәдени концептілерді – синкретикалық ұғымдарды зерттеуде лексиканы талдаудың мәні зор. Мұнда әсіресе этникалық ойлаудың өзіндік ерекшелігін танытатын лексемаларды (оның ішінде баламасыз лексемаларды), белгілі бір сөздің мәнін ашу, сөзге этимологиялық талдау жасаудың маңызы ерекше. Қазақтың дүниенің тілдік бейнесін лексика-семантикалық зерттеулер ең алдымен баламасыз лексикалық бірліктер арқылы сипаттайтын болса, грамматикалық тұрғыдан зерттеген кезде лингвистикалық ерекшеліктері бар грамматикалық құбылыстар ерекше мәнге ие болады. Белгілі бір тілдегі мағыналарды – концептілерді танытатын лексикамен салыстырғанда, грамматика біршама тұрақты категориялар жүйесін құрайды. Ол сөйлеуде лексикалық бірліктер мен нақты грамматикалық категориялар арқылы көрініс табады. Дүние бейнесін жасауда жекелеген сөздер ғана қатысып қоймайды, мұнда грамматикалық категориялар мен синтаксистік құрылымдардың да өзіндік орны бар. Алайда қазақ тілінің грамматикасы когнитивтік тұрғыдан әлі де толық зерттелмей келеді. Жеке сөзді, лексеманы талдау барысында идиоэтникалықты танытатын мәдени концепт, мәдени константаны анықтап, лексикалық семантиканы талдау нәтижесінде концептілер жиынтығын түзуге болады. Лексика сөздерді таңдап, сұрыптап қолданады. Сондықтан ол жалпылық сипатқа ие бола алмайды.

Грамматикалық категориялар тілді жүйе ретінде қарастырады, сөйлеудегі лексикалық бірліктер мен грамматикалық категориялар жиынтығын құрайтын мағыналарды айқындауға жол ашады. Мұнда өзара грамматикалық байланыс құрайтын мағыналарға ерекше мән беріледі. Грамматикалық зерттеулерде «мәдени» концептілерден гөрі әмбебап-логикалық концептілерге («Уақыт», «Сан», «Сапа» т.с.с.) ерекше мән беріледі.

Грамматиканың өзегі грамматикалық бірліктер, топтар мен категориялар туралы ілімнен құралады. Қазақ тілінде грамматикалық құрылымның өзегін морфологиялық жүйе құрайды. Морфологияға идиоэтникалық сипат тән болғандықтан, морфологиялық жүйе тілдің өзіндік ерекшелігін танытады. Морфология – тілдік жүйенің ең тұрақты қабаты болып табылады. Ол тілдің өзіндік заңдылықтары бойынша дамып, жетіліп отырады. Ондағы өзгерістер өте баяу жүреді. Морфологиядағы өзгерістер тұрақталуы үшін өте ұзақ уақыт қажет болады. Ол басқа тілдің әсерін бірден қабылдай қоймайды, керісінше, өзіне бағындырып алып отырады. Морфология тұрақты дегенмен, онда да өте баяу болса да, өзгерістер болып отырады, ол да дамып, жетіле береді. Грамматикада халық санасында әбден қалыптасып, тұрақтанған мағыналар ғана көрініс табады. Ол лексика сияқты, тілдегі жаңалықтарды бірден қабылдай қоймайды. Грамматика ментальдылыққа әсер етіп отырады. Мысалы, қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің анайы және сыпайы түрге жіктелуі басқа тілдерге ұқсамайды. А.Байтұрсынұлы [1], Қ.Кемеңгерұлы [2] тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге жіктеп алған. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған. А.Байтұрсынұлы *бала* сөзінің жіктелуін былайша көрсетеді:

Анайы жіктеу:

Ж е к е ш е:	К ө п ш е:
I ж.(мендік) *баламын*	I ж. (мендік) —
II ж.(сендік) *баласын,*	II ж.(сендік) *балаларсыз*
IIП ж.(бөгделік) *бала*	III ж.(бөгделік) *балалар*

Сыпайы жіктеу:

Ж е к е ш е:	К ө п ш е:
I ж. (біздік) *баламыз*	I ж. (біздік) *балалармыз*

ІІ ж. (сіздік) *баласыз* ІІ ж. (сіздік) *балаларсыз*
ІІІ ж. (оларлық) *бала* ІІІ ж. (оларлық) *балалар*

Сол сияқты тәуелдеу үлгісін көрсетуде де осы жүйе бойынша анайы-сыпайы түрге жіктейді. Мысалы:

Анайылық түрі:

Ж е к е ш е: К ө п ш е:

І ж.(мендік) *атам* І ж. (мендік) *аталарым*
ІІ ж.(сендік) *атаң* ІІ ж. (сендік) *аталарың*
ІІІ ж.(бөгделік) *атасы* ІІІ ж. (бөгделік) *аталары*

Сыпайылық түрі:

Ж е к е ш е: К ө п ш е:

І ж. (біздік) *атамыз* І ж. (біздік) *аталарымыз*
ІІ ж. (сіздік) *атаңыз* ІІ ж. (сіздік) *аталарыңыз*
ІІІ ж. (оларлық) *атасы* ІІІ ж. (оларлық) *аталары*

А.Байтұрсынұлы анайылық түр – оңаша тәуелдеу, сыпайылық түр – ортақ тәуелдеу болатынын айтады. А.Байтұрсынұлы жіктік жалғаулардың әуел баста жіктеу есімдіктерінен шыққанын айта келіп, олар І, ІІ жақта өзара ымыраласып, ІІІ жақтың көпше түрінде ымырадан шығып кететінін айтады.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы жіктеуіндегі негізгі ерекшеліктің бірі – **анайы жіктеудің І жақ көпше түрі болмайтынын** көрсетеді. Шын мәнінде, *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер, ол* есімдігінің көшпе түрі *олар* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Ал кейінгі оқулықтарда жазылып жүргендей, анайы жіктеудің І жағы *біз*-ге ауысатын болса, анайы-сыпайы жіктеу жүйесі тұтастай бұзылады. Ол, әсіресе, тәуелдік жалғауымен салыстырғанда, айқын аңғарылады. Мәселен, тәуелдеудің анайы түрі жекеше *менің атам* болса, көпшесі *менің аталарым* болады, соған сәйкес сыпайы түрі жекеше *біздің атамыз* болса, көпшесі *біздің аталарымыз* болады. Ендеше, анайы жіктеудің көпше түрі қазақ тілінің заңдылығы бойынша, *біз, біздер* түріне ауысып кете алмайды. Ауысқан жағдайда бүкіл жүйе бұзылады. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлдарының «анайы жіктеудің І жақ көпше түрі жоқ» деген тұжырымымен толық келісуге

болатын сияқты. Бұл орайда Н.Ильминскийдің қазақтардың сөйлеу мәдениеті туралы пікірі назар аударарлық. Зерттеуші былай дейді: «Относительно личных местоимений должен заметить, что сказать о себе *мен,* а другому *сен* было бы неприлично низшему в разговоре с высшим или младшему с старшим. Скромность и вежливость требуют сказать вместо того: *сіз, біз.* Таким образом, эти два слова в киргизском языке должны назвать вежливым единственным числом» [3]. Бұл қағиданы басқа зерттеушілер де (В.В.Катаринский, П.М.Мелиоранский, т.б.) айтқанымен, тәуелдеудің сыпайы түрін беруде орыс тілінің үлгісіне түсіп кетеді. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлдары оңаша тәуелдеу мен анайылық жөн, ортақ тәуелдеу мен сыпайылық жөн бірдей айтылады деп түсінсе, І.Кеңесбаев, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінен бастап тәуелдеу оңаша, ортақ түрге сараланғанмен, сыпайылық жөн ІІ жақпен ғана шектеледі. Бұл кейінгі еңбектерде де сабақтастық тауып, мектеп оқулықтарында, “Қазақ тілінің грамматикасында” (1967), А.Ысқақов “Қазіргі қазақ тілі” (1974) т.б. еңбектерде жіктеу мен тәуелдеудің сыпайылық жөні ІІ жаққа байланысты ғана түсіндіріледі. Тәуелдік, жіктік жалғауларының сыпайы түрі тек ІІ жақпен ғана шектелмейтінін тіл фактілері де көрсетіп отыр. Тіл – тұтас жүйе болғандықтан, оның әрбір мүшесі сол жүйеге бағынып тұрады. Сондықтан анайылық жөннің үш жақта көрінетіні сияқты, сыпайылық жөн де осы үлгімен, парадигмасы толық берілуі қажет.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде бұйрық райдың жіктелу үлгісі былайша көрсетілген:

Анайы жіктеу:

І ж. -йын/-йін	—
ІІ ж. етістік түбірі	-ңдар/-ңдер
ІІІ ж. -сын/-сш	-сын /-сін

Сыпайы жіктеу:

І ж. -йық/ -йік	-лық/-лік
ІІ ж. -ңыз/-ңіз	-ныздар/-ңіздер
ІІІ ж. -сын/-сін	-сын/ -сін

Байқап отырғанымыздай, бұйрық райдың анайы, көпше түрінің І жағы жоқ (дұрысында да, *сен айт* дегеннің көпше түрі *сендер айтыңдар* болғанмен, *мен айтайын* дегеннің көпше түрі ретінде *мендер айтайындар* деген қолданыс тілімізде мүлде жоқ). Қазіргі грамматикаларда І жақтың

көпше түрі ретінде көрсетіліп жүрген **-йық/ -йік** жалғаулары А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде сыпайы жіктеудің І жақ көпше түрі ретінде берілген, ал А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы жіктеулеріндегі сыпайы жіктеудің І жақ көпше түрі ретінде берілген **-лық/-лік** тұлғалары кейінгі грамматикаларда мүлде берілмеген. А.Ысқақов, С.Исаев сынды ғалымдар кейде жіктік жалғауының көпше түрі кейде **-лық/-лік** тұлғасында қолданылатыны туралы айтып кетеді [3, 73]. Екінші сөзбен айтқанда, тілімізде бұрыннан бар, әлі де қолданылып келе жатқан **-лық/-лік** формасы оқулықтарда жіктеу парадигмасынан өз орнын таппай келеді. Оның себебі анайы-сыпайы жіктеуді қатаң сараламаудың салдарынан және анайы жіктеудің І жақ көпше түрін шатастырудан деп ойлаймыз. Тілде үнемдеу құбылысы — үнемі үздіксіз жүріп жататын үрдіс. Сондықтан басы артық нәрсе онда көп тұрақтана алмайды. Ал **-лық/-лік** формасының жойылып кетпей, әлі де қолданыла беруі – тілімізде бұрыннан бар тұлға болуына байланысты деп ойлаймыз.

Мен есімдігінің (І жақ) ерекшелігі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінің материалдары негізінде өте айқын көрінеді. Функционалды-семантикалық өрісте сөйлеуші мен тыңдаушы орындары өзара алмасып отыратындықтан, сөйлеуші (І жақ) әрдайым жекеше түрде қолданылады. Ал кейінгі оқулықтарда беріліп жүргендей, І жақтың көпше түрі *біз*-ге ауысатын болса, оның құрамы *мен+мен+... + мен* емес, *мен+сен* немесе *мен, ол* т.б. түрінде келеді. Сондықтан І жақтың көпше түрі болмайды, ал *сен* ретінде сөйлеушіден басқа тыңдаушылардың бәрі қолданыла алады, яғни *сендер*: *сен+сен+...+сен*. І (сөйлеуші) жақ пен ІІ (тыңдаушы) жақ ерекше референтті білдіріп, өзара қарсы қойылады. І, ІІ жақтың көпше түрі бірдей адамдардың көптігін емес, әр текті референттердің жиынтығын білдіреді /2, 90/. Ендеше, *сендер* әр текті референттен құралуы мүмкін болғанмен, *мен* (І жақ) әртектілік құрай алмайды. Соған сәйкес *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Бұдан І, ІІ жақ «бірегейлік /жиынтық» корреляты бойынша қарсы қойылғанда, олар өзара тең түсе алмайтынын көреміз. Яғни сөйлеуші әрдайым біреу ғана болғандықтан, ол көптік тұлғада қолданыла алмайды. Осы жағынан келгенде, І жақ *(мен)* референтінің өзіндік ерекшелігі байқалады. Сондықтан қазақ тіліндегі І жақ көптік формасы инклюзив /эксклюзив коррелятында қолданыла алмайды.

Үндіеуропа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде І жақ көпше түрі (*мы*) «я+не я» түрінде жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сәйкес келмейді. Қазақ тілінде «мен+мен емес» мәні *мендер* тұлғасында емес, *біздер* тұлғасында қолданыс табады. Сонымен қатар

орыс тілінде *вы* есімдігі қазақ тіліндегі *сендер, сіз, сіздер* тұлғаларында бірдей қолданылады. Яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі анайы көпше *(сендер),* сыпайы жекеше *(сіз)* және көпше *(сіздер)* тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма қолданылады. Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі *мы, вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайтынын көрсетеді. Осыған байланысты қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керектігі көрінеді. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады. Орыс тілінде «бірегейлік /жинақтылық» корреляты бойынша *я, ты* есімдіктері бірегейлік қатарында танылса, қазақ тілінде бірегейлік қатарында *мен, сен* (анайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі), *біз, сіз* (сыпайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі) есімдіктері қолданылады.

Біз, сіз есімдіктері көптік ұғымда емес, жекелік ұғымда қолданылады, яғни сыпайы жіктеудің жекеше түрлері. Сол себепті де *біз* құрамына *мен, сен* есімдіктері, *сіз* құрамына *сен, сен* есімдіктері кіре алмайды. *Біз, сіз* сыпайы жіктеу тұлғалары *мен, сен* анайы жіктеу тұлғаларымен өзара сәйкес келіп, бірегейлік қатарын құрайды, жиынтық қатарында *біздер, сіздер* есімдігі танылады. Ал *біздер* есімдігінің құрамына келетін болсақ, ол, ең алдымен, *“мен+сен”* немесе *“біз+сіз”* болып, сөйлеуші мен тыңдаушыдан құралуы, сондай-ақ *“мен+сендер/сіздер”* және *“мен+сендер/сіздер емес (ол/олар)”* болып құралуы да мүмкін. Бұл қарама-қарсылық инклюзив және эксклюзив формалары арқылы көрініс табады. Қазақ тілінде инклюзив/эксклюзив контекст арқылы ғана ажыратылады. *Біздер=мен+сен/сіз* инклюзиві *мен “біздер= мен+ол”* эксклюзиві — жұптық мәннің, ал *“біздер =мен+сендер/сіздер”* инклюзиві мен *“біздер =мен+олар”* эксклюзиві — көптік мәннің формалары емес. Себебі мазмұн межесі бойынша, бұлар — әр түрлі референттердің жиынтығы.

Сонымен қатар *біздер* есімдігінің құрамы *мен+сен/сіз + сендер /сіздер+ол /олар* болып келуі мүмкін. Қазақ тілінде мұндай құрылымдар *баршамыз, барлығымыз, бәріміз* т.с.с. жалпылау есімдіктерінің көмегімен де беріледі. Сөйлеушінің сөзі тыңдаушыларға ғана емес, оны естімей тұрған басқа адамдарға да арналған, яғни оның құрамы: *“мен+сен/сіз+сендер/сіздер+ол/олар”.* Ал енді *сендер/сіздер* құрамына келер болсақ, оның құрамы да әр түрлі болуы мүмкін:

сендер /сіздер = «сен+сен»/ «сіз+сіз»;

сендер /сіздер = «сен+ол»/ «сіз+ол».

Қазақ тілінде көптік жалғау жіктеу парадигмасының 2-жағында ғана сөз байланыстырушылық қызмет атқарады. Басқа кездің бәрінде

көптік форма сөздерді байланыстыра алмайды *(алма жеді — алмаларды жеді, оқушы келді — оқушылар келді).* Осыған байланысты көптік тұлғасын жалғау ретінде емес, жұрнақ ретінде тану керек дейтін еңбектер де кездеседі /4/. Қазақ тілінде жіктік жалғауы мен жіктеу есімдіктері арасында этимологиялық жағынан өзара байланысты. Яғни жіктік жалғаулары *мен, сен* жіктеу есімдіктерінен шыққан [4]. Соған байланысты I, II жақ жіктеу есімдіктері мен етістік әрдайым қиыса байланысады.

Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі жақ категориясының құрамы туралы мынадай тұжырым жасауға болады:

1) *мен, сен, біз, сіз* есімдіктері бірегей референт болып табылады да жекелік мәнде, адамдық қатынаста ғана қолданылады, жақтық қатынаста өзара қарама-қарсы қойылады;

2) Бірегейлік /жиынтық қатары бойынша *мен, сен, біз, сіз* (бірегей) және *біздер, сендер/сіздер* (жиынтық) өзара қарсы қойылады;

3) *біздер* есімдігі ғана инклюзивті /эксклюзивті сипатта көрініс табуы мүмкін;

4) III жақ жіктеу есімдігі адамдық/заттық мәнде қатар қолданылып, сілтеу есімдігімен тең түседі. Алайда осыған байланысты оны жақ категориясынан тыс қарастыруға болмайды. Ол жақ категориясының маңызды компоненті болып табылады.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлының жіктеу табиғатын түсіндіруі мен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде сәйкес келмейтін тұстар қазақ тілінде жіктеу ерекшеліктерінің әлі де толық танылып бітпегенін, талас тудыратын тұстарының кездесетінін танытса керек. Ұлттық дүниетаным мен сөйлеу мәдениетіміздің айнасы іспетті жіктеу мен тәуелдік жалғауларының өзіндік болмысын әлі де зерделей түсу қажеттігі даусыз. Сол себепті ұлттың грамматикалық ойлау жүйесін зерттейтін этнограмматика бағытындағы зерттеулер қажет.

Әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек 1985. №10. –18-26-бб.

2. Байтұрсынұлы А. Тіл — құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері Семей, 1927.

3. Илъминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1860.

4. Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы Алматы, 2002. 303 б.

Резюме

В статье излагается концепция автора по вопросу о природе и сущности личных местоимении, его месте в системе языка. Исследование этой сферы, обусловлено потребностями функциональной грамматики, типологии, историей языка, теорией и практикой перевода и методами преподавания казахского языка.

Summary

Its paradigmatic construction, demonstration in different degrees of language were not determined before. But, according to the necessity of this kind of researching, especially, in spheres of functional grammar, typology, the history of language, the theory of translation and practice, the methodology of teaching of Kazakh language, it gives reason to research this problem.

Джамбаева Ж.А.
Семей

КОНЦЕПТ «СЕМЬЯ» В ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ СОЦИУМОВ

Межкультурное общение – это тот феномен, который является новой онтологией анализа языкового сознания. Общепризнано, что формами существования языкового сознания являются и овнешненные вербальные ассоциации. В связи с этим, в нашем исследовании по результатам ассоциативных экспериментов выявлены стереотипные представления тюркоязычных народов о семье.

В последние годы наблюдается массовый интерес к исследованию образа семьи в языковом сознании разных этносов. Понятия, связанные с домом и семьей, продолжением человеческого рода на земле, являются в любой культуре наиболее важными и основополагающими. Семья является одним из важнейших социальных институтов любого общества. Ее становление, развитие и функционирование неразрывно связаны с историей и культурой самого общества. Ни одна нация, ни одно сколько-нибудь цивилизованное общество не обходились без семьи. Семья и семейный быт, семейно-брачные отношения являются важнейшей частью культуры народа. Обозримое будущее общества также не мыслиться без семьи. Для каждого человека семья – начало начал. Этим и объясняется выбор концепта ***Семья*** в нашем исследовании.

По результатам эксперимента установлено, что у большинства представителей тюркоязычных социумов (казахов, татар, азербайджанцев, турок, узбеков) стереотипные представления, касающиеся концепта *семья,* отражают эмоционально-оценочный компонент. На втором месте у всех названных информантов (за исключением узбеков) находятся реакции, характеризирующие образный компонент, и на третьем – реакции, относящиеся к понятийной составляющей исследуемого концепта. У узбекских информантов, напротив, понятийная составляющая преобладает над образной.

Иная картина наблюдается у уйгурских и киргизских информантов. Для уйгуров значимой в представлении исследуемого концепта является его понятийная составляющая. Аксиологическая и образная составляющая равнозначны. Отличительным свойством обладают и стереотипные представления киргизских информантов, у которых лидируют реакции, составляющие образный компонент концепта, на втором месте – аксиологическая составляющая, на третьем – понятийная.

Таким образом, поскольку у большей части информантов доминируют реакции с эмоционально-оценочной коннотацией, сравнительный анализ ассоциатов начнем с аксиологичекой составляющей концепта *семья*.

В ходе сопоставительного анализа ассоциатов, распределенных в этот тип реакций, обнаружилось, что главным для представителей тюркоязычных социумов является то, что *семья* приносит полноту жизни, так как семья приносит *счастье (9/3/4/4/1/1)*. В скобках мы будем приводить цифры, обозначающие частоту использования данной реакции в исследуемых тюркоязычных социумах в следующей последовательности: казахи, татары, азербайджанцы, уйгуры, турки, киргизы, узбеки.

Дело в том, что понятие счастья почти каждый человек связывает, прежде всего, с семьей: *счастлив тот, кто счастлив в своем доме*. Этот ассоциат имеется в шести ассоциативных полях (далее АП) тюркоязычных социумов (за исключением уйгуров), к тому же у азербайджанцев и турок этот ассоциат в составе пяти частотных реакций находится на одинаковом втором месте.

Семья приносит и *любовь (12/2/2/2/2)* – этот ассоциат встретился в АП казахов, уйгуров, турок, киргизов и узбеков, при этом у казахов в числе первых реакций занимает пятое место, а у киргизов и узбеков – одинаковое четвертое место, казахские респонденты считают, что семья приносит и *радость 5*. Наличие в любой семье названных составляющих позволяет констатировать, что она *счастливая (3/3/3)* (данный ассоциат

встретился у казахов, татар и киргизов, у последних занимает вторую позицию) и *любимая (1/1)* (у казахов и турок).

В счастливой семье должны быть *благополучие (1/3/2/3)* (в АП казахов, татар, азербайджанцев и узбеков, у последних на втором месте), *взаимопонимание (2/1)* (у казахов и азербайджанцев), *доверие (2/1)* (у казахов и киргизов), *тепло (2/1)* (у казахов и татар). Кроме того, по представлениям казахских информантов, семья не может существовать, если в ней нет *взаимоуважения 4, уважения 2, мира 2, доброты 2, благосостояния, спокойствия*, татарские информанты добавляют *гармонии*.

Все перечисленное может присутствовать только в семье *дружной (28/7/3/2/2)* – эта реакция имеется в АП казахов, татар, азербайджанцев, турок, киргизов, при этом в числе частотных реакций у казахов является первой, у татар – второй, у азербайджанцев – четвертой; *крепкой (2/2/1)* – это слово встретилось у казахов, азербайджанцев и киргизов; *прочной (2/2)* (у татар и узбеков). У казахских респондентов сюда же относится ассоциат *сплоченная*, у татарских – *единая*, у азербайджанских – *сильная*.

Дружной же является семья, которую сплотили такие составляющие как *единство (3/2)* (у казахов и азербайджанцев), *дружба 6* (у казахов) и *сплоченность 3* (у татар). В целом дружная семья воспринимается как *хорошая (2/2/1)* (казахами, азербайджанами и узбеками), *благополучная 2, нормальная* (только казахами), *воспитанная* (азербайджанами), *показательная* (киргизами), *добрая* (азербайжданцами).

По отношению к семье представители исследуемых культур испытывают различные чувства и эмоции, среди которых особо отмечены: ***семья*** – это *святое (1/4/1)* – это реакция имеется у казахов, азербайджанцев и турок, к тому же у азербайджанцев она самая первая по частотности среди ответов, *главное (2/1)* (у казахов и татар), *самое ценное 3, ради чего я живу* (у казахов), *родная 2, праздник* (у татар), *богатство, свет, ценность* (у турок), *всё, навеки* (у узбеков).

Для тюркоязычных народов типичными и устойчивыми являются стереотипные представления о семье непременно *большой (9/1/1/4/2)* – данный ассоциат встретился у казахов, азербайджанцев, уйгуров, турок и узбеков, среди ответов турок он находится на третьем месте, а значит, *полной (2/1)* (в АП казахов и узбеков), *полноценной (2/2)* (в АП казахов и татар) и *многодетной* (в АП азербайджанцев). Однако поскольку эти ассоциаты не соответствуют сегодняшней действительности, мы отметили их как ностальгию о прошлом и поэтому внесли в состав рассматриваемого типа реакций.

Таким образом, аксиологическая составляющая концепта *семья* у всех представителей тюркоязычных социумов представлена разнообразными стереотипами, которые характеризуются знаком (+), ибо отрицательные стереотипы отсутствуют.

Образная составляющая близка к ценностной (аксиологической), так как выражает субъективное отношение человека к обозначаемому явлению, предмету, понятию, думаем, с этим обстоятельством и связано то, что у представителей большинства исследуемых социумов на втором месте оказались реакции, отражающие сферу функционирования. На первом месте здесь стереотипное представление, актуализирующее единство (тесную связь) понятий: семья и дом, семья и очаг, об этом свидетельствуют частотные ассоциаты: *очаг (20/4/5/5/5)*, встретившийся в АП казахов, татар, турок, киргизов и узбеков, к тому же у казахов, турок, киргизов и узбеков эта реакция вошла в пятерку частотных и занимает у казахов третью позицию, а в остальных трех группах респондентов является самой первой по частотности; *дом (12/7/3/1)*, имеющийся у казахов, татар, уйгуров, турок и киргизов, при этом в составе пяти частотных реакций находится в АП татар – на первом месте, в АП казахов и турок – на одинаковом четвертом месте; *крепость (3/2)* (у казахов и татар), *гнездо* (у татар). Отметим, что вслед за Н.И. Бересневой и рядом других исследователей, мы допускаем, что в трудных случаях дифференциации спорная реакция может относиться к нескольким типам одновременно, это является общепринятой практикой в исследованиях ассоциаций и позволяет сгладить влияние субъективных факторов при подведении итогов эксперимента [1;50]. К «трудным» случаям мы отнесем ассоциаты *дом, очаг.* На наш взгляд, они могут входить и в понятийный компонент концепта *семья*, поскольку имеют общую сему «живущие вместе, в одном здании», однако мы включили их в образную составляющую, так как считаем, что каждая семья должна «проживать в определенном доме, создать свой очаг», т.е. мы видим здесь *функцию* семьи.

Следующим актуализируется представление: семья – это неотъемлемая часть общества. Сюда относятся ассоциаты: *ячейка общества (8/7/1/1)* – он встретился у казахов, татар, азербайджанцев и киргизов, в ответах татар при этом занимает третью позицию; *общество (4/1/2/1)* – имеется в АП казахов, татар, уйгуров и узбеков; *маленькое государство (3/3/1)* – прдставлен в АП казахов, азербайджанцев и киргизов, у азербайджанцев занимает пятое место.

Хорошо в том доме и семье, где царит *уют (5/1/2/2)* (для казахов, татар, азербайджанцев и киргизов), а также имеются *забота (2/2),*

ответственность (2/1) (у казахов и азербайджанцев), *достаток (2/1)* (у казахов и татар), *опора 3, поддержка 3* (только у казахов), *стабильность 2, обеспечение* (у татар). Такая семья может быть *основой 2, тылом, ядром* (для казахов), *источником* (для турок), такая семья всегда *нужна* (утверждают азербайджанцы), такую семью нужно *любить* (считают казахи) и такую семью с гордостью можно назвать своей – *моя (1/1/2)* (у казахов, уйгуров и киргизов).

Реакции как семантические множители отражают понятийный компонент, представленный в лексикографических источниках, а именно сему *«группа людей, живущих вместе»* [2]. Главное место в тюркской семье отводится детям: *дети (20/3/3/3/2/2/3)* – в АП представителей шести (из семи) тюркоязычных национальностей этот ассоциат входит в число наиболее частотных реакций и занимает у казахов вторую позицию, у азербайджанцев, киргизов и узбеков – третью позиции, у уйгуров – четвертую и у турок – пятую позиции. У киргизов важность присутствия в семье детей, подчеркивается ассоциатом *много детей 2*. Сюда же относятся слова *ребенок (7/2)* – у казахов и татар и *наследник, поколение* – у казахов.

Семья – это не просто группа, а *группа родственников*: *близкие (близкие люди) (3/6/4/1)* – эта реакция представлена у казахов, татар, уйгуров и турок, при этом у татар и уйгуров находится в числе частотных реакций: у уйгуров – на третьем месте, у татар – на четвертом; *родные (6/5/2)* – этот ассоциат имеется у казахов, татар и узбеков, кроме того, у татар в составе пяти частых реакций занимает пятую позицию; *родственники (группа родственников)(3/3/1/1)* – это слово есть в АП казахов, уйгуров, турок и киргизов: у уйгуров входит в пять первых реакций и находится на пятом месте; *родители (4/2/5/2)* – встречается в АП казахов, азербайджанцев, уйгуров и узбеков, при этом у уйгуров и узбеков входит в состав пяти наиболее частотных реакций и находится у уйгуров на втором, у узбеков – на пятом месте. Сюда же относятся ассоциаты *группа (группа людей) (1/2)* (у казахов и азербайджанцев) и *мы 2* (у татар). Далее следуют персонифицированные реакции: *мать (мама) (7/2/5/1)* – у казахов, татар, уйгуров и узбеков: у уйгуров эта реакция занимает самую первую позицию; *отец (папа) (2/2/1)* – у казахов, уйгуров и узбеков; *жена (1/2/1/)* – у казахов, татар, уйгуров, а также *муж 3* – у казахов.

В реакциях первого типа имеются немногочисленные ассоциаты, отражающие представление: семья – это малая группа, которой свойственны сплоченность, единство членов семьи, которое передается

синонимом *семейный круг* (у казахов) и сочетанием *единое целое (1/1)* (у казахов и уйгуров).

Понятие семьи не следует путать с понятием брак, может быть, поэтому сема *«официально закрепленные отношения» »* [2] представлена непродуктивно: *союз (1/2/1)* – этот ассоциат имеется у татар, киргизов, узбеков: у киргизов занимает пятую позицию; *брак 2* – только у казахов.

Таким образом, одна из самых важных в жизни человека «вечных ценностей» *СЕМЬЯ* в языковом сознании тюркоязычных социумов представлена всеми содержательными признаками, составляющими основу концепта. Сравнительный анализ выявил много общего в стереотипных представлениях исследуемых народов, ярче всех представлен ценностный компонент, поскольку именно через него можно передать все чувства и ощущения, которые человек хотел бы видеть и получить в семье. Аксиологические стереотипы *семьи* имеют положительную характеристику, это доказывает, что несмотря ни на какие трудности, с которыми могут столкнуться люди при совместном проживании, каждый человек (в данном случае, представитель одной из тюркских национальностей), считает, что семья – это счастье, которое нужно бережно нести по жизни. Кроме того, реагируя теми или иными словами на предъявленный стимул *семья*, информанты, в первую очередь, стремятся представить идеальную семью, счастливую и благополучную, что подтверждается результатами нашего эксперимента.

Литература

1. Береснева Н.И. Модель внутреннего лексикона в позднем онтогенезе (Ассоциативный эксперимент). Диссертация кандидата филологических наук. - Пермь, 1997.

2. Словарь русского языка: В 4-х томах (МАС) /Под ред. А.П. Евгеньевой.- 3-е изд. стереотип. – М.: Русский язык, 1985 - 1988.

Түйін

Мақалада түркітілді әлеуметтің тілдік санасындағы «Жанұя» концептісі ассоциациялық эксперименттің нәтижелері бойынша берілген.

Summary

The article describes the concept of "family" in the linguistic consciousness of the representatives of the Turkic societies based on free association experiment.

Zariphova K.
Almaty

CRITERIA OF DEFINING COMPUNDS IN MODERN LINGUISTICS

Like any other language, English is being constantly enriched and enlarged and enlarged with neologisms and simply with new meanings, word combination s and collocations. Such an enrichment of the given vocabulary is due to the capacity of the language under consideration to reflect and mark in its complicated system the smallest changes in the semantic structure of the word. Over the last decades English had given a rise to a great variety of neologisms. These recent coinages have been covered to a considerable extent in dictionaries of neologisms published in the USA and Great Britain. One should note that it was the scientific and technical revolution that has really given a great impetus to the enrichment and further development of the vocabulary not only in English language but also to many of others. That is why word building is of a great interest to many of modern linguists.

One of the most productive ways of word building in modern English language is word composition. This phenomenon is being studied by many modern linguists, for example, L.Bauer, I.Plag, S.Olsen. In different linguistic schools there are adopted various definitions of this phenomenon, but its status in linguist environment still has not been stated unambiguously. Compound words are extremely various in forms, that is why it is rather difficult to define them. In connection with a steadily growing interest towards compounds some scientists came up with an idea to create a special section of the study of word building fully engaged in exploring only compounds and the process of word composition. A compound is usually defined (somewhat paradoxically) as a word that is made up of two other words. This basic definition requires a certain amount of modification, some of it for all languages, some of it for specific languages. For example, there may be more than two ‘words’ involved in the formation of a compound, though there must be at least two (word is to be understood in this definition as meaning ‘lexeme’). So, in the present article we will deal with the following definition of compound words: “Compound word is a word which was formed by joining two or more stems to form one word.”[1] Although modern linguistic science possesses a number of criteria of defining whether a lexical unit is a compound or not, none of them can be considered as a universal one. On the basis of explorations directly connected with differentiation of complex units of modern English language it is possible to make a conclusion on the most widespread criteria.

The first, and, according to the majority of scientist involved in such explorations, the least reliable one is **the orthographic criteria**. Compounds are assumed to show their status by being written as single words. However, traditionally there are distinguished three ways of presenting compound in writing: closed form (joint writing), opened form (separate writing) and writing using hyphen. However, English language is very variable in terms of writing of compounds. For instance, one and the same compound can be written in three ways, and none of them can be considered as a wrong one: *daisy wheel, daisywheel* and *daisy-wheel.* What is even more interesting is that all three variants are stated in the Oxford Dictionary of New Words. Many other compounds change their writing through time, as, for instance, a word "deadline". This term firstly appeared during the Civil War in the USA and was used to define a real line, painted in ten feet distance from the confederate stockade. This line was forbidden to pass and for breaking this rule the penalty was death that is how the term was born – deadline. Naturally, at first separate writing was used, but later, when it altered its meaning, writing through hyphen was adopted, but nowadays we use its joint writing [1].

Despite the fact that compound very often do not follow any orthographic rules, in particular cases this criterion is the main one which differentiates a compound from a phrase. Let us consider the following example: there exist three correct ways of writing "*blackbird/black bird/black-bird*." if it is written jointly or using hyphen, then the meaning is a particular species of birds, which, despite its name, can white colour as well as black one: "Blackbird/black-bird – a common American and European bird, the male of which is completely black, while the female is brown or white" (Longman Dictionary of Contemporary English). In case of separate writing the above lexical unit is a phrase, underlining a colour of a bird. Thus it is obvious that orthographic criterion cannot be considered as a definitive one.

Phonological criterion is considered more seriously by linguists. There are a number of phonological ways in which status of a word as a compound may be indicated. These may be segmental or suprasegmental. The most widely used one is indication of stress. Actually, stress is often (but not usually) of a great use when distinguishing a compound from a phrase. In English phrases the stress falls mainly on the last word, whereas in the majority of compounds, according to the rule, formulated by Chomsky, (left-sided stress in compounds), only the initial component of a compound can be stressed. For example, *silk* (a worm made of silk, e.g. a soft toy) - (caterpillar that spins silk), (net made of hair) – (net

for covering hair), (a factory which is a toy, e.g. in a model city) – (factory where toys are made). However, stress criterion is applied mainly to compounds which are nouns, whereas regarding other classes of compounds it is fair to say that stress does not have a fixed position. For instance, in compounds which are adjectives stress can be right-s - - - - - - - , although compound verbs with the stress on the last component of a ver - - - .

Regarding the position of stress as a criterion of compound identifying there is no one universal opinion. Several linguists, like Bloomfield and Marchand, suppose that as compounds can be considered only those combinations which are formed from two stems and have left-sided stress. Nevertheless, many other linguists, as Bauer and Adams, make conclusion that left-sided stress cannot be accepted as the main indicator, distinguishing compounds from phrases [2].

One more distinctive feature of compounds, according to many linguists, is their integral, indivisible structure, that is, stems, included into compound cannot be divided from each other and it is impossible to put any defining adjective between them: a compound *truck driver* cannot be separated by adverb *fast*, so that it could be as *truck fast driver*. *Blue green* cannot be separated by *light* and cannot be as *blue light green.* Besides, the elements of compounds cannot change their places, for instance, a compound *high- school* cannot turn into *school- high.* But even this criterion is not permanently applied to distinguishing compounds from phrases in modern English language. Lack of exact criteria while distinguishing compounds bring a lot of doubt when considering example as following: *an if-you-only-wan-to know sneer*[1]. Many scientists refer to such forms as phrasal complex words [2]. Undoubtedly, such a way of word-building is very productive nowadays, especially in oral speech, although they can occur in written as well. However, in several latest works concerning composition, there was suggested a viewpoint that such forms are phrases, not compounds, because elements, constituting this form, can be easily separated from each other: an if-you-only-want-to know insinuating sneer.

As it is widely known, compounds also **grammatical peculiarities**, which help to distinguish them from phrases. For instance, the first component of a compound does not usually change its grammatical from, staying grammatically neutral, for example in term of category of number it usually preserves its singularity: *hop-picking* (picking of hops), *tear gas* (gas

which causes tears), *tooth decay* (decay of teeth). In terms of case it is usually a nominative case: *pig tail* (pig's tail); category of tense in compounds where the first element is a verb: *watchdog* (dog that watches), *workman* (working man), etc. Nevertheless, the invariability of grammatical form cannot be called a universal criterion for distinguishing compounds from phrases, because there are many compound words the first element of which is not grammatically neutral: *girls club, children's hour, weeping willow, acquired taste*.

Semantic criteria sometimes invoked to indicate that something has become a compound are fundamentally indications of lexicalization. A celebrated example concerns the pair *push-chair* and *wheel-chair*. Although it is possible to push a *wheel-chair* and a *push-chair* ('baby buggy') has wheels, the two are uniquely identified by their labels that, therefore, imply a lot more than they state. This specialization of meaning is sometimes taken to indicate compound status. There are two possible counterarguments here. The first is that lexicalization (or idiomatization) is something that affects not only noun + noun sequences such as *wheel-chair*, but also syntactic sequences such as *a red herring* or *how do you do?* If *how do you do?* is still a sentence, so *wheel-chair* should have the same status before and after lexicalization. The second is that meaning specialization is not something that comes only with frequent use (and gradual movement from syntax to the lexicon) but something that comes with first use. Downing (1977) provides us with the celebrated attested example of *apple-juice seat*. In the abstract this could mean a number of things, including the seat in which you have to sit to win some apple juice, the seat on which apple juice has been spilled, the seat on which a can of apple juice has been placed, the seat on which I usually sit when I drink apple juice, and so on. The attested meaning of 'seat with a glass of apple juice placed before it' is already a specialization from the large number of potential meanings that construction could have had. That being the case, we could argue that any relevant sequence that has actually been used has already had a specialized meaning. All that may remain in question is the degree of specialization [2].

Syntactic criteria are attempts to find ways of indicating that the compound is being treated in the syntax as a single unit and not as a sequence of two distinct units. This usually means that anaphora cannot pick out the modifying element in a compound, but can in a syntactic phrase. Thus, for English, it is noted that we can say *I thought this house had aluminum windows, not wooden ones* (where *ones* refers to windows, not aluminum windows, and thus shows aluminum windows to be made up of two elements), and also *The aluminum windows look good but I'm afraid that it*

may not be strong enough (where *it*, in referring to the aluminum rather than to the whole compound, again shows that the two words are separate). In parallel instances with lexical compounds such as combination lock, the claim would be that *I wanted a combination lock but they only had Yale ones* and *I installed a combination lock and now I can't remember it* (where *it* refers to the combination) are not possible, indicating the unity of the sequence. Because these tests appear to be robust some of the time, they are hard to argue against, but it is possible to make some comments here. First, intuitions are not always as secure as the tests seem to predict; second, speakers do produce the 'impossible' constructions on occasion; third, there are constraints on these uses that have not been fully explored; and fourth, because the tests deal with the degree to which the constituent words of a compound can be recognized [2].

To make a conclusion, it is fair to say that all the criteria of differentiation of compounds from other polycentric formations stated above do not always seem to be effective due to existence of many exceptions. Compound, being a lexical unit consisting of two stems, is a consolidation of words, presented as a semantic union. In contrast with phrases and other polycentric formations the meaning of compound cannot be figured out from the meaning of its elements taken separately and literary. Thus, it is possible to say that exploration of the criteria of identifying compounds and defining them as a linguistic notion still leaves much to be said.

Bibliography

1. Bauer L. English Word-Formation. – Cambridge: Cambridge University Press, 1996.

2. Encyclopedia of Language and Linguistics, 2nd edition. – Elsevier, 2005

Түйін

Бұл мақалада қазіргі лингвистикалық зерттеу тұрғысынан күрделі сөздердің фразалардан айырмашылықтары қарастырылады. Күрделі сөз екі не одан да көп түбірдің қосындылары ретінде беріледі.

Резюме

Данная статья посвящена описанию критериев отличия сложного слова от фраз с точки зрения современных лингвистических исследований. Сложное слово в данной статье определяется как образование, состоящее из двух или более основ.

Исабекова Ұ.К.

Алматы

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Адам өмірінің негізгі жетістіктерінің бірі тіл үнемі динамикалық қозғалыстың үстінде болады. Түркі тілдерінің негізі болып табылатын түбірдің жан-жақты дамуынан жасалған туынды сөздер сөздік қорымызды байытып, тілдік сұранысты қанағаттандырып келеді. Сондықтан тілдік жүйедегі негізгі үш лингвистикалық категориялардың мән-маңызын терең түсінуіміз керек. Олар: түбір, туынды сөз, жұрнақ. Тілдегі ең кішкентай мағыналы бөлшегін оқулықтарда түбір, түбір сөз, негізгі түбір, түбір морфема, түпкі түбір деп әр түрлі атайды. Түбір мен негіз ұқсас ұғымдардың атаулары болғанымен, екеуі екі түрлі категория. Түбірлес сөздердің жасалуына ұйытқы болатын түбір болғандықтан, әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктері айқындалуы тиіс.

Түркі тілдерінің басты ерекшелігі – жалғамалылық қасиеті түбірлес сөздерді жасауға негіз болатын түбірлердің сыртқы формалық жағының тұрақты болып келетінін айғақтайды. Бұл тұрақтылық синхрониялық кезеңде жақсы сақталады. Ал тілдің диахрондық кезеңінде шартты болып қалады. Тіл білімінде түбірдің дыбыстық жамылғышының тұрақты болуы мен өзгеріп отыруы әлі күнге дейін көкейтесті мәселе болып отырғандығы аян [1,73].

Түркі халықтарымен бірге жасасып келе жатқан тілдегі көне түбірлердің әр жақты дамуының нәтижесінде пайда болған тарихи түбірлес сөздерге талдау жасағанда, онда сақталатын түбір мен оның жіктелген семалары арқылы макросемасы мен дыбыстық өзгерістерін бағамдауға болады.

Түркілік түбір – күрделі категория. Бұл категория - алғашқы зерттеушілердің еңбектерінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі көптеген зерттеулерге арқау болып келе жатқан, әр зерттеуде ашылатын сырымен бірге әлі де зерттей түсуді қажетет етін көп құпиясын ішіне сақтап жатқан құбылыс. Түркі тіліндегі түбір жөніндегі алғашқы зерттеу еңбектері –
Н.И. Золотницкийдің құрастыруымен шыққан түркі тілдеріндегі түбірлердің салыстырмалы сөздігі мен Г. Вамберидің 1877 жылы 13 қазанда Будапеште жарық көрген түркі тілдерінің этимологиялық

сөздігі. Содан бері түркі тілдеріндегі түбір салыстырмалы түрде Г.М. Милиоранский, К. Гренбек, В.В. Радлов, В. Котвич, Г.И. Рамстедт, Б. Базылхан, Э.Б. Севортян, А.Н. Кононов, Ә.Т. Қайдар, Ғ. Айдар, Б. Юнусалиев, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак, Э.Р. Тенишев, К.М. Мусаев, Б.А. Серебренников, Б.О. Орузбаева, Е.И. Убрятова, А.А. Юлдашев,
А.К. Қалыбаева (А. Қасенова), М.Т. Томанов, Е.З. Қажыбеков т.б еңбектерінде қарастырылып келеді. Қырғыз тілінің маманы Б.М.Юнусалиев алтай тобына жататын түбірлердің алғашқы түбірлерді табу барысында сөздерге жасалатын этимологиялық талдау кезінде төмендегідей жағдайлардың есте болу керектігін ескертеді:

- Тарихи тілдің дамуында фонетикалық комплекстің өзгеру мүмкін;
- Түбір сөздің лексикалық өзгеру жағдайы;
- Түбір уақыт өткен сайын өліге айналатын грамматикалық форманттармен құрамының күрделену мүмкін;
- Агглютинациялық аффикстердің мағыналарында деривациялық өзгерістің болу мүмкін;
- Аффикстердің жалғануы барысында дауыстылар редукцияға ұшырап, дауыссыздардың түсіп қалуы және дауыссызға аяқталған түбірлерге дауыссыздан басталатын аффикстер жалғанғанда араларындағы дауыстылардың қыстырылу мүмкін;
- Тарихи туынды түбір сөздің семантикалық өзгеру мүмкіндігін;
- Тарихи туынды сөздер екі түбірдің не түбір сөздің синтаксистік тіркесу жолымен жасалуы мүмкін [2, 25].

Түркі тілдер жүйесіндегі сөздердің лексика-грамматикалық құрылымын зерттеушілердің пікірлеріне талдау жасай келе, түркі түбірі туралы ұғымды толық әрі дәл беретін анықтаманы Ә.Қайдаровтың еңбегінен табамыз: «Тюркский корень есть наидревнейшая и историческая единица языка, сохраняющая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфо-семантические изменения, производящие в процессе агглютинативного развитие строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словам, если не превышает одного слога. Во всех остальных случаях тюркский корень выступает как производная единица языка, где корень отражает в себе состояние статистики, а слово – динамики» [3, 24].

Зерттелген еңбектерге сүйене отырып, онда айтылған тұжырымдарды саралай келе, түбір мен негіздің айырмашылықтарын былай көрсетуге

болады: түбір сөздің толық лексика-семантикалық мағынасын білдіретін, тілдің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші бөлшегі; ал негіз сөздің толық мағынасын бергенімен, тарихи тұрғыдан түбір мен аффикстерге ажырап кетеді. Негіздерді түбірлес сөздерді топтастырғанда салыстырамыз да, дыбыстық құрамын ажыратамыз.

Түбір морфологиялық деривациялық процесте өзгеріске ұшырамайтын сөздің негізгі заттық, лексика-семантикалық мағынасы. Ал түбірдің дамуына себеп болатын семантикалық процестер (мағынаның жіктелуі, дараланuы және т.б.) негіздің мағынасын құрайды. Түбір тілдің дамудың нәтижесінде және коммуникациялық сұраныстан пайда болған әр түрлі сөз формаларға ұйытқы болады. Негіз түбірдің дамуының келесі сатысында жасалатын тілдік бөлшек ретінде қызмет атқарады.

Түбірлердің уақыт өсіндегі кезеңдерге қалдырған бедерлерін негіз, түбірлес сөз, туынды сөз ретінде танимыз. Түбірдің күрделілігін туынды сөздердің тарихилығын, сөзжасамдық процестің көнелігін көрсетеді. Түбір даму барысында негізге айналатын кездері жиі болады. Сондықтан негіз де тарихи категория. Түбірге тән қасиеттерді бойын сіңіріп, тілдік жүйеде мағынасы мен дыбыстық құрамы тұрақтанған туынды сөздер ғана негізге айналады. Ал бұл негіздер басқа да туынды сөздермен бірге бір түбірден дамыған түбірлес сөздердің қатарын толықтырады. Кейбір туынды сөздердің алғашқы түбірін анықтау қиынға соғады да, күрделі, мағынасы айқын сөздерді түбір деп таниды. Сонда негіз түбір сөз ретінде танылады. Кейбір жағдайларда сөзжасам заңдылықтарымен түсіндіру қиын кездерде «жұмбақ» сөздер де түбірлес сөздердің қатарына енеді. Мысалы: *жарық, шуақ* сөздерін сөзжасам тәсілдерімен түсіндіру қиынға соғады. Осылармен мәндес сөздерді бір семантикалық өріске топтастыру нәтижесінде алғашқы түбірдің дамуынан пайда болған түбірлес сөздер екендігіне көз жеткіземіз. Қазіргі дыбыстық құрамы арқылы морфология мұны дәлелдей алмайды. Сол сияқты: *қызыл* мен *қызар, ұзын* мен *ұзар, үлкен* мен *үлкей, үңгір* мен *үңіл, үңірей* т.б. осылар тәрізді сөздердің туынды түбір екені, біріншіден, түбірлестер тобын құрауынан белгілі болса, екіншіден, осылардың құрамындағы кірігіп кеткен жұрнақтар қазіргі тілдік единицалармен салыстырғанда типтес жұрнақтар болып шығады. Тіліміздегі *ұлы, ұлық, ұлғай* сөздері де қазіргі тілімізде түбірлер деп танылады. Ал бұл сөздер жоғарыда келтірілген сөздермен бір семантикалық ұяда қарастырып, мағыналарына талдау жасап, даму ерекшеліктерін айқындағанда туынды сөздер екендіктеріне көз жеткіземіз.

Ситуацияға байланысты контактіге түскен жүйедегі морфемалар бір-бірімен әсерлеседі. Тілдегі фузия, флексия, жылысу, қосылу, сіңісу, жұтылу процестері сияқты фонетикалық және морфологиялық заңдылықтардың нәтижесінде түбірлер негізге айналады. Тіліміздің дамуында болып өткен бұл заңдылықтарға жұмысымыздың келесі тарауларында тереңірек тоқталамыз.

Туынды сөздер қай тіл білімін алсақ та жақсы зерттелген. Туынды сөзге берілген анықтамалар өзара мәндес болып келеді. Айталық, «туынды сөз – сөзжасамдық амал-тәсілдер арқылы түбірдің немесе негіздің, сөз тудырушы морфемалардың қатысуымен сөзжасамдық процесте пайда болатын, екіншілік мағынаны иемденетін жаңа денотатық мағыналы сөз» [4, 307]. Дегенмен қазақ тілінде дыбыстардың сөз мағынасын өзгертудегі қызметі әлі күнге дейін толық зерттелмеуде. Бұл осы мәселенің қазақ тіл білімінің арнасынан шығып, түркологиялық зерттеуді қажет ететілдігімен байланысты.

Туынды түбірлер сөзжасамның барлық амал-тәсілдері арқылы жасалғанымен, түркі тілдері үшін соның ішінде белсенді әрі негізгі қызметті жұрнақтар атқарады. Жұрнақтар түбірге жалғанып, жаңа лексика-семантикалық мағына тудыруы да мүмкін, сол сияқты жалғанған сөзді лексика-грамматикалық жағынан өзгертуі де мүмкін. Туынды сөздің тұлғалық құрамына да, мағыналық жағына да жетекші рөл атқаратын түбірлер, ал жұрнақтар мағынаны әрі қарай дамытып, көмекшілік қызмет атқарады. Демек, туынды сөздің мағынасы жасалуына негіз болатын түбірдің макромағынасының бір семасын дамытушы ретінде өмір сүреді. Тіліміздің негізгі сөздік қорын түбірлер құрағанымен, туынды сөздер тіл байлығымыздың көрсеткіші. Негіз де кең мағынадағы туынды сөздің аумағына кіріп кетеді. Өйткені, негіздер де түбірдің негізінде жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады және мағыналық байланыс үзілмей, бір семантикалық өрісте жатады. Түркі тілдерінде түбірлер лексика-семантикалық мағынасы тұрақтанған, құрылымы жағынан қалыптасқан, дербес сөз ретінде қолданыла алу мүмкіндігі болса, ал қосымшада мұндай қасиет жоқ. Жұрнақтар түбірсіз өз алдына дербес жұмсала алмайды, бірақ түбірге жаңа мағына немесе қосымша мағына үстейтін көне тілдік морфема. Бұл қазіргі кездегі түркі тілдерінде қалыптасқан заңдылық екенін әрі түркі, монғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі аффиксалды сөзжасам арқылы етістіктің жасалуының ортақтығы олардың есте жоқ ескі замандағы

туыстықтарының куәсі ретінде өмір сүріп отырған тілдік факт екенін алғашқылардың бірі болып Г.И.Рамстедт зерттеді [5].

Жұрнақтардың дербестігі жоқтығы, түбірмен тіркесіп өмір сүретіндігі оның құрылымының тұрақсыз екендігін көрсетеді. Жұрнақтар өздері жалғанған түбірдің әуеніне қарай үндесіп отыратындықтан, бірнеше вариантты болып келеді. Түбірге жұрнақтың кез келгені жалғана бермейді. Сондай-ақ түбір де жұрнақты талғап жалғайды. Бір түрлі жұрнақтар түрлі түбірге жалғанса да, оларға түрлі-түрлі мағына үстемейді, тек бір ғана мағына жамайды да, типтес сөздерді жасайды. Мысалы: айт-ып, бар-ып, жаз-ып, кел-іп, күл-іп деген алты сөзге алты түрлі мағына емес, бір ғана мағына жалғанып тұр. Ал жұрнақтардың абстрактілі мағынасы түбірмен тіркескенде ғана нақтыланады. Түбірдің дербес лексика-семантикалық мағынасымен бірге дербес грамматикалық қызметі болатындықтан, тілдік жүйеміздегі дербес тұлға болып танылады. Жұрнақтар түбірге не лексикалық-семантикалық, не лексика-грамматикалық мағына үстейтіндіктен, сөздің мағынасын өзгертуші тәсіл ретінде қызмет атқарады. Атқаратын қызметтеріне қарай сөзден сөз тудыратын және сөзді түрлендіретін жұрнақтар болып бөлінетіні белгілі. Сөз тудыратын жұрнақтар түбірге қосылып, жаңадан сөз жасайтын болғандықтан, лексика-грамматикалық категория болса, сөзді түрленуші жұрнақтар сөздердің белгілі бір сөз табына тән грамматикалық қызметін анықтау үшін қолданылатын болғандықтан, функционалды-грамматикалық категорияға жатады. Функционалды-грамматикалық жұрнақтар жалғанған сөздің бір сөз табына қатыстылығын айқындаумен ғана шектеліп қоймайды. Сонымен қатар семантикасына реңк қосады. Сөз тудыратын жұрнақтар түбірге лексикалық мағына үстейтіндіктен, өзі жалғанған сөзді жаңа танылған ұғымның атауы ретінде жаңа тұлғаға айналдырады. Жұрнақтар белгілі бір сөз табына және оның ішіндегі белгілі бір тобына телулі болады да, жалғанған сөзді басқа сөз табына ауыстырады. Сонымен бірге сол сөзді лексика-грамматикалық жағынан өзгертеді. *Қызыл, қызылтақ, қызылдау, қызғылт, қып-қызыл, өте қызыл* сөздерінде түбірге жалғанған көмекші морфемалар мәндес мағына жамап тұр, яғни түсі бірдей затты бір-бірімен салыстырғанда өзара айырмашылықтарын, бір түстің әр түрлі реңктерін беріп тұр. Шырайдың жұрнақтары түбірдің мағынасын сәл ғана өзгертті. Бірақ өзгертілген мағына сол сөздің барлық формасына өзек болатын негізгі мағынаның бір қырын ғана танытады. Ал грамматикалық тұрғыдан туындаған алты сөздің бәрі өздерінің жасалуына тірек болған *қызыл* негізімен қоса сын есімдерге жатады. Демек, форма тудыратын жұрнақ

сөзден өзі жалғанғаннан кейін де сол сөздің (түбірдің не негіздің) негізгі лексика-семантикалық мағынасын түрлендіріп, бір сөз табына қатыстылығын айқындайды. Мысалы: *отыр, отырма, отырар, отырмас, отырған, отырмаған, отыратын, отырмайтын, отырмақ, отырмақшы, отырып, отыра, отырғалы, отырса, отырғай, отырған* сөздерінің бәріне ұйытқы болып тұрған сөз – отыр. Жалғанған жұрнақтар сөздің лексикалық мағынасын бұзбай және сол мағынадан алшақтап та кетпей, бір негіздің әр түрлі грамматикалық формалары қызметін атқарып, бір сөз табына қатысты болып тұр.

Жұрнақтардың қызметі, мағына тудыру ерекшеліктері жақсы тілде зерттелген. Түбір десемантизацияланып, лексикалық-грамматикалық қызметте көп қолдануынан түбірлер бірте-бірте жұрнақтарға айналғандығы туралы пікір түркологияда орнықты. Бірақ әрбі жұрнақтың пайда болуының өзіндік тарихы бар. Сондықтан олардың шығу негіздері мен даму ерекшеліктері туралы мәселелер әлі де зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы, 1998. –303б.

2. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Фрунзе, 1954. –248с.

3. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в тюркских языках. –Алма-Ата, 1986. –328с.

4. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. -Алматы, 1999. –309б.

5. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. -Москва, 1957. –254с.

Резюме

В статье рассматривается основные грамматические категории языка. Тюркский корень, производные слова и суффикс является основнымы элементами агглютинативного языка.

Summary

In article it is considered the basic grammatical categories of language. The Turkic root, derivative words and a suffix is основнымы elements агглютинативного language.

Насыритдинова Ә.Н.

Астана

ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғылыми-техниканың дамуы нәтижесінде пайда болатын жаңа терминдерді өз тілінің терминологиялық қорына енгізу тілші ғалымдармен қатар арнайы сала мамандарының да еңбегін талап етеді. Терминологиялық қорға енгізу үшін ғалымдар оларды аудару, өз тілінен балама табу, тілдік заңдылықтарға сәйкестендіріп қабылдау, сол күйінде өзгеріссіз қабылдау сияқты түрлі тәсілдерді таңдауы мүмкін. Терминдерді тұрақтандырудың алғашқы сатысында жасалған қадам сөздің әрі қарай тек сол сала мамандарының ғана емес, ғылыми-көпшіліктің де игілігіне жұмсалуына жол ашады. Сондықтан да терминдерді тілімізге енгізерде, жан-жақты ойланып, тілші ғалымдар мен сала мамандарының пікірімен санасып, тұрақтап қалатын терминдер қалыптастыруды мақсат ету қажет. Бұндай сараптау дұрыс жолға қойылмаған жағдайда түрлі кемшіліктердің орын алатыны бізге кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан терминдерден, олардың тіліміздегі қолданысынан мәлім. Сол кезде «ұлы тіл» деп орыс тілінен өзгеріссіз алынған терминдерді қазақшалау, бір жүйеге келтіру мәселесі әлі күнге жалғасын табуда. Яғни, қазір жаңадан қолданысқа енген терминдермен қатар кезінде қабылданған нұсқасы күмән туғызып отырған терминдерді де өңдеу, саралаумен айналысып отырмыз.

Бұл мәселеде қазақ зиялыларының ХХ ғасырдың басында ұстанған қағидалары да, қазіргі қазақ тілі сөзжасамының барлық мүмкіндіктері де қолданылуда. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бір кездері басым бөлігін шетелдік сөздер құрайтын терминологиялық қорымызда қазақ тілінің төл сөздерінен жасалған терминдер көптеп қолданылуда. Әрине, ғалымдарымыз кезінде, кеңестік дәуірде, жіберілген қателіктердің орнын толтырды, қазір ешбір жаңсақ әрекетсіз жұмыс атқарып жатыр деуден аулақпыз.

Кемшіліксіз іс болмайтынын ескерсек, қазіргі кездегі термин жасау ісінің де толықтырар тұсы жетіп-артылады. Оның басты себебі ретінде тілшілер мен сала мамандарының термин жасауда бір мәмілеге келмей жұмыс істейтіндіктерін атар едік. Өйткені тілші ғалымдар сөзжасам заңдылықтарын жақсы меңгерген болса, сала мамандары сол сала терминдерінің қыр-сырын, атқаратын қызметін жетік біледі. Сондықтан да осы екі топ бірлесе қызмет етсе ғана жетістікке қол жетпек.

Лингвисттер мен сала мамандарының арасындағы бірлескен жұмыстың жоқтығы қазіргі кезде көптеп жарық көріп жатқан сөздіктерден де байқалады. Бұл туралы қазақ тілінің терминографиясын зерттеуші Е. Әбдірәсілов қазіргі терминологиялық сөздіктердің көпшілігінің басым дерлік сапалық жағынан сұраныс қажеттілігіне жауап бере алмайтынын айтып, олардың қандай да бір аударма ісінде қолданылмауы тұтынушылар тарапынан туындап отырған сенімсіздікке байланыстылығын айтады да, сөздіктерге мынадай талап қояды: 1) кірме терминдерге не жаңадан жасалған терминдерге қысқаша түсініктеме беру; 2) аударма термин қай тілден аударылды, қазақша қандай ұғым беретіндігі туралы ақпарат болу; 3) сөздік статусына жауапкершілікпен қарау, яғни сөздік жасау 1-2 адамның ісі емес; 4) техникалық құралдар мен саймандардың суреттері берілсе; 5) бір салада түрлі сөздіктердің көп болуына жол бермеу[1, 57].

Дегенмен қазіргі кездегі терминжасам ісін толықтай жоққа шығаруға болмайды. Терминжасам саласындағы жетістіктер мен кемшіліктерді ашып көрсету мақсатында техниканың бір саласы информатика және компьютерлік техника ғылымының терминдерін қамтыған сөздіктерді зерттеу нысаны еттік. Ол сөздіктер – 2002 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірмелі сөздігі: информатика және компьютерлік техника» еңбегі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен 31 томдық терминологиялық сөздіктің 3-томы, яғни информатика және есептеуіш техника саласына арналған сөздік.

Аталған екі сөздіктің тіліндегі терминдерді салыстыру кезінде аңғарған кемшіліктерге келер болсақ:

1. Бір терминнің екі сөздікте екі түрлі берілуі;
2. Жеке термин ретіндегі аудармасы бір басқа, ал күрделі термин құрамындағы аудармасы бір басқа терминдер;
3. Бірде аударылып, бірде аударылмай берілген терминдер;
4. Жұрнақтардың дұрыс аударылмауы, мұның өзін екіге бөліп қарастыруға болады:

4.1 орыс тіліндегі әр түрлі жұрнақтардың қазақ тілінде бір ғана жұрнақпен берілуі;

4.2 керісінше, орыс тіліндегі бір жұрнақтың қазақ тілінде әр түрлі нұсқада берілуі;

5. Аудармасы күмән туғызатын терминдер.

Енді осы байқалған кемшіліктерді жеке-жеке мысалдар арқылы дәлелдеп көрейік.

Бір терминнің әр сөздікте әр түрлі берілуі – қазақ тілі терминжасамының басты кемшілігі. Бұл мәселе аталған екі сөздікте ғана емес, барлық ғылым саласында кездеседі. Ғалымдар тарапынан да айта-айта жауыр болған бұл мәселеден жоғарыдағы сөздіктер де қалыс қалмаған. Информатика саласына қатысты сөздіктердегі терминдер жарыспалылығын шартты түрде екіге бөлуге болады. Олар:

1. Екі сөздіктегі нұсқасы да қазақ тілінің сөздері, яғни терминді аудару барысында екі сөздікте тіліміздің синонимдес сөздері қолданылған. Мәселен, *деректер, мәліметтер (данные), аймақ, атырап (область), қаттау, беттеу (верстка), ентаңба, тамға (метка), ентаңбалау, белгілеу (разметка), жасақтама, жасақ (обеспечение), мәлімдеме, жариялау (объявление), сілтеуіш, бағыттауыш (проводник), телу, меншіктеу (присвоение)* т.б.

2. Бір сөздікте аударылып берілген термин екінші сөздікте шет тілдік нұсқасында қабылданған. Мысалы, *сұрыптауыш, селектор (селектор), жиым, массив (массив), жалғауыш, коммутатор (коммутатор), бағдарлауыш, маршруттауыш (маршрутизатор), ұқсастырғыш, идентификатор (идентификатор)* т.б.

Жеке термин ретіндегі аудармасы бір басқа, ал күрделі термин құрамындағы аудармасы бір басқа терминдер де – қазіргі қазақ тілі терминологиясында көп кездесетін олқылық. Атап айтар болсақ, аталған сөздіктердің біріншісінде жеке термин ретінде «*атырап*» деп аударылған «*область*» сөзі «*область пополнение связи*» тіркесінде «*байланысты толықтыру аймағы*» деп аударылған. Одан басқа дәл осы сөздікте «*блокировка*» сөзі жеке тұрып «*бұғаттау*» болса, «*логическое блокирование*» тіркесінде «*логикалық тосқауыл*», ал «*отсроченная блокировка*» тіркесі «*кейінге қалдырылған тежеу*» және «*деблокирование*» сөзі «*тежеуді алу*» деп аударылған.

Бірде аударылып, бірде аударылмай берілетін терминдер немесе бір сөздіктің ішінде қазақша және шет тілдік нұсқасы бірдей жүретін терминдер де термин қорымызда жиі кездеседі. Оларға мысал ретінде түсіндірме сөздікте берілген *коммутатор – жалғауыш, дескриптор – сипаттауыш, скроллинг – қарап шығу* терминдерін келтіруге болады.

Орыс тіліндегі әр түрлі жұрнақтардың қазақ тілінде бір ғана жұрнақпен берілуі бұған дейін де сынға алынған болатын. Терминтанушы Ш. Құрманбайұлы өзінің «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» атты еңбегінде «Ұлт тіліндегі термин шығармашылығының жандана бастауына байланысты бұрын бірен-саран терминдерді жасауға ғана қатысып, аса өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды пайдалану арқылы жаңа терминдерді жасау үрдісі де

байқалады» деп оған А.Байтұрсынұлы ізімен жасалған зерттеу нысаны болып отырған саланың талдауыш – анализатор, жабдықтауыш – поставщик, жүктеуіш – загрузчик, қосындылауыш – сумматор, құжаттауыш – документатор, жинақтауыш – накопитель, шоғырлауыш – концентратор, шектеуіш – ограничитель, өңдеуіш – обработчик, модульдеуіш – модулятор, маршруттауыш – маршрутизатор, құрылмалауыш – конструктор, жөндеуіш – отладчик, жоспарлауыш – планировщик, сипаттауыш – описатель, вычислительный – есептеуіш, кодтауыш – кодировщик т.б. терминдерін келтіріп, орыс тіліндегі -атор, -ятор, -тор, -щик, -чик, -тель, - ный суффикстерінің қазақ тіліне бір ғана –уыш, -уіш жұрнағымен аударылғандығын алға тартып, бұлардың ішінде сәтті жасалған деп тек -атор, -ятор, -тор суффиксіне сәйкес келетіндерді атайды. Бұл кемшіліктің себебіне термин жасаушы салалық мамандарының терминжасамның лингвистикалық қырына және терминтанудың жүйелілік сияқты маңызды талаптарына және қосымшалардың ерекшелігіне, грамматикалық мағынасына жете мән бермегендігін жатқызады [2,147]. Ғалым сөзіне қосып-аларымыз жоқ, тек бұл жерде -щик, -чик, -тель суффикстерін қалыптасқан тәртіп бойынша –шы, -ші жұрнағымен аудару керек деп есептейміз.

Орыс тіліндегі бір жұрнақтың қазақ тілінде әр түрлі нұсқада берілуін біз тіркесті терминдерді қарастыру барысында аңғардық. 2002 жылы жарық көрген сөздікте тіркесті терминдер құрамында бір анықтауыштық қызмет атқаратын сыңардың түрлі нұсқада жазылуы орын алған. Мысалы, *абсолютный адрес, абсолютный код, абсолютный маршрут, абсолютный модуль, абсолютная программа* тіркестері қазақ тіліне *абсолют адрес, абсолют код, абсолют маршрут, абсолют модуль, абсолют программа* деп аударылған. Ал *абсолютный ассемблер, абсолютный загрузчик, абсолютная команда* тіркестері *абсолюттік ассемблер, абсолюттік жүктеуіш, абсолюттік команда* деген нұсқада берілген. Сондай-ақ *абстракты автомат, абстракты символ, абстрактылық жүйе, абстрактылық синтез; виртуаль құрылғы, виртуаль нақтылық, виртуальдық мәліметтер базасы; сенсорлы карта, сенсорлық бергіш, сенсорлық дисплей, стандартты программа, стандарттық режім* сияқты тіркесті терминдер де кездеседі. Бұл терминдердің құрамындағы алғашқы сыңарларының барлығы орыс тілінде -ный, -ная, -ное жұрнағы арқылы жасалған. Термин жасаудағы бірізділік, жүйелілік қағидаларын ұстанып, аталған терминдерді де бір ізге келтіру қажет деп санаймыз.

Аудармасы күмән туғызатын терминдер қатарына біз анықтаған, жоғарыда аталып кеткен барлық кемшіліктермен аударылған

терминдерді жатқызуға болады. Себебі әр сөздіктегі түрлі нұсқа аудармашыларды, көпшілік қауымды шатастырады. Кез келген аудармашы қандай да бір мәтінді аудару кезінде бірінші кезекте терминдердің сөздікте бар нұсқасына жүгінеді. Ал егер әр сөздікте бір термин түрлі нұсқада, не қосымшасының мағыналық қасиеті ескерілмей берілген болса, ол әрине, аудармашының жұмысына да кері әсерін тигізбек. Сонымен бірге аталған сөздіктерде *мышь* сөзі *маус* және *тышқан* нұсқаларында берілген. Бұған қарсы пікір білдірген Ш. Құрманбайұлы «...екеуінің де келісіп тұрмағаны анық. Сәтті балама табылмағандықтан алынғаны көрініп тұр. Дәл осы терминнің баламасы ретінде қытай қазақтарының тілінде қолданылып жүрген *тінтуір* сөзін алуға әбден болады» дейді. Одан әрі «*тінт*» сөзінің түсіндірме сөздіктегі «*бір нәрсені ізден үй ішін т.б. жерді ақтарып-төңкеріп қарау, іздеу*» деген мағынасының компьютер құрылғысы қызметіне сәйкестігін алға тартып, «Компьютерлік техника терминдерін тек көшіріп қабылдаумен шектелмей оның ұлттық сипатын арттырамыз десек, *тінтуір* тәрізді ұғым мазмұнын ұтымды бейнелеп беретін атауларды қолданысқа енгізген жөн» деп тұжырымдайды [3,177]. Шынымен де, қазақ тілі терминжасамының қай саласында болса да, қайта қарауды талап ететін терминдер кездеседі. Оның басты себебі тура сол терминді қабылдар кезде одан сәттірек атау табыла қоймайтын кездер де болады. Уақыт өте келе, сол сәтті термин табылып жатса, оны неге қолданысқа енгізбеске? Осы жұмысты атқару барысында ғалым пікірін ескеру, ескеріп қана қоймай, аталған сөзді термин ретінде қабылдау керек деп ойлаймыз.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге қарап, информатика және компьютерлік техника саласында қазақ тілінде жасалған терминдердің барлығын іске жарамсыз деп қабылдауға болмайды. Аталған кемшіліктер – бұл саланың 4000-5000 терминінің қатарынан іріктеліп алынғандары. Осы санмен салыстырғанда аз болып көрінгенімен, бұндай кемшіліктердің орнын міндетті түрде толтыру керек деген пікірдеміз. Ол үшін сала мамандары мен тілші ғалымдардың бірлесе жұмыс атқарғандары абзал. Осы мақсаттағы жұмыстарда тілшілер пікірі ескерілуі керек.

Ал информатика саласында сәтті жасалған терминдер қатарына *жад (память), перне (клавиша), пернетақта (клавиатура), батырма (кнопка), қоржын (корзина), ұяшық (ячейка), қоректендіру блогы (блок питания), шерту (щелчок)* т.б. атауларды жатқызуға әбден болады. Бұл атауларды терминологияның ұлттық сипатын арттыру жолында жасалған сәтті қадам деуге тұрарлық. Терминдердің жасалуына олардың

қызметі, сыртқы тұрпаты түрткі болған. Мұны аталған ұғымдармен жақсы таныс кез келген адамға түсіндіріп жатудың қажеті де шамалы.

Жалпы, техниканың нақты бір саласы – информатика және компьютерлік техника ғылымының терминдерін саралау барысында осындай жетістіктер мен кемшіліктерді аңғардық. Ал техниканың басқа салаларын қарастырар болсақ, екі қатардың да басқа көрсеткіштермен толыға түсуі әбден мүмкін. Оған мысал ретінде Л.С.Сейітбеков, М.Р. Алшынбайдың авторлығымен жарық көрген «Қазақша-орысша, орысша-қазақша ауыл шаруашылығы техникасының сөздігіндегі» *амперметр, ваттметр, вольтметр* сияқты ғалымдардың аттарының қатысуымен жасалған терминдерді ток *күшін өлшейтін құрал, күш өлшейтін құрал, кернеу өлшейтін құрал* деп түсіндірмелі түрде аударуды жатқызар едік. Терминдердің қазақ тіліне аударылуында жіберілген бұндай қателіктер аталған жұмысты дұрыс жолға қоюға кері әсерін тигізеді. Ал осындай толымсыз, орынсыз аудармалардың алдын алу үшін, әлі де теориялық салыстырулар, сөздік қорымыздың ұтымды нұсқаларын талдау, сараптау қажеттігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері. ф.ғ.д. ғыл.дәреже.алу үшін дайындалған диссертация. Алматы- 2007.

2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 бет.

3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 бет.

4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Информатика және есептеуіш техника – Алматы: Рауан, 1999.–304 бет.

5. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника. – Алматы: Мектеп, 2002. – 456 бет.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы современного перевода технических терминов. Автор опирается на термины в области информатики и компьютерной техники, определяя ряд упущений и достижений в переводах терминов данной сферы. Для этой цели использует труды известных ученых и словари технических терминов.

Summary

Problems of a modern translation of technical terms are considered in the article. The author is basing on terms in the field of informatics and computer equipment, defining a number of omissions and achievements in translations of this sphere terms. For this purpose the author uses works of famous scientists and also dictionaries of technical terms.

Құсайынова Ж.А.
Астана

МОДАЛДІЛІК ЖӘНЕ ИНВЕРСИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ

Модалділік санатының жасалуы тек морфологиялық тұлғаларға тәуелді емес, сөйлемдегі сөздердің қалыпты орнын құбылту арқылы (инверсиялау) да аталған заңдылықтың ішкі мағыналық ерекшеліктері көрініс табады.

Бұл қызметте инверсия құбылысы мақсатты түрде жүзеге асырылып, сөйлемдегі модалді мағынаны түрлендіруге, субъектінің түрлі көзқарасын даралауға себепші болады. Сондықтан «сөйлемдегі сөздердің орны қай тілде болса да, грамматикалық құрылыстың негізгі бір саласы болып табылады» [1; 80].

Инверсияға қатысты талданған ғылыми еңбектердің барлығында дерлік орын ауыстыруда эмоциялық-экспрессивтік реңктерді түрлендіруге қол жеткізілетіндігі баса айтылып, модалділік санатының ішкі семантикалық мағыналары арнайы талданбайды. Бұл модалділік пен эмоциялық, экспрессивтік реңктердің ішкі жақындығынан, бірін-бірі толықтыру сипатындағы ерекшелігінен деп тұжырымдаймыз. Бұл мәселеге қатысты А.В.Бондарко: «С модальностью частично связано семантико-прагматическая сфера качественной и эмоциональной оценки»- деп, екі категорияның байланысын сипаттайды [2; 60].

Осы себептен болар, Ш.Бекетаева инверсия құбылысын «эмоциялық мәнерлеу тәсілі» деп бағалап, оның ықпалымен дараланатын модалді, эмоциялық реңктерді бірлікте сипаттайды. Ойымызды автордың төмендегі тұжырымдары бекітеді: «Айтатын ойды

анық, түсінікті етіп жеткізуде сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметі өте зор. Қандай шығарманы оқысаңыз да (көркем әдебиет, ғылыми, мерзімді баспасөз туындылары т.б.) сондағы оқиғаны, оның мазмұнын автордың сөйлем құрылысынан, сөздерді орналастыру тәртібінен түсіне аламыз. Әрбір қаламгердің қуанышын, ренішін, жалпы көңіл сезімін, шығарманың жалпы нәрін де сөздер арқылы, олардың сөйлемдегі орнынан аңғарамыз» [1; 80-84].

Демек, инверсияланған сөйлем мүшелері эмоциялық, модалді реңктерді бір-бірінен алшақтатпай, астарластыра, бір-біріне ұштастыра түрлендіреді.

Шебер суреткер шығармасында орын алған орын ауыстыру құбылысының астарынан қандай да бір өзгерісті (эмоциялық, экспрессивтік, модальділік тұрғыдан) аңғару қиын емес. Өйткені грамматикадағы орын ауыстыру сөздерді жүйесіз қозғалысқа түсіру емес. Бұл заңдылық аса ірі талғампаздықтың, қиыннан қиыстырар шеберліктің негізінде бір мақсатпен жүйеленеді. Яғни, инверсия құбылысы тұтас шығарманың стилистикалық бояуын шынайы да көркем жеткізуге тірек болып, композициялық құрылымына, сюжеттік желісіне жан бітірер негізгі грамматикалық амал ретінде көзге түседі.

Біз қарастырған модалділік санатының ішкі мағыналық реңктерін түрлендіруге инверсияның әсері барынша ықпалды, әрі белсенді. Орын ауыстыру құбылысының қандай мақсатта, қандай модалді мағынаны айқындауға бағытталғаны кейде бір сөздің тұтас құрылымға әсер етуінен, кейде тұтас мәтіннің жеке сөздерге ықпалдастығынан дараланады, яғни, жеке сөздің мағынаға әсері немесе мағынадан жеке сөзге әсер ету заңдылығы негізінде. Төмендегі мысалда жеке сөздердің семантикалық астарынан субъекті аралық наразылық, қарсылық ажыратылады. Мысалы: ***Құдай ма*** *ол?! (Ө.Қанахин). Аяқ-қолымды жіпсіз байлап бергелі тұр екенсің ғой сен* ***ит****! (С.Досанов).* ***Құдай үшін*** *жағаға қарай бұршы қайықты (С.Досанов).* Бұл сөйлемдерде сөздердің қалыпты орын тәртібі арқылы берілген модалді мағына мен инверсия әсерінен дараланатын модалді мағынаның ерекше айырмашылығы байқалмайды. Демек кейде сөздің (құдай ма, құдай үшін, ит) семантикалық мағынасының әсері басым болып, тұтас құрылымның бойындағы модалді мағына айқындалады. Себебі «сөз – ой өрнегінің мағыналы бөлшектері. Сондықтан қарапайым ой қаңқасы да, айқын ойдың көріктеу бояуы да сөз дәлдігімен өлшенеді» [3; 401].

Дегенмен көрсетілген мысалдарда инверсияланған синтаксистік бірліктер арқылы сөйлемнің айтылу ырғағында елеулі өзгеріс пайда болып, дауыс тоны тым жоғарылап, субъекті аралық наразылық,

құптамау, соңғы сөйлемдегі күдікті модалді реңктері әсерлі жеткізіледі. Бұл мәселелер инверсияның модалділік санатына ықпалын тағы бір дәлелдейді.

Ал кейбір жағдайда орын ауыстыру құбылысы арқылы қандай мақсат көзделгенін дәл ажырату қиындық тудырады. Мұндай жағдайда мәтіндегі бірліктердің семантикалық өрісінен бастау алатын функциядан жеке амалдарға әсер ету заңдылығының ықпалымен модалді мағына сараланып, инверсия құбылысының қызметтік бағыты дараланады. Мысалы: *Аналар қалды қарға-құзғынға жем болып (Ө.Қанахин).* Контекстке ілестіре талдағанда ғана үйірлі қимыл-сын пысықтауышын соңғы позицияға жылжытуда пайда болатын модалді мағынаны дәл анықтаймыз. Бұл сөйлемде соңғы орындағы пысықтауыш неғұрлым екпінді дауыс ырғағымен дараланып, субъекті аралық наразылық модалді мағынасын өз орнымен қабылдауға тірек болады. Мұндай жағдайда интонация қызметінің рөлі басым болады. Яғни, контексте берілген ойдың жетегімен интонация компоненттері орын ауыстырған сөйлем мүшесінің айтылу ырғағын белгілейді.

Демек, орын ауыстыру құбылысы нәтижесінде кейде жеке сөздердің әсері арқылы модалді мағынаны дәл ажыратсақ, кейде тұтас контекстегі ойды арқау етеміз. Бұндай грамматикалық ерекшеліктер инверсия құбылысының басқа грамматикалық заңдылық, құбылыстармен бірлікте қозғалып, ішкі байланыста болатынын көрсетеді.

Тіл білімінде А.В.Бондарко тілдік бірліктердің, заңдылықтардың талданған қарым-қатынасын төмендегідей қорытады: «... система языковых средств рассматривается на основе семантического принципа их группировки. Именно на этой объективно существующей основе группировки языковых средств, используемых в речи, базируется характерная для функц. грамматики возможность описания не только по принципу «от формы к значению» (от средств к функциям), но и по принципу «от значения к форме» (от функцией к средствам)» [4; 4].

Инверсияланған сөйлем мүшелерінің қызметі модалді мағынаны ажыратуға жұмсалғанда, әр түрлі грамматикалық ерекшелікті байқауға болады. Сөздердің орын ауыстыруы кейде жай сөйлем деңгейінде жүзеге асса, кейде сабақтас құрмалас сөйлем сыңарлары арасында орын алады. *Өлмесе, бір жерден шығады, бұл қара домалақ! – деп еді сонда (Ө.Қанахин).* Мысалдағы «бұл қара домалақ» сапалық анықтауыш пен бастауыштың негізгі орны - бағыныңқы сыңардың басқы позициясы (қалыпты орнын салыстырыңыз: *Бұл қара домалақ өлмесе, бір жерден шығады!).* Әрине, бұл сөйлемдегі субъекті аралық «сенімді» модалді мағынасын баяндауышты ерекше дауыс ырғағымен айту арқылы да

жеткізуге болар еді. Дегенмен бағыныңқы сыңарға қатысты анықтауыш пен бастауышты соңғы позицияға жылжытудан субъекті аралық сенім нақты, айқын, дәл ажыратылған және сөйлемнің стилистикалық бояуын да құбылтуға сеп болған.

Сонымен қатар, кейбір бірдей тұлғадағы, бірдей модалді мағынаны контексте салыстыру арқылы бір модалді мағынаның екі түрлі сапалық реңкін ажыратуға болады. Мысалы: *Папамның арқасында ең құрығанда ішіп-жеуге жетерлік ақшасы, олай-бұлай қыдырып, жүруге тұратын машинасы бар бір мекеменің тұтқасы тимес деймісің маған?!- деп, көңіліне тоқ санап жүретін (Ө.Қанахин). Енді кездесіп көрсінші олар маған (Ө.Қанахин).*

Мәтіннен тыс бұл екі сөйлемдегі «маған» толықтауышының орын ауыстырудағы интонациясы мен үстемелеген модалді мағынасын бірдей дәрежеде қабылдар едік. Дегенмен мысалда кейіпкердің екі түрлі көзқарасынан қалыптасқан «сенімді» модалді мағына берілген. Бірінде субъекті-автордың оң бағасын алған кейіпкер, екіншісінде жағымсыз мінездегі кейіпкер бейнесі ашылады. Бұдан бірдей грамматикалық бірліктердің орын ауыстыру нәтижесінде пайда болатын модалді мағынаның өзі кейде автор-субъектінің кейіпкерді бағалаудағы әр түрлі көзқарасын ашып, қарама-қарсы мәнде болатынын ажыратып, үнемі салыстыра талдау қажеттігін аңғартады.

Модалді мағынаны түрлендіруде сөйлем мүшелерінің барлығының үлесін көрсетуге болады.

Төмендегі мысалдарда бастауыштың орын ауыстыруы нәтижесінде сөйлемнің айтылуында ерекше өзгерістер көрініс беріп, субъекті аралық бағалау дараланған: *Жыр өлкесінің атылғалы тұрған жанар тауы ғой бұл! (С.Досанов).* Ал екінші жағдайда субъектінің күдікті көзқарасы ажыратылған. Мысалы: *Жеткізе қойған екен, шағым жасаған ғой Таспиық Құрбақанов (С.Досанов).*

Меншіктік анықтауыштың инверсиялануынан төмендегі сөйлемде де «сенімсіз» модалді мағынаны анықтаймыз. Мысалы: Хе, аузың айтқанмен, ішің: «панға басыңды ие бер» деп тұр ғой сенің... (Ө. Қанахин). Мұндағы «сенің» анықтауышы сөйлеушінің сенімсіз көзқарасын жеткізуге тірек болар негізгі амал ретінде көзге түсіп, сөйлемнің айтылу ырғағына, модалділігіне сапалық өзгерістер енгізген. Соңғы мысалдардан да меншіктік анықтауыштың субъектінің күдікті, өкінішті көзқарасын ашуға ықпал жасағанын байқаймыз. *Мысалы: Бұрын мұндайы жоқ еді бұл жануардың (С.Досанов). Кең дүние дейміз-ау, екі қос ғашықты қоспаған кеңдігің қайсы сенің? (С.Досанов).*

Модалді мағынаны түрлендіруге тура, жанама толықтауыштардың орнын құбылту арқылы да қол жеткіземіз. *Енді кездесіп көрсінші олар маған (Ө.Қанахин).* Мұндағы «маған» толықтауышы өз күшіне, қайратына сенген субъектінің сенімді көзқарасын ашуға тірек болған.

Ал төмендегі мысалдан тура толықтауыштың орын ауыстыруынан субъектінің күдікті көзқарасының ұштасып жатқандығын даралаймыз. *Жаудың әлі аяғы жете қоймаған бір селоға апару керек мынаны, әйтпесе өлтіріп алармыз (Ө.Қанахин).* Толықтауыштың субъекті аралық құптау реңкін ажыратқан қызметін төмендегі мысалдар айқындайды: *Иә, беру керек сол жігітке билікті (С.Досанов). Айтқызамын саған! Өзің үшін-ақ айтасың (Ө.Қанахин).* Бұл жағдайда субъектінің сенімді көзқарасын даралауға «билікті», «саған» толықтауышының орнын ауыстыру тірек болған.

Қорыта келгенде, сөйлем мүшелерінің орын ауыстыруында көрініс беретін модалді мағынаның құбылуын шектеу мүмкін емес. Себебі орын ауыстырған сөйлем мүшелерінің қызметі көп жағдайда мәтін шеңберіндегі семантикалық өріс деңгейінде сараланады да, инверсияланған сөйлем мүшелерінің қызметін, модалді мағынаның ішкі реңктерін интонация реттейді.

Әдебиеттер

1. Бектаева Ш. Бастауыш пен баяндауыштың инверсиялануы // Қазақстан мектебі. 1968. №8. -80-84бб.
2. Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики. Темпоралность. Модальность. -Ленинград: Наука, 1990. -263с.
3. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. -Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2007. -472б.
4. Бондарко А.В. Функциональная грамматика. -Ленинград: Наука, 1984. -136с.

Резюме

В статье идет речь о влиянии инверсии на модальность. Автор утверждает, что при инверсии сохраняются грамматические закономерности. Опираясь на конкретные примеры дает анализ и определяет роль подлежащего, определения, дополнения и обстоятельства. Также в статье дается анализ влияния контекста на инверсированные члены предложения.

Summary

The matter of the article is an influence on modality. The author affirms that grammar patterns remain at inversion. Basing on concrete examples the

author gives an analysis and defines a role of subject, adjective, object and adverbial. Also the analysis of context influence on inverse parts of sentences is given in the article.

Югай М.Р.
Алматы

СУЩНОСТЬ ЯВЛЕНИЯ ИНТЕРФЕРЕНЦИИ ПРИ КОНТАКТЕ ЯЗЫКОВ

Проблема интерференции при контакте языков – одна из центральных проблем соответствующих разделов лингвистики, психолингвистики, социолингвистики, методики и др. При изучении проблем двуязычия и многоязычия неизменно возникает вопрос об интерференции. Основными причинами, способствующими дальнейшему развитию этого раздела лингвистики, следует считать расширение международных, политических, культурных и научных связей, все растущее внимание к изучению иностранных языков. Однако степень ее актуальности применительно к указанным разделам наук, к видам речевой деятельности, к разным уровням языковых единиц различна.

Термин «интерференция» латинского происхождения: inter «между» + ferens «несущий, переносящий» [1;199].

Первоначально он употреблялся только в физике и означал взаимное усиление или ослабление волн при их наложении друг на друга.

Однако в психолингвистической и методической литературе термин «интерференция» употребляется специалистами неоднозначно: одни вкладывают в его содержание как положительное, так и отрицательное влияние родного языка, другие только отрицательное влияние родного языка на изучаемый неродной (иностранный). Такой

разнобой во мнениях объясняется сложностью и многоаспектностью самого явления, сопровождающегося в процессе включения и действия механизма переключение кодов на различных этапах усвоения иностранного языка (Я2).

Процесс овладения иностранным языком (Я2) обязательно сопровождается в сознании билингва взаимодействием двух языковых систем – родного (Я1) и неродного (иностранного) (Я2)языков. В процессе этого взаимодействия, особенно при овладении неродным языком в раннем детстве, параллельно с родным, перестройке подвергаются модели обоих языков [2; 25]. Но в условиях формирования позднего двуязычия (при изучении неродного языка после овладения родным), например, в процессе овладения японским языком в русскоязычной аудитории, большим изменениям подвергается в речи структура изучаемого языка – значительно сильным оказывается влияние родного языка (Я1) на иностранный язык (Я2) . По этой причине студент, изучающий японский язык, еще не овладевший японским языком, при построении японской речи ориентируется на типологические свойства родного языка: употребляет знакомые японские слова в соответствии со значением и грамматическими нормами родного языка. Происходит «своеобразное накладывание языка на язык» (иностранного языка на родной), при котором неизбежным оказывается влияние родного языка на иностранный. [3;236].

В процессе подобного влияния, ввиду расхождения в системе сталкивающихся языков, в ряде случаев оказывается отрицательным, интерферирующим, тормозящим процесс усвоения иностранного языка (Я2) [4; 46].

Чтобы понять сущность языковой интерференции, условия ее проявления и наметить эффективные пути преодоления, необходимо рассмотреть ее в аспекте – психологическом. Такой подход приблизит к разработке общей теории интерференции.

В психологии интерференция трактуется как перенос навыков, представляющий собой сложное явление человеческой психики, как такой процесс, который позволяет человеку «использовать в своей мыслительной и моторной деятельности то, что ему известно при совершенно новых или относительно новых обстоятельствах» [5; 65]. Такая трактовка интерференции основана на данных исследований в психологии проблемы взаимодействия навыков.

Психологами установлено, что формирование отдельного навыка никогда не является самостоятельным, изолированным процессом, а на

него влияет и в нем участвует весь предшествующий опыт человека. «Общий закон выработки навыка заключается в том, что, столкнувшись с новой задачей, человек сначала пытается использовать такие приемы деятельности, которыми он уже владеет. При этом он, разумеется, руководствуется задачей, перенося в процесс ее выполнения приемы, которые в его опыте применялись для решения аналогичных задач» [6; 173]. Иными словами, интерференция – это «такое взаимодействие навыков, при котором ранее приобретенные навыки оказывают влияние на образование новых навыков». [7; 131].

Из вышеизложенного становится ясным, что в процессе изучения иностранного языка (Я2) перенос умений и навыков представляет собой использование прошлого лингвистического опыта, каковым является приобретенный опыт речи на родном языке (Я1). Так, речевые умения и навыки родного языка определенным образом влияют на приобретение речевых умений и навыков при овладении учащимися иностранным языком.

Перенос речевых умений и навыков с родного языка на иностранный представляет собой стихийный, несознательный процесс, скрытый от непосредственного наблюдения и происходящий независимо от воли и желания говорящего. В основе такого стихийного переноса лежит отождествление разноязычных форм, что приводит к смешению дифференциальных признаков родного и иностранного языков.

Поскольку языковой перенос – внутренний ненаблюдаемый процесс, то о нем можно судить только по результату речевой деятельности, а результат такого стихийного, неосознанного переноса может иметь как положительный, так и отрицательный характер.

С проблемой переноса языковых навыков неразрывно связана проблема их «неравновесия». Сущность ее заключается в том, что из двух систем умений и навыков, сталкивающихся между собой, побеждает та, которая обладает наибольшей устойчивостью. Поскольку в речи учащегося наиболее устойчивыми являются умения и навыки родного языка, то, естественно, родной язык оказывает влияние на иностранный язык при двуязычии, а при многоязычии родной и первый иностранный языки – на второй иностранный.

Однако прочность, устойчивость навыков речи на родном языке неабсолютна. Понятие это относительно, и степень устойчивости навыков речи на том или ином языке зависит от конкретных условий функционирования соотносимых языков. Так, умения и навыки на родном языке оказываются более прочными, чем умения и навыки речи

на иностранном, если навыки иностранного сформировались позже и если носителю двуязычия чаще приходится пользоваться родным языком. И наоборот, если носителю двуязычия чаще приходится общаться на иностранном языке, например, на японском, то речевые умения и навыки на этом языке могут оказаться устойчивее навыков речи на родном языке. В этом случае обнаруживается влияние иностранного языка на родной.

Такое объяснение сущности явления интерференции с психологической точки зрения дается в науке.

С лингвистической точки зрения термин «интерференция» используется в связи с изучением проблемы контактирования языков для обозначения тех видоизменений, которые наблюдаются в речи носителей двуязычия как результат взаимодействия различных языковых систем. Однако в определении понятия языковой интерференции нет полного единства среди лингвистов. Одни связывают ее с понятием языковой нормы, другие – с лингвистическим переплетением (наложением). Одни трактуют это понятие широко, включая в его содержание явление заимствования и субстрата, другие – узко, ограничивая лишь нарушениями языковых норм в речи.

Сравним ряд определений «интерференции», имеющихся в лингвистической литературе. Так, например, для У. Вайнрайха интерференция – это «вторжение норм языковой системы в пределы другой» [8; 27]; Л.И. Баранниковой: интерференция – это «изменение в структуре или элементах структуры одного языка под влиянием другого» [9; 88]; В.Ю. Розенцвейга интерференция - это «нарушение билингвом правил соотнесения контактирующих языков, которые проявляются в его речи в отклонении от нормы» [10; 4]; Е.М. Верещагина «Интерференция – внутренний ненаблюдаемый процесс у билингва, который выражается в его речи и в «зримых отклонениях» от норм одного или более языков» [7; 19]: З.У. Блягоза «Все изменения структурных элементов языка в речи – в значениях, свойствах, в сочетаемости и «поведении» языковых единиц, появляющиеся в результате взаимодействия языковых систем, следует назвать интерференцией» [11; 223]; Вафеева Р.А. « интерференция – это давление, вытеснение инородной системы из системы родного языка в момент их контактирования с постепенным ослаблением степени и качества давления, вытеснения» [12; 190].

В лингвистической литературе есть и другие определения интерференции, так или иначе варьирующие приведенные определения. При этом анализ, критическая оценка существующей в лингвистической

литературе сущности интерференции даст основание в лингвистическом аспекте свести их к общим признакам.

Итак, интерференция – это неотъемлемая составная часть процесса медленного, постепенного проникновения того или иного иноязычного элемента в систему воспринимающего языка. Сам этот процесс в лингвистике именуется диффузией. Процесс диффузии имеет две стадии: 1) интерференция и 2) интеркаляция. На первой стадии лингвистическое изменение воспринимается носителем двуязычия (многоязычия) как отклонение от нормы. В дальнейшем оно может стать, но может и не стать, нормой. В этом случае наблюдаемое в языке отклонение, как мы уже отмечали выше, вступает в стадию интеграции, становится составной частью заимствующего языка. При этом слово считается вступившим в фазу интеграции тогда, когда члены воспринимающего иностранный язык коллектива больше не ощущают это слово как иноязычное. То же следует сказать и об изменениях фонетических и грамматических.

Те языковые явления, которые возникают в речи под действием контакта эпизодически и не приобретают распространения, т.е. не становятся нормой в языке, относят к области интерференции [13; 62]. А появляются эти эпизодические (точнее, индивидуальные в речи билингва) интерферентные явления следующим образом. При взаимодействии двух языков в сознании билингва возникает явление так называемой языковой идентификации, суть которой заключается в установлении определенной связи между идентичными и аналогичными языковыми единицами в контактирующих языках. В случаях ошибочного отожествления явлений контактирующих языков возникают интерференционные ошибки. Следует заметить, что характер интерференции, степень ее проявления и распространения зависят от различных факторов, в частности: от типа, вида двуязычия (многоязычия) и от способа приобретения двуязычия, от структуры и системы контактирующих языков.

Понимание интерференции как взаимопроникновения элементов одного языка в другой, приводящие к отклонениям от нормы, составляет лингвистическую основу.

Поскольку интерференция представляет собой не что иное, как перенос навыков из одного языка (Я1) в другой (Я2), следует дифференцировать явления положительного и отрицательного переноса. Следовательно, влияние родного языка (прошлый лингвистический опыт) на изучаемый иностранный может быть положительным, облегчающим формирование новых речевых умений и

навыков, и отрицательным, затрудняющим усвоение новых знаний, умений и навыков.

Положительное влияние родного языка принято называть термином «транспозиция», а отрицательное влияние, как уже было сказано, - «интерференцией».

В обоих языках (родном и изучаемом) имеется немало общих понятий и категорий, сходных явлений, которые, будучи усвоенными в родном языке, становятся конкретной опорой при усвоении иностранного языка. На основе психологического закона переноса усвоение категорий и свойств родного языка служат основой для усвоения их в другом языке.

На роль положительного межъязыкового переноса (транспозиции) в овладении иностранным языком издавна акцентируется внимание в психологической литературе. Например, Н.Д. Левитов указывает, что вообще нельзя объяснить, почему человек владеет несколькими языками, если отрицать влияние положительного переноса [14;170]. Мысль о положительном влиянии родного языка на изучение иностранного подчеркивалась также Л.С. Выготским [15; 292], Л.В. Щербой [16; 28] и др.

Роль транспозиции особенно велика в условиях изучения родственных языков, так как их структурно-типологические сходства облегчают овладение иностранным языком. Но она (транспозиция) играет существенную роль и при изучении неродственных языков. Поэтому использование процесса транспозиции может стать одним из эффективных способов повышения продуктивности обучения иностранному языку.

В заключение хочется подчеркнуть, что интерференция является вмешательством элементов одной языковой системы в другую при языковом контакте, а результат этого вмешательства может быть как отрицательным, так и положительным, способствующим адекватному переводу и взаимопониманию, а также реализации эффективного общения. Внимание ученых сосредоточено, главным образом, на явлении отрицательной интерференции, ее прогнозировании и предупреждении, так как «отрицательный языковой материал» (Л. В. Щерба) создает определенные препятствия, тормозит процесс общения, что приводит к непониманию и коммуникативным неудачам.

Таковы основные положения сущности явления интерференции при контакте языков. Необходимо отметить, что дальнейшая разработка этой теории имеет большое теоретическое и практическое значение,

особенно для нашего многонационального государства, где языковые контакты являются обычным фактом повседневной жизни.

Литература

1. Словарь иностранных языков. – М., 1993.
2. Ярмак И.И. Интерференция родного языка в русской речи // Русский язык в национальной школе. – 1973. - №6.
3. Цибахашвили Г.И. Некоторые вопросы использования родного языка при обучении русскому // Русский язык в национальной школе. – 1974. - №6.
4. Пашковская Н.А. Направление и характер интерференции украинского языка в русской письменной речи учащихся-украинцев // Русский язык в национальной школе. – 1973. – №1.
5. Китросская И.И. Некоторые вопросы методики обучения второму иностранному: Автореф. дис. канд. психол. наук. – М., 1970.
6. Общая психология. Под ред. А.В.Петровского. Изд. 2. – М.: Просвещение, 1976.
7. Верещагин Е.М. Понятие интерференции в лингвистической и психологической литературе // Иностранные языки в высшей школе. Вып.4. – М., 1968.
8. Вайнрайх У. Языковые контакты: состояние и проблемы исследования. - Киев, 1979.
9. Баранникова Л.И. Сущность интерференции и специфика ее проявления // Проблемы двуязычия и многоязычия. – М: Наука, 1972.
10. Розенцвейг В.Ю., Уман Л.М. К проблеме грамматической интерференции // Проблемы структурной лингвистики. – М.: АН СССР, 1962.
11. Блягоз З.У. Языковые проблемы и пути их решения в Республике Адыгея // Языковая ситуация в Российской Федерации – РАН, отд. лит. и яз. Инст-т языкознания. – М., 1992.
12. Вафеев Р.А. Явление интерференции и прогнозирование его ономасиологической типологии // Изучение русского языка в национальном вузе. – Фрунзе: Мектеп, 1984.
13. Жлуктенко Ю.А. Лингвистические аспекты двуязычия. – Киев, 1974.
14. Левитов Н.Д. Детская и педагогическая психология. – М: Просвещение, 1964.
15. Выготским Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 1996.
16. Щерба Л.В. К вопросу о двуязычии // Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Изд-во «Наука», 1974.

Түйін

Бұл мақалада интерференцияның мәнін зертеуге арналған. Лингвистикада интерференция мәселесі тілдік байланыста қарастырылады.

Summary

The present work is dedicated to exploring interference. In linguistics the problem of interference is considered inside language contacts as “breaking of norms and rules of correlation between two contacting languages by bilingual person.” Interference is a process of one language system elements interference in another one with positive as well as negative results.

Ислам Айбарша,
Алматы

ІЛЕСПЕ АУДАРМА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміз егемендікке қол жеткізген жылдардан бастап халықаралық аренада өз алдына дербес мемлекет ретінде түрлі шараларға қатысумен қатар, адамзат пен бейбітшілік, ел мүддесі үшін игі істердің ұйытқысы болып келе жатқаны әлемге аян. Соның бір айғағы ретінде үстіміздегі жылы Қазақстанның ОБСЕ-нің төрағалық қызметін атқаруын атап өтуге болады. Халықаралық және мәдениаралық қатынастарды дамытуда аударма ісінің атқарар қызметі зор. Бұл орайда, Білім және ғылым министрлігінің арнайы шешімімен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің магистратура бөлімінде арнайы грант негізінде ілеспе аудармашылар дайындайтын білім беру бағдарламасы іске қосылды. Аталмыш магистрлік білім беру бағдарламасы шеңберінде алты (6): ағылшын, француз, неміс, араб, қытай және парсы тілдерінен қазақ\орыс тілдеріне аударатын ілеспе аудармашылар дайындалуда. Бұл алғашқы аудармашылық тәжірибені жинақтап, осы ғылым саласының теориялық мәселелерін және практикалық, яғни аударма технологияларын бірізділікке түсіріп, жүйелеп, арнайы ізденістерге талпыныс жасауды міндеттейді.

Жалпы, аударма (жазбаша болсын, ауызша болсын) мәселесі қазақ тіліне қатысты алғанда жоғарыда аталған тілдерге қарағанда кенже қалғаны белгілі. Тіпті ауызша аударма түрлерін атауда әлі де

бірізділіктің жоқтығы байқалады. Ауызша аударма барысында сөйлеушінің үзіліс бере отырып аударуға мүмкіншілік беруін орыс тілінде *последовательный*, ағылшын тілінде *consecutive* деп қолданса, ал қазақ тілінде оған қатысты нақты қолданып жүрген термин жоқ десек те болады. Арнайы мультимедиялық құралдармен жабдықталған *ілеспе аударма* терминдік жағынан әртүрлі түсініледі. Осы орайда ауызша аударманың бұл түрін конференттік аудармашы деген баламасын да қолданысқа енгізгеніміз дұрыс тәрізді. Орыс тіліндегі *синхронный перевод* кейде *синхрондық аударма* деп те қолданылады. Әйтсе де, арнайы кабинада отырып аударылатын аударма негізінен әртүрлі деңгейдегі форумдар, конференциялар мен дөңгелек үстелдерді қамтамасыз ететіндіктен, оған қоса әлемдік тәжірибеде conferent translation терминінің қолданатынын ескерсек, қазақ тілінде *конференттік аударма* деп аталғаны да жөн деген пікір айтамыз. Ауызша аудармашының escort translator сияқты, еріп жүріп аударма қызметін атқаратын аудармашыға атау беру қазақ тіліндегі мәселе деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтылып өткен білім беру бағдарламасы шеңберінде ілеспе аудармашылардың кәсіби біліктілік моделін айқындау басты міндеттердің бірі ретінде өз шешімін тапты десек те болады.

Ілеспе аудармашыларды дайындаудың әдістемелік негізін қарастырсақ, маманның тілдік, аялық білім және аударманың стратегиялық жолын жете меңгеру біліктіліктерімен анықталатындығы байқалады. Мақала көлемінде осы үш негізгі біліктіліктің басты сипаттарын ашуға тырысамыз.

Лингвистикалық біліктіліктілік негізінен аудармашының екі (кейбір жағдайларда үш немесе одан да көп) тілді жетік білуді талап етеді. Яғни, аудармада орын алатын немесе жұмыс істеу тілдерінің құрылымдық ерекшеліктерін, оның дыбыстық, грамматикалық және лексикалық қабаттарын тең меңгеру. Қазіргі аударма саласындағы зерттеуші ғалымдар аталмыш біліктіліктің құрамын кешенді түрде, прагмалингвистикалық және социопрагматикалық біліктердің құрамдас бөліктері ретінде де қарастырады (R.Setton 1997:50). Біздің ойымызша, соңғы екі біліктіліктерді өз алдына дербес субкомпетенция мәртебесінде анықтаған жөн. Бұл пікірдің бір дәлелдемесі ретінде социопрагматикалық біліктілікті құрайтын этикеттік білім тәрізді дүниелер экстралингвистикалық факторлар екендігін алға тартуға болады және оларды арнайы білім мен жаттығулар көмегімен қалыптастыру қажет екені анық. Ал прагмалингвистикалық мәселелер

имплицитті айтылған немесе сөйлеушінің интенциясын толыққанды жеткізуде де өзіндік аударма тәсілдерін қажет ететіндігі белгілі.

Тілдік тұрғыдан қарастырғанда қазақ және ағылшын тілдері генетикалық, типологиялық тұрғыдан бір- бірінен алшақ жатқан тілдер екені анық. Бұл сайып келгенде құрылымдық жағынан ілеспе аударма процесіне өзіндік қиыншылықтарды туғызатыны белгілі. Атап айтқанда, қандай да болмасын айтылып жатқан ақпараттағы сөйлемде бастауыштан кейін айтылатын баяндауышты қазақ тіліне аударма нұсқасында сөйлем соңына қою үшін жадыда ұстап тұру лингвистикалық қана емес, менталдық және психологиялық арнайы дағдыны қажет ететіні белгілі. Аударманы техникалық жағынан орындау тұрғысынан қарастыратын болсақ, дәл осы сәйкессіздік аударманың синхрондық уақыт ұзақтығы межелерін сақтауға да өзіндік кедергі жасайтынын айта кеткен жөн. Қарастырылып отырған құрылымдық сәйкессіздік ілеспе аударма барысында түпнұсқадағы құрылымды сол қалпында қазақ тілінің нормасына қайшы келетін формада да ұсынылатын жағдаяттардың да орын алатынын мойындауымыз керек. Ілеспе аударма барысында баяндауышты айтуынша, баяндауынша, көрсетуінше т.б. формаларды қолданып аударманы үлгілейтін кездер де кездеседі.

Мысалы, The State-Secretary *stated*, that the UN assisted to rebuild the infrastructure of the economy.

Мемлекеттік Хатшының *айтуынша*, Біріккен Ұлттар Ұйымы ел экономикасының құрылымын қайта құруға көмек көрсетті.

Халықаралық қатынастар коммуникативті саласындағы ақпараттар ағымында қыспарған сөздердің көптеп кездесетіні табиғи құбылыс. Осы тұста ілеспе аударма тәжірибесінде жиі кездесетін қазақ тіліндегі халықаралық ұйымдар атауларының қысқарған нұсқаларындағы орфоэпиялық және құлаққа жағымды естілу сияқты эстетикалық нормаларының ескеріле бермейтіндігі кеңінен орын алуда. Дәл осы жағдай, ілеспе аударма кезінде қазақша қысқарған сөздерді толық немесе жартылай нұсқаларында тарқата айтуға мәжбүрлейді.

мыс.: *БҰҰ- Біріккен Ұлттар Ұйымы;*

ШОС(орыс) ШЫҰ - Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы.

ЕАРС (ағылшын) - Еуроатлантикалық Серіктестік Кеңесі

Бұл, сайып келгенде, аудармашының уақыт ұтылысына, ақпарат ағымына ілесе алмауына әкеліп соғары сөзсіз. Осы мәселеге қатысты өзіміздің пікірімізді айтып өтуді жөн көреміз. Құлаққа жағымсыз естілер, дауыссыз дыбыстар тіркесінен тұратын немесе айтып дыбыстауға қиын соғатын абревиатураларды ағылшын немесе орыс

тіліндегі баламаларымен қалдырған жөн. Мұндай құбылыс қазір де тілімізде орын алған: NATO -НАТО;

Аудармада барысында *аялық білімнің* алар орны ерекше. Бұл салада аялық білім танымдық, мәдени, ақпараттық білімдер жиынтығынан тұрады. Танымдық сипаттағы білім аудармашының жоғары деңгейіндегі тілдік мәдени тұлға сипатында болуын талап етеді. Әсіресе, прецеденттік атауларды дөп басып тану және олардың ұтымды түрде аударылуы коммуникацияның мейлінше толық жүзеге асуының бір кепілі болмақ. Бұл орайда, әлемдік әдебиетпен қатар, сөйлеуші өз сөзін ұлттық әдебиет шеңберінде де түзуі мүмкін екендігін ескерсек, мәселенің күрделілігі айқындала түскенді. Сөйлеушінің өзіндік сөйлеу стилі, атап айтсақ, кейбір ел басшыларының әйгілі немесе ұлттық философтардың афоризмдерін, кейбірі астарлы анекдоттарды қолдана сойлеу мәнері бар екені белгілі. Ал мәдени аялық білім, көбінесе мәдениетаралық коммуникациямен астасып жатады. Бір мәдени социумдағы жағымды деп танылатын құндылықтар мен ұстанымдардың басқа мәдениет өкілдерінің қабылдауы әркезде де біркелкі бола бермейді. Әсіресе, дінаралық коммуникация саласында аталмыш біліктіліктің маңыздылығы орасан зор.

Ілеспе аудармада саяси, халықаралық қатынастар коммуникативтік саласында ақпараттық білімнің қажеттілігі маңызды. Бұл сайып келгенде, аудармашыны тіл маманы ретінде ғана танудың біржақты пікір екендігін дәлелдегендей. Жоғарыда баяндалған лингвистикалық білімнің ақпараттық біліммен тығыз байланыста болатын бір тұсы екендігін айтып өткеніміз жөн. Ол - белгілі бір саланың метатілін меңгеру. Ойымызды тарқатып айтатын болсақ, әр саладағы - заң, саяси, экономикалық, медициналық т.б. дискурстарында өзіндік функционалдық стилімен қатар, өзіндік ұғымдық, терминдік аппараты, метатілі болатыны белгілі. Аудармашы бір тілдегі бірліктерді екінші тілдегі тілдік белгілерге формалды түрде аударып қана қоймай, белгілі бір саладағы дискурстарды терең түсіне отырып жеткізуі қажет. Сондықтан да, аудармашы қандай ма болмасын аудармаға барарда өткізгелі отырған шараның тақырыбымен, онда көтерілетін мәселермен, тіпті мүмкін болған жағдайда сөйлейтін сөздердің ең болмағанда жобасымен немесе тезистік нұсқасымен алдын-ала танысқаны жөн.

Біліктілік үлгісінің құрамдас бөліктерінің бірі аударманың стратегиялық жолын жете меңгеруге тоқталалық. Жалпы, соңғы жылдары аударма теориясында қолданылатын *аударма стратегиясы* термині нақтыланды. Тарқатыңқырап айтатын болсақ, аудармащыдан аударма тәсілдерін ұтымды қолдана отырып, мәтінді немесе ақпаратты

толыққанды, адекватты аудару, яғни аударма технологиясын мейлінше шебер қолдану сияқты біліктілікті талап етеді.

Сонымен, мақалада ілеспе аудармаға қатысты кейбір мәселелерді қамтуға талпыныс жасадық. Келешекте ілеспе аударманы оның ішінде қазақ тіліне қатысты алғанда ондағы негізгі мәселелерді теориямен ұштастыра отырып, дербес аударма теориясы мен практикасының негізін жасауға мүмкіндік бар деп айтқымыз келеді.

Резюме

Статья посвящается проблеме синхронного перевода.

Summary

The article dwells on the problem of simultaneous translation.

Юсуф Яйладжы,
Алматы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАНЫМЫНДАҒЫ «ОТАН» КОНЦЕПТІСІ

Қазіргі таңда ғаламдық өркениет аясындағы тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығы тілтанымдық тұрғыда зерттелуде және тіл білімінің жаңа саласы лингвомәдениеттану елеулі еңбектермен толығуда.

Лингвомәдениеттану ғылымының жан-жақты салаларының ішіндегі концептілер жиынтығын айқындау үшін көптеген ғылыми жұмыстар жасалуда және «концепт» мәселесі когнитивтік және мәдениеттанымдық бағытта қарастырылуда.

«Концепт» дегеніміз семантикасына орай тіл иелерінің санасында өзіндік танымдық ассоциация түзе алатын, мәдени танымдық құндылығы бар күрделі құрылым болып табылады және ол өзінің түпкі негізін жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Сонымен қатар, "концепт мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің, тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремологиялық т.б.) жиынтығы болып табылатын ментальді, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым" [1, 42].

Концептілер аймағын айқындауда барлық адамзатқа ортақ рухани құндылықтармен қатар белгілі бір ұлтқа ғана тән, өзіндік ерекшелігімен сипатталатын концептілерді белгілеудің кейінгі ұрпаққа мирас болар мұра болатыны да даусыз. Осы орайда, жалпы «мәдениет жеке адамның басына тән қасиетпен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтық бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым» [2,13] деген академик Ә. Қайдаровтың пікірінің даусыздығына көз жеткендей.

Талай тарихи кезеңдерді басынан кешірген түркі халықтарының (соның ішінде - қазақ және түрік халқының) тіл мәдениеті мен сөз байлығы терең сырлар мен бағасыз құндылықтар көзі болып табылады. Қоғам өміріндегі түрлі құбылыстар, тарихи кезеңдер белгілі бір лексикалық ұғыммен ұштасып жатады, өйткені өмір шындығы тілдің лексикалық саласынан айқын сезілетіні белгілі.

Түрік тіл білімінде бұрыннан-ақ фольклорлық зерттеулер өте жақсы дамыған, сондай-ақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар этнолингвистика және лингвомәдениеттану саласында ғылыми зерттеулер жасалып, арнайы конференциялар өткізіліп жүр. Бұл салада Емине Гүрсой, Орхан Аджыпайамлы т.б. ғалымдардың зерттеулерін атай аламыз.

Аталмыш мақала көлемінде ортақ мәдени құндылықтарға ие болуымен қатар, мәдениеті, тұрмысы, салт -дәстүріне орай өзіндік ерекшеліктері бар қазақ және түрік халықтарының танымындағы «Отан» концептісін зерделеуге талпыныс жасаймыз.

Қазақ тілінің сөздігінде «**Отан** зат е. 1. Туған ел, өскен жер 2. отбасы, үй-іші, жанұя» деген түсінік берілген [3, 501]. Қазақ тілінде **Отан, ел, туған ел, туған жер** және **атамекен** сөздері синонимдес келеді.

Ел *зат.* 1. **мемлекет, туған ел, отан** Туған ел, өскен жер, ыстықсың жаныма (С. Мәуленов). 2. Халық, жұрт. Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы (мақал) [3, 184].

Атамекен Ата-бабадан ұрпаққа мирас болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен. [3, 53].

Түрік тілінің сөздігінде *Отан* туралы «**Отан** зат е. Бір халықтың өмір сүріп, өсіп өнген жері» деген түсінік берілген [4, 2082]. Отан сөзінің түрік тіліндегі баламасы «V*atan*» (ватан) сөзі түрік тіліне араб тілінен енген. «*Vatan*» [ватан] - *yurt* [юрт], *anavatan* [анаватан], *anayurt* [анаюрт], *atayurt* [атаюрт], *memleket* [мемлекет] және *ülke* [үлке] терминдерімен синонимдік қатар түзейді:

Yurt [юрт] Бір кісінің өмір сүріп, өскен жері [4, 2201].

Atayurt [атаюрт] Ата-бабалар өмір сүрген ежелгі құтты қоныс.

Қазақтардың Отанын, елін **атамекен** деп атауы назар аударарлық жайт деп ойлаймыз. Ал түріктер Отан, ел ұғымы *anavatan* [анаватан], *anayurt* [анаюрт], жалпы алғанда **анамекен** түрік халқының Анадолуға XI ғасырдың соңына таман орныгып, он ғасырдай уақыт ішінде өмір сүріп, өсіп-өніп отырған жері үшін қолданылады. Ал *atayurt* [атаюрт] **атамекен** - түрік халқының ата-бабаларының өмір сүрген ежелгі құтты қонысы Орта Азия үшін қолданылады.

Енді қазақ және түрік тілдеріндегі *Отан* концептісіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін қарастырсақ:

Отан	*vatan* [ватан] араб т.
ел	*yurt* [юрт] түрік т.
туған ел	*anavatan* [анаватан]
туған жер	*anayurt* [анаюрт]
атамекен	*atayurt* [анаюрт]
	memleket [мемлекет]
отаншыл	*vatansever* [ватансever] *vatan* араб т. *sever* түрік т.
ұлтжанды	*vatanperver* [ватанпервер] *vatan* араб т. *perver* парсы т.
	yurtsever [юртсевер] түрік т.

отаншылдық	*vatanseverlik* [ватансеверлик]
	vatanperverlik [ватанперверлик]
	yurtseverlik [юртсеверлик]
Отанға деген махаббат (сүйіспеншілік)	*vatan sevgisi* [ватан севгиси]
	yurt sevgisi [юрт севгиси]
отандас (азамат)	*vatandaş* [ватандаш]
	yurttaş [юртташ]
елді аңсау	*yurt özlemi* [йурт өзлемі]
Отанды аңсау	*sıla* [сыла]
Отан алдындағы борыш (парыз)	*vatan borcu* [ватан борджы]
	vatani vazife [ватани вазифе]
	vatani görev [ватани гөрев]
Отан деп білу	*vatan tutmak* [ватан тутмак]
yurt tutmak [йурт тутмак]	
	yurt edinmek [йурт единмек]
отансыз	*vatansız* [ватансыз]
	yurtsuz [юртсуз]
отансыздық	*vatansızlık* [ватансызлык]
	yurtsuzluk [юртсузлук]

Жалпы алғанда, *Отан* ұғымының белгілі бір территорияда өмір сүретін, сондай-ақ тарихы, мәдениеті мен тілі ортақ ұлт өкілдерінің мекен ететін жері ретінде түсінілетіні белгілі. Ал түрік және қазақ халықтарында *Отан – Vatan* ұғымы шекарамен шектелмейді, ол бір ұлттың, халықтың өмірімен ұштасқан тарихи және рухани құндылық, құтты мекен, өсіп өнген өлке мағынасын білдіреді.

Отан туралы пікір ұлыс, бостандық, тәуелсіздік, бауырластық, бабаларға құрмет, отбасына деген сүйіспеншілік сияқты көптеген асқақ сезімдердің бірлесуінен пайда болған құтты ой -тұжырым болып саналады.

Отан концептісін сөз еткенде қазақ халқының санасына ең алдымен *атамекен, кең дала, ауыл, домбыра, жусан иісі, ту, әнұран,*

халық әндері, тәуелсіздік, еркіндік, кіндік қан тамған жер т.б. символдар мен ұғымдар ойға оралады. Мысалы:

Атамекен – «ғасырлар бойы тіршілік етіп, өмір сүріп келген ата-бабаларымыздың кең аспан астындағы құтты мекені, кірін жуып, кіндігін кескен ана-жұрты, өсіп өнген өлкесі. Өскен жердің кәусар бұлағы мен салқын самалы, орманды тоғайы мен жазира даласы, асқар тауы мен айдынды асқар көлі – бәрі де әркімнің жанымен сезінетін табиғи ортасы». [2, 148].

Кең далам, толғанайын, толғайын,
Домбырам, қолға алайын жырлайын.
Қазағымның даласындай,
Көзімнің қарасындай
Айналдым сенен-ай, **атамекен-ай.**

Ата-баба жерленген жер – қорым да туған жердің қасиетті бір белгісі ретінде есептелінетініді. Мысалы:

Қарындас пен **қара орыннан** айырылғаннан соң,

Мөлдіреп екі көзге жас келеді.

*Академик Р. Сыздық бұл өлең жолдарындағы **қара орын** сөзін М.Қашғари сөздігіне сүйене отырып, 'қасиетті жер, ата-баба жерленген бір рулы елдің қорымы' мағынасын ашып көрсетеді [5,84].*

Отан концептісінің символдық белгілері домбыра және жусан шөпте көрініс тапқан. **Домбыраның** жан дүниені тебірентетін үні қазаққа қуанышты сәтінде де, қайғылы кезінде де көңіл серігі болып келген. Қазақтар күнделікті тұрмыс-тіршілігін ғана емес, аңсаған арманын да, көңілінің түкпіріндегі үмітін де қасиетті музыкалық аспап домбырамен жеткізеді. Қазақ халқы үшін, әсіресе елден шеткей жүрген кісі үшін **жусан иісінің** орны ерекше.

Отан концептісі түрік халқы үшін ең алдымен ту (bayrak), әнұран (milli marş), жәннат өлке (cennet ülke), топырақ (toprak), шейіттер 'ел үшін өлген ерлер' (şehitler), дастандардағы махаббат кahхалық әндері (türküler), тәуелсіздік (bağımsızlık), намыс (namus), еркіндік (istiklal), ауыл (memleket, köy), саз (ұлттық музыкалық аспап), теңіз (deniz) т.б. тығыз байланысты:

...Bir vatan kalbinin attığı yerdir.
Bu ıssız gölgesiz yolun sonunda
*Gördüğün bu tümsek, **Anadolu'nda***
***İstiklal** uğrunda, **namus** yolunda*
*Can veren **Mehmed**'in yattığı yerdir. (Н.Онан)* [6]

*Bayrakları **bayrak** yapan üstündeki **kan**dır*

***Toprak**, eğer uğrunda ölen varsa **vatan**dır (M.Cemal Kuntay)*[7]

Түрік халқы Отанын **жұмаққа, анаға** және де **сүйіктіге** балайды. Мысалы, *«Ana gibi yar, vatan gibi diyar olmaz»* (Анадай сүйікті, Отандай жұмақ болмайды).

Қазақ халқы Отанын **жұмаққа, жерұйыққа, алтын бесікке** теңейді,

Мұны төмендегі мақал – мәтелдерден көруге болады:

«Әркімнің өз елі – **жұмақ**», «Туған ел (ел іші) – **алтын бесік**».

Әркімге Отаны, туған елі ең жақын, ең қымбатты және баға жетпес мекен екені талас тудырмасы хақ. Бұл асқақ сезімді, Отанға деген шексіз сүйіспеншілікті төмендегі өлең жолдры мен мақал-мәтелдерден анық көруге болады.

Адамға қымбат екен туған мекен,
Жеткізер оны, шіркін, тіл бар ма екен? **[**Ш. Мәмбетов, 8-191].

Туған жер, сенің атың – ән-күйіндей бабамның,
Сенің атың – ақ сүтіндей анамның [Е. Бағаев, 8-192].

Ауылымның түтіні қымбат маған,
Қымбат маған белдері сыр сақтаған, туған жер!
Сенсіз көрген жарығым су қараңғы,
Сенсіз келген қызықтың керегі не, туған жер! [Б. Тәжібаев, 8-272].

Отан концептісінің паремологиядағы көрінісінен мысалдар келтіріп өтелік:

Туған жердің күні де ыстық, күлі де ыстық.
Туған жердің ауасы да шипа.
Отан үшін отқа түс, жанбайсың, отан үшін теңіз кеш, батпайсың.
Отан оттан да ыстық.
Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол.
Егемен елдің еңсесі биік. [9].

Түрік ақындарының *Отанға* деген ыстық махаббаты мен боямасыз, адал сезімдерін төмендегі өлең жолдарынан байқауға болады.

...Bastığın yerleri toprak diyerek geçme, tanı,
Düşün altında binlerce kefensiz yatanı,
Sen şehit oğlusun incitme yazıktır atanı
Verme, dünyaları alsan da bu cennet vatanı [Мехмет Акиф, 10]

«Сәби бесігін, балалар ойын алаңын, бала анасын қандай сезімдермен жақсы көретін болса, адамдар да *Отанын*, туған жерін сондай терең сезімдермен жақсы көретіні хақ, өйткені өмір туған жердің ауасымен тыныс алудан басталады» [Н.Кемал, 11]

Түрік атасөздері

«Gurbetin gülünden vatanın dikeni iyidir»

(Өзге елдің раушан гүлінен туған елдің тікені артық).

Қаз.: Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол

«Bülbülü altın kafese koymuşlar, ah vatanım demiş»

(Бұлбұлды алтын торға қойыпты, қайран Отаным деп қайғырыпты). [12]

Жоғарыда келтірілген мысалдарда асқақ отаншылдық ойлар, терең толғаныстар және де философиялық тұжырымдар айқын орын алған.

Жа,рапиялық шалғайлыққа қарамастан, түбі бір бұл екі халықтың Отан туралы ой-пікірлері, тұжырымдары, тіпті символдеріндегі ұқсастықтармен қатар өзіндік ерекшеліктер де бар екендігі байқалады.

Әдебиеттер

1. Ислам А.
2. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері, Алматы, «Ана тілі», 1998.
3. Қазақ тілінің сөздігі, Тіл білімі институты, Алматы, «Ана тілі», 1999.
4. Türkçe sözlüğü, Ankara, Türk Dil Kurumu, 2005.
5.СыздықоваР., Сөздер сөйлейді, Алматы, «Мектеп», 1980.
6.[http://www.canakkalesehitlerimiz.com/], (Mart 2010)
7.[http://www.turkbayragi.gen.tr/], (Mart 2010)
8. Қазақ композиторларының әндері, Алматы, «Өнер», 1991.
9. Өтебай Тұрманжанов. *Қазақ мақал-мәтелдері.* Алматы, Ана Тілі, 1993.
10. [http://www.edebiyatportal.com/], (Mart 2010)
11. [http://kalemzede.wordpress.com/2006/10/18/vatan-sevgisi/], (Mayıs 2007)
12. Ömer Asım Aksoy, *Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü*, İnkılâp, İstanbul, 1993

Резюме

В статье концепт Родина подвергается лингвокультурологическому анализу (на материале казахского и турецкого языков).

Summary

The article dwells on the cultural linguistic analysis of the concept Motherland (on the material of Kazakh and Turkish languages).

ТЕКСТ И ДИСКУРС

Алексеева О.Г.
Караганда

МЕТАФОРА «МИР-СЦЕНА» СКРЫТАЯ В ПОДТЕКСТЕ ТРАГЕДИИ «ГАМЛЕТ», ЕЕ ПЕРЕВОД НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Художественный перевод вызывает наложение образного сознания автора как носителя языка, культурных реалий и ассоциаций и образного сознания переводчика как носителя своего языка и культуры. Задачей переводчика является трансформация смысла и содержания с максимальной точностью, но и с учетом тех особенностей собственной национальной культуры, которые могли бы препятствовать восприятию оригинального текста. Природа отношений, структурирующих метафору и метонимию в различных языках, может быть универсальна (то есть, основана на общечеловеческих представлениях о реальности) или специфична для отдельно взятой культуры (то есть, построена на представлениях, присущих лишь носителям данной культуры и для носителей другой культуры непонятна).

Исходя из вышеприведенных аргументов, перед переводчиком открываются две возможности:

1.передача идеи и содержания произведения с использованием метафоры, так как это позволит наиболее точно воспроизвести лингвистические особенности оригинального текста и познакомить читателя с категориальной иерархией и концептуальной организацией культуры автора;

2.использование метонимии как средства адаптации смысла и содержания произведения к экстралингвистическим реалиям национальной культуры читателя.

В качестве подтверждения теоретическим выводам был проведен сравнительно – сопоставительный анализ отрывков из трагедии «Гамлет» и их переводов на русский язык, выполненных М. Лозинским и Б.Пастернаком.

Сразу же отметим, что оба перевода передают общий смысл и на уровне передачи идей не наблюдается неадекватности интерпретации текста. В обоих переводах наблюдаются эквивалентные соответствия на лексическом уровне, хотя и отмеченные использованием синонимов.

Лейтмотивный образ «жизнь-театр» выражается в «Гамлете» через метафору «мир-сцена», скрытую в стилистическом, языковом пласте

текста и подтекста. Так, в подтексте пьесы мы можем выделить несколько художественных реальностей, театров: «метафизический» театр (соотношение реального и нереального в сценах с Призраком); природный театр (соотношение здорового и больного в сценах с Офелией); жизненный театр (соотношение правды и лжи в словах и действиях Клавдия, Полония, Розенкранца, Гильденстерна и ряда других персонажей). Эти театры служат фоном, на котором разыгрывается художественный театр «театр-театра», занимающий центральное место в трагедии.

Употребление театральных терминов в ситуациях, не имеющих прямого отношения к театру, встречаются на всем протяжении трагедии, оно буквально пронизывает данное произведение. Эти термины являются органическими частями одной большой метафоры «мир-сцена», скрытой в тексте «Гамлета».

Так, когда королева во второй сцене второго акта просит Полония изъясниться понятнее, она говорит:

"More matter, than art"

"Madam, I swear I use no art at all.

That he is mad, 'tis true; 'tis true 'tis pity;

And pity tis true: a foolish figure;

But farewell it, for I will use no art". (II,2) - отвечает ей канцлер Полоний.[1;37]

"The Oxford Pocket Dictionary and Thesaurus" дает следующее определение слову art: *"art n.1) any system of rules and traditional methods for the practice of a craft, trade, or profession; the application of knowledge and skill. 2) works designed to give intellections I pleasure, as music, sculpture, and esp. pictorial representation 3) skillful workmanship 4) cunning; guile* (p. 38).[2;38]

Итак, на русский язык слово «*art*» переводится как *искусство, умение, мастерство, хитрость*. В данном контексте и контексте всей трагедии слово *«art»* можно понимать как *искусство притворства*, *наигранность, хитрость*, антоним слову *«true».*

М. Лозинский совершенно верно переводит данный отрывок:

Королева:

Поменьше бы искусства

Полноценное общение, как в обыденной жизни, так и в ритуализованных коммуникативных ситуациях, осуществляется не только с помощью языковых знаков, но и с помощью невербальных знаков.

При этом взаимодействие вербальных и невербальных знаков общения имеет существенное отличие в ритуализованных коммуникативных ситуациях, нежели в обычной коммуникации. При обычной бытовой коммуникации вербальное и невербальное общение находятся в состоянии гармоничного соответствия: они соотнесены, невербальное общение обычно дублирует вербальное общение, иногда усиливая, иногда дополняя содержание речевого поведения. Например: «Қобланды батыр басынтөмен иді де: - Құп, тақсыр, ендігісін ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы шешсін!- деп хан сарайынан шығып кетті». (І. Есенберлин. Көшпенділер.- с. 66). В данном примере кинема *басын төмен иді* означает согласие, которое одновременно выражается вербально *құп.*

В следующем тексте невербальный знак дополняет содержание вербального знака: «Қыз жүзінде кенет бір қайғылы саз пайда болды.

- Не айтасыз, батыр?- деді ол қайтадан *теріс бұрылып кетіп* » (I. Есенберлин. Көшпенділер.- с. 75). Здесь кинема *теріс бұрылып кету* выражает значение недовольства, неодобрительного отношения к коммуниканту, хотя в самом вопросе эта семантика не обозначена. Диалог предваряет указание на эмоцию печали (қайғылы саз).

В ритуализованных коммуникативных ситуациях невербальные знаки как бы ведут свою сольную партию. Вербальное общение и невербальное общение происходят параллельно, в какой-то степени автономно, лишь изредка накладываясь друг на друга. Для подтверждения сказанного обратимся к материалу исследования речевого этикета казахского и русского народов в ритуализованных ситуациях, таких, как *соболезнования/көңіл айту* в ситуациях кончины человека, *благословение/бата* в различных коммуникативных ситуациях: женитьбы, дальней дороги, новоселья, рождения ребенка и др. Г.М.Алимжанова [1] отмечает следующие проксемы и тактильные контакты в следующих ритуализованных ситуациях. «Ситуация соболезнования (в русской культуре – А.Оналбаева) предполагает определенное пространственное местоположение близких людей, к которым направлено соболезнование: принято, чтобы эти люди сидели на видном месте. Соболезнующие подходят к родственникам и близким покойного, пожимают руки, обнимают, целуют». Фрейм «выражение соболезнования» в современном русском этикете включает в себя четыре этапа: а) констатация факта утраты; б) выражение сочувствия и желание разделить горе; в) выражение пожелания человеку в связи с утратой близкого; г) выражение отношения к умершему. На каждом этапе фрейма «выражение соболезнования» субъекты фрейма используют разные вербальные средства: а) на первом этапе используются простые предложения с семантикой бытийности, констатирующие факт утраты: *У вас большое горе. Вы понесли утрату. Вы утратили близкого человека.* Все эти предложения представляют людей, на которых направлено соболезнование, как пассивных субъектов, подвергшихся действию силы, которой человек не может противостоять; б) на втором этапе используются клише: *Я сочувствую вам. Я соболезную Вам. Я хочу выразить соболезнование,* которые являются конструкциями активного типа, предикат выражен перформативными глаголами и их глагольно – именными аналитическими эквивалентами. Особо значимым здесь является присутствие в этих глаголах префикса *со* -, означающего совместность. Семантика совместности может быть эксплицирована и

иными конструкциями: вместе с вами – *Я разделяю с вами эту утрату. Я скорблю вместе с вами.* в) на третьем этапе фрейма «выражение соболезнования» используются односоставные определенно – личные предложения, в функции предиката выступают глаголы в форме 2-го лица единственного или множественного числа повелительного наклонения: *Будьте мужественны! Мужайтесь! и др*. г) на четвертом этапе используются синтаксические конструкции двух типов: выражающие характеризующий тип отношений (он/она был хороший отец, мать, семьянин и др.) и ритуализованные клише, в которых отражены представления о смерти как переселении человеческой души в иной мир, где царит покой и нет волнений, забот (душа обрела покой, он (она) теперь на небесах) [5;34-37]. Как видно из приведенного отрывка из работы Г.М Алимжановой, языковые средства на каждом этапе различны, в соответствии с этим и содержание каждого этапа фрейма специфично.

Приведенный нами анализ свидетельствует о том, что невербальные средства же на протяжении всех четырех этапов фрейма остаются неизменными: это организация коммуникации в пространстве, цель которой – особо выделить объект соболезнования и привлечь к нему внимание других коммуникантов; это кинемы и тактильные контакты, целью которых является выразить свое доброе отношение, любовь, сочувствие к объекту соболезнования. В отличие от проксемы, кинемы носят разовый характер, т.е. в начале фрейма выражающие соболезнования пожимают руки либо обнимают, целуют человека, понесшего утрату, далее в течение фрейма кинемы и тактильные контакты уже не используются. Анализируя ситуацию соболезнования в казахской культуре Г.М Алимжанова выделяет несколько этапов: *естірту, көңіл айту, жұбату, жоқтау.* И на каждом этапе исследователь указывает на невербальные знаки, участвующие наравне с вербальными знаками в организации коммуникативной ситуации. Так, на этапе *естірту* в случае необходимости информирования широкого круга коммуникантов о кончине человеке специально выделенный мужчина садился на коня и с воплем «Ой, бауырым!» подъезжал к дому с трагической вестью. Эта форма оповещения о смерти использовалась в основном тогда, когда умирали мужчины, батыры, не вернувшиеся с войны, иногда – видные, знаменитые люди [1;41]. Каждый этап фрейма «*көңіл айту»* характеризуются определенной содержательной направленностью и использованием специфических языковых средств. Поскольку целью этапа *естірту* является психологическая подготовка к восприятию информации о кончине близкого человека, то и здесь используются

определенные проксемы и языковые конструкции. Во-первых, в коммуникативной ситуации *естірту* основным субъектом выступает человек, занимающий высокую ступень в социальной иерархии аула, рода – самый уважаемый человек, его сопровождает группа родственников, земляков, друзей. Это является знаком выражения сочувствия всего регионального социума к горю человека, знаком желания всего окружения разделить горе человека. Данная семантика сохраняется на протяжении всего этапа *естірту,* выступая фоном для вербального общения, при этом означаемые невербального общения и вербального общения не идентичны. Вербальные средства, используемые на этапе *естірту* в казахской культуре, специфичны в содержательном отношении: выражение мысли о временности земного бытия, о неизбежности кончины человека, о невозможности повернуть вспять законы бытия и необходимости им покориться. Иначе говоря, человеку еще раз в концентрированной форме доносят информацию о том, как следует воспринять трагическую весть, как к ней относятся в казахской культуре. Специфичны и языковые средства: весь текст строится на метафорах, сравнениях, олицетворениях, эвфемизмах, проводятся параллели жизни человека с явлениями природы, с жизнью известных батыров, биев, которые также перенесли утрату близких людей. Обычно уже с начала текста объект *естірту,* к которому обращен текст, догадывается о характере информации. Содержание вербального текста, с одной стороны, обеспечивает восприятие печальной информации не столь резко, как это может случиться без психологической подготовки. С другой стороны, помогают объекту сохранить самообладание и разумно отреагировать на трагическую весть. На этапе *көңіл айту*, являющемся ключевым во всем фрейме соболезнования, невербальное реализуется через проксему: адресат (или адресаты), к которому направлено действие *көңіл айту,* сидят в главной комнате; через кинемы и тактильные контакты: выражающие соболезнование, соблюдая возрастную иерархию, подходят к адресатам опять-таки в соответствии с их возрастной иерархией, пожимают руки, обнимают за плечи, прикасаясь к правому или левому плечу, целуют в щеку. В случаях, когда и адресатов, и адресантов много, во избежание нарушения ритуала один человек встречает приходящих и в определенной последовательности подводит к членам семьи. Полагается, что после *көңіл айту* пришедшие должны определенное время находиться рядом с адресатами. На этом этапе каждый знак невербального общения выражает конкретную семантику. Так, проксема выделяет адресата/адресатов как главного объекта *көңіл айту*. Кинемы – максимальное приближение к адресату, наклон всем

телом к сидящему адресату, серьезное выражение лица, прямой взгляд в сторону адресата – нацелены на выражение уважительного отношения к человеку, потерявшему близкого, подчеркивание сопереживания. Тактильные контакты призваны подчеркнуть желание, с одной стороны, разделить горе адресатов, взять часть груза тягостных переживаний на себя, с другой стороны, ободрить, придать мужества адресату.

Вербальное обращение осуществляется через направленные на личность умершего ритуализованые клише, как: *Жатқан жері жарық болсын! Жаны жанатта болсын! Топырағы торқа болсын! и др.*

Список подобных ритуализованных клише невелик, все они отражают древние представления носителей языка о смерти как переселении души в иной мир, где душа может попасть в рай, где Аллах оценивает пройденную жизнь человека и т.д.

Итак, вербальное общение и невербальное общение на этапе *көңіл айту* нацелены на выражение разного содержания. Невербальные знаки направлены на живых людей – адресатов, испытывающих тяжкие переживания в связи с утратой близкого человека, вербальное общение нацелено на пожелания умершему в ином мире, т.е. направлено на личность покойного. При этом если невербальные знаки естественны и понятны, то смысл ритуализованных клише полностью понятен для людей среднего и старшего поколений, младшее поколение использует их как стандартные фразы, характеризующиеся семантической неполноценностью.

На третьем этапе основным выступает вербальное общение, реализующееся в довольно пространном монологе человека, выражающего *жұбату.* Как подчеркивает Г.М Алимжанова, *жұбату* наиболее отчетливо отражает национальный менталитет носителей казахского языка, их отношение к жизни и смерти, к нормам поведения человека в ситуации кончины близких людей [1;47]. «Основная мысль, главное содержание, которое высказывается в *жұбату* – это « өлгеннің соңынан өлмек жоқ, өлген қайтып келмек жоқ» т.е. жизнь человека в руках аллаха, что предписано судьбой, того не изменить: *Бәрі де алланың қолында; Алла өзі берді, өзі алды и др.* В текстах жұбату говорится о временности человеческого бытия. Жизнь – это движение по спирали, одни умирают, другие рождаются... Однако, начиная *жұбату* с этой мысли, далее адресанты напрвляют мысли и чувства близких покойного по иному руслу, к иной идее: нельзя излишне сильно предаваться горю, только оптимистическое восприятие жизни, направленность мыслей и дел на живое имеет смысл. Даже в самой трагической ситуации человек должен думать о жизни, о земном. Казахи твердо верили, что нужно

выполнить все почести умершему человеку и соблюсти весь ритуал, связанный с ситуацией кончины человека, что выразилось в пословице «Өлі риза болмай, тірі байымайды». Но вместе стем живой человек не должен излишне предаваться горю, печали: *өлім жайлы көп айтса, тірінің берекесі кетеді*» [1], поэтому жизнь живого человека – вот что имеет значение. В языковом отношении текст *жұбату* характеризуется обилием сравнений, эвфемизмов, слов с положительно-оценочным значением, широким использованием императивной речи, все это направлено на регуляцию настроя мыслей и чувств человека. В течение всего этапа *жұбату* проксема (расположение коммуникантов в помещении) остается постоянным, перемещение кого-либо во время этапа жұбату не допускается, чтобы не отвлекать внимание объекта *жұбату* от смысла произносимого текста. Кинемы (держание за руку, поглаживание по спине) допускается перед началом *жұбату.*

На четвертом этапе фрейма соболезнования *жоқтау* вербальный компонент представлен плачем женщин, который может использоваться как в статике (в отдельном помещении), так и в момент выноса тела. При втором варианте полагалось поддерживать за локоть женщин семьи покойного.

Итак, как показал проведенный анализ семантики вербального и невербального общения в ритуализованных ситуациях, взаимодействие двух знаковых систем в ритуализованных системах специфично, характеризуется определенной автономностью, невербальное общение в отличие от вербального имеет более постоянную целеустановку, сохраняющуюся в течение всего акта коммуникации. Семантика и целеустановка вербальных знаков изменчива, подвижна.

Литература

1. Алимжанова Г.М. Речевой этикет казахского и русского языков в ритуализованных ситуациях. - Алматы, 2004.-104 с.
2. Байбурин А.К. У истоков этикета: Этнографические очерки.- Л.: Наука, 1990.- 165 с.
3. Формановская Н.И. Русский речевой этикет: лингвистический и методический аспекты. – М: Русский язык, 1997. -158 с.
4. Кажгалиева К.Ш. Национально – культурная специфика фатической коммуникации в казахском языке. Дисс… канд. филол. н. – Алматы, 1992.-163 с.
5. Кармысова М.К. Разговорные формулы русского и французского языков. Дисс… канд. филол. н. – Москва, 1989.-212 с.

6. Сейсенова А.Д. Лингвистикалық мәдиеттану; этикет формаларына салыстырмалы талдау. Филол. ғылым. канд. дисс. - Алматы, 1998. - 145 б.

7. Кобланова А. Қазақ сөз этикеті. Филол. ғылым. канд. дисс. - Алматы, 1993. - 151 б.

8. Цивьян Т.В. К некоторым вопросам построения языка этикета // Труды по знаковым системам. – Тарту, 1965.-Т.2.-158с.

Түйін

Мақалада вербалды және бейвербалды қатысым құралдарының қазақ және орыс халықтарының рәсім жасауындағы коммуникативтік жағдайларындағы өзара әрекеттестігі мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар мақалада қазақ және орыс тілдеріндегі кездесетін рәсім жасаудағы «үлкен-кіші», «әйел-кіші» оппозицияларындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне талдау жасалады.

Summary

In article the problem of interaction of verbal and nonverbal dialogue of the Kazakh and Russian people in ритуализованных communicative situations is considered. And also national - cultural similarities and distinctions in oppositions "senior-junior", "man-woman" are analyzed.

Кенжеғараев Н.
Алматы

АБАЙ ЛИРИКАЛАРЫНДАҒЫ ДИСКУРС ТҮРЛЕРІ

Дискурс ұғымы ғылыми категория ретінде соңғы кезеңдерде қоғамдық ғылымдардың түрлі салаларында қолданылып жүр. Саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, философия, филология сынды ғылымдардың жекелеген салаларында дискурсты өздерінің пәндік категориясы ретінде қарастырып, зерттеулер жасауда. Дискурстың ауызша, жазбаша, ғылыми, әдеби, ресми, интимдік, жанрлық деген топтарға бөлінуі, оның жан-жақты табиғатын, ұғымның ауқымдылығын көрсетеді.

Әдеби немесе көркем дискурстың көркем шығармашылықтағы қызметі қандай және оның қандай түрлері кездеседі деген сұрақтар қазіргі әдебиеттану ғылымы үшін өзекті тақырып болып саналады.

Сөз өнеріндегі дискурстың түрлерін айтпас бұрын, көркем шығармашылықтағы дискурстың табиғатын түсініп алуымыз керек. Сөз өнеріндегі дискурс мәселесі көркем әдебиеттің танымдық, таңбалық, коммуникативтік, эстетикалық табиғатына байланысты туындайды. Сөз өнері өнер болғандықтан және өнерлердің ішіндегі терең де ауқымды, басты өнер саласы мәртебесін иеленгендіктен, әдебиеттің туындысы өз бойында дүниетанымдық, дүниені танытушылық модельмен қоса, сол таныған, сезінген дүниесін қарым-қатынас құралы ретіндегі мәтінге айналдырып, өзінің бар айтқысы келген концепциясын мәтіннің ішінде көмкеріп, оған коммуникативтік сипат беріп, әлеуметке ұсынады. Сөз өнерінің танымдық, таңбалық қырынан өрбитін коммуникативтік қызметі тек ақпарат беруші, не жеткізушілік қызмет қана атқармайды. Көркем шығарманың диалогтық, полилогтық қасиеттерінен әлеуметтік қызметке түскен мәтіннің интенциясынан дүниеге өнердің эстетикалық қызметі келеді. Демек осы сөз өнерінің туы, жаратылуы, өсуі, дамуы және оның соңғы инстанциясы қабылдаушының санасына, жан дүниесіне әсер етуі, түсінілуі, қабылдануы, одан эстетикалық ләззат алу деген категорияларға дейін жүріп өткен іздері – әдеби дискурстың, көркем дискурс теориясының нысаны. Басқаша айтқанда, теоретикалық поэтиканың нысаны болатын әдеби шығарманың алдымен шығармашыл тұлғаның (автордың) санасында, жан дүниесінде тууы, жаратылуы, дамуы, оның мәтіндік түрге айналуы, идеялық мазмұнмен көмкерілуі, бейнелер жүйесінің жасалуы, тілдік ерекшелігі, т.б.с.с. деңгейлердің іске асуы, шығарманың стратегиясы мен конструкциясы жасалуы, әдеби процестің басталуы мен соңғы нүктесіне дейінгі атқарылатын процестердің, актілердің бәрі – әдеби дискурс теориясының мәселелері.

Әдеби не көркем дискурстың көркем мәтіннің (мейлі ол ауызша туған, не жазбаша туған туынды болсын) жанрлық тегіне және оның концептуалдық стратегиясына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Яғни шығарманың көтеріп отырған тақырыбының, мазмұнының, идеясының жинақталған, типтендірілген формасына айналады. Қазір көркем дискурстың мынадай түрлері айтылып, әдеби айналымға еніп жүр: әлеуметтік-әдеби дискурс, философиялық дискурс, діни не теологиялық дискурс, дидактикалық дискурс, невротикалық (шизофрениялық) не көңіл-күй дискурсі, декларативті дискурс, тенденциялық дискурс, пафостық дискурс, шешендік дискурс, вербалді дискурс, бейвербалді дискурс, тұлғалық сөйлеу дискурсы, сөйлеу дискурсы, т.б.

Сөз өнерінде поэзия жанры үстемдік еткен қазақ әдебиетінде Абайға дейінгі дәуірдегі айтушылар, мұсылманша хат танитын, сауатты тұлғалар болғанымен, шығармаларын ауызша тудырғандығы белгілі.

Абайға дейінгі айтушылардың шығармашылығын зерттеуде дискурстың декларативті дискурс, тенденциялық дискурс, пафостық дискурс, шешендік дискурс, вербалді дискурс, бейвербалді дискурс, тұлғалық сөйлеу дискурсы, сөйлеу дискурсы түрлерін міндетті түрде қатыстырып зерттеуіміз керек. Әлеуметтік-әдеби, философиялық, діни не теологиялық, дидактикалық дискурстардың да олардың шығармаларына қатыстылығын айқын. Абай лирикаларына жоғарыда келтірілген дискурстың түрлерін толық дерлік қатысты деп айта аламыз. Ақын лирикаларының ауқымдылығы мен әр алуандығы, тақырыптық түрғыдан байлығы, әдіс-тәсілдерінің молдығы, тереңдігі мен ойшылдығы дискурстық теория тұрғысынан арнайы зерттеуді қажет етеді.

Абай поэзиясын зерттеген М.Әуезов, З.Ахметов, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, М.Мырзахметұлы, Ә.Дербісалин, Б.Кәрібаева, Б.Майтанов, т.б. ғалымдардың іргелі еңбектері мен зерттеу мақалаларында лирикалық шығармалардың табиғаты, Абай лирикасының ерекшелігі мен түрлері, ондағы қолданған көркемдік әдіс-тәсілдер, бейнелер жүйесі, лирикалық шығармаларының идеялық-эстетикалық мұраты тұрғысынан мол дүниелер айтылған. Абай лирикаларының болмысына, оның өзгешілігіне, реализміне басымдық беріп, талдау жұмыстарын жасаған А.Нұрқатов, Ә.Дербісалин зерттеулері кеңестік идеология кезеңінде жазылғандығымен, лирика теориясына байланысты тұжырымдары өте көңілге қонымды. Абай реализмін зерттеген ғалым Б.Кәрібаеваның еңбегінде концептуалдық тұрғыдан ілгерілеушілік байқалады. Біздің назарымызды ерекше аударатыны профессор Б.Майтановтың зерттеу мақалалары. «Абай өлеңдеріндегі уақыт пен кеңістік туралы ұғым» атты мақаласында ақын шығармашылығына, әсіресе оның лирикаларына байланысты жаңа концептуалдық ойлар айтады. Ақын шығармашылығын мекеншақ тұрғысынан зерттей келе ғалым мынадай жаңашыл тұжырым жасайды: «Абай дидактикалық үлгідегі жыраулар поэзиясының мекеншақ жағынан тым тәуілсіз болмысын бойына сіңіре отырып, әлеуметтік және психологиялық мекеншақ аясында бұрынғы дәріптеу мен таңырқау әсеріне қатысты қабылдау аясымен тұтастық шегін бұзады да, осы төңіректегі драматизм, лиризм элементтерін ұштай түсу арқылы эмоционалдық полифония қалыптастыру нәтижесінде жаңа модернистік дүниесезіну дәстүрін дүниеге әкеледі. Оны реалистік поэзия деу аз. Өйткені реализмнен жыраулық, ақын, сал, сері поэзиясы да құралақан емес-тін» [1, 103].

Абай біздің ғалымдарымыз көптеген жылдар бойы едәуір зерттеген реалистік поэзия шеңберінен шығып, жаһандық әдебиеттің ықпалымен, XIX ғасырдың соңғы ширегінде әлемдегі алғашқы поэзия саласындағы

модернистік бағытқа бой ұрған модернист ақын деп түсінілсе керек. Кеңестік зерттеушілер Абай реализмін сыншылдық, сыршылдық деп барынша қаузағанымен, ғалым Б.Майтанов айтып отырған әлемдік поэзиядағы модернистік бағытқа бой ұрған алғашқы ақындардың бірі ретінде лирикалары терең психологизммен, нәзік лиризммен, дара ойшылдықпен, ішкі әлемнің, сана ағымының алдыңғы қатарға шығуымен ерекшеленеді. Әрине, Абайдың мұндай деңгейге жетуі оның нәр алған қайнар көздерінен келіп туындайды. Абай шындығында да жаһандық деңгейдегі поэзия мен әдебиетті, мәдениет пен тарихты, дін мен философияны меңгерген адам. Қазақ топырағындағы фольклорлық шығармалардан бастап, түрлі шежірелер, түркі-мұсылман халықтарындағы сопылық, дидактикалық әдебиет, шығыс ақындарының поэзиясы, шығыс фольклоры, ислам діні мен философиялық еңбектері, орыстың ғажап поэзиясы мен әдебиеті, сыншылдық, эстетикалық, әдебиетанушылық еңбектері, сондай-ақ Батыстың әдебиеті мен мәдениет тарихына, философия мәселелеріне арналған еңбектерді оқуы, оқып қана қоймай бойына терең сіңіруі, олармен (ақындармен) шығармашылық жарысқа түсуі, еркін аудармалар жасауы, тура аудармаларға бой ұруы, оқыған еңбектерінде айтылған концепцияларды үнемі сыни ақылмен қабылдап, ой жарысына, сұхбаттастыққа бой алдыруы жаһандық мәдениеттің алдыңғы шебінде болуға алып келді.

Абай лирикаларында әдеби дискурстың бірнеше түрлері кездеседі дедік. Ол да Абай лирикаларының тақырыптарының әр алуандығынан, көркемдік әдіс-тәсілдерінен, лириканың өзінің тектік ерекшелігінен туындайды. Академик З.Ахметовтың лирикадағы ақынның тұлғасына қатысты айтқан мына ойлары пікірімізді дәлелдей түседі: «Ақын бейнесі әр өлеңде әр қырынан, әр түрлі көркемдік тәсілдер арқылы көрініс табады» [2, 34]. Лириканың болмысын айқындауға тырысқан академик З.Қабдолов пікірлері авторлық стратегияның неліктен лирика арқылы іске асатындығын көрсетеді: «Лирика – ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі.

Лирикалық шығармадан оны жазған адамның өмір сүрген ортасын, сол ортаның саяси-әлеуметтік халін, адамдардың алуан-алуан мінез-құлқын, ой-өрісін, жан-күйін, арман-тілегін, мақсат-мүддесін, күйініш-сүйінішін аңғарамыз» [3, 21]. Лирикатанушы ғалымдарымыздың пікірлерінің бәрі де Белинскийдің лирика табиғатына берген анықтамасына ұласып, содан туындап жатыр: «Сөйтіп, лирикалық шығарманың мазмұны объективтік оқиғаның дамуы емес, қайта субъектінің өзі және соның өн бойынан өтетін жәйттер. Лириканың шағындығы да осыдан келіп туады: жеке шығарма өмірді тұтас қалпында

қамти алмақ емес, өйткені субъект бір ғана сәттің ішінде сан түрлі боп құбылып сала бермейді. Әр адам әр алуан мезетте әр түрлі мазмұнға толы. Рухани қаншалықты бай болғанымен, ол соны бірден қамтымайды, жеке-жеке түрде, шетсіз-шексіз мезеттерде қамтиды. Бүкіл әлем мен өмірді қозғаушы қуатты тетіктер – субстанция атаулы, әрбір идея, әрбір ой барлығы да лирикалық шығарманың мазмұнын құрай алады. Бірақ, сол жалпылама құбылыс субъектінің өз игілігіне айналуы, сезім түйсіктерімен етене араласып кетуі, оның болмыс-бітімінің бір қырымен ғана емес, бар қырымен байланысты болуы шарт. Көңілді қызықтырып, толғандырар, қуантып яки қамықтырар, рахатқа батырып немесе азапқа салар, жұбатар әйтпесе түйткіл түсірер нәрсенің, яғни субъектінің рухани өмірінің мазмұнын құрайтын, соның өн бойына даритын, сонда пайда болатын нәрсенің бәрін де лирика өз аясына алады, өзінің заңды игілігіндей көреді. Мұнда заттың жеке-дара күйінде түк те құны жоқ. Бәрі де – ақынның қиял күшімен, түйсігімен сол заттың қандай рухқа, қандай лепке бөлінетіндігінде» [4, 45]. Әр лирикалық шығармада ақын тұлғасы әр түрлі қырынан көрінетіндіктен, әр лирикалық шығарманың дискурсы да әр түрлі болады деген сөз. Абайдың лирикаларының даму эволюциясына көз жіберсек, ақынның алғашқы кездегі өлеңдерінің негізін ағартушылық, дидактикалық дискурс құрайды. Көрнекті абайтанушы А.Нұрқатовтың мына айтылған пікірлері осыны айғақтайды: «Абай поэзиясында дидактикалық сарын мол. Бұл сарын алғашқы кезеңдегі өлеңдерінде әсіресе күшті. Ауыз әдебиетімен және шығыс поэзиясының дәстүрлерімен нық байланысты болған Абай творчествосында дидактизмнің ерекше орын алуы заңды да еді. Оған қоса бұл ағартушы – Абайдың көзқарастары мен мақсатына орайлас, иіндес. Ақынның алғашқы кезеңдегі өлеңдерінде дидактизм мен реализм қатар түсіп, қосыла өріліп отырады. Ал кейінірек, яғни ақын поэзиясына реализм молырақ, тереңірек дарыған сайын онда дидактикалық сарындар азая түседі. Абай реализмінің бір өзгешелігі осында» [4, 34]. Ақынның «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Бір дәурен кемді күнде бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», т.б. өлеңдерінде дидактикалық дискурс анық аңғарылады.

Әлеуметтік-әдеби дискурста жазылған өлеңдерін ақынның ақындық кезеңінің екінші сатысындағы өлеңдері құрайды. Абай лирикасының эволюциясына сәйкес ол өлеңдер 1880-шы жылдардың орта тұсынан басталады. Бұл туралы ғалым Ә.Дербісәлин былай дейді: «80-жылдардың орта тұсынан бастап ақын шығармаларында өмірдің жай көзге көрініп тұрған шындық жайларынан гөрі, тереңіндегі шындықтар қоғамдық,

әлеуметтік тамырларымен көріне бастады. Кейінгі жиырма жылда ақын адам мен қоғам проблемаларын тұтас алып, олардың әлеуметтік сыры мен шынын ашуға бар талантын жұмсады. Соның нәтижесінде ақын мұрасынан қазақ қоғамының барша тұсы емес, дәл XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі тарихи шындығын бүкіл ерекшеліктерімен, қайшылықтарымен, саяси-әлеуметтік кескін-кейпімен айнаға түсіргендей көреміз, танимыз» [5, 118]. Абайдың әлеуметтік-әдеби дискурстағы өлеңдерінің бәрін түгел тізіп жатуды қажетсіз деп санаймыз. Абай лирикаларының көп бөлшегін әлеуметтік-әдеби дискурстағы өлеңдері құрайтындығын айтсақ та жеткілікті. Дегенмен, бұл дискурстың түрлерін шартты деп те ұғынған жөн, себебі ақын өлеңдерін тек мына бағытта жазамын деп алдын-ала бөліп қоймайды, әлеуметік-әдеби дискурсқа жатқызатын өлеңдерімізде көңіл-күй, психологиялық, пафостық дискурстардың сарындары кездесіп жүреді. Яғни Абай өлеңдерінің кейбіреулері синтетикалық дискурсқа жақын.

Ғалымдардың «невротикалық» не «шизофрениялық» дискурс деп атап жүрген ақынның психологиялық жан-күйіне, күйініш-сүйініші, жан тебіренісі, жүрек қалыбына байланысты туындаған өлеңдері қазақ поэзиясына Абай әкелген соны құбылыс. Лермонтов, Пушкин т.б. ақындардың поэзиясынан Абайға мейлінше әсер еткен бұл күйді, ақын әлемдік деңгейде жаңа белеске шығарды. Абайдың көңіл-күй құлазулары оның терең ойшылдығымен, білімділігімен астасып жатты. Академик З.Қабдолов ақынның невротикалық дискурстағы өлеңдері туралы мынадай ой айтады: «Бұл – Абай көңіл-күйінің бұған дейін бізге мәлім емес бір түпкірі. «Мыңмен жалғыз алысқан» Абай жүрегі енді қапалы. Жұлысты, тартысты: ел үстін бұлттай торлаған надандық қасіретін, әділетсіздік лаңын бір өзі серпіп сейілте алмады (бұл мүмкін де емес-ті). Енді ақын амалсыз тоқырап, не істерге білмей дағдарған тәрізді. Осы жәйт ақын өлеңіне жабырқау, мұңды көлеңкесін түсіріп, қапалы көңілі селт етпей, сұлық, суық қана өзімен-өзі тілдесетін сияқты.

Өзінің Абай туралы зерттеулерінде М.Әуезов XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Абай басында ауыр трагедия болғанын, оның өзі ақын өлеңдеріне өмірден түңілу сарынын әкелгенін айтқан. Өзін қоршаған орта, ондағы озбыр, өрескел надан мінездер ақын жанын жирендіріп, ақынды өз ортасынан түңілуге дейін апарады» [5, 39-40]. Ғалым Б.Майтанов Абайдың невротикалық дискурстағы өлеңдерінен «модернистік эстетикаға тән жатсыну философиясымен» тамырластығын тауып, «экзистенциалдық сарын» элементтері бар екендігін атап көрсетеді. Әлемдік көркем ойдың даму тарихының білгірі ретінде айтылған пікір. XX ғасырдың орта шенінде туып, қарқынды дамыған

экзистенциализм ағымын тек батыстың ойшылдары қалыптастырды, дамытты деп санап келеміз. Әлем әдебиетінде экзистенция сарыны постмодернистерден емес, Абай лирикаларынан бастау алады деп анық та ашық айтатын кез келген сыңайлы. «Өзгеге, көңілім тоярсың», «Менсінбеуші ем наданды», «Не іздейсің, көңілім не іздейсің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді!», «Қайғы шығар ілімнен», «Күлімсіреп аспан тұр», «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрегім, нені сезесің», «Жапырағы қуарған ескі үмітпен», «Көлеңке басын ұзартып», «Есіңде бар ма жас күнің», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүректе қайрат болмаса», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Қуатты оттай бұрқырап», «Жалын мен оттан жаралып», «Домбыраға қол соқпа», т.б. өлеңдерін ақынның көңіл-күй дискурсінде жазылған лирикасына жатқызуға болады. Бұл өлеңдерде ақын мен қоғам арасындағы қайшылықтардың ақынның жан дүниесіне тигізген әсер-ықпалы тұрғысынан жырланады. Ақынның ішкі жан әлемі әлеуметтік мәселелерден тереңдей ашыла түседі. Ақын өзінің лирикалық қаһарманының жүрек қатпарларын һәм ойшылдық, һәм сыршылдық аспектіден терең болғап жеткізеді. Алайда Абайдың түңілуі жай ғана қарапайым адамның жеке мәселесімен түңілуі, торығуы емес. Абайдың түңілуінің өзегінде – халықтың мұңы жатыр. Өзі ерте оянып, халқын қалай түзеймін, жаңа өмірге, баянды өмірге ұлтымды қалай бастаймын деген ойлармен шыққан қайғы. «Абай үні – халық үні»,-деп заңғар жазушы М.Әуезов айтқандай, Абай мұңы – халық мұңы. Абайдың жүрегі жабырқаған, күңіренген өлеңдерін оқи отырып, сіз одан бір мысқал ажырамайсыз, боркемік, сары уайымшыл, жігерсіз екен ғой деген ой санамызда ешқашан тумайды да. Абайдың қайғысының халықтың мұң-шерінен, қоғамдық қалыптан туындап отырғандығына мәтіннің контекстері арқылы көзіңіз әбден жетеді. Тек таңданатыныңыз Абайдың өз ішкі жай-күйін қандай дәл және тура, боямасыз, көркем де әсерлі бере алатын шеберлігі, тілінің, ойының кестелігі, адам жанының терең қалтарыстарына дейін бойлай білген ғалымдығы, психологтығы, т.б.

Философиялық дискурске байланысты Абай лирикаларында философ ғалымдардың ішінара бөліп жүрген «иләһийаттық» және «табиғаттық» дискурстардың кездесетіндігін айтып өтеміз [6, 9]. «Иләһийаттық» дискурс өзегі болып Алла болмысына қатысты мәселелердің Алла мен адам, Алла мен жаратылыс қатынастарында көрініс табу мәселелері табылады. Абайдың «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», т.б. өлеңдерінде «иләһийаттық» дискурс орын алады. «Табиғаттық» дискурсқа «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман», «Өлсе өлер табиғат,

адам өлмес», т.б. өлеңдері жатады. Философиялық дискурстағы өлеңдеріне «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар», «Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы», «тоты құс түсті көбелек», т.б. атауымызға болады.

Абайдың лирикаларында әдеби дискурстың түрлері сан алуан. Ақын лирикасын тұтастай алғанда полидискурсты деп атай аламыз. Абай лирикаларының мазмұнының байлығын, тереңдігін, жан-жақтылығын айқындау үшін де полидискурсті деп қарастырғанымыз тиімді. Сол кезде әдеби дискурс түрлеріне байланысты жекелеген талдауларды да жасауға, жалпылай синтездеп ой өрбітуімізге мүмкіндік туады.

Әдебиеттер

1. Майтанов Б. Абай өлеңдеріндегі уақыт пен кеңістік туралы ұғымдары // XIX ғасыр әдебиетін оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері және Шернияз Жарылғасұлының әдеби мұрасы. – Алматы: Қазақ уинверситеті, 2007.

2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.

3. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996.

4. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966.

5. Дербісәлин Ә. Байтақ пен бәйтерек. – Алматы: Арда, 2009.

6. Құрманәлиева А.Д. Әл-Ғазали мен Ибн Рушдтың философиялық дискурсы. Док.диссер.авт. . – Алматы: 2009.

Резюме

В статье рассматриваются разновидности художественного дискурса на материале лирических стихотворений великого казахского поэта-мыслителя А.Кунанбаева.

Summary

The varieties of belles-lettres discursive are considered on the base of material of lyric rhymes of great Kazakh poet-thinker A.Kunanbayev in the article.

Нұргелді Ақат,
Алматы

ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ- СТИЛЬДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Аударма» сөзінің астарында белгілі бір тілдегі сөйлеу тілін – ауызша немесе жазбаша мәтінді, сөзді басқа тілде қайталап жеткізу болып саналады. Аударма қостілділік жағдайында, яғни, бұл қатынас үрдісінде екі тілдің қатысуы негізінде, демек тіларалық жағдайда өтеді. Сондықтан аударманы ауызша немесе жазбаша мәтінді тіларалық қайта құрастыру немесе трансформациялау деп анықтауға болады.

Бөлек функционалды стильдер әдеби тілдің тарихи даму процестерінде пайда болады. Олар бір-бірінен тілдік қатынастың мақсаты мен міндеттерін тілдік құрал жүйесімен ажыратылады. Әдеби тіл мен функционалды стильдің арасында жалпы және жалқы қатынас бар. Әрбір функционалды стильде әдеби тіл нормасының дамуының жалпы бағыттарын көруге болады, әдеби тілдің функционалды стилі әдеби тілдің дамуының әрбір сатысындағы бірлікті қамтамасыз ететін өзара әрекеттестік процесінде болады. 20-ғасырда лингвистердің назарларын аударатын ғылыми-техникалық басылымдардың қарқынды дамуы байқалады. Ағылшын тілінің техникалық стилі және оның аудармасын зерттеуде Пумпянский А.Л. Борисова Л. Ю. Ванников Ю.З. Смирнов И. П. Савина Е.С. және тағы басқа ғалымдар үлес қосты.

Ғылыми-техникалық әдебиеттің барлық түрлерінің тілдік қарым-қатынас құралы ретінде маңызды дәрежеге ие екенін, өзіне қатысты ерекшеліктері мен белгілі тілдік құрылымдық стилі бар екенін көрсетеді. Ғылыми-техникалық әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктері оның лексикасына грамматикасына және стилистикалық белгілеріне де қатысты. Бұл жерде ең маңызды мәселе ғылыми техникалық әдебиет барлық тілдерге тән болмағанымен де, оның ерекшеліктері тілден тілге сол күйінде берілмейді, әр тілде өзінше аударылады. Бұл өзіндік сандық және сапалық сипатқа ие. Сапалық өзіндік әр тілдегі белгілі қатынас немесе ерекшеліктерді ұқсас тілдік құрал арқылы емес, лексикалық құрал грамматикалық құралға ауыстырылып берілуінде, ал сандық ерекшелік лексикалық, грамматикалық немесе стилистикалық әртүрлі жиілікте қолдануға болады.

Сонымен қатар, ғылыми-техникалық әдебиет аудармасымен жұмыс істей отырып, жүйелі адекватты аударма алу үшін берілген тілдің ғылыми- техникалық әдебиетін жалпы және арнайы

ерекшеліктеріне көңіл бөлу керек. Жалпы әр функционалды стильде аударма барысы мен нәтижесіне маңызды әсер беретін кейбір тілдік ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады. Мысалға Комиссаров В.Н. (v бөлім) бойынша ғылыми-техникалық стильде ғылыми-техникалық материалдардың лексика-грамматикалық ерекшеліктері бірінші орында терминология және арнайы лексика болып табылады. Ғылыми-техникалық стильге қатысты ерекшелік оның - ақпараттылығы (мазмұндылығы) қисындылығы (қатаң жүйелік басқы ой мен бөліктерінің арасындағы байланыс) дәлдік және дұрыстық және осы ерекшеліктерден шығатын айқындық пен түсініктілік.

Осы стильге қатысты мәтіндер аз немесе көп дәрежеде ережеге сәйкес ерекшеліктерге ие болуы мүмкін. Бірақ осы сияқты мәтіндерде, осы сала қарым-қатынасына түрткі болатын басымырақ қолданысқа ие құралдар бар лексика саласында барлығынан бұрын ғылыми-техникалық терминология және арнайы лексиканың қолданылу аясы бірінші орында тұрады. Термин дегеніміз – ғылым немесе техниканың белгілі саласында мамандар пайдаланатын арнайы объекті мен мағынаны білдірген сөздер мен сөз тіркестерін айтады. Термин ретінде тек осы стильде қолданылатын сөздерге қоса арнайы мағынаға ие, жалпы халықтық сөздерде қолданылуы мүмкін. Мысалға **recycling, galvanizing, die-casting** секілді металлургия саласына қатысты лексикалық бірліктерді ғылыми-техникалық материалдан тыс кездестіріу өте қиын. Сонымен қатар осы мәтіндерді термин ретінде барлығына таныс, жалпы қолданыста болатын **industry, market, metal, design engineers, production,** сөздері де қолданылады. Терминдер нақты объектілер мен құбылыстарға дәл әрі нақты нұсқау көрсетуді қамтамасыз ету, мамандардың берген ақпаратына бір мағынаны түсініктеме орнатуы керек. Сондықтан да осы типке қатысты сөздерге ерекше талап қойылады, барлығынан бұрын термин дәл болуы керек. Яғни, берілген ғылыми немесе техника саласындағы терминнің орнын табатын қисынды анықтау арқылы мағынасын ашатын қатаң белгілі бір мағынаға ие болуы тиіс.

Ағылшын тіліндегі ғылыми-техникалық материалдарда грамматикалық ерекшеліктер кездеседі. Әрине, «ғылыми техникалық грамматика» жоқ. Басқа фнукционалды стильдерде қолданылатын синтаксистік құрылымдар және морфологиялық формалар ғылыми-техникалық мәтіндерде қолданылады. Дегенмен бұл стильде басқаларға қарағанда грамматикалық өзгерістер көп қолданысқа ие. Басқа авторларға қарағанда, Комиссаров В.Н. ғылыми техникалық стильдің

грамматикалық ерекшеліктерін толығырақ жазады. Бұл мынандай тұжырымдамалар жасайды:

a) «А дегеніміз В» құрылымның кең қолданылуы, яғни, байланыструшы етістік пен предикативтен құралатын бағыныңқылы етістігі бар құрмалас сөйлем. Мысалы, **Control is by a foot switch.** – Басқару аяқ педалімен іске асырылады.

b) Жасырынулы анықтауыштар болып табылатын көптеген атрибутивті топтар зат пен құбылыстың әр түрлі белгілерін көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, **A differential pressure type specific gravity measuring instrument**. – Қысым төмендету тәсілін қолданылатын салмақ өлшейтін құрал.

c) Ғылыми-техникалық мәтіндерде оператор етістіктердің кең қолдануы байқалады. Бұл іс-қимылдың шындық бейнелеуінің функциясы, заттық ұғымға берілумен байланысты. Ал баяндауыш сөйлемде тек іс-әрекетті білдіруші, заттық операторы болып табылады. Төмендегі етістіктер оператор қызметін атқарады, **to effort, to assure, to perform, to obtain, to provide, to give, to involve, to entail, to imply, to result in, to lead etc**, олардың мағынасы мен аудармасы толығымен сөйлемдегі негізгі мағынаға ие зат есімге тәуелді.

d) Үстеуді сөйлемнің заттық сөз тіркестерімен алмастыру дәйектілеу салдары болып табылады. Мысалы, accurately сөзін with accuracy, very easy with greatest түрінде беруге болады, бірақ бұлар күшейткіш үстеулерге қатысы жоқ. Олар ғылыми техникалық мәтіндерде негізгі модальды экспрессивті әдіс ретінде қолданылады. Атап айтатын болсақ, мына үстеулер: **clearly, completely, perfectly, positively, markedly, essentially etc.** Мысалы, **The energy loss is markedly reduced** - қуаттың жойылуы айтарлықтай қысқаруда.

e) Етістіктердің орнына демеулігі бар етістіктен туған сын есімдердің кең қолданылуы ғылыми техникалық стильдің етістікке қарсы үрдісінің бірден бір көрнісі болып табылады. Мысалы, **to attendant on** – қызмет көрсетуші, **to conductive to** – бір нәсе әкеп соғушы, **to be destructive of** – бір нәрседен жойылу, **to be incidental to** – әсер етуші, **to be responsive to** – бір нәрсеге сезімтал болу. Мысалы, T**his system is conductive to high volumetric efficiency.** Бұл жүйе көлемді нәтиже береді.

f) Ғылыми мазмұнның жүйелігі мен дәлелденуіне байланысты қарқынды түрде қолданылуы байқалады, мысалы, **since** – содан кейін, therefore – сондықтан, **it involves** – бұған қатысты, **it results in** – бұл әкеп соғады.

Ғылыми–техникалық мәтіннің комуникативті мақсаты - Осы білім саласындағы жаңа мағлұматты хабарлау. Ол тек түпнұсқа мен аудармаға жалпы болып табылатын базалық биіктіліктің жоғары деңгейінде ғана жүзеге асырылады. Сол себепті ғылыми мәтін бұл саладан хабарсыз адамдарға түсініксіз.

Ғылыми–техникалық мәтіннің классификациялық ерекшелігі оған тек ғылыми және техникалық мәтіндер ғана емес, осы саладағы ресми іскерлік және аралас стильді мәтіндер сияқты басқа да мәтіндердің жатуы болып табылады. Ғылыми-техникалық мәтіндер ғылыми техникалық және ғылыми ақпаратты болып бөлінеді. Техникалық мәтіндерге өндірістік– техникалық (техникалық құралдар, өндіріс және технологияның тәсілдері, өндірісті ұйымдастыру) мәтіндер жатады. Ресми іскерлік мәтіндер–заңдық басқару және іскерлік корреспонденция мәтіндерінен тұрады. Аралас стильді мәтіндер дегеніміз ғылыми іскерлік құжат пен ғылыми публицистикалық әдебиет. Ғылыми-іскерлік құжат – Ғылыми-техникалық пен ресми-іскерлік функционалды стильдердің белгілерін қамтиды. Ал ғылыми публицистикалық әдебиет болса ғылыми және публицистикалық стильдердің белгілерін қамтиды.

Жалпы аударма аударылып жатқан бірліктің (сөйлем) және аударылып жатқан тілдік құрал арқылы ондағы ақпаратты қайта қарап шығу және қайта қарап шығу нәтижесінде инвариантын жазудан құралады. Аудармашының болжамы мен интуициясы (сезімі) ғылыми-техникалық аударманың мағынасын айқындаудың негізі бола алмайды, өйткені аударма барысында ақпарат мазмұны өзгертілмей, мағынасы толық көлемде сақталып берілуі тиіс. Аударманың дұрыс процесін ұйымдастыру үшін бәрінен бұрын аударылатын мәтінің жанрын анықтау керек. Сондықтан ғылыми–техникалық мәтіндердің жіктелуі оның аудармасын зерттеудегі алғашқы нысан болып табылады. Мен зерттеу жұмысымда ғылыми– техникалық мәтіндерге мынандай схеме түрінде келтірдім.

Ғылыми–техникалық мәтінді аударудың функционалдық стилі

I. Ғылыми-техникалық мәтіндер	**1.**Ғылыми мәтіндер	(1) Академиялық мәтіндер (2) Оқытуға арналған мәтіндер (3) Энциклопедиялық мәтіндер
	2.Техникалық мәтіндер	(1) Өндірістік техникалық мәтіндер (2) Инструктивті мәтіндер (3) Анықтама әдебиет

	3.Ғылыми формациялық мәтіндер	Реферат, аннотация, қайталау, Библиографиялық сипатта-малар
II. Ресми-іскерлік мәтіндер	**1.** Заң саласындағы мәтіндер	Акт , келісім шарт
	2. Басқару мәтіндер	Шешім
	3. Іскерлік кореспонденция	Арыз, ұсыныс хат, жоба
III. Аралас мәтіндер стилі	**1.** Ғылыми-іскерлік мәтіндер	(1) Техникалық документтердің стандарттық ерекшелігі (2)Сипаттау
	2. Ғылыми публицисти-калық мәтіндер	(1) Ғылыми танымалы мәтіндер (2) Өзіндік ғылыми публицис-тикалық мәтіндер

Әдебиеттер

1. Смирнов И.П. Основы научно-технического перевода Москва, В Ц П .1989

2. Коваленко А.Я. Общи курс научно-технического перевода Киев ИНКОС, 2004.

3. Комиссаров В.Н. Теория перевода, Москва, высша школа 1990

4. Ахметова С.Г. Ағылшынша-қазақша сөздік. Алматы,2004.

5. Львовская З.Д. Теоретические проблемы перевода.Москва,1985.

6 Алдашева А. Аударматану лигвистикалық және лингвомәдени мәселелері Алматы, 1998

Резюме

Статья посвящена к проблеме перевода технических текстов.

Summary

The article developed the problem of translating technical texts.

Шыныбекова А.С.
Алматы

КЕЙІПКЕР ДИСКУРСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИП

Қазіргі кездегі лингвистиканың адамға, оның ойы мен ішкі ойына деген қызығушылықтары әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистикалық контактология, гендерлік лингвистика және т.б. сияқты жинақталған ғылыми жаңа пәндердің тууына түрткі болып отыр. Тілді зерттей отырып, әрбір ғылым тілді әртүрлі қырынан қарастырады. Сонымен, *әлеуметтік лингвистика* сөйлеуді тұлғаның социум бөлшегі ретінде, оның әлеуметтік статусы, тәжірибесі, ақыл-ойы, білімі, жынысы мен жасын бейнелеу тұрғысынан зерттейді. *Психолингвистика,* өз кезегінде, сөйлеудің қалыптасуы және сөйлеуді қабылдау механизмдерін, «көптеген ішкі және сыртқы факторлардың күрделі ықпалдарын ескере отырып, психикалық феномен ретінде тілдің қызмет етекшеліктерін», [1, 9-10], сөйлеуші тұлғасының эмоциялық жағдайын, оның сипатын, тұтастай психотүрін қарастырады. Әрине, осы ғылымдардың мәліметтері бір-бірін және де тұтастай алғанда лингвистика ілімін толықтырады. *Әлеуметтік лингвистикалық контактология* «қатынас субьектілерінің тілдік байланыс әрекетін жеке әрекет тұрғысынан және оның әлеуметтік-тілдік ықпалдарын «тіл - сөйлеу» жүйесіндегі синхрондық-дихрондық аспектіде» [2, 20] қарастырады.

Соңғы он жылдар ішінде лингвист-ғалымдардың назары коммуникanттар сөйлеуіндегі олардың еркек немесе әйел жынысына қатыстығы қалай бейнеленеді, оны анықтауға бағытталған қандай гендерлік зерттеулер бар, міне, осы мәселелерге ауып отыр. *Гендерлік лингвистика* жас ғылым, бірақ тіл білімінің перспективалық саласы болып саналады, өйткені әлеуметтік лингвистикалық және психолингвистикалық зерттеулер нәтижелерін синтездейтін, жинақтайтын сипатқа ие, соның салдарынан еркек немесе әйел сөйлеу түрлерінің әртүрлі жүйелі тілдерде қандай да бір этностың немесе әлеуметтік құрылғының, менталитеті мен ұлттық психологиясының бейнесі ретіндегі ерекшеліктерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, тіл біліміндегі *антропоцентрикалық тәсілге* сәйкес, қатынастың негізгі қатысушысы ретіндегі адам тұлғасына назар аудару қажет - *көркем шығарма кейіпкерлерінің сөйлеу тілдерін* талдауға да сөзсіз қызығушылық туындап отыр. Антропоцентризм, қазіргі лингвистердің еңбектеріне сәйкес, барлық жоғарыда айтылған аралық пәндер арқылы өтеді, одан басқа зерттеудің нысаны мен субьектісі - ең

алдымен адамның тілі/сөйлеуі және оның адамға арналғандығы бәрін біріктіріп отыр. Жаңа эпистемологиялық парадигманың қалыптасуы лингвистика құралына жаңадан енгізілген «гендер» терминімен тығыз байланысты. Бұл түсінік әртүрлі қызмет саласындағы тұлға әдебіне және өз бетімен жекеленуіне тікелей әсер ететін мәдени дәстүр мен стереотипта тіркелген жыныстық концептті әлеуметтік құраушыларды нақтылау үшін қолданылады».

Көркем қатынас тұрғысынан тіл тұлғасы құрылымының бірі – оның *жынысы* - мәтін құраушы жеке өлшем ретінде бағаланады. Қазіргі кездегі ғылымда *жыныс* биологиялық фактор ретінде емес, гуманитарлық білімнің әртүрлі саласының жиынтығы мен антропоцентризміне арналған жалпы қарама-қайшылықтармен негізделген *көп компонентті әлеуметтік мәдени феномен* ретінде беріледі.

Қарама - қайшылықты пікірге қажетті теориялық негіздеме беру үшін барлық зерттеушілер ол қағиданы жеткілікті дәйектеме деп есептемейді, олар гендер категориясын лингвистикалық-философиялық аспектіде қарастырған И.И. Халееваның: «Гендеризмге белгілер, символ және мәтіндермен көрсетілген шындық ретінде қарау, оның биологиялық қана емес, ортасында - адам, тұлға болатын оқиғалар мен әрекеттер, жағдайлар жиынтығы бар адам туралы көптеген ғылымдар тоғысқан интрига, сонымен бірге әлеуметтік және мәдени ерекшелікке негізделген *пәнаралық интрига* түрі ретінде гендерді анықтауға мүмкіндік береді.»,- деген концепциясына сүйенеді. И.И.Халеева гендердің пәнаралық парадигмасын «интрига құраудың ерекше түрі немесе басқа қырынан – дәстүрлі мәдениеттің имманентті табиғатына тән гендерлік дискурстың салыстырмалы типологиясы» деп белгілеуді ұсынады. Сонымен, бұл қырынан гендер интрига құраушы немесе «онтогенездік және гносеологиялық белгіленген және осы нақты лингвистикалық қоғамдастықтың әлеуметтік-мәдени мәліметімен негізделген орта кеңістігі» ретіндегі дискурс деп танылады. [3]. Көркем шығарма қандай да бір формада шындықтың конфигурациясын жасаушы болғандықтан, обьективті, шынайы өмірді нақты бір контексте осы өмірдің проекциясына айналған формасын көрсетеді. Сондықтан да әртүрлі жыныс – «гендерлік тілдік тұлғалар» кейіпкерлерінің сөйлесімі (В.П.Нерознак) – осы *социумның гендерлік дискурс үлгілеріне арналған ерекшеліктеріне* сәйкес келу керек. Әрине, кейіпкердің фикционалды гендерлік дискурсы – бұл қосынды шама, «мәтіндегі мәтін». Басқа қырынан алсақ, көркем шығарма тұтастай гендерлік дискурс немесе шынайы мәтін құраушы субьект – автор орналасқан ақыл-ой кеңістігінің бөлігі болып табылады. Гендерлік тілдік тұлға жасайтын дискурс әлемі

коннотация мен референцияның (бейнеленетін шындыққа қатысты осы әлемнің субьектілердің бір формаға келуі) ерекше жүйесі ретінде немесе басқа қырынан қарағанда – физикалық және тілдік шындықты жасаудың ерекше тәсілі ретінде сипатталады. Осыдан келіп шығатыны, *қоғамда шынайы бар әлеуметтік және мәдени жинақталған гендерлік стереотиптер автордың санасынан шығып, кейіпкердің фикционалды дискурсына барып енеді*. «Шығу коэффициенті», «еркек» және «әйел» ақыл - ой кеңістіктерінде әр түрлі болғандықтан, көркем мәтіндегі гендерлік тілдік тұлғаның сөйлеу құрылымы «жазушының гендерлік «Мен» реконструкциясымен» тығыз байланысты. (В.П.Нерознак бойынша) Сондықтан да, жыныстың (гендер) әлеуметтік мәдени концептін екі деңгейлі білім түрінде:

- әлеуметтік нақтыланған мәдени стереотип жиынтығы ретінде;
- ақыл – ой бейнесі ретінде, яғни, осы стереотип кешенін жазушының қабылдауы Зерттеушілердің ойынша, «нақты осы өлшемдегі жыныстың әлеуметтік мәдени концепті мәтін құраушы өлшем ретінде қызмет ете отырып, көркем шығарма тілімен жанасады». Ғалым О.А. Москальская [4,52] айтып өткендей, мәтін құраудың терең жоспары «ең ортақ деген коммуникативтік мақсаттармен» берілетіндіктен, фикциональді (кейіпкерлердің) және шынайы (автордың) дикурстардың гендерлік ассимметриясы прагматикалық аспектіде қарастырылады.

Тіл мен лексиканың грамматикалық құрылымындағы өзара әрекетте жүзеге асқан, коммуникация процесімен ілескен фикциональді дискурстарда анықталған гендерлік белгілерін, «коммуникативтік-прагматикалық категорияға» сәйкес жүйелеуге болады. Мұдай категорияға зерттеушілер, ең алдымен, контактылық (ымырашылдық - автор) және турашылдық, кесіп айтуды (шорт кесу) жатқызады. Контактылық «коммуникацияның үздіксіз ағысына, сөйлеу қатынасының ішкі ұйымдасуына ықпал ететін сөйлеу актісі құрылымының компоненті» ретінде анықталады. Мұнда «сөйлесімдік байланысты механикалық байланысқа қосылған түрімен немесе одан коммуниканттардың шығып кетуін теңестіруге болмайды. Сөйлесімдік байланысқа түсуді анықтау сөйлеушінің интенциясына кіреді» [5, 19].

Контактылық (ымырашылдық) категориясын, негізі, сыпайылықтың тұрақты тілдік қызметімен байланыстырады. Осылайша, Н.И.Формановская түсінігінде сөйлеу этикеті «сөйлеу әдебінің ережелеріне сәйкес қатынасқа түсуге қажетті жағдайда сөйлеушілер арасында байланыс орнау үшін қоғамда қабылданған және қоғамда орнаған вербалды бірліктердің арнайы ұлттық макрожүйесін» білдіреді деген болатын. [6,2]. Бірқатар зерттеулерде «әлеуметтік

символдандырудағы» байланыс құралдарының рөлі нақты айтылған. Соның ішінде, Л.С. Школьник былай деп жазады: «Қатынас жасаушылар бір-бірлерінің тұлғалық және әлеуметтік сапа үлгілерін жасайтындықтан, оларға өзара дұрыс әрекет жасау үшін, керекті жағынан өзін көрсету үшін қандай да бір «материал» беру керек» [7, 24**].** Ол үшін қатынас серіктестері «қатынастың белгілі бір жағдайында олардың әлеуметтік сапа белгілеріне айналатын және олардың әлеуметтік қарым-қатынастарына сәйкес келетін» тілдік элементтерді әдейі таңдайды. [8,10]. Айтылғандар негізінде ымырашылдық категориясына мына байланыс орнатушы және байланысты жасаушы: бөлек сұрақтарды, сыпайылықтың арнайы формасын және т.б. қызметті орындаушы гендерлік белгілерді жатқызуға болады.

Кесіп айту (категоричность) «абайлау, қандай да бір қашықтықта ұстаудың қатаң сипаттамаларын жұмсартудан... шығады. Барлық осы мәтін модальділігінің реңктері өзін-өзі бақылауды күшейтумен, көңіл бөлмеу, серіктесті сыйламау ретінде түсінілетін тым қысқалыққа бой ұрмау сияқты әрекеттермен байланысты болып келеді. Абайлауда «жүз пайыздық емес обьективтілік» модальдік реңкі білінеді: мұнымен субъект айтылғанынан бас тарту құқығын сақтай отырып, өзінің дұрыстығына сенімі толық емес, сенімсіздіктің қандай да бір үлесін нақтылайды. Нақты емес сөйленімнің астында субьектінің қандай да бір жағдай мәжбүрлеп отырған сөздерінің мүмкін болатын жағымсыз әсері үшін кешірім сұрауы жасырын тұруы мүмкін. Басқа жағынан алсақ, субьектінің турашылдық, айтқан сөзінде тұрудан қашуға тырысуы кесіп айтудың себебі бола алады.» [9, 64]. Келтірілген кесіп айтудың сипаттамасына (батыс лингвистерінің терминологиясында «эпистемиялық модальділік») «жұмсартылған лексика», бөлу сұрақтары және т.б. сияқты белгілер сәйкес келеді.

Әртүрлі зерттеушілер жүргізген әйел сөйлесіміндегі ымырашылдық және кесіп айтудың коммуникативтік - прагматикалық категорияларын білдіретін элеметтердің қолданысы туралы тенденциялар туралы дәлелдейтін зерттеулердің нәтижелері қызықты болып отыр.

Мұндай «контактылық» және «кесіп айту» осьтері бойынша прагматикалық ассимметрия фикциональді мәтін түзуші субьектілердің гендерлік дискурсында байқалып отыр. Антинескулдың пікірі бойынша, “бұл асимметрияның ерекшелігі автордың тілдік тұлғасымен белгіленеді: әйел - авторлардың шығармаларында көрсетілген ось бойынша ауытқу немесе тиісті прагматикалық «зарядтар» арасындағы айырмашылық ер - авторлар шығармаларына қарағанда жоғары болып келеді.” [9, 64].

Сөйлеудің мағыналық жағы, оның формалық құрылымы, сол сияқты «қарым-қатынас және хабарлау (әдептен озу, ресми, құрметтеу, немқұрайды қарау, тура, жанама және т.б.) - осының барлығы сөйлеуші индивидтің әлеуметтік жағдайын, жасын, жынысын білімін, ақыл-ойын, мәдениетін, рухани құндылығымен қоса оның мінезін, психологиялық түрін, сол сияқты сөйлеу кезіндегі сабырлы, қуанышты, алаңдаулы, үрейлі, қайғылы және т.б. психологиялық жағдайын әсерлі сипаттап бере алады. Көркем мәтіннің екі жақтылығына қарамастан, көркем мәтін онымен бір уақытта кейіпкердің фикциональді дискурсы, автордың шынайы жанды сөйлеуі және вербалды «виртуалды шындығы» бола алады.

Әдебиеттер

1. Будагов Р.А. Литературные языки и языковые стили. М., 1967 – 376 с. 9-10 бет.
2. Абишева К.М. Казахско-русские языковые контакты и вопросы ассимиляции иноязычных слов в системе языка-реципиента: социолингвистический аспект. – Алматы: РИОВАК РК, 2000. – 276 с., 20 бет.
3. Антинескул О.Л. Прагматический аспект анализа гендерной дифференциации в художественном тексте // Международная науч.конф. “Изменяющийся языковой мир” – Пермь, Пермский госуниверситет, ноябрь, 2001.
4. Москальская О.И. Грамматика текста. – М., 1981. – 184 с., 52 б.
5. Школьник Л.С. Речевое воздействие: основные проблемы и исследования // Проблемы организации речевого общения. – М., 1981. – С.24-31. 19 бет.
6. Формановская Н.И. Функциональные и категориальные сущности устойчивых формул общения. - М.: Русский язык, 1979. – 126 с., 2 бет.
7. Школьник Л.С. Речевое воздействие: основные проблемы и исследования // Проблемы организации речевого общения. – М., 1981. – С.24-31.,24 бет.
8. Школьник Л.С. Некоторые психологические проблемы речевого воздействия: дисс.канд. филол.наук: 10.02.19 – М.,1976. – 134 с.10 бет.
9. Сонич Т.П. Языковое выражение некатегоричности в свете коммуникативно-прагматической грамматики // Прагматика и структура текста. – М., 1983. Вып. 209. – С. 57-70., с.64.

Резюме

В данной статье рассматривается драма, в первую очередь, как художественный текст – драматическое речевое произведение, специальным образом организованное на речевом общении и, следовательно, на речевой деятельности героев, детерминируемой их интенциями и условиями общения (коммуникативным контекстом

Summary

This article deals with the drama as an artistic text – dramatic speaking work, specially organized – work, specially organized on the speaking communication and on speaking activities of the heroes, determining its intentions and conditions of the communication.

Шыныбекова А.С.
Алматы

МӘТІН МЕН ДИСКУРСТЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ТАБИҒАТЫ ТУРАЛЫ

Тілді тек тілдік бірліктер мен олардың өзара байланысының қатаң құрылымды жүйесі деп түсінуге болмайды, ол, біріншіден, қатысым құралы. Қазіргі кезеңдегі тіл ғылымы прагматикалық лингвистика мен сөйлеу әрекеті теориясының әсерімен ауызша қатысымның мәселелеріне қызығушылық танытып отыр. Күннен күнге тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатыны нақтыланып келеді. Осылармен байланысты тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің функционалды-семантикалық ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, прагматикалық мақсаты, сөйлеу актілері теориясы, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативті-прагматикалық категорияларының өзектілігі артып отыр.

Сөйлеу әрекеті қазіргі лингвистика және лингвистикамен аралас ғылымдар саласының, ең алдымен, психология, әлеуметтану, мәдениеттану саласының басты назарында болып отыр. Сөйлеу лингвистикасында, прагмалингвистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика мен лингвомәдениеттануда қолданылатын көптеген терминдер біржақты түсіндірілмейді. Солардың қатарына дискурс

түсінігі де жатады. 1960-1970 жылдары дискурс сөйлем немесе сөйлеу актілерінің байланысқан және бір формадағы жалғасы деп түсінілген.

Драманы талдау кезіндегі коммуникативтік тәсіл коммуникативтік стратегияны анықтауға, үш жақты: автор/драматург – кейіпкер – оқырман/ көрермен сияқты коммуникативтік жағдайда пайда болатын дискурс сияқты көркем мәтінді қарастыруға көмегін тигізеді. Қазіргі кездегі қарқынды дамып келе жатқан дикурс теориясы (фр. Тіл. Ауд. discours – "сөйлеу акт, әрекет, жағдай ретінде") және "өмірге енгізілген, әрекеттің ,адамдардың өзара әрекет компонентінің бірі" [1, с.14] ретінде түсінілетін терминнің өзі драманың сөйлесімін ұйымдастыруды зерттеуде тиімді болып отыр. Сөйлеуді қабылдау ерекшеліктері (оның қарқыны, этикет формасы, соның ішінде – сөйлеу этикеті, қатынастың стильдік кілті және т.б.) сияқты орта факторларына арналған дискурс туралы зерттеулер драманың әрекет етуші тұлғаларының сөйлеу әдебі мен сөйлеуіне дескриптивті талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

«Дискурс» терминінің көптеген түсініктері бар екені белгілі және «дискурс түсінігі туралы анықтама соңғы 20 жылда өзгеріп отырды» деп айтқан болатын өз еңбектерінде Ю.Н.Караулов және В.В.Петров [2, с.5]. Дискурс пен мәтінді ажыратқан Т.ван Дейктің берген түсініктемесінде былай делінген болатын: "Дискурс – актуально произнесенный текст, а "текст" – это абстрактная грамматическая структура произнесенного. Дискурс – это понятие, касающееся речи, актуального речевого действия, тогда как "текст" – это понятие, касающееся системы языка или формальных лингвистических знаний, лингвистической компетенции" [3: Дейк, 1989]. Сонымен, бізге түсінікті болу үшін дискурстың мына белгілерін: а) оның *коммуникативтік табиғатын*, б) *мәтін* және «әлем туралы білімі, ойы, мәтінді түсінуге қажет адресаттың мақсаты, оны қоюы» сияқты *экстрлингвистикалық факторлар жататын құбылыс ретіндегі күрделілік* белгілерін білуіміз керек. [4, с.8]. Осыдан келіп драмалық мәтіндерге талдау жүргізу драманың төл ерекшелігі ретіндегі екі адресті және үш жақты қатынастарды ескеруге негізделеді. *"Мәтіннің прагматизацияланған формасы"* сияқты дискурс теориясы (5:Арутюнова, 1985, с.23) драмалық шығарманы зерттеудің прагматикалық тәсілінің қажеттігін негіздейді.

70-ші жылдардың ортасынан бастап лингвистикадағы мәтінге дискурс тұрғысынан талдауға назар аударылып, «жаңа рационалдылыққа қарай» деген лингвистикалық парадигманың қозғалысы басталды. [6, с.10],

Психолингвистика тұрғысынан дискурс тілдік тұлғалардың әлеуметтік- психологиялық, рөлдік ұстанымдары мен белгілері ескерілген сөйлеудің туындауы мен итерпретациясы процесінде ішкі кодтан сыртқы әрекеттендіруге ауысудың ашылуы ретінде қызықты. Психолингвистерді сонымен бірге сөйлеудегі қателер мен коммуникативтік біліктіліктің бұзылуы да қызықтырып отыр. Дискурсқа линвистикалық талдау жасау қатынас тіркеушілерін бөлуге, ауызша және жазбаша сөйлеуді жанрлық ерекшелігіне қарай ажырату, бірлік (фукционалдық стиль сипаттамасы) негізінде қатынастың фукционалдық өлшемдерін анықтауға бағытталған. «Дискурс – это сложное коммуникативное явление, включающее, кроме текста, еще и экстралингвистические факторы (знания о мире, мнения, установки, цели адресата), необходимые для понимания текта.» [7,193] Басқа сөзбен айтсақ, сөйлесімдік өзара әрекеттің компоненті (өнімі). «Дискурс» түсінігі аяқталғандық, байланыстық және т.б. (барлық мәтін қасиеттері бар) өлшемдеріме сипатталады, ол сонымен бірге бір уақытта (әлеуметтік мәдени, экстралингвистикалық және коммуникативтік-жағдаяттық факторлар ескерілген) процесс, тіркелген мәтін түріндегі нәтиже ретінде де қарастырылады. Дискурстың құрылымдық-лингвистикалық сипаттамасы оның сегметациясын және дискурстың мазмұндық және формальды байланысы – қатынастың мәтіндік ерекшеліктерін жариялауды, тақырыпты ауыстыру тәсілдерін, модальдік шектеулерді, шағын және үлкен мәтіндік блоктарды, мәтіннің ішіндегі бірнеше деңгейлердегі қатынас ретіндегі дискурсивтік полифонияны алға қояды. Дискурсты лингвомәдени тұрғысынан оқу белгілі бір этнос деңгейіндегі қатынас ерекшелігін анықтауды, этикет пен тұтастай сөйлеу әдебінің формалық үлгілерін анықтауды, орта саласының бірлігі түріндегі тиісті қоғамдастықтың мәдени түрлерін сипаттауды, осы лингвомәдениетке арналған мәтін иелеріне сөйлеу тәсілдерін (Вежбицкая 1996; Колшанский 1990) [8]: [9] анықтауды мақсат етіп отыр.

Дискурсты зерттеудің әлеуметтік лингвистикалық тәсілі қатынас қатысушыларын қандай да бір әлеуметтік топтар өкілдері ретінде және ауқымды әлеуметтік контекстегі қатынас жағдайларын талдауды алға қойып отыр.

Прагмалингвистика тұрғысынан дискурс қатынасқа қатысушылардың интерактивті әрекетін, байланыс орнату мен байланыста болуды, эмоциялық және ақпараттық алмасуды, бір-біріне ықпал етуді, лезде өзгеріп отыратын коммуникативтік стратегияның жиналуын және олардың қатынас практикасында вербалды және

вербалды емес түрлерге енуін, эксплицитті және имплицитті мазмұн бірлігіндегі коммуникативтік қадамдарды анықтауды білдіреді.

Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан дискурстың екі негізгі түрін бөліп ажыратады: дербес (жеке бағытталған) және институционалдық Бірінші жағдайда сөйлеуші өзінің бай ішкі дүниесінің арқасында тұлға ретінде сөйлейді, екінші жағдайда – белгілі бір әлеуметтік институт өкілі ретінде сөйлейді. Дербес дискурс екі негізгі: тұрмыстық және тұрмыстық сөйлеу түрлерінде кездеседі. Институционалдық дискурс қатынастың арнайы түрі, өйткені ол әлеуметтік білім арқасында жүзеге асады, әлеуметтік орта тұрғысынан реттелінеді.

«Дискурс» терминінің тараған саласы үлкен. Дискурс лигвистика, әдебиеттану, әлеуметтену, саясаттану, логика, философия, т.б. ғылымдарда қолданылады, яғни, өзінің табиғаты жағынан әртүрлі ғылымдардың түйісінде зерттелінеді және дискурсивтік талдау мен дискурсивтік зерттеу бағыттарына ие.

Дискурс қатынасқа қатысушылардың - сөйлеуші (автор) мен адресат әрекеттерін талқылайтын, әрекеттерінің мақсатын айқындайтын сөйлеу қатынасы болып саналады. Дискурсивтік талдауға әлеуметтік әрекет, дискурстың тууы мен түсіну процесі, әртүрлі әлеуметтік контекстер мен авторлар интенциясы сияқты категориялар жатады. Дискурс пен мәтін қатынастың негізгі формалары болып саналады. Белгілі ғалым А.Р.Бейсембаев өз еңбегінде дискурс пен мәтіннің айырмашылығын нақты былай деп берген болатын. [10,11]

Дискурс	Мәтін
. Дыбыстық формадағы сөйлеуді жасаушы процесс . Дискурс – процессуалдық мәлімет . Вербалды және вербалды емес құралдар ескерілген нақты жағдаяттағы оқыс сөйлеу . Дискурс әртүрлі талқылаудың логикалық жалғасы болып табылады . Коммуникаттар арасыдағы	. сызба түріндегі сөйлеуді жасаушы процестің әтижелері . Мәтін – материалдық мәлімет; . Тікелей өңделген сөйлеу; . Мәтін синтагмасы және т.б. сызықтық жалғасы; . Коммуниканттар арасындағы жеке байланыстың жоқтығы; . Әртүрлі уақыт пен кеңістік жағдайындағы сөйлеудің тууы мен оны қабылдау;

жеке байланыс . Уақыт пен кеңістік бірлігіндегі сөйлеудің тууы мен оны қабылдау . «Сөйлеуші - тыңдаушы» кезегінің үнемі ауысуындағы сөйлеудің екі авторы, яғни, дискурстың пікірлесімдігі (негізі - диалогтық қағидат). Падучева . «дискурста толық коммуникативтік жағдаят» . Дискурс: сөйлеу шығармалары қалай жасалған, «процестің өзі қалай өткен», «мәтінді адресаттың қабылдау процесі қалай өтеді» деген сұраққа жауап береді.	. бір автор (толық емес коммуникативтік жағдаят, гипотетикалық қайта қалыпқа келтіріледі) . Мәтін: не жасалды деген сұраққа жауап береді. Мәтінмен танысу нәтижесінде өз дискурсын жасайтын ақпарат алушы үшін жасалады.

Мәтін – дискурсқа қарағанда жалпы түсінік. Сонымен дискурс түсінігі келесі сипаттамаға сүйенеді:

2) Экстралингвистикалық - прагматикалық, әлеуметтік мәдени, психологиялық және басқа да факторлармен жинақталған байланысқан мәтін;

3) Жағдаяттық аспектіде алынған мәтін;

4) Мақсаттық әлеуметтік әрекет ретінде қарастырылатын сөйлеу -адамдардың өзара әрекеттері мен олардың сана (когнитивтік процестерде) механизмдерінде қатысушы компоненті ретінде;

5) «көпшілдік мағынасы» бар мәтін;

6) Екінші рет коммуникативтік мақсатта берілетін және осы мақсатқа сәйкес іштей ұйымдастырылатын, сонымен бірге тілдің өзіне жататындарға қарағанда басқа мәдени факторлармен байланысты болатын;

7) «қарқынды ашылатын контекст» [11,194-195]

Әдебиеттер

1. Гиздатов Г.Г. Типология и динамика когнитивных моделей в речевой деятельности (психолингвистический аспект): автореф.дисс.докт. филол.наук: 10.02.19 – Алматы, 1999. – 42 с. 14 бет.

2. Караулов Ю.Н., Петров В.В. От грамматики текста к когнитивной теории дискурса. // Дейк ван Т.А. Язык. Познание. Коммуникация / Пер.с англ. – М.: Прогресс, 1989. – С.5-11. 5 бет

3. Дейк ван Т.А. Язык.Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 312с.

4. 129 Караулов Ю.Н., Петров В.В. От грамматики текста к когнитивной теории дискурса. // Дейк ван Т.А. Язык. Познание. Коммуникация / Пер.с англ. – М.: Прогресс, 1989. – С.5-11.8 бет

5. Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В. Истоки, проблемы и категории прагматики. // НЗЛ. Вып. XVI. Лингвистическая прагматика. – М.:Прогресс, 1985. – 501с, С.3 – 42. 23 бет.

6. Чувакин А.А. Филология и коммуникативистика: вступительное слово председателя программного комитета конференции. //Университетская филология – образованию: человек в мире коммуникаций. Матер. Междун. науч-практ. конф. «Коммуникативистика в соврем. мире: человек в мире коммуникаций», Барнаул, 12-16 апреля 2005г. – Барнаул: Изд-во Алтайского ун-та, 2005. – С.9-10. 10 бет.

7. В. П. Белянин. Психолингвистика. М.- Флинта.2009. –413 с. 193 бет

8. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. –М.: «Русские словари», 1996.- 411 с.

9. Колшанский Г.В. Обьективная кртина мира в познании и языке.- М.: «Наука» 1990.-130 с.

10. А.Р. Бейсембаев. Парадигмы современного языкознания. Павлодар. 2007.- 116 с. 11 бет.

11. В. П. Белянин. Психолингвистика. М.- Флинта.2009. –413 с. 194-95 бет

Резюме

В данной статье рассматривается коммуникативный подход анализа драмы, которая способствует выявлению коммуникативных стратегий, рассмотрению художественного текста как дискурса, возникающего при трехстороннем коммуникативном событии: автор/драматург – герой – читатель/зритель.

Summary

The article deals with the communicative approach of drama analysis, which assists revealing of communicative strategies, examining of an art text as discuss, is arising in three ways communicative events: author / playwright/ hero/ reader/ spectator.

Байгонысова К.О.
Алматы

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ГРУППЫ ФУТУРАЛЬНЫХ ЗНАЧЕНИЙ В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Общеизвестно, что будущее время в языке и в речи представляет собой комплексное семантическое явление. В современной лингвистике большое внимание уделяется изучению модальных особенностей категории будущего времени. Такие ученые, как Э.Бенвенист, О.Есперсен, Г.А.Золотова, А.В.Бондарко и многие другие проводили анализ функциональной и семантической связи между футуральностью и модальностью. Однако по своим семантическим свойствам значения футуральности неоднородны не только из-за близости с модальностью: семантическая структура будущего времени обусловлена отношениями между категориями времени и пространства, а также степенью проявления значения будущего времени в речи.

Для получения комплексного описания языковых средств выражения футуральности необходимо определить те критерии анализа, которые позволят соотнести системные аспекты с определенными языковыми структурами.

В текстах значение будущего времени выражается эксплицитно в случаях, когда языковые средства целенаправленно используются для указания на отнесенность описываемого действия или события к

будущему времени. В таких случаях выражение будущего является основной функцией использованного языкового средства в тексте.

К основным средствам выражения эксплицитного будущего относятся те грамматические средства, для которых выражение будущего времени стало одной из базовых функций, закрепленных за ними в системе языка. В английском языке таким средствами являются грамматическая категория времени с “will», футуральные конструкции с would, конструкция to be going to, формы глаголов в Present Simple, Present Continuous. В модели ФСП Футуральности эти языковые структуры находятся в составе ядра и приядерного подсектора.

Thanks to lucky Jupiter, there will be plenty of amazing new opportunities; thanks to disciplined Saturn, you'll be able to juggle them without forgetting your current responsibilities. (Seventeen, March, 2007)

If we're going to use price to try to stimulate those new technologies, let's at least do it honestly. (Newsweek, June 9, 2008)

Имплицитное будущее представляет собой подразумеваемое будущее, указание на которое происходит косвенно, за счет гипотетичности и потенциальности базового модального значения языкового средства. К языковым средствам, выражающим имплицитное будущее, можно отнести глаголы желания, намерения, надежды, цели, также средства выражения побудительности и модальные глаголы.

Как отмечалось выше, часто импликация будущего происходит как побочный эффект реализации определенных модальных значений. К таким модальным значениям можно отнести следующие:

- Значения *желания, ожидания, планирования, надежды, целеустановки,* которые выражаются с помощью глаголов: to want to, to wish to, to decide to, to intend, to hope, to expect, to plan, to schedule и т.д.

Expect these trends to hit Europe soon, too. (Newsweek, June 9, 2008)

No one will tell me where Rita Borsellino is scheduled to speak. One café owner just look away when I ask. (Glamour, June, 2008)

“I decided,” he writes, “never to be that man” (People, August 18, 2008)

Now they want you to make a toast. (InStyle, January 2005)

- Значения *побуждения, повеления, приказа, просьбы,* которые выражаются с помощью смысловых глаголов to ask, to beg, to demand, to order и т.д., а также специальными императивными предложениями.

“I begged my mom to let me,” says Gerren. (People, January, 2009)

So the next time you're felling frazzled, make plans to do anything that'll get you smiling. (Glamour, June, 2008)

- Значения *угрозы и обещания*, выражаемые с помощью смысловых глаголов to threaten, to promise.

Your crazy-cute crush promised to text you over the weekend, but you never heard from him. (GL (girls' life magazine), November 2006, Vol 13, Issue 2)

Now they threaten to become exporters of inflation, particularly if energy price controls give way. (Newsweek, March, 2008)

- Языковыми средствами выражения значений *обязательства, необходимости, возможности* являются модальные глаголы can (could), may (might), need, must, to have to, оценочные прилагательные: possible, hard, important.

The Cowboys brand ensures a regional fan base, and if the stadium performs as expected in 2011, it's hard not to imagine it joining the Super Bowl rotation and returning to national consciousness every five or six years. (Sports Illustrated, July 16, 2007)

"Girls exposed to these messages may expect to be treated with disrespect by their partners. Boys, on the other hand, may come to interpret reckless sexual behavior as "boys being boys"." (GL (girls' life magazine), November 2006, Vol 13, Issue 2)

The reality is starting to sink in: The bleeding won't sop on its own. They have to go in and stop it. (Glamour, June, 2008)

Выше мы представили анализ двух основных видов футурального значения, выделяемых в соответствии с критерием степени проявления семантического значения в тексте. Эксплицитный и имплицитный значения являются основными выделяемыми по этому критерию [1, с.84], однако, при проведении полного анализа языкового материала стало необходимо выделить *полуимплицитное* футуральное значение. Результаты анализа показали, что в английском языке существует определенная группа языковых средств, обладающих усложненной функциональной семантикой и выражающих в тексте совмещенное модально-футуральное значение. К этой группе языковых средств относятся:

- модальные конструкции: to be about, to be likely, to be sure, to be to, которые используются для экспликации говорящим своей оценки о степени вероятности действия;
- глаголы, выражающие нетерпение ожидания события: to look forward to, cannot wait;

- конструкция there is/are, с помощью которой осуществляется инвентаризация предстоящих событий;
- дейктические прилагательные: coming, upcoming, expected и т.д., а также инфинитивные конструкции с функцией определения: soon-to-be, и субстантивированные инфинитивные конструкции: bride-to-be, important-to-dos – эта группа представлена дейктическими средствами выражения будущего, для которых основным является выражение лексического значения;
- модальные глаголы can (could), may (might), must, в случаях выражения ими значения прогнозирования и предсказания. В этих случаях футуральное значение усиливается и становится более очевидным, чем обычно бывает имплицитное значение.

Таким образом, в результате комплексного анализа функционально-семантических свойств языковых средств выражения футуральности и степени их проявления в тексте, было выявлено три основные группы языковых структур, используемых для выражения будущего времени:

- эксплицитные языковые средства;
- имплицитные языковые средства;
- полуимплицитные языковые средства.

При осуществлении данной классификации языковых средств мы опирались на реализованные в тексте полученное семантическое и прагма-коммуникативное содержание предложений, учитывая при этом функциональные закономерности, проявляемые языковыми средствами при достижении определенной коммуникативной задачи. Языковые структуры выражения футуральности получают дополнительную семантическую нагрузку, которая зависит совместно от функциональных характеристик языковых структур и от коммуникативного контекста.

Категория футуральности, как любая темпоральная категория, указывает на месторасположение события на временной оси по отношению к моменту речи, иными словами, категория футуральности определяет географию описываемого события во времени. Определение расстояния между моментом речи и будущим событием, таким образом, становится одним из основных критериев оценки семантического содержания значения будущего времени.

Анализ языковых средств футуральности привел к следующей классификации значений будущего с учетом локализованности события или действия во времени: отдаленное

будущее, близкое будущее, непосредственное будущее, неопределенное будущее (с немаркированной локализованностью).

Проведя анализ фактического материала, мы приходим к заключению о том, что в современном английском языке ситуация отдаленного будущего невозможна. Например, Дж. Байби, анализируя грамматические средства футуральности в современных языках, отметила, что в 13 языках существуют средства выражения близкого будущего, но лишь в трех языках присутствует специальная форма отдаленного будущего.[2, с.71],

Значение близкого будущего времени также отражает результат субъективной оценки говорящего. Идея о близком будущем не определяется определенными физическими временными границами. Она связана с психологией восприятия времени. В некоторых случаях идея о близком будущем касается события, которое произойдет через несколько секунд или минут, но некоторые события, воспринимаемые как события близкого будущего, осуществляются через несколько лет или даже десятилетия.

The decision of the U.S. Congress and regulators may influence the numerous European Union legislative and regulatory agencies, which will be ruling over the next couple of years. (article, 12) (Newsweek, June 9, 2008)

Из данного примера очевидно, что последующие два года для участников коммуникации не являются длительным сроком.

Близкое будущее может выражаться с помощью категории времени с will, конструкций с to be going to, to be likely, to be sure, форм Present Continuous, Present Simple, модальных глаголов и дейктических прилагательных, таких как coming, expected.

Форма с will может выражать близкое будущее при использовании определенных наречий и адвербиальных конструкций времени и в контекстах, подразумевающих уточнение. Например:

This spring, I will fight global poverty, (and get the first stamp in my passport). (Seventeen, March, 2007)

The first 10 qualifying shoppers will score a Bonus gift and a personal style consultation from Seventeen Style Pro. (Seventeen, March, 2007)

Как видим из примеров, обстоятельствами времени, помогающими выразить близкое будущее, являются указательные местоимения this, these, next в сочетании с существительными, а также точные даты. Указание точной даты в предложении эксплицирует, что событие ожидается: участники коммуникации готовы к тому, что событие осуществится. Это помогает воспринимать описываемое будущее событие как что-то определенное и реальное, поэтому оно оценивается как близкое событие.

Будущие события, выраженные с помощью to be going, to be likely, to be sure, to be about в подавляющем большинстве случаев воспринимаются как близкие события, т.к. они, главным образом, выражают прогнозирование, запланированные действия, намерения и желания, т.е. те модальные отношения, которые либо близки к реализации, либо непосредственно связаны с реальностью.

The U.N.'s Food and Agriculture Organization and the Organization for Economic Cooperation and Development recently predicted that commodity prices for the coming decade are going to rise higher and higher. (Newsweek, March, 2008)

Can you say masterpiece? You're about to get a mega dose of creativity. (Glamour, June, 2008)

Конструкции со смысловыми глаголами желания, ожидания, неизбежности, такие как to want, to be willing, to hope, to expect, to be bound, to be to и многие другие, также могут выражать близкое будущее, как видно из следующих примеров.

"We expect to find the original atomic recipe that went into the formation of the solar system," says Bergstralh. (National Geographic, December, 2004)

"I would ask how much they're willing to pay," Gerren says with a laugh. "Because I'm charging. Those guys did me wrong." (People, August 18, 2008)

Такие языковые единицы, как определительные конструкции с инфинитивом, субстантивированные инфинитивы, дейктические прилагательные: bride-to-be, soon-to-come, coming, выражают близкое ожидаемое будущее время в независимости от контекста, как показывают примеры:

Which free-agent-to-be has done the most to bolster his stock in the first haul? (Sports Illustrated, July 16, 2007)

BABYMOUSE The sassy mouse with attitude to spare! Get ready to rock with Babymouse: Rockstar! Coming this fall! (GL (girls' life magazine), November 2006, Vol 13, Issue 2)

Из вышеизложенного следует, что значение близкого будущего времени очень часто выражается в текстах прессы. Отчасти это можно объяснить особенностью восприятия будущего: легче представить то, что произойдет в недалеком времени. Второй причиной является коммуникативная особенность текстов прессы, которые ориентированы на передачу информации, непосредственно касающейся текущего времени или времени, максимально приближенного к настоящему моменту.

Непосредственное будущее событие – это то событие, которое осуществляется непосредственно после завершения дискурса. Такое значение будущего времени обычно выражается в разговорной речи, и поэтому в текстах прессы они редки. Непосредственное будущее может быть оформлено любыми языковыми структурами футуральности, т.к. его реализация происходит за счет контекстуальных средств.

Очень часто модальные глаголы желания и интенции выражают имплицитно будущее действие, которое следует непосредственно за моментом речи.

And then I was like, "Do it again." He said no. I was like "Fine I will." (Glamour, February, 2008)

"You're not to leave this house again without my permission!" Ms.Rinaldi yelled. But Sarah just laughed and walked out the front door. (Seventeen, March, 2007)

Все представленные выше примеры являются отрывками бесед или интервью, что подтверждает вывод о том, что непосредственное будущее время, главным образом, характеризует разговорную речь. Кроме этого, примеры показывают, что значение непосредственного будущего времени передается за счет контекста высказывания.

Неопределенное будущее является наиболее часто встречающимся футуральным значением. В ситуации неопределенного будущего отсутствует какое-либо указание на локализованность будущего действия по отношению к моменту речи. Основными футуральными средствами выражения неопределенного будущего являются формы с will, would, модальные глаголы и конструкции, глаголы, выражающие желание, стремление, надежду, ожидание.

With regular use, you'll see clearer skin, smaller-looking pores. (Seventeen, March, 2007, p.1)

Our big unit test is Tuesday, and I need to keep my B-minus if I want to be able to use the car once I get my license. (GL (girls' life magazine), November 2006, Vol 13, Issue)

We've joked about hunting the geese on campus because we have too many of them. But security probably wouldn't like that. (Archaeology, January/February 2009)

Таким образом, выясняется что локализованность будущего события или действия уточняется за счет определения расстояния между моментом речи и описываемым будущим событием, в этой связи в рамках футуральной ситуации могут быть представлены значения отдаленного, близкого, непосредственного и неопределенного будущего времени. Как следствие, языковые структуры выражения футуральности получают дополнительную семантическую нагрузку, которая, однако, не влияет на их внутренние системные качества, так как она зависит от коммуникативного контекста.

В результате контекстологического анализа футуральных ситуаций и средств их выражения были выявлены два основных критерия исследования семантических и функциональных свойств языковых структур выражения футуральности в английском языке. К ним относятся степень проявления семантических значений языковых средств в тексте и уточнение локализованности будущего события по отношению к моменту речи.

Проведенный анализ показал, насколько неоднородны и разнообразны языковые структуры выражения будущего времени в современном английском языке по своим семантическим и функциональным свойствам. Также была отмечена способность языковых структур вносить изменения во внутреннюю семантическую нагрузку в зависимости от контекста. Анализируя способность грамматических средств развивать семантическую нагрузку по мере коммуникативной необходимости, В.В.Виноградов отметил, что «… в самих грамматических, особенно синтаксических категориях также заложены яркие средства экспрессивного выражения. Достаточно напомнить о тех тонких экспрессивных красках и нюансах, которые создаются употреблением – прямым и переносным – глагольных категорий времени, наклонения, лица…» [3, с. 26].

Литература

1. Теория функциональной грамматики. Темпоральность. Модальность. (под ред. Бондарко А.В.) - Л., 1990 -

2. Bybee J., Perkins R., Pagliuca W. The Evolution of Grammar (Tense, Aspect, and Modality in the Languages of the World) - Chicago and London, 1994 – 398 с.

3. Виноградов В.В. Русский язык: (Грамматическое учение о слове). – М., 1972 – 640 с.

Түйін

Осы мақалада автор келер шақ мағыналарының семантикалық ерекшеліктерін талқылайды. Ерекше назар келер шақ мағыналарының семантикалық топтауына аударылады.

Summary

The article dwells on the problem of semantic analysis of future meanings. The author provides the classifications of semantic groups of future meanings.

ЛЕКСИКА И ФРАЗЕОЛОГИЯ



Бакитов А.Т.
Алматы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ МӘДЕНИЕТТЕРІНІҢ КОНЦЕПТІЛІК ӨРІСТЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕР

Қай халықтың болса да қоршаған ортаға, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі қажеттіліктерге байланысты санасындағы ойы, ұғымы тілі арқылы жарыққа шығатыны қазіргі тіл білімінде антропоцентристік бағыт арқылы дәлелденуде. Шындық болмысты әлемнің тілдік бейнесі түрінде түсіндіру - тіл білімінде өзекті мәселе, өйткені бұл мәселе адам тілінің басты қасиеті болып табылатын антропоцентризммен тығыз байланысты. Басқаша айтқанда әлемнің тілдік бейнесінің өзегі - адам, адамның тілдік бейнесі, оның мінез – құлқы, оның өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы. Осыған байланысты этномәдени мұра, ұлттық таным негізінде жасалған айшықты тұжырым ретінде фразеологиялық тіркестерді зерттеудің мәні зор. Қандай да бір тілге зерттеу жасағанда тек тілдік деректермен ғана шектелмей, тілдік бірліктерді зерттеу барысында этнографиялық, тарихи, философиялық, фольклорлық, мәдени және т.б. деректермен ұштастыра кешенді зерттеу жүргізу қажет. Өйткені халықтың жадында сақталып бүгінгі күнге жеткен, өзіндік ұлттық нақыш-бояуы бар тілдік бірліктер, фразеологиялық тіркестер экстралингвистикалық факторлармен байланысты болады.

В.А. Маслованың пікірінше, когнитивтік тіл білімі мен этнолингвистикада «стереотип» ұғымы тіл мен мәдениеттің мазмұндық жағына жатады, басқаша айтқанда дүниенің әлемдік бейнесімен логикалық арақатынаста болатын менталды түсінік ретінде түсіндіріледі. Адамның өмір бойы күнделікті кездестіретін заттар, құбылыстар туралы заттық бейнелі эталондық түсініктері ақиқат шындықты көрсететін белгілі бір тұрақты әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады [1, 69 бет].

О.В. Белова Ресей тіл мамандары нысананың мәдени тілдік мәдениет бейнесін құрайтын қалыптасқан шартты семантикалық және формалды құрылымдарды стереотиптер қатарына жатқызып, лингвистикалық зерттеулер шеңберінде стереотипті тілдің екі түрлі қабатына, атап айтқанда, формалды (фразеология, тілдік клишелер, және т,б.) немесе семантикалық (тілдік бірліктердің негізгі/алғашқы мағынамен қатар жүретін мағыналық коннотациялары) қабаттарына қатысты зерттейтіндігін атап көрсеткен [2, 3 бет].

Француз тіл білімінде стереотипті ой стереотиптері және тілдік стереотиптері деп екі түрлі категорияға бөліп қарастыру қалыптасқан. Француз лингвисті Шарлот Шапираның (Charlotte Schapira) айтуынша, ой стереотиптері белгілі бір ұлтқа тән наным-сенімдерді, ырымдарды, салт-жораларды, жалпыға ортақ қабылданған көзқарастарды, түсініктерді қамтиды. Стереотиптік түсініктердің, наным-сенімдердің, салт-жоралардың, т.б. кейбіреулері фразеологиялық тіркестерде көрініс тауып, тілде бекиді. Олар құрамына енетін компоненттерді өзгертуге болмайтын тұрақты тіркестерге айналады. Бұндай тұрақты тіркестер тілдік стереотиптер болып табылады.

Француз лингвисінің айтуынша, тілдік (лингвистикалық) стереотиптер дегеніміз «...sont des expressions figйes, allant d'un groupe de deux ou plusieurs mots soudйs ensemble a des syntagmes entiers et mкme a des phrases <бір синтагмаға енетін, тіпті кейде фразаларға енетін екі немесе бірнеше сөз тобынан құралған тұрақты тіркестер болып табылады>» [3, 2 бет]. Лингвистикалық (тілдік) стереотиптер ой стереотиптерін жасырын (имплицитті) түрде және эксплицитті түрде білдіре алады.

Біз В.А. Маслованың, Шарлот Шапираның, О.В. Белованың стереотип туралы ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып, тілдік стереотип ақиқат шындықтың белгілі бір затына, құбылысына қатысты пайымдау ғана емес, бірнеше сөзден құралған кез келген тұрақты сөз тіркестері деп ойлаймыз. Бұл мақала шеңберінде тілдік стереотиптер ретінде қазақ және француз тілдеріндегі кеңістік және мезгіл мәдени концептілерін білдіретін фразеологиялық тіркестер зерттеледі.

Халықтың когнитивтік тәжірибесінің қалыптасуына әсер ететін ұлттық тілдің «концептілік өрісі» ұғымына келетін болса, ғылыми қолданысқа Д.С. Лихачев енгізген «концептілік өріс» термині контрастивтік ізденістер үшін өте маңызды, себебі контрастивтік лингво-мәдени талдаудың басты нысаны ретінде біз қос тілде сөйлейтін адамның ұлттық концептілік өрісінің фрагменттерін таңдаймыз. Сөз, сөздің мағынасы, бұл мағыналардың концептілері өздігінен өмір сүре алмайды, олар адамның белгілі «идеоөрісінде» өмір сүреді. Осыған байланысты Е.Ф. Тарасовтың айтқан пікірін келтірген орынды. Ғалымның айтуынша, «тіл өздігінен білімді сақтай және басқаға бере алмайды. Білімді тек адамдардың өздері ғана сақтай алады және келер ұрпаққа қалдырады» [4, 5].

Орыс тілінің сөз байлығын зерттеп, анықтай келе, Д.С. Лихачев төрт түрлі деңгейді атап көрсетеді: 1) сөздік қор деңгейі; 2) «мағына

байлығы, мағыналық реңктері, сөз қолданымының әртүрлілігі» деңгейі; 3) жеке концептілер деңгейі; 4) концептілік өрістер деңгейі [5, 7].

Кез келген ұлт тілі концептуалдық өрісте өмір сүреді. Бұл өріс әрқашанда үздіксіз байып отырады. Д. С. Лихачевтің пікірінше, кез келген адам концептілерді таратушы болып табылады және ол контекстке, мәдени тәжірибеге байланысты концептілерді түсінеді, адамның сөйлеу әрекеті концептілік өріспен анықталады [5, 8]. Екі немесе бірнеше ұлт өкілдерінің арасындағы коммуникативтік қарым-қатынас барысында олардың бірін – бірі түсіну немесе түсінбеу үдерісі әр ұлт өкілдерінің концептілік өрістерінің қаншалықты сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Адамның индивидуалдық мәдени тәжірибесі, білімі, біліктілігі және т.б., яғни адамның барлық когнитивтік тәжірибесі оның концептілік өрісіне кіреді.

Әр мәдениеттегі әлем үлгісі кеңістік, уақыт, мөлшер (өлшем), себеп, тағдыр, сан - әмбебап концептілері мен мәдениет константтарынан құралады. Әмбебап концептілердің бар болуына қарамастан, әр халықта концептілер арасындағы тек оған ғана тән, ерекше қатынастар кездеседі, бұл ұлттық дүниетаным мен әлемді бағалаудың негізін қалайды. Тіл өкілдері жасаған және адамдардың жадында сақталған концептілер тілдің концептілік өрісін құрайды. Д.С. Лихачев: «Ұлттық тілдің концептілік өрісі қаншалықты бай болса, ұлттың барлық мәдениеті-оның әдебиеті, фольклоры, ғылымы, көркем өнері соншалықты бай болады, ол ұлттың барлық тарихи тәжірибесімен сабақтасады», - деп атап көрсетті [5, 30].

Жоғарыда атап өткеніміздей, уақыт, кеңістік және сан маңызды мәдени концептілер болып табылады, бұлардың көмегімен қандай да бір этнос өкілдері әлемді қабылдайды және оны жасайды. Адам кеңістік пен уақытта өмір сүреді, барлық іс әрекетін жүзеге асырады, барлық зат, құбылыс кеңістікте жүзеге асады.

Дүйсекова К.К. өзінің ғылыми еңбегінде : «тілдегі «кеңістік» концептісі мен геометриядағы (физикадағы) «кеңістік» концептісі әр түрлі концептер екендігін атап айту қажет. Тілде «алыс» пен «жақын» ұғымдарын субъективті түрде анықтауға болады, мысалы: *Қазақтың мына тұрған жер дегені үш күндік жер,* геометриялық кеңістікте басқа нақты өлшемдік көлемдер бар... Кеңістік материяның тұрмыс формасының негізін қалаушы кілт атрибут болып табылады, бұл адам бірінше кезекте қабылдайтын және концептуалдайтын реалийлердің бірі» [6, 189] деп атап көрсетеді.

Кеңістік және кеңістіктік қатынастар тілі қоршаған әлемді зерделеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Әр халықтың кеңістікті қабылдау ерекшелігі сол халықтың мәдениетінің, өмір сүретін табиғи ортасының, айналысатын шаруашылығының, өмір сүру салтының ерекшеліктерімен анықталады.

Г.И.Исина кеңістікті қабылдау туралы ағылшын қоғамына тән стереотиптік түсініктер туралы: «...еуропалық өркениет өкілдері «тікбұрышты әлемде» өмір сүреді – оларды, әдетте геометриялық формада болатын, жасанды қондырғылар қоршап тұр, олардың көздеріне үнемі тіке сызықтар, қиындылар, түседі, сондықтан да олар үшін оларды өлшеумен және теңеумен айналысу оңайырақ болып табылады...»-деп атап көрсетеді [, 28].

К.К.Дүйсекова: «кеңістік-әмбебап категория, шынайы әлемде кеңістіктен тыс, өзінің орналасқан орнынан тыс ешнәрсе болмайды, сондықтан да кеңістік концептісінің негізгі семалары ретінде «орналасқан орын» семаларын ұсыну әділ болып табылады. Онда бұдан басқа нақты белгілер айқырша бөлінеді, мысалы бақылаушыдан алшақтық, ол өз кезегінде абсолютті алшақтық, яғни нақты белгіленген алшақтық, мысалы: *қол созым жерде, бөрік тастам жерде, таяқ тастам жерде, қарыс аттам жерде, бір қадам, иек артым жер, иек астында, қарға адым жер, қозы көгеніндей жер,* және салыстырмалы алшақтық, яғни белгісіз алшақтық болып екі топқа бөлінеді. Фразеологиялық тіркестердің бірінші түрінде кеңістікте орналасудың, орналасқан орынның алшақтығын немесе жақындығын нақты өлшеу және бағалау семасы актуалдендірілсе, фразеологиялық бірліктердің екінші түрінде кеңістікте орналасуға, орналасқан орынға қатысты белгісіздік семасы актуалдендіріледі, мысалы *адам аяғы баспаған жер, жердің түбі, жеті дарияның ар жағы, ит арқасы қиында, алты қабат аспанның ар жағы, жеті қабат жер асты, су құрдым жер* - деп атап көрсеткен [8, 26].

Қазақтар мен француздарға ортақ заңдылық екі халықтың да кеңістіктік қатынастардың бірдей принциптерін негізге алатындығы, әсіресе алшақтықты, арақашықтықты білдіру үшін адамның дене мүшелерін өлшем жүйесі ретінде қолданатындығы болып табылады. Дегенмен де салғастырыла зерттеліп отырған екі тіл арақашықтықты соматизмдерді қолданып өлшеудің өздеріне тән жүйесін, дене мүшелер типологиясын қолданады. Мысалы, қазақтар *қол, аяқ, көз, иек* секілді дене мүшелерімен байланысты арақашықтыққа, алшақтыққа қатысты соматикалық түсініктерге сүйенсе, француздар *мұрын, сақал, мұрт, саусақ, шынтақ* секілді соматизмдерді жиі қолданады. Бұл айтылған

ойды қазақ және француз тілдерінде кездесетін фразеологиялық тіркестер дәлелдейді. Мысалы: қаз.т.: *қол созым жерде, көз жетер жерде, иек астында, қарыс аттам жерде;* франц. т.: *au nez et a la barbe <мұрын мен сақал астында>, sous le nez <мұрын астында>, sous le coude <шынтақ астында>, a deux doigts <екі саусақ>, sous la moustache <мұрт астында>* [8, 28].

Мәдениеттің кеңістіктік коды соматикалық кодпен етене байланысты болып келеді, себебі көптеген антропоморфты метафоралар (бастапқы кезде соматикалық кодқа жатқандар) кеңістікті бөлшектеуді, адамның кеңістік туралы түсініктерін білдіре отырып, кеңістік кодына қызмет етеді [9, 235]. Соматикалық кодтың мәдениеттің кеңістік кодымен етене кірігіп, адамның кеңістікке қатысты түсініктері мен қоршаған орта құрылымын анықтауын мысалдармен қарастырайық: қазақ тілінде: *Қол созым, бір адым, көз жетер жер, иек астында және т.б.* француз тілінде: *sous le nez <мұрын астында>, sous le coude <шынтақ астында>, sous la moustache <мұрт астында>.*

Енді адам жасаған әлемнің кеңістіктік үлгісіне, басқаша айтқанда адам мәдениеттендірген кеңістікке тоқталатын болсақ, қоршаған ортаны мәдениеттендіру адамның «өзімдікі – өзгенікі» категориясын саналы түсінуімен, кеңістікті «өзімнің» әлемім және «өзгенің» әлемі деп бөлумен бірге жүзеге асады [9, 236].

В.Красных өзінің ғылыми еңбегінде әлемнің жалпы құрылымын төрт түрге бөліп түсіндіреді:

1. «Адамның *ішкі әлемі*, адамның өз ішінде болатын және тәндік шекаралармен шектелетін нәрселер; бұл жерде мәдениеттің соматикалық коды өте маңызды болып табылады, өйткені көне заманнан бері кеңістікті өлшеудің әмбебап бірліктері адам денесінің параметрлері болып табылады; Ғалымның айтуынша, «ішкі әлем тәндік қабаттың ішінде болады, ойлардың, сезімдердің, эмоциялардың және т.б. орны болып табылады. Бұнда адамның әр түрлі дене мүшелері ерекше рөл атқарады...»;

2. Адам денесіне қатысты сыртқы әлемнің фрагменті, бұл адамның «жеке меншігі» болып табылады, ол адамның жеке тұлғалық кеңістігіне енеді, сөйтіп *жеке тұлғалық аймақты* құрайды. Жеке тұлғалық аймақ, біріншіден, адамның қолы жетер аймақ болса, екіншіден, жеке тұлғалық аймақтың маңызды өлшемінің бірі қадам болып табылады;

3. Жеке тұлғалық аймақ шегінен шығатын, бірақ *жақын, өзінікі, туған* болып есептелетін сыртқы әлем фрагменті; Жақын, өз, туған әлем ең алдымен тарихи тұрғыдан өз туған жерімізбен байланысты. Өз әлеміміздің шекарасынан тыс өзге әлем басталады;

4. *Өзге, жау, қас* ретінде қабылданатын және есептелетін сыртқы әлем фрагменті» [9, 236].

Дүние жүзіндегі кез келген халықтың төлтума мінез-құлқының, ұлттық сана-сезімінің, дүниетанымының қалыптасуына өзі өмір сүретін геоортасы, айналысатын шаруашылығы айтарлықтай маңызды ықпал ететіндігі белгілі. Мал шаруашылығының қазақ халқының өмірінде маңызы өте зор.

Д.С.Раев: «Қазақтың тарихи өмірі мыңдаған жылдар бойы көшпенділікпен өткені белгілі. Сондықтан қазақтың өмір тәжірибесі, наным-сенімдері мен таным-түсінігі, дүниетанымы, этикалық санасы осы көшпенділік тіршілікпен, әсіресе, мал шаруашылығымен тікелей байланысты болады» деп атап көрсеткен [10, 42-43]. Қазақ халқы төрт түлік малдың атауларын арақашықтықты, өлшемді білдіру үшін де қолданған. Бұған дәлел қазақ тілінде көп кездесетін төрт түлік мал атауларымен байланысты пайда болған халықтық өлшемді білдіретін фразеологизмдер: *ат жетер жер; ат шаптырым жер, қозы көш жер, түйенің тұяғы түскен жер, ат жетпес жер; желі бойы; тай тұяқ алтын; тай тұяқ күміс; ат басындай алтын; атан жетпес жер; ат басындай; ат тұяғы жетер жер; ат бойы; бес биенің сабасындай; бие бауындай жер; ат адым; тай ізіндей; тай шаптырым; құнан шаптырым;*

Ж.Д.Байтелиева қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестерді тақырыптық топтарға жіктеп, олардың уәжділік сипатын, этнолингвистикалық табиғатын экстралингвистикалық факторлар арқылы айқындай отырып, жылқы малына қатысты қалыптасқан өлшем бірліктерін білдіретін фразеологизмдерді үш топқа топтастырған:

«1) *уақыт, мезгілдік мөлшерін білдіретін фразеологизмдер*: жылқы тұсар кез; бие сауымдай уақыт; ат қара тіл болғанда; бие байланған кез; бие ағытар кез т.б.;

2) *сан мөлшерін білдіретін тұрақты тіркестер:* бір үйір жылқы; бір қос жылқы; бір желі құлын; бір тай, бір тайпа ел; үйір-үйір жылқы; тайлы тұяғымен; алалы жылқы, ақтылы қой; салт атты сабау қамшылы; қоралаған қой, қостаған жылқы т.б.;

3) *қашықтық, көлем, аумаққа байланысты фразеологизмдер*: ат шаптырымдай жер; ат жетпес, атан жетпес жер; ат басындай; ат тұяғы жетер жер; ат бойы; бес биенің сабасындай; бие бауындай жер; ат адым; тай шаптырым; құнан шаптырым; ат жетер жер; ат жетпес жер; желі бойы; тай тұяқ алтын; тай тұяқ күміс; ат басындай алтын; тай ізіндей т.б.» [11, 68].

Ж.Д. Байтелиеваның айтуынша, «өткен ғасыр мен осы ғасырдың басында біздің көшпенді өмірімізді зерттеген кейбір оқымыстылардың деректерінен халық арасында 20-25 шақырым жерді-*ат шаптырым жер,* 8-10 шақырым жерді-*құнан шаптырым жер*, 5 шақырым жерді-*тай шаптырым жер* деп шамалап айту кеңінен таралғанын біле аламыз» [11, 68].

Бастапқыда мәдениеттің соматикалық кодына жатқан антропоморфты метафораларда жүзеге асатын кеңістік коды уақыт кодымен де тығыз байланысты болады. В.Красныхтың айтуынша, «біріншіден, кеңістіктік қатынастар уақыттық қатынастармен сабақтасады. Бұл кеңістікті мәдениеттендіру уақыт категориясын танып түсінуден бұрын орын алғандықпен түсіндіріледі. Екіншіден, кеңістік пен уақыт адам санасында тығыз байланысты... Бұған қоса кеңістікті уақыт бірліктерінің көмегімен өлшеуге болса, уақытты кеңістік бірліктерімен өлшеуге болады [9, 240]. Мысалы: қазақ тілінде: *екі-үш сағаттық жер, екі күндік жер және т.б.* француз тілінде: *deux heures de routes <екі сағаттық жол>, a deux pas d'ici <бұл жерден екі адым>*.

Әр халықтың мәдениетінде уақыт ұғымы және оны өлшейтін бірліктер тарихи, табиғи, географиялық, әлеуметтік, тұрмыстық ерекшеліктерге байланысты ұлттық мәдени реңкті болады. Қазақ тілінде уақытты ұғымы, біріншіден табиғи құбылыстарға, жыл мезгілдердің өзгеруіне, байланысты өлшенсе, екінші жағынан адамның жас кезеңдеріне, үшіншіден, көшіп-қону мезгілдеріне, тарихи, мәдени оқиғаларға етене байланысты болып келеді. Мысалы: *күн төбеге қонғанда, күн арқан бойы көтерілгенде, бесін ауғанда, ана сүті аузынан кетпеу, жас ауыз, бесік табы арқасынан кетпеу, ат жалын тартып міну, өз қолы өз аузына жету, Пайғамбар жас, көне көз, көпті көрген, ыстық-суықты көп көрген, Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама және т.б.*

Француз тілінде де мезгілдік мөлшерін білдіретін фразеологиялық тіркестер негізінен күнге, табиғи құбылыстарға, тарихи кезеңдер мен оқиғаға байланысты жасалады. Мәселен, *au lever du soleil <күн шығып келе жатқанда, таң атып келе жатқанда>, au coucher du soleil <күн ұясына батып бара жатқанда>, vieux comme Hürode <әлем секілді көне>, entre chien et loup<ымырт жабылған кезде, қас қарайған кезде>*.

Фразеологизмдер антропометрикалық принципке (адамға бағытталған ұстанымға), атап айтқанда «адам - барлық заттардың өлшемі» деген ұстанымға негізделіп қалыптасатындығы белгілі. Адам кеңістік пен уақытта өмір сүреді, барлық іс әрекетін жүзеге асырады, барлық зат, құбылыс кеңістікте жүзеге асады. Бұл принцип ақиқат шындықты сандық және сапалық тұрғыда қабылдауда бағыт бағдар

беруші қызметін атқарушы стереотиптерді қалыптастыруда көрініс табады. Басқа сөзбен айтқанда, стереотип қандай да бір қоғамдағы адамдардың әрекетін, мінез ― құлқын өлшейді. Лингвистикалық стереотипке айналу үшін кез-келген наным-сенім, түсінік, бейне, жалпыға танымал көзқарас белгілі бір тілдік формаға ие болады да, сол формамен тілде сақталады. Лингвистикалық стереотиптерде ұлттың қоршаған орта, белгілі бір құбылыс, зат туралы қалыптасқан ой – пікірі жатыр деп ойлаймыз, сондықтан да олар тілдің дамуының белгілі бір кезеңіндегі ұлттың менталитетін, дүниетанымын көрсете алады.

Әдебиеттер

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Мн.: Тетра Системс, 2004. – 256 с.
2. Белова О.В. Этнические стереотипы по данным языка и народной культуры славян (этнолингвистическое исследование) / автореферат диссертации на соискание ученой степени д.ф.н., Москва, 2006
3. Charlotte Schapira, Les stйrйotypes en fransais : proverbes et autres formules. - Editions Ophrys, 1999. – p.172
4. Тарасов Е.Ф. Язык как средство трансляции культуры // Фразеология в контексте культуры. –М., -1999.- с. 37
5. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность: Антология. М.: Academia, 1997, с.28-37
6. Дуйсекова К.К. Фразеологическая картина мира французского и казахского языков (концептуально ― лингво―культурологический опыт исследования), диссертация на соискания науч. степ. доктор.филол.наук., ― Алматы, 2006. – 263 стр.
7. Исина Г.И. Стереотипы и национальная языковая картина мира, автореферат диссертации на соискания науч. степ. доктор.филол.наук., ― Алматы, 2007. – 51 стр.
8. Дуйсекова К.К. Фразеологическая картина мира французского и казахского языков (концептуально ― лингво―культурологический опыт исследования), автореферат диссертации на соискания науч. степ. доктор.филол.наук., ― Алматы, 2006. – 44 стр.
9. Красных В. Этнопсихолингвистика и лингвокультурология: Курс лекций. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2002. – 284 с.

10. Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау.- Алматы: «Ценные бумаги», 2001. -228 б.
11. Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі, Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, — Алматы, 2007. – 176 бет.

Резюме

В данной статье автор рассматривает понятие «концептосфера» и выражение национально-культурных стереотипов во фразеологизмах казахского и французского языках.

Summary

In this article the author examines the concept of "conceptual sphere" and the expression of national – cultural stereotypes in the phraseological units of Kazakh and French languages.

Байсарина Ж.С.
Семей

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮР-ТҮС ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Табиғаттағы түр-түстің барлығы әрқашан да бір заттың, құбылыстың түрін, түсін, өң реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектелмейді. Сонымен қатар түр-түс атаулары мүлдем түр түске қатысы жоқ, не одан бүгін де тым алыстап кеткен ұғым түсініктерді, мән мағыналарды білдіреді. Солардың бірі түстердің символикалық табиғаты.

Символика о бастан көне гректердің символ сөзінен шыққан, бүгінде әртүрлі идеяны, түсінікті, ұғымды, ойды, сезімді, іс-әрекетті білдіретін шартты белгілердің жиынтығы. Түр-түстердің қоғам өмірінде, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпында, салты мен санасында, белгілі этностың, тіпті жеке адамдардың түсінігінде де осындай символикалық мәні барлығы байқалады.

Түр мен түстің мәдени көздерін ашу арқылы ежелгі адамдардың шығармашылық даму үрдісін ғана емес, дүниетанымын, әлемді бейнелеп көру, тану түсінігінің кілтін аша аламыз. Осы тұрғысынан Ресей ғалымы И. А. Подюков былай дейді: "Символика цвета в народной фразеологии

последовательно связана с глубоко укорененными в народном сознании цветовыми универсалиями, устойчивыми, заданными культурной традицией семантическими характеристиками того или иного цвета. Как и другие традиционные символы, цветообозначения во фразеологии могут быть применены "напрямую", без специальной сюжетной детализации, могут актуализировать в составе устойчивого выражения свою архаическую амбивалентность" [5].

Табиғатта кездесетін әр алуан түстің барлығы әрқашанда заттың, құбылыстың түрін-түсін анықтаумен шектелмейді. Олар көбінесе мүлдем түске қатысы жоқ, ұғым түсініктерді, мағыналарды білдіре алады. Мұндай мағыналарды символдық мағыналар деп атайды.

Түр-түске байланысты символикалық наным-сенімдер барлық халықтарда кездеседі. Сондықтан да олардың жалпы, ортақ қасиеттерімен қатар, ерекшеліктері де баршылық. Түр-түс символикасын салыстыра, салғастыра қараудың біз үшін қызықты жағы да, осы ерекшелікпен байланысты болса керек.

Түр-түс символикасын, яғни түр-түстердің шартты түрдегі символдарын, қолдану шеңберіне, тақырыптық мағыналық, ұлттық, психологиялық, физиологиялық, тілдік, тағы да басқа ерекшеліктеріне қарай өзара бірнеше топтарға: түр-түстің ұлттық, халықаралық символикасы, әдет- ғұрыпқа байланысты символикасы, геосимволика т.б. бөліп қарауға болады.

Әрбір халық, этностық топ түстердің белгілі бір түрлеріне белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді балауға, оларға өзіндік мән мағына беруге тырысады.

Мәселен, түстердің номинативтік мағынасынан мүлдем басқа субстантивтік, яғни заттық, материалдық, абстракты ауыспалы мағынада дамып, олардың тұрмыста қолданылу шегі кеңеюде. Ақ «тазалық, әділеттік, мейірбандық, бейкүнәлік, пәктік, көңілді өмір салты, ағынан жарылқау, алғашқы адал ниет» т.б. мағына берсе, қара «қайғы қасірет, ауыр тұрмыстың тауқыметі, қаталдық, қатыгездік» мағыналарын береді.

Зерттеуші А. Диваевтың еңбектерінде қазақ дәстүрі бойынша қара, ақ, қызыл түстердің қазаға байланысты синкретикалық қолданысының болғанын көреміз. Бұл түстердің бәрі қазақ өмірінде қайғылы қазаның, қара тұтынудың символы болып келген, осы түстерге боялған мата, киім, жиһаздар мен тұрмыстық бұйымдардың бәрі де символдың атрибуттары болып саналған.

А. Диваеваның жазуынша ертеректе күйеуі өлген қазақ әйелдері бастарына қара және қызыл түсті орамал, желең жамылған.

Қайғылы қаза символы ретінде кейбір жерлерде ақ түсті де пайдаланған. Мәселен, күйеуі, не жақын туыстары өлген әйел үстіне қара түсті көйлек киіп, басына қара орамал жамылған, ал кей жерлерде ақ жамылу салты да болған. Осыған орай Ғ Мүсірепов өзінің «Жат қолында» романында: «Қара күйік пештер қара жамылған әйелдерді еске түсіреді. Игіліктің әйелі Айғайшаның осындай бір кезеңін көрген бар еді. Мына қара жамыландардың бірі сол Айғайша болып шыға келмесін....» деп суреттесе, осы шығарманың енді бір жерінде ; «Назыкеш басына ақ жамылып отыр. Қазақ әйелінің басына қара жамылғаны осы: ақ жамылады...» Оң жақ қабырғаға шымылдық құрылыпты. Бұл да қаралының белгісі. Шымылдық ішінде әрине өлік жатыр» деп жазады. Сонда қазақтар үш түсті қара, қызыл, ақ түсті қайғылы қазаға, азаға байл қолданғандығы ғой. Мұндай құбылысты ғылыми тұрғыда символикалық синкретизм дейді.

Қазақ тіліндегі түр мен түстің тілдегі көрінісін зерттеген ғалымдар Ә. Қайдар, З. Ахтанбердиева, Б. Өмірбеков мынандай ғылыми пікір айтады: "Қазақта "әр елдің заңы басқа, иттері - қара қасқа" деген мәтел бар. Оны жеке адамдар мен қауымның түр-түске әртүрлі көзбен қарайтынына байланысты айтуға болатын сияқты. Ол орыс тіліндегі "На вкус и цвет товарища нет" деген мақалымен де астарлас. Өмірден алынған бұл екі нақылдан "әр елдің, әркімнің өз талғамы, өзі ұнататын түрі мен түсі бар" дегенді аңғаруға болады" [2].

Қай тілде болмасын түр-түске байланысты фразеологиялық бірліктер сын есімге қатысты болып келіп, фразеологизмдердің барлық қасиетіне ие болатыны анық: тұрақтылығы, мағыналық тұтастығы, ауыспалы мағыналығы және бейнелілігі. В.П. Жуков «Фразеологизмнің белгілерінің бірі оның ішкі мазмұнын сипаттаса, басқалары оның формасын көрсетеді». Айырма белгілері - оның мағыналық тұрақтылығы мен сөзбен құрылымдық байланысы болып табылады деп пайымдайды [1].

Сын есімді фразеологизмдерге төмендегі тіркестерді жатқызуға болады: ақ құба ару, қызыл бұрыш, қара күйе, қоңыр күз, *yellow press* «дөрекі газет», *«red blood»* батылдық, жау жүректілік, *«a blue stocking»* әйелге тән нәзіктіктен айырылған тақуа адам, *«a white crow»* тайға таңба басқандай, анық, *«a black sheep»* шіріген жұмыртқа «жанұяның қара беті, масқарасы», *«black ingratitude»* рақымсыздық, қанағатсыз, *«a black mark»* жаза, сөгіс тіркестері және де XX ғасырда пайда болып, тілімізде қалыптасқан тіркестер: көгілдір экран, жасыл ел, *«black market»*, қара сауда (заңсыз сауда), *«yellow sheet»* әдепсіз, дөрекі газет .

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизм құрамындағы көптеген түр-түс символдары сын есімдік қасиетінен айырылып, мағыналық өзгеріске ұшыраған. Мысалы, ақ иық, ақ сөз, көк көз, қара көз қазақтың қыздары, қызыл тіл, сұрғылт ой, сары уайым, ақ түн \ұйқысыз түн\ сары ауыз, көк жалқау, blue joke «әдепсіз әзіл», blue language «қарғыс тіл», blue film «әдепсіз, анайы фильм», black thoughts «зұлым ойлар», т.б. тіркестерде сын есім реңктік белгісін жойғанымен, зат есім өзінің денотативтің мағынасын сақтап қалады. Ал «көзі көгеру, ақ безер де, көк безер, көздің ағы мен қарасындай, ақ дегені - алғыс, қара дегені - қарғыс, like a red rag to a bull «ашуландуру», put in the red «тақырға отырғызу», be in the black «кірісі молаю», till all is blue «шексіз», disappear into the blue «суға батып кеткендей зым-зия жоқ болу» т.б. тіркестердегі сын есімнің толығымен реңк белгісін және басқа да компоненттер тура мағынасын жоғалтып тұр. Бұл өзгерістер негізі екі процесстің әсерінен болып тұрғанын айта кеткен жөн: метафоралық және метонимиялық, олар фразеологизм құрамындағы түс компонентін семантикалық өзгеріске ұшыратып тұр.

Қазақ тілінде түр мен түс атауларының тура номинативтік мағыналарына қарағанда олардың ауыспалы, қосымша, символға айналған мағыналары басымырақ болып келеді. Бұл категория тілдің ұзақ даму тарихында қалыптасып, қолданыс дәстүріне айналған тілдің құдіреті мен қасиетінің көрінісі болып табылады. Лексикографиялық деректерден жиналған материалдарды талдау - түр мен түстің номинативтік мағынасы мен коннотативтік ағынасының арасында кейде байланыс байқалса, ал кейбір жағдайда о бастағы семантикалық байланыстың үзілгенін дәлелдейді.

Бұл мағыналардың логикалық байланысы метафора, метанимия, синекдоха, гипербола, полисемия және тағы басқа тілдік зандылықтарға байланысты болса, ал семантикалық байланыстың үзілуі - логикалық абстракция негізіндегі әлемді салыстыра, салғастыра танудың нәтижесі.

Тілдегі фразеологизмдердің қалыптасуындағы метафоралану, яғни коннотативті ұғымдарды нақты бір денотатқа сай ерекшелендіру болып келеді. Метафораның анықтамаларының барлығы дерлік Аристотельдің пайымдауына негізделеді: Метафора дегеніміз өзгеше, ерекше атауды түріне немесе пішініне қарап, заттарды, құбылыстардың өзара ұқсастығына қарап мағынасының ауыс мәндес келуі. Мысалы, yellow press «дөрекі газет», yellow сын есімі метафораланып, press сөзін сипаттап, бағалап оның түп мағынасын сақтап тұр.

Метафоралану әсерінен туындаған бірқатар фраземалар адамға, ұлттық мәдени ерекшеліктерге байланысты туындап отыр. Белгілі бір

ұлттың дүниені тануымен метафораның өзара байланысы бірқатар ғалымдардың И.Левенберг, Дж. Лакофф пен М. Джонсон, Е.О. Опарина, В.Н.Телия, Н.Д.Арутюнова еңбектерінде көрсетілген. Е.О.Опаринаның пайымдауынша, метафора дегеніміз «тілді ойлаумен және мәдениетті ұлттық ерекшелікпен байланыстырушы түйін». Метафораның адамның тарих мен мәдениетпен байланысын көрсететін мынадай мысалды қарастып көрелік: white man «адал, парасатты адам» тіркеінде ақ ауыс мәнде тұр. Бұл мысал «Үлкен Оксфорд сөздігінде»: "*The person ...was one of the whitest men I knew"* - бұл адам мен білетіндердің ішіндегі ең парасаттысы (M. Twain, "Sketches"). Ұлттық мәдени мәндегі «*white elephant»* (ақ піл) ауыр сыйлық, масыл, «*blue blood»* ақ сүйек тұқым, «*white crow»* тайға таңба басқандай, анық мысалдарында фразеологиялық тіркестің екі компонені де метафораланып семантика жағынан бүтін және бөлінбейтін тіркес болып тұр.

Метафораға көбінесе гиперболалық қасиет тән. О.С. Ахмановаңың айтуынша, гипербола «эмфатикалық қасиетке ие сөз мәнерін әдейі ұлғайтып күшейтетін сөйлеу құралы». Мысалы, «қара мысықтың жолды кесіп өтуі» біреумен ұрсысу, араздасу, жолы болмау; like a red rag to a bull - қатты ашуға кернелуді білдіреді.

Фразеологиялық бірліктердің метонимиялық түріне түс атауының белгілі бір затқа, не құбылысқа ауыспалы мән астарында жасалған тіркестерді жатқызуға болады, мысалы, «*green room»* қанаушылар бөлмесі (бастапқыда аристократтардың бөлмесінің түсі жасыл болған), «*red tape»* бюрократтық былық (Англияның мемлекеттік мекемелерінде, заң кеңселерінде құжаттарды қызыл тоқыма баумен жиектеген), «the red, white and blue» англиялық флот және әскері (тудың түсіне байланысты).

Көркем сөздің көрнекті өкілдері-жырау, ақындар, топжарған шешендер фразеологизмдердің фольклорлық үлгілерін, жалпыхалықтық түрлерін кезінде молынан қолдана отырып, сол модельдер бойынша тұрақты тіркестер жасап, әдеби тілдің құрамы мен қорын байыта түсті. Белгілі бір мақал мәтелдердің модельдері бойынша тізбектер жасау сөз үлгілерде жиі кездеседі. Қазақ тіліндегі *ақ сөз ащы, ғайбат сөз тәтті; көкті тіреуге болмайды, көпті мінеуге болмайды; қара судан май шықпайды, құр сөзден мән шықпайды* оралымдары, А. В. Куниннің «Фразеологиялық сөздігінде» *till all is blue* -таусылмайтын, шексіз; *blacken the picture* – жер көкке сыйғызбай мақтау; *two blacks don't make a white* – біреудің күнәсімен өз кінәсін өтеу, *black as night* – тастай қараңғы, *redden to the roots of one's hair* – қатты ұялу тіркестері, түр-түсті білдіретін сөздермен құрамдас болғанымен, оларда біріншілік мағыналары сақталмағандығын дәйектейді.

Бірқатар түр-түс фразеологизмдері адамға қатысты, яғни оның бет әлпетін, ішкі жан дүниесін, басқаша айтсақ, антропоцентрлік қасиетке тән. Мәселен, екі тілде де түр-түс фразеологизмдерінің қатысуымен, біз адамның барлық қасиеттерін көре аламыз: 1. *сезімге қатысты* (сары уайым, қара бет, қызыл кеңірдек, black as thunder, black as ink, be in the blue mood, to turn green). 2. *адамның қоршаған ортамен байланысына қатысты* (қара күш, сұрғылт ойлар, қара тізім, black purpose, black market, be in the red, be in the black). 3. *адамға сипаттама беруде* (ақ көйлек, ақ маңдай, ақ жарқын, көк етікті, қара ниет, көк есек, қара бауыр, yellow dog, yellow belly, blue blood, a green hand, a white sepulcher). 4. *адамның кәсібіне қатысты* (қара жұмысшы, қара жүздік, қызыл әскер, қара бұқара, blue collar, the boys in blue, red coat, blue force, red cap, black gang). 5. *адамның қоғамдағы статусы мен өзін өзі ұстауына байланысты* (қара қазан бай, қара қасқа кедей, сары тоқым, red officer, yellow press, grey eminence, The Black and Tans, the red-light district).

Демек, түр-түске тән қасиеттің бәрін түр-түс фразеологизмдерінен байқаймыз. Табиғаттағы бар түстің сырын толық, жай сөзбен ажыратып тану бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда жеткіліксіз. Сондықтан осы бір мәселені шешу ісімен бұл күнде ғылымның әр түрлі саласы оптика, физика, физиология, психология, социология, астрономия, метеорология, өнертану, лингвистика, медицина шұғылдануда. Түр-түстің сырымен осыншама ғылым саласының айналысуы - оның табиғатының күрделілігін көрсетеді. Түр-түс фразеологизмдері - қай халықтың болмасын тарихын, салт-дәстүрін, адамгершілік заңдылықтарын, кәсібі мен тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын, ой - жүйесін, жан сарайын бейнелейтін ең қысқа формадағы болмыс пен тұрмыс ережелері.

Түс атаулының фразеологизм құрамында болуы заңды құбылыс. Түс атауларына тән тағы бір ерекшелік: түс атауының номинативтік негізгі мағынасынан гөрі, ауыспалы (метафоралық, метонимиялық), яғни заттық, абстрактылық мағынасында қолданылуы. Түс фразеологизмін тақырыптық жағынан топтастырғанда ғалымдардың анықтағаны адамға байланысты, адамның сырт келбетін, психикалық, физиологиялық ерекшеліктерін, моральдық қалпын, іс-әрекетін, ойлау, сөйлеу қабілетін туыстық қатынастарын адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасына, тән және жан қажеттіліктерін бейнелейтін тіркестер өте мол. Түр-түс әр ұлттың бай, айшықты да сүбелі саласы. Бұл халықтың материалдық, рухани мәдениетінен, әдет-ғұрып, сенім-нанымына байланысты тарихы мен өткен өмірінен елес беретін символикалық категория.

Адамзат қоршаған ортаға, табиғатқа көзқарасы мен оны көру әлемі ортақ болғанымен, кейбір жағдайда оларға көзқарасы, табиғи түстер мен

реңктерді сезінуі мен қабылдауы бірдей бола бермейді. Түр мен түстің дүниетанымдық ерекшелігі этностың, халықтың немесе жеке тұлғаның психологиясымен, сезіну, қабылдау қабілетімен, эстетикалық танымымен, шығармашылық дүниесімен тікелей байланысты.

Әдебиеттер

1. Жуков В.П. Семантика фразеологических оборотов. М., 1978

2. Қайдар. Ә.Т, Өмірбеков Б, Ахтамбердиева З.Т. Сырға толы түр мен түс. Алматы, Қазақстан, 1986

3. Кулинская С. В. Цветообозначеня: национально-культурные особенности функционирования. Краснодар,. 2002

4. Кунин А. В. Большой англо-русский фразеологический словарь. М., Живой язык, 2005

5. И.А.Подюков. Культурно-семантические аспекты народной фразеологии. Автореф на дфн, Санкт-петербург, 1997

6. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы, 1995

Резюме

В данной статье рассматриваются функции, сходства и различия цветообозначения в составе фразеологических единиц в английском и казахском языках.

Summary

This article deals with the functions, semantic differents and similarities of color-symbolism in the structure of phrasiological units in English and Kazakh languages.

Сайбекова Н.У.
Алматы

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ«КӨШПЕНДІЛЕР»РОМАНЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ВАРИАНТТАРЫ

Фразеология – phrasis – орам, сөйлемше, logos – ұғым, ілім деген грек сөздерінен жасалған термин. Бұл атау негізінен екі түрлі мағынада қолданылады, яғни біріншіден, тілдегі тиянақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімінің бір саласы дегенді, екіншіден, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан да болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық

бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өрнектерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс – тіршілігіне, салт – дәстүріне, әдет – ғұрпына, діни наным – сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін, тұрақтылау негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, этнос өмірімен астасып жатқан мызғымас тұтастығымен, этнолингвистикалық, эксталингвистикалық факторлармен қызықтырады. Ал әр типтес тілдегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу - өзіндік тұңғиық сыры бар, қиындығы да, қызығы да мол күрделі жұмыс. Жалпы тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелу тарихының тым әріден бастау алатындығын байқаймыз. Француз фразеологизмінің теориясын құрған Ш. Балли [1;].

Фразеологизмнің мағына бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, құрылым-құрылысы жағынан ұқсас (үйлес) келген түрлері фразеологиялық варианттар деп аталады.Фразеологиялық варианттар екі түрлі болады:

а) фонетикалық вариант

б) лексикалық вариант.

Фонетикалық вариантқа тұрақты сөз тіркесінің құрамына енген кейбір сөздердің бірде жуан, бірде жіңішке, кейде толық, кейде қысқарып айтылуы жатады. Мәселен, ай дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ дегенді әй дейтін әже жоқ,қой дейтін қожа жоқ деп те айта береді.

Мұндағы ай мен әй, ажа мен әже бір-біріне фонетикалық вариант болып есептеледі.Бұлардың екі түрлі болып өзгеріп отыруынан тұрақты тіркестің мағына бірлігіне тигізер ешбір зиян жоқ.Сол сияқты адыра (адырам) қал, әдіре (әдірем) қал деп те айтыла береді. Мұнда бірде жуан, бірде жіңішке, кейде толық (адырам-әдірем), кейде ықшамдалып, қысқарып (адыра-әдіре) айтылып тұрғанымен, тұрақты тіркестің мағынасын өзгертуге ешқандай себеп бола алмайды.Стильдік жағынан да пәлендей тигізер ықпалы жоқ. Сондықтан да бұлар әр басқа фразеологизм емес, бір тұрақты тіркестің екі түрде түрленіп айтылуы деп есептеледі.

Кей жағдайда фразеологизмнің құрамындағы әрбір сөзден әр түрлі варианттар өрбиді. Мысалы: көңілге қуат (медет,медеу) қылды (тұтты,етті);көңілден кір (дақ,дық, кірбің, қаяу, қылау) арылды (ашылды, кетті); көңіл ауды (бөлінді, кетті, құлады); көңіл көншіді(жайланды, тынды, орнықты,демдеді); көңілін жыртты (жықты, қайтарды, қалдырды); көңілі өсті (сергіді, тасыды,шалқыды), кірерге жер (тесік) таппады; қабағы салыңқы (жабыңқы,түйіліңкі, қатулы, қатыңқы);

маңдайының соры бес батпан (бес елі, кере қарыс); мұрттай (қалпақтай, жұлындай) түсті (ұшты) т.б.[2; 197-198]

Лексикалық единицалардың сақтай отырып, әр түрлі құбылыстардың ықпалымен өзінің әдеттегі тұлғасынан өзгеше дыбыстық вариантпен айтылатын сөздер ауызекі тілде өте жиі ұшырасады.Мысалы: сайтаны (шайтаны) ұстау –жыны қозу, ашуы келу, зыта (жыта) жөнелу-тез кету, іштен (іштей тыну-сыр бермеу, тұлан) түлен (тұту) түту-ашулану т.б.

Тұлғалық жағынан осындай дыбыстық өзгеріске түскен сөздер тобы фразеологизмінің фонетикалық варианттарын құрайды.Тіл білімінде оларды дублет сөздер деп атайды. Дублет (франц.тілінде doublet) екі, қос деген ұғымды білдіреді.Ал варианттылықта (латынша-өзгермелі) мұндай шеек болмайды.Дублет сөздер екі сыңардан тұрса, сөздердің фонетикалық варианты екі немесе одан көп кездесе береді (абдыра-әбдіре, қарбыз-арбыз-дарбыз т.б.). Дублеттер мен варианттар мағыналық тепе-теңдіктегі сөздер деп есептелгенімен олардың семантикалық қалыптасу бағытында өзгешеліктер бар. Бұл жөнінде Ә.Болғанбаев «дублет нағыз синонимге барар жолдағы ең жақын баспалдақ, соның (синоним) алғашқы бастамасы, я болмаса синонимдік құбылыстың, қарым-қатынастың соңғы элементі деп қараған бірден бір дұрыс қорытынды сияқты» дейді.Осы орайда, дублеттің синонимдерге бейімділігінен кейде олардың ара-жігін ажырату қиынға түседі.Мысалы: қораз/әтеш/; жалақы/айлық; әзіл/қалжың т.б.

Ал фонетикалық варианттар синонимге айналуы сирек, керісінше мағыналық сарапануы арқылы, басқа мағына, түсінікті білдіретін сөздер көп-ақ. Мысалы: өкімет/үкімет; арыз/арзы; ғылым/ілім т.б. шығу тегі бір, даму нәтижесінде тұлғалық өзгерістерге душар болған, әрі мағыналық дифференциацияға ұшыраған жұп сөздерді айтуға болады.

«Дублет» деген сөз вариант сөзіне синоним болып жұмсалады, алайда екеуінің арасында мағыналық, стильдік айырмашылықтар жоқ емес, «вариант» сөзінің ауқымы кең жатады, өйткені ол барлық жарыспалы өзгерісті қамтиды, ал дублет көбінесе лексикалық семантикалық дәлме-дәлдікті білдіру үшін қолданылады» дейді И.Ұйықбаев.

«Қазақ тіліндегі синонимдер» деген еңбегінде Ә.Болғанбаев дублеттер барлық жерде де бір-біріне ешбір айырмашылығы білінбей тұруы керек.Тап сондай теңбе-тең бірдей жұп сөздер ғана дублет деп танылатындығын айтады.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің фонетикалық варианттары туралы С.Бизақов дублеттер бір сөздің варианттары тәрізді мағыналық тепе-

теңдікті білдіріп, тұлғасының әр түрлі болуымен ерекшеленеді дейді. Сонымен фонетикалық варианттылықтың негізгі шарты-мағыналық тепе-теңдік тек дублет сөздерде сақталатындықтан, сөздердің фонетикалық вариантының орнына синоним етіп дублет сөзін неге алмасқа?.. Вариант жарыспалы өзгерістерді түгел қамтитынын ескерсек, жалпы вариант сөзіне дублет сөзін синоним ретінде қолданылу ұғымға да қайшы.

Фразеологизм ауызекі сөйлеу тілінен бастау алады. Тұрақты сөз тіркестерінің табиғатындағы барлық өзгерістер сөйлеу тілінің ерекшелігіне байланысты. Фонетикалық дублеттер-саны жағынан ең молы, әрі қолдану жиілігі қарапайым сөйлеу тілінің еншісі.[3; 82-83]

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқының бес ғасырға жуық тарихи шежіресі топтастырылған, ең алдымен қазақ халқының ұлт болып қалыптасу жолын, сол жолдағы тауқыметті тарихты, қилы кезеңдерді бүгінгі ұрпақ санасына сіңіруді мақсат тұтқан ұлы тарихи шығарма. Поэтикалық құрылымы аса күрделі өзіндік ерекшеліктері бар біртуар туынды, қазақ тарихи прозасының белгілі кезеңдегі көркемдік жетістіктерінің бірі. Қазақ халқының негізгі ұлттық белгісін, тарихи даму жолын, әрі сол тарихи қалыптасқан кезеңдегі тіршілік тынысын әр түрлі тілдік бірліктерді, яғни тілдегі көркем бейнелі тұрақты тіркестерді қолдану негізінде оқырмандарға таныстырды.

Белгілі-бір ұғымды бір сөзбен де, екі немесе одан көп сөздердің жымдасып келіп, жанама мағынада айтылуы арқылы да білдіруге болады. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н.М.Шанский фразеологиялық оралым тілде жеке сөздің қызметін атқарады дейді. Тұрақты тіркестерге тән ортақ қасиет бұлардың құрамындағы сөздер дараланбай,мағынаның тұтастығы мен бірлігіне бағынышты, әрі тәуелді болады да, бір сөздің орнына жүреді. Мәселен, араға от жақты деген идиоманың мағынасы араздастыру, жауластыру деген ұғымды білдіреді. Бұл ұғым ондағы жеке сөздерден туып тұрған жоқ, сондағы үш сөздің жалпы жиынтығынан шығып тұр.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы фонетикалық варианттарға тоқталар болсақ, мұнда түрлі сипаттағы фразеологизмдердің орын алғанын байқаймыз.

Фразеологияның фонетикалық варианттары мына түрде ұшырасады.

1. Басқа тілдерден қазақ тіліне енген сөздердің басындағы дауыссыз дыбыстардың алдына ы, і, ұ, ү дыбыстары қосылып айтылуына вариант (дублет) сөздер жасалады. Мұны тілде протеза құбылысы дейді.

Мысалы: риза (ырза), ыразы/болу; көңілі толу. Мұндағы «риза» араб сөзі-қанағаттанушылық келісім деген мағынада.

2. Сөз құрамындағы жеке дербес дыбыстардың немесе сөздің бүтіндей түсіп қалуынан-контракциялық вариант пайда болады. Қазақ тіліндегі сөздің ықшам тұлғаға ауысуы үшін буын түрі, сөздің қолдану жиілігі әсері бар.

Сөздің ықшам вариантының қалыптасуына әсер ететін тіл заңдылықтарының ең негізгісі-сөздің айтылу тәсілін барған сайын жеңілдету, жетілдіру бағыты. Атап айтқанда, айтуға ауырлау, бір немесе бірнеше дыбыстың түсіп қалуы, сондай-ақ қайталанып келетін буындардың ықшамдалуы мұның айғағы.

Тіл біліміндегі мұндай фонетикалық өзгерістер түрін-апакопа дейді.

Сөйлеу тілінде қайталана келе түсіп қалатын дыбыстық тұлғаларға мысалдар: өне (өн) бойы; ісі (іс) насырға шабу; тауаны (тауы) қайту (шағылу); сары (сар) уайымға салыну; шарта (шарт) жүгіну; іш құста (іш құса) болу; аузын құр (қу) шөппен сүрту.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романында кездесетін дыбыстық тұлғалар:

Мысалы: қыршынынан қиылу; құса болу; сарғая күту; құр қол келу; зіл сезу; азан-қазан ету; сары уайымға түсу; жігерін құм ету; ізін суытпау; екі елі ажырамау; апшысын қуыру; ырқына көнбеу; сары қарын болу.[4;1-300]

Контракциялық варианттың тағы бір түрі-аферезис-құрамындағы дыбыстардың түсіп қалуы. Кейде мұндай жағдайда мағыналық сарылануына қарай лексикалық варианттарға ұқсап кетеді.Кер ауыз (азу)-қырсық, тілінің ілінгіштігі бар, теріске тартар адам.Бірақ азу (клык)-сөз мағынасында емес, ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Көк аяз (айыз)-борсып, көгеріп кеткен қатқыл шикі зат.Мұндағы «айыз» түркі сөзі «суық» деген мағынада, «аяз»-қазіргі айтылу түрі.

3. Фразеологиялық тіркестің бір сыңары кейде дыбыс өзгерістерінің нәтижесінде мәндес сөздерге айналып кететін тұстары бар.

Мысалы: ұзын арқау (арқау); қырық құрау (құрау); қаршадай (қарғадай) бала; айбат (айбар) шегу; дымы (мысы) құру; ұзақ (ұзын) сонар.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы мәндес сөздерге айналатын фразеологиялық тіркестер:

Мысалы: сыр шығармау; обалына қалмау; шіркеу келтірмеу; дәмесі бар; кір келтіру; көңіліне қуат ету; көз жеткізу; қылау түсу; көңілін ашу; әңгіме шерту; жанына жағу; құнын жоқтау; зәресін алу; мойын ұсыну; сабасына түсу; көзі жету; аяқсыз қалу; көзі ашылу; қара жағу; уысында ұстау; батылы бармау; төсектен тұру; қарасын үзу; тояттану; қабағын шыту; ақылға салу; бауыр басу; су қараңғы болу; бел буу; ноқта үзу; дізе

бүгу; құты қашу; ұршықтай үйіру; беті қайту; қабағын ашпау; тіл табу; хал үстінде жату; салық болмау; қол көтеру; ақ сүтін көкке сауу; тісін қайрау; қыр көрсету; сазайын тарту; бағы көтерілу; көзі ілінбеу; көмейіне құм құйылу; көңілі көншімеу; тасы өрге домалау; бой бермеу; арандау; пұшпағынан іліну; тәжім ету; бауырларына басу; өзегі өртену; сапар шегу; іргесі ыдырау; мысы жеңу; тілі байлану; айылын жимау; еті өлу; құлашын сермеу; қыр соңына түсу; дымы құру; ишарат білдіру; көңілі дауаламау; қаны қашу; батылы бармау; ақылға қанып алу; айтқанын екі етпеу; көзіне шөп салу; бойын жинау; бел байлау; қабағын қарс жабу; айызы қану; ат құйрығын үзу; бет бақтырмау; даңқы жер жару; көңіліне олқы соғу; көзі түсу; райынан қайту; от тастау; сауғаға қию; ғайып болу; шайдай ашылу; араны ашылу; қытығына тию; аузының суы құру; салы суға кету; бас сұқпау; қолтығына кіру; нәр татпау; машық болу; опа табу; назар аудару; нәсілі берік; қиюы келу; көзге түрткісіз.[4; 1-245]

4. Сөздердің жуан не жіңішке айтылуынан фразеологизмнің дублеті пайда болады. Мысалы: Қаннен қаперсіз; адыра (әдіре) қал; ары (әрі) ойланып бері ойланып, екі иығын (иінін) жұлып жеу; мәлім (мағлұм), (мәшһүр) болу; Араб тілінен енген мәлім (мәшһүр) сөздері сол тілдің өзінде синоним ретінде «атақты» деген мағынада жұмсалады.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы фразеологизмдердің дублеті:

Мысалы: бәтуәға келмеу; қаннен-қаперсіз; тізе бүгу; көңілін аудару; делебелері қозу; ұшы-қиыры жоқ; әкей-үкей табысу; адыра қалу; дәтке қуат болу; ұшты-күйлі жоқ болу; мұршат беру. [4; 1-250]

5. Еліктеу мағынасында пайда болған фонетикалық варианттар. Мысалы: елпек (елпең, елпіл) қағу-әрі сақ, әрі тез қимылдау.

Бір ұғымды әлденеше сөзбен айту-тілдің табиғатына тән. Олардың коммуникативтік қызметінің икемділігі сонша, жарыспалы түрде әдеби, ауызекі сөйлеу тілінде де қолданыла береді.

Сөздердің бірнеше вариантты болып келуі норма тұрғысынан қажетсіз де, қолайсыз да болғандықтан, тілдердің дамуы тұрғысынан қарағанда, оған керекті шарттың бірі болып саналады.Өйткені варианттардың қайшылығынан туатын тартыстың нәтижесінде өмірі шолақ, өрісі қысқалары бірте бірте қолданудан шығуға бейімделсе, тілдің мұқтажына қажеті барлары қысқаша қызметтерге ие болып, тіл мәдениетін көтеруге қысқаша үлес қосуға, сақталуға тырысып отырады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің мол байлығын ұқыпты қарап, вариант тұлғаларын мүмкіндігінше әдеби тілдің қажетіне жарата білу-басты мақсат.[3; 83-86]

Қорытындыда айтарым: "Егер ішінде синоним, антоним, сөз вариантары мен дублеттер болмаса, әдеби тіл шаблон, штамптан көз аша алмаған болар еді".Фразеологизмдердегі фонетикалық вариантты сөздердің түрлі стильдік мәнде қолданылып, семантикалық сарылануы контексте берілген ойды айқындап, дәлелдеп, көрсету үшін қажет.

Әдебиеттер

1. http://www.google.com

2. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев.Қазіргі қазақ тілі (Лексика,фонетика) "Мектеп"

баспасы.304б.

3. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Көмекші оқу құралы.- Алматы, "Санат", 1996.-128 бет.

4. І.Есенберлин.Көшпенділер: Тарихи трилогия./-Алматы: / "Көшпенділер" баспасы, 2008-656 бет.

Резюме

В статье рассматриваются фонетический вариант фразеологизма в казахском языке и фонетический вариант фразеологизмов в романе «Кочевники» И.Есенберлина.

Summary

The phonetic variant of phraseological units in Kazakh language and the phonetic variant of phraseological units in the novel of I.Yesenberlin «Nomads» are considered in the article.

Saibekova N.U.
Almaty

PHRASEOLOGY AND CLASSIFICATION OF PHRASEOLOGICAL UNITS

Phraseology appeared in the domain of lexicology and is undergoing the process of segregating as a separate branch of linguistics. The reason is clear – lexicology deals with words and their meanings, whereas phraseology studies such collocations of words (phraseologisms, phraseological units, idioms), where the meaning of the whole collocation is different from the simple sum

of literal meanings of the words, comprising a phraseological unit. F.e. ‘Dutch auction’ is not an auction taking place in Netherlands. The meaning of this phraseological unit refers to any auction, where instead of rising, the prices fall (compare “Dutch comfort”, “Dutch courage”, “Dutch treat” reflecting complicated historical factors). Phraseological units are (according to Prof. Kunin A.V.) stable word-groups with partially or fully transferred meanings ("to kick the bucket", “Greek gift”, “drink till all's blue”, “drunk as a fiddler (drunk as a lord, as a boiled owl)”, “as mad as a hatter (as a march hare)”). Phraseological units are word-groups that cannot be made in the process of speech, they exist in the language as ready-made units. They are compiled in special dictionaries. The same as words phraseological units express a single notion and are used in a sentence as one part of it. American and British lexicographers call such units «idioms». Phraseological units can be classified according to the ways they are formed, according to the degree of the motivation of their meaning, according to their structure and according to their part-of-speech meaning.

Sources of idioms can be:

1. from our everyday life

- Ex.: to be born with a silver spoon in one’s mouth
- to sail under false colour (прятать истинное лицо)
- to loose track of smb (потерять кого-либо из виду, давно не видеть)
- a leopard can(’t) change its spots

2. from the Bible

- Ex.: black sheep, lost sheep (заблудшая овца)
- To cast pearls before swine (метать бисер перед свиньями)

3. World literature

- Ex.: to fight against Windmills
- an ugly duckling (Danish) – гадкий утенок

4. different languages

- Ex.: to lose face (Chinese)
- “The course of true love has never run smooth” Shakespeare “The 12th night”
- “The course of true reforms has never run smooth in Russia” – “the Times”

5. from history

- Ex.: to cross the Rubicon
- Labours of Hercules
- To bell the cat

A.V. Koonin classified phraseological units according to the way they are formed. He pointed out primary and secondary ways of forming phraseological units.Primary ways of forming phraseological units are those when a unit is formed on the basis of a free word-group :

a) Most productive in Modern English is the formation of phraseological units by means of transferring the meaning of terminological word-groups, e.g. in cosmic technique we can point out the following phrases: «launching pad» in its terminological meaning is «стартовая площадка» , in its transferred meaning - «отправной пункт», «to link up» - «стыковаться, стыковать космические корабли» in its tranformed meaning it means «знакомиться»;

b) a large group of phraseological units was formed from free word groups by transforming their meaning, e.g. «granny farm» - «пансионат для престарелых», «Troyan horse» - «компьюторная программа, преднамеренно составленная для повреждения компьютера»;

c) phraseological units can be formed by means of alliteration , e.g. «a sad sack» - «несчастный случай», «culture vulture» - «человек, интересующийся искусством», «fudge and nudge» - «уклончивость»;

d) they can be formed by means of expressiveness, especially it is characteristic for forming interjections, e.g. «My aunt!», « Hear, hear !»etc;

e) they can be formed by means of distorting a word group, e.g. «odds and ends» was formed from «odd ends»;

f) they can be formed by using archaisms, e.g. «in brown study» means «in gloomy meditation» where both components preserve their archaic meanings;

g) they can be formed by using a sentence in a different sphere of life, e.g. «that cock won’t fight» can be used as a free word-group when it is used in sports (cock fighting), it becomes a phraseological unit when it is used in everyday life, because it is used metaphorically;

h) they can be formed when we use some unreal image, e.g. «to have butterflies in the stomach» - «испытывать волнение», «to have green fingers» - »преуспевать как садовод-любитель» etc;

i) they can be formed by using expressions of writers or polititions in everyday life, e.g. «corridors of power» (Snow), «American dream» (Alby),«locust years» (Churchil) , «the winds of change» (Mc Millan);

Secondary ways of forming phraseological units are those when a phraseological unit is formed on the basis of another phraseological unit; they are:

a) conversion, e.g. «to vote with one’s feet» was converted into «vote with one’s f eet»;

b) changing the grammar form, e.g. «Make hay while the sun shines» is transferred into a verbal phrase - «to make hay while the sun shines»;

c) analogy, e.g. «Curiosity killed the cat» was transferred into «Care killed the cat»;

d) contrast, e.g. «cold surgery» - «a planned before operation» was formed by contrasting it with «acute surgery», «thin cat» - «a poor person» was formed by contrasting it with «fat cat»;

e) shortening of proverbs or sayings e.g. from the proverb «You can't make a silk purse out of a sow's ear» by means of clipping the middle of it the phraseological unit «to make a sow's ear» was formed with the meaning «ошибаться».

f) borrowing phraseological units from other languages, either as translation loans, e.g. « living space» (German), « to take the bull by the horns» (Latin) or by means of phonetic borrowings «meche blanche» (French), «corpse d'elite» (French), «sotto voce» (Italian) etc.

Phonetic borrowings among phraseological units refer to the bookish style and are not used very often.Also, Koonin divides the phraseological units by structural-semantic classification into:

1. Nominative

- A hard nut to crack

2. Nominative –communicative

- The ice is broken

3. Interjectional & modal

- (Emotions, feelings)
- Oh, my eye! (= Oh, my God!)
- As sure as eggs is eggs (просто, как 2x2)

4. Communicative (proverbs, sayings)

- There is no smoke without fire.

Nominative:

- Substantive*:* crocodile tears
- Adjective: as mad as a hatter, as cool as a cucumber
- Adverbial: by & by, to & fro
- Verbal: to live like a lord

Phraseological units can be classified according to the degree of motivation of their meaning. This classification was suggested by acad.V.V. Vinogradov for Russian phraseological units. He pointed out three types of phraseological units:

a) fusions where the degree of motivation is very low, we cannot guess the meaning of the whole from the meanings of its components, they are

highly idiomatic and cannot be translated word for word into other languages, e.g. on Shank's mare - (on foot), at sixes and sevens - (in a mess) etc;

b) unities where the meaning of the whole can be guessed from the meanings of its components, but it is transferred (metaphorical or metonymical), e.g. to play the first fiddle (to be a leader in something), old salt (experienced sailor) etc;

c) collocations where words are combined in their original meaning but their combinations are different in different languages, e.g. cash and carry - (self-service shop), in a big way (in great degree) etc.

Prof. A.I. Smirnitsky worked out structural classification of phraseological units, comparing them with words. He points out one-top units which he compares with derived words because derived words have only one root morpheme. He points out two-top units which he compares with compound words because in compound words we usually have two root morphemes.

Among one-top units he points out three structural types;

a) units of the type «to give up» (verb + postposition type), e.g. to art up, to back up, to drop out, to nose out, to buy into, to sandwich in etc.;

b) units of the type «to be tired» . Some of these units remind the Passive Voice in their structure but they have different prepositons with them, while in the Passive Voice we can have only prepositions «by» or «with», e.g. to be tired of, to be interested in, to be surprised at etc.

There are also units in this type which remind free word-groups of the type «to be young», e.g. to be akin to, to be aware of etc. The difference between them is that the adjective «young» can be used as an attribute and as a predicative in a sentence, while the nominal component in such units can act only as a predicative. In these units the verb is the grammar centre and the second component is the semantic centre;

c) prepositional- nominal phraseological units. These units are equivalents of unchangeable words: prepositions, conjunctions, adverbs , that is why they have no grammar centre, their semantic centre is the nominal part, e.g. on the doorstep (quite near), on the nose (exactly), in the course of, on the stroke of, in time, on the point of etc. In the course of time such units can become words, e.g. tomorrow, instead etc.

Among two-top units A.I. Smirnitsky points out the following structural types:

a) attributive-nominal such as: a month of Sundays, grey matter, a millstone round one's neck and many others. Units of this type are noun equivalents and can be partly or perfectly idiomatic. In partly idiomatic units

(phrasisms) sometimes the first component is idiomatic, e.g. high road, in other cases the second component is idiomatic, e.g. first night.

In many cases both components are idiomatic, e.g. red tape, blind alley, bed of nail, shot in the arm and many others.

b) verb-nominal phraseological units, e.g. to read between the lines , to speak BBC, to sweep under the carpet etc. The grammar centre of such units is the verb, the semantic centre in many cases is the nominal component, e.g. to fall in love. In some units the verb is both the grammar and the semantic centre, e.g. not to know the ropes. These units can be perfectly idiomatic as well, e.g. to burn one's boats,to vote with one's feet, to take to the cleaners' etc.

Very close to such units are word-groups of the type to have a glance, to have a smoke. These units are not idiomatic and are treated in grammar as a special syntactical combination, a kind of aspect.

c) phraseological repetitions, such as : now or never, part and parcel , country and western etc. Such units can be built on antonyms, e.g. ups and downs , back and forth; often they are formed by means of alliteration, e.g cakes and ale, as busy as a bee. Components in repetitions are joined by means of conjunctions. These units are equivalents of adverbs or adjectives and have no grammar centre. They can also be partly or perfectly idiomatic, e.g. cool as a cucumber (partly), bread and butter (perfectly).

Phraseological units the same as compound words can have more than two tops (stems in compound words), e.g. to take a back seat, a peg to hang a thing on, lock, stock and barrel, to be a shaddow of one's own self, at one's own sweet will.

Phraseological units can be clasified as parts of speech. This classification was suggested by I.V. Arnold. Here we have the following groups:

a) noun phraseologisms denoting an object, a person, a living being, e.g. bullet train, latchkey child, redbrick university, Green Berets;

b) verb phraseologisms denoting an action, a state, a feeling, e.g. to break the log-jam, to get on somebody's coattails, to be on the beam, to nose out , to make headlines;

c) adjective phraseologisms denoting a quality, e.g. loose as a goose, dull as lead;

d) adverb phraseological units, such as : with a bump, in the soup, like a dream , like a dog with two tails;

e) preposition phraseological units, e.g. in the course of, on the stroke of;

f) interjection phraseological units, e.g. «Catch me!», «Well, I never!» etc.

In I.V.Arnold's classification there are also sentence equivalents, proverbs, sayings and quotations, e.g. «The sky is the limit», «What makes him tick», » I am easy». Proverbs are usually metaphorical, e.g. «Too many cooks spoil the broth», while sayings are as a rule non-metaphorical, e.g. «Where there is a will there is a way».

In conclusion I want to say that in English we have so many classifications of phraseological units judged by scientists and I think it helps us to know more things about phraseological units.

References

1. Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. Виноградов В. В. Лексикология и лексикография. Избранные труды. М. 1977.

2. Кунин А.В. Фразеология современного английского языка. М. 1972.

3. Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка.М. 1959.

4. Altenberg, Bengt. On the Phraseology of Spoken English: The Evidence of Recurrent Word-Combinations // Phraselogy. Ed. A.P.Cowie. – Oxford: Clarendon Press. 1998

5.Amosova, N.N. Osnovi angliyskoy frazeologii. – Leningrad, 1963

6.Kunin, A.V. Angliyskaya frazeologiya. – Moskva, 1970

Түйін

Мақалада автор фразеологизмдердің шығу төркінін және атақты ғалымдардың фразеология жайындағы классификациясын салыстыра отырып қарастырған.

Резюме

В статье автор рассматривает происхождение фразеологизмов сопоставляя классификацию фразеологии известных ученых.

Сүйеркұл Б.М.
Алматы

ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ МЕТАФОРА ҚҰБЫЛЫСЫ

Өзгеру, даму – тілдің табиғатына тән өзіндік қасиеті. Демек тіл-тілде сөз мағынасының да өркен жайып дамуы заңды. Бұл - тіл

ұстанушының когнитивтік санасымен тығыз байланысты жүретін процесс. Сананың дамуына байланысты ұғым өрісі де ұлғаяды және ол өз кезегінде сөз мағынасының дамуына әсер етеді.

Тіліміздегі лексикалық бірліктерге тән семантикалық өзгерістерге, түрлі мағыналық ауыс-түйістерге ықпал ететін факторлар сан алуан және күрделі болып келеді. Зерттеушілер оларды негізгі екі топқа бөліп қарастырады: ұқсастығына байланысты туындайтын ассоциациялар (метафора құбылысы) және араластығы мен шектестігіне қатысты ассоциациялар (метонимия) (1, 93).

Қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды, олардың бір-біріне қатысы мен байланысын, әр түрлі белгілері мен сыр-сипатын адам баласы қоғам дамуы барысында біртіндеп таниды. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстарға атау беру қажеттігіне орай үнемі жаңа сөз ойлап табу мүмкін емес. Сондықтан ол жаңа ұғымдар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрыннан қалыптасқан негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі. Мұндай құбылыс тіл білімінде **сөз мағынасының ауысуы** делінеді. Біз мақаламызда сөз мағынасының ауысу тәсілдерінің бірі – м**етафораға** арнайы тоқталмақпыз.

Ақиқат болмыстағы заттар мен құбылыстар бір-біріне түрі мен түсі, қимылы жағынан, көлемі, аумағы, қандай да бір формасы жағынан ұқсас болуы мүмкін. *Белгілі бір ұқсастықтарына қарай екі я одан да көп заттың немесе құбылыстың бір атаумен аталуы, соның негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора* деп аталады. Тілімізде көбінесе заттық ұғымдағы сөздер, етістіктер мен сын есімдер метафоралық амалмен ауысып айтылады.

Аталмыш құбылыс тіл тарихында ертеден-ақ қалыптасқандығы жазба ескерткіштер материалына назар аударғанда анық байқалады. Мәселен, көне түркі мұрағаттарында туыстық атауларға қатысты *кіпіт* метафоралық қолданысы берілген. *Кіпіт/қаным* тұлғалары өзара сәйкес. Мұндағы *кіпіт* сөзі «туғаным» немесе «бір қаннан тараған адамдар» деген метафоралық мағынаны білдіреді. Туыс адамдардың қаны, шығу тегі (генеологиясы) бір болып келетіндіктен *қаным* сөзінің «туғаным» метафоралық мағынасында жұмсалуы орынды. Аталған сөз Енисей ескерткішіндегі мына жолда көрініс тапқан: bodunïma *kinitmä* qadasima adïrïldïm bökmadim *халқымнан, туғанымнан, туысқандарымнан айырылдым, бөкпедім* (Е 116) (3).

Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған ескерткіштерінде кездесетін *Körür erti, buzdim* сияқты *іс-әрекет метафораларына* арнайы тоқталғанымыз жөн.

Kör сөзі «бой ұсыну, бағыну» метафоралы мағынасына ие. Мысалы: qop menä *körti* маған көбі бағынды (КТұж 30); türk bodun tabgacqa *körür erti* түркі халқы табғашқа бағынды (Тон 1). Kör сөзінің "көру, қарау" тура мағынасының негізінде "көну, бағыну, бой ұсыну, бас ию, табыну" мағынасы метафораланған. Ал, *buz* "жеңу, бұзу, жою, құрту" метафорасы Білге қаған, Күлтегін ескерткіштерінде қолданылған: tanut bodunïg *buzdïm* таңғут халқын бұздым (БК 24); anï jajip türgi jargun költä *buzdïmïz* жайып, Түркі Йарғун көлінде бұздық (КТұж 34) (3).

«Мұхаббатнамада» ***ұсыну*** етістігі *қол ұсыну, бой ұсыну* тіркестерінің құрамында мынадай контексте жұмсалған: **Аның дек йирга қол сунды елик Ким** (*Сондай жерге қол создым жетемін деп*); Бойун сундум бу йолда миң балаға (*Мойын сұндым бұ жолда мың пәлеге*); Бойун сундум жафаға қулмын, ей Жан (*Азапқа мойын сұнған құлыңмын, ей жаным)* (4).

Көне түркі дәуіріндегі ғаламның тілдік бейнесінде *сапа ұқсастығы негізінде жасалған метафоралар* айрықша орын алады. Мысалы, Күлтегін ескерткішіне тән *Тәтті сөз, жұмсақ қазына* метафораларын алайық: tabgac bodun *sabï sücig agïsï jïmsaq* ermis табғаш халқының сөзі тәтті, қазынасы жұмсақ еді (КТКЖ 5). Sab "сөз", sücig "тәтті", jïmsaq "жұмсақ", *agïsï* "асыл бұйым, бағалы (зат), қазына, сыйлық" мағынасында жұмсалған. *Sabï sücig/сөзі тәмті, agïsï jïmsaq/қазынасы жұмсақ* деген метафоралық оралымдары ауыспалы мәнде, бейнелі түрде қолданылған. Сөздің тәтті болмайтыны анық, қазынаны да жұмсақ деуге

келмейді. *Жұмсақ, тәтті* лексемалары *сөз* және *қазына* атауларымен тіркескенде ғана ауыспалы мәнге ие болады. Аталған метафоралардың мағыналық даму сипаты Жүсіп Баласағұнның "Құтадғұ біліг" еңбегінде байқалады: *irig söz* – дөрекі сөз (3426), *jumsak söz* – жақсы сөз (703), *sücig söz* – тәтті сөз (4307), *isig söz* – жылы сөз (522); *usak söz* – өсек сөз т.б. Сондай-ақ Абай Құнанбаевтың шығармаларында мынадай сөз қолданыстарында орын алған: *бос сөз, жел сөз, жылы сөз, сөз қыдырту, қара сөз* т.б.

Сонымен тіл-тілде сөз мағыналарының ауысу тәсілдерінің ішінде өте жиі кездесетіні және ең бастысы - метафора тәсілі деуге негіз бар. Метафора құбылысының әбден үйреншікті болып кеткені соншалық, оның негізінде туған қосымша мағынаның туынды мағына екендігі көп жағдайда бірден аңғарыла да бермейді. Мұндайда метафораның негізінде туған мағына сөздің сөздіктегі мағыналық мазмұнына еніп, орнығып кетеді. Мысалы, *қыздың төркіні, істің төркіні, сөздің төркіні* т.б.

Метафора қолданылу сипатына қарай 1) тілдік метафора, 2) поэтикалық метафора болып бөлінеді. Тілдік метафора белгілі бір тілдік ұжымға, әлеуметке толық таныс болып келеді. Тұрақты сөз айшығы ретінде жиі жұмсалады. Осындай жалпыхалықтық сипатына қарай тілдік метафораны **дәстүрлі метафора** деп те атайды. Тіліміздегі көп мағыналы сөздердің үлкен бөлігі метафораның есебінен жасалған.

Метафора адамның ойлауымен, әсіресе көркем ойлауымен тікелей байланысты болғандықтан, барлық стильде, барлық жанрда бірдей кездесе бермейді. Көбіне поэзияда жиі ұшырасады. Ақындар мен жазушылардың шығармаларында кездесетін әсерлі сөз өрнектерін **поэтикалық метафора** деп атайды.

Поэтикалық метафораның бір түрі - **жеке қолданыстағы метафора** - белгілі бір қаламгер шығармасында ғана кездеседі. Сөздерге әр түрлі мән беріп бейнелеп қолдану арқылы ақын-жазушылар өмір құбылысын әрі жанды, әрі әсерлі етіп суреттейді. Көркем сөз шеберлері көбінесе метафоралық сөз қолданысының мынадай амал-тәсілдерін пайдаланады: 1) жанды заттың қасиетін жансыз затқа, немесе керісінше ауыстырып айтады, 2) жанды заттардың біреуінің қасиетін, ерекше қылығын екіншісіне ауыстырып айтады, 3) жансыз заттардың біреуіндегі ерекшелікті басқасына ауыстырып жұмсайды (2, 20). Абайдың *асау жүрек, көңіл құсы, талаптың тұлпары* сияқты қолданыстары контекстік метафораға мысал бола алады.

Көне түркі және орта түркі дәуірлерінде жазылған ескерткіштерде образды метафоралар өте көп. Олардың

қолданылу сипаты мен мағыналық ерекшелігіне таң қалмасқа болмайды.

Санамызда туындаған образдар таным нәтижесін бейнелейді, әрі туындаған символдардың көмегімен байып, тәжірибесін әбден жетілдіруге қабілетті. Көне түркілер тотем ретінде қадірлеп, қастерлей отырып, ұтымды аналогиялар арқылы саф метафоралар, көркем образдар жасаған: *алтун башлығ йыланмын* (Ырқ бітіг 8); *Талым қара күш мені* (Ырық бітіг 51); *Көк böri qara bugu ölürtim; Тітір буғра мен* (Ырық бітіг 20) т.б. Сондай-ақ *täңрі jip булқакын ӱчӱн* жақы болты Жер-көктің бұлқан-талқандығынан жау болды (КТұЖ 4); äsim ägïr nä alti är *bal barïm* (Е 514) деген жолдарда *täңрі jip булқакын ӱчӱн* метафоралық оралымы "жер-көктің ымырасыздығынан немесе бейбіт өмірдің болмауынан" деген мағынада жұмсалса, ал *bal barim* метафорасы мүлікті балға ұқсатудан туған бейне деуге болады.

Ұйықтау, қалың ұйқыда жату – адамға немесе жан-жануарларға тән әрекет. Алайда «Мұхаббатнама» авторы бұл тіркесті «Бақыт» ұғымының атауымен қатар қолдану арқылы тамаша бейнелі образ жасаған:

Ағыр уйқучы бахтим неча йатқай (*Бақытым қашанға дейін қалың ұйқыда жата береді)*. Мұндағы «ауыр» және «қалың» сөздерінің мағыналарында ортақ семалармен қатар едәуір айырмашылық та бар: бір жағынан, екеуі де бір процестің ұзақтығы мен барынша қанықтығын білдірсе, екінші жағынан «ауыр» сөзінің семантикалық құрылымындағы «қиын, адам жанына бататын, оны қинайтын» сияқты семалар кейіпкердің эмоционалдық-психологиялық күйінен хабар береді. Бұл да - поэтикалық мәтінге метафора тәсілі арқылы үстелетін көркемдік амалдардың бір мысалы.

Бич - *пішу*. Қазақ тілінде **кесіп-пішті** қос сөзі «біреудің бір мәселені алдын-ала ойластырып, жақсысы мен жаманын саралап, салмақтауы» деген мәнде қолданылады. Ал орта ғасырларда осы күрделі лексема «бичти» (пішті) түрінде жұмсалған сияқты. Халық тіліндегі осы мағынасын негізге ала отырып, Хорезми аталмыш сөзді «Бақыт», «Дәулет» ұғымдарының атауларымен тіркестіру арқылы «Тағдырдың» қайталанбас образын жасаған:

Са´адат бирла бахт икиси бичти (*Дәулет пен бақыт екеуі пішіп тікті)*.

Жазба ескерткіштерде мақал-мәтелдер де біршама кездеседі. Олардың құрамында жұмсалған метафоралардың кейбірі қазіргі қазақ тілімен сабақтасатыны байқалады. Мәселен, Орхон-Енисей ескерткіштерінде мақал-мәтелдер құрамында *жұқа, жіңішке – әскер* метафорасы белсенді жұмсалған: *juïqa äriklig toplagaly ucuz ärmis jincgä äriklig üzgälï* Жұқаны бүктеу - оңай, Жіңішкені үзу - оңай (Тон 13); *juïqa qalyn bolsar, toplaγuluq alp ärmis, jincgä joγan bolsar, üzgülük alp ärmis* Жұқа қалыңдаса, (Оны тек) алып бүктейді, Жіңішке жуандаса, (Оны тек) алып үзеді (Тон 13, 14) Juïqa, jincgä бейнелі сөздері – әскер, жасақтың аздығын көрсететін образдар. *Әскер – қол* метафорасы жұмсалған: *Kälïr ärsär, kü är ükülür* Қол қосылса күш өсер (Тон 32). "Әскер көбейсе, күш артады" деген мәнді білдіреді. Бұл мақал-мәтелдер қазақ мақал-мәтелдерімен сабақтас, мағыналас келеді. Ескерткіштер тіліндегі *sekiz adaqlïg* (Е 426) метафоралық қолданысы қазіргі *семіздің аяғы – сегіз* мақалында сақталған.

Ал XIY ғасырдағы жазба мұраларымызға келсек, мұндағы түрлі бейнелі қолданыстар қазіргі тіліміздің фразеологиялық қорынан орын алған:

Ачықмыш бөри қойға кирү йаңлық (*Аш бөрінің қойға тигеніндей тиеді).* Қазіргі тілімізде бұл қолданыс "аш бөрідей тиді" деген ықшамдалған нұсқада жұмсалады. Сол сияқты **Черикта қан тамар қамчың учиндин (***Ұрыста қан тамады қамшыңның ұшынан*) деген жол қазіргі фразеологиялық қорымызда "аса қатал, қаһарлы" мәнін білдіретін "қылышынан қан тамған" фразеотіркесі түрінде орныққан.

Қамуқ шакар тамар душнамыңыздин (*Келемеждеп күлгеніңіздің өзінен шекер тамады*) деген ойды қазіргі тілімізде жылы сөзімен өзіне баурап алатын қасиеті бар адамға қатысты қолданылатын «тілінен бал тамады» тіркесінен аңғаруға болады. Сондай-ақ осыған қарама-қарсы мәнде жұмсалатын «тілінен зәр (у) тамған» (тілі ащы, тістеп сөйлейтін, қыршаңқы адамға қатысты) нұсқасын да атай кеткеніміз жөн.

Осы сияқты қазіргі қазақ тілінің қорынан баламасы табылатын бейнелі қолданыстарға «Мұхаббатнамадан» мынадай мысалдар келтіруге болады: **Аздур -** *аздыру, жолдан тайдыру:* **Хирадни аздурур ғамзаң хумары** (*Қылығыңа деген құмарлық* ***ақылымды аздырады).***

Өрта - *өртеу, күйдіріп-жандыру*: **Жамалиң равнақы ´аламни өртар (***Жамалыңның алауы әлемді өртейді);* **Сақақың шу´ласи ´аламни өртар** (*Сағағыңның шұғыласы әлемді өртейді*); **Йүзүң нуры қуйашның нурын өртар** (*Жүзіңнің нұры күннің де нұрын өртейді).*

Күй – *күю, күйдіру-жандыру:* **Күйүрди халқны чехраң йоласы** (*Нұр жүзіңнің сәулесі жүрегімді күйдірді*) (4).

Ал «Мұхаббатнамада» ауыспалы мәнде жұмсалған бірқатар тіркестерді қазіргі тіл ұстанушы етене таныс, жақын деп емес, басқаша, жаңаша сипатта деп қабылдайды: **Ат** - *ату, оқ ату:* **Вагар оқ атсаңыз бағрым нишана (***Егер оқ атсаңыз бауырым (болсын) нысана)* (4). Мұнда, әрине, ғашық жанның өз сүйіктісі үшін қандай болса да құрбандыққа әзір екендігі меңзеліп тұр.

Хорезми тілдік тұлғасының концептуалдық әлемін айшықтайтын ең белсенді қолданыс – «көңіл» эмотиві екені байқалады. Бүгінгі тілдік ұжым мүшесі біреуге немесе бір нәрсеге «көңілін бөледі я болмаса аударады». Ал орта ғасыр ақыны ғашығынан «көңілін алады» және оны басқа біреуге «береді», қажет болса оны «байлайды»: **Көңүл** сиздин **алыб**, кимга **берайин** (*Көңілімді сізден алып, кімге берейін*?..); **Көңүлни бағлағайын өзга йара** (*Көңілімді байлайын өзге жарға)*. Сүйіктісі бар ықылас-бейілін жаулап алғанын ақын мойындайды және оған көндіккен: **Сеңа алмақ көңүлни хатм болды** (*Саған көңілді алу (билеп алу,*

жүректі жаулап алу) табиғи қасиет болды). Ақын өз жүрегін қызғыштай қориды, ғашығына деген адалдығын барынша сақтауға әзір екенін былайша жеткізеді: **Көңүлга өзганиң мехрин йавутман** (*Көңілге өзгенің мейірін жуытпан)* (4).

Сүйгенінің жүрегіне жол таба алмай қиналғанда оны самал желден де қызғанады: Саба тек билмас ахыр өз чағыны, Басар хардам ишикиң топрақыны. **Күйар көңлүм сабаның ол ишидин** Нечүк ким күйса хирманлар йашындин (*Таң самалы тоқтар жерін білмесе де, Әрдайым есігіңнің топырағын басып өтеді. Ішім күйеді самалдың сол ісіне Жай оғынан өртенген қырмандардай)* (4).

Ақын өзінің осы күйден арыларына үлкен күмәнмен қарайды: **Вали көңүл қутулмас дамыңыздин** (*Бірақ көңілім (жүрек) (құрған) тұзағыңыздан құтыла алмайды)*. Ғашығына қолы жетпей өтерін сезіп, қатты өкініш білдіреді: **Көңүл татмады бағың мевасини** (*Көңілім татпады бағыңның мәуесін)* (4).

Сонымен метафора – тілімізде ертеден бар құбылыс. Ол – адам баласының ойлау жүйесі дамуымен байланысты туындап, белгілі бір тілдік ұжымның когнитивтік санасында орныгатын ғаламның тілдік бейнесінде айрықша орын алады. Атап айтқанда, жеке тілдік тұлғаға тән ғалам бейнесінде ол ерекше түрленуге бейім болады. Мәселен XIY ғ. дастанындағы метафорлы қолданыстар Хорезмидің көркемдік әлемін ғана танытып қоймайды, сонымен бірге тіл иесі халықтың дүниетанымы мен менталдық кеңістігі дамуының сол кезеңіне тән күрделі процестер мен құбылыстарды да көрсетеді. Сондықтан тарихи жазба ескерткіштер тілін, әсіресе көркем мәтіндерді зерттеу этностану ғылымын жаңа сатыға көтеретін іс болмақ.

Әдебиеттер

1. *Прищепова И.Л.* Изменение семантики слова и его историческая обусловленность // Материалы IX республиканской научно-теоретической конференции. Беларусь. Грудно: ГрГУ. 2004. -231 с.

2. *Болғанбаев Ә.* Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы: Ғылым, 1970. -204 б.

3. *Айдаров Ғ.* Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: Ғылым, 1991. -245 б.

4. *Сағындықұлы Б., Тәшімбай С.* «Мұхаббат-наме» (XIY ғ.) ескерткішінің мәтіні. Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2007. -228 б.

Резюме

Статья посвящена проблеме семантической эволюции слова в диахронии. В частности, автором рассматриваются вопросы употребления метафоры на материале древнетюркских и среднекипчакских письменных памятников.

Summary

Article is devoted to a problem of semantic evolution of a word in diachronic. In particular, the author considers questions of the use of a metaphor on a material old Turkic and Middlekürchak written monuments.

Сері Л.Т.
Алматы

САЛЫСТЫРМАЛЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ

Бұл мақалада А.В. Кунин, Л.Щадрин, А.Я.Рожанский, А.В.Федоров, С.Влахов, Р.Файзуллаев сияқты ғалымдардың ұсынған фразеологиялық бірліктерді аудару тәсілдерін салыстыра отырып қарастырғымыз келеді. Себебі әр автордың өзіндік ерекшелігі, өзіндік ұсынған тәсілдері болады.

Бұл авторлар әр-түрлі жағдайда ойлары бір жерден шығып жатады. Пікірлердің көп жерде бір нүктеден түйісуі ортақ ақиқатты білдірсе керек. Фразеологизмдердің табиғаты аса күрделі болғандықтан оны аударудың одан бірнеше есе қиын екендігі белгілі. Бірақ фразеологиялық бірліктерді мүлде аударуға болмайды деген пікір бірте-бірте көмескі тартып, ғылымның алға қарай көтерілуінің арқасында аударма ғылымы күннен-күнге өркендеп келеді. Сонымен фразеологизмдерді аударуға болмайды, немесе “аудармасы жоқ” деген үзілді кесілді тұжырымдамаға тосқауыл қойылды. Қандай жағдайда тығырықтан шығатын жол бар. Ол жолды әр ғалым өзінше көрсетті. Аудармашының міндеті сол тәсілді сарапқа сала отырып ең қолайлысын таңдап алу.

Адамның ойлау қызметінің жемісі болғандықтан бір тілден екінші бір тілге аудару процесі, әрекеті белгілі бір тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Аударманың дәстүрлі түрде аталатын амалдары: сөзбе-сөз (калька)тәсілі, еркін (вольный) және дәлме-дәл (адекватты) аудару

жолдары. Орыс тілші ғалымдары бұлардың қатарына қарапайымдалған (упрощающий), бейімделген (адаптированный) дегендерді де қосады. [3; 25]

• **Сөзбе-сөз (калька) тәсілі -** тілдік единицаның **(**сөздің, сөз тіркесінің**)** сыртқы нысанын, ішкі мазмұнын нақпа-нақ, сол қалпында аудару дегенді білдіреді. Сөзбе-сөз аудармада тұрақты тіркестердің бірқатары ***жартылай калька*** деп аталады, бұлай аталуының негізгі белгісі – құрамындағы компонеттердің бірінің төл сөз, екіншісінің кірме сөз (заимствование) болуы. Калька амалы сөзжасамның бір жолы, тілдің сөздік құрамын байытудың оңтайлы көзі деп есептелінеді. Калька (сөзбе-сөз) тәсілінің қазақ әдеби тіліндегі орны жөніндегі көзқарастар екі бағытта, тілді байытудың, жаңа номинация жасаудың – негізгі, әрі тұрақты амалы деген тұжырым да бар, сөзбе-сөз тікелей аударманың тілдік жүйенің қатарына таптаурын, сіреспе сөздер мен тізбектерді қосып, тілдің табиғи қалпын бұзады, сондықтан бұған тым бет бұрып кетудің қажеті жоқ деген де бағалаулар жоқ емес. «Қазақ тіліндегі кірме терминдердің көбі калькалау жолымен жасалған» [2; 191]

• **Еркін (вольный) аударма** дегеннің қағидасынан аударманың түпнұсқаның мазмұнын өзбетінше әңгімелеп кетуі деген ұғым туындайды. Қазақ аударматануында дәлме-дәл немесе балама аударма деген аталымдар бар. Бұның екеуі де «адекватты» деген ұғымды береді. Мәселеге сын көзбен қарайтын ғалымдардың мақұлдайтыны, қолдайтыны осы тәсіл, ол арқылы “түпнұсқаның ғылыми дәрежесі, автордың стилі сақталады, мазмұны... пікір желісі мен логикалық байланыс бұлжытбай беріледі, нақтылы ұғымның мағынасын дәл көрсететін терминдер дұрыс қолданылады”.[4; 28]

Түпнұсқаның коммуникативік мүддесінің аудармада сақталуы, стильдік-прагматикалық ерекшеліктерінің барынша жеткізілуі, екі мәтіннің бір-біріне максимальды жақын болуы аударманың **балама (адекватты) тәсілі** арқылы жүзеге асады.

Біздің қарастырайын деп отырған қазақ және ағылшын әдеби тілінің құрамындағы ФТ-лердің құрылымы, құрамындағы компоненттердің кірігуі, тіркесуі, семантикалық байланысы жағынан бірі-бірінен айырмаланатын елеулі ерекшеліктері бар. Екі тілдегі ФТ-лердің мағыналық-семантикалық құрамын, тіпті кей сәттерде ФТ-дің және оның этимологиялық түп төркінін білу аударма процесі үшін айрықша маңызды.

Аударма процессі кезінде ФТ-нің грамматикалық белгісі (тіркесу нысаны, құрамында қанша компонент бар екендігі) айтарлықтай роль атқармайды, тіржаматанушылардың назарын және тілші ғалымдар мен

әдебиеттанушылардың назарын аударатыны түпнұсқа тілдегі ФТ-нің семантикалық құрылымының аударма тілде берілуі.

М.Горькийдің бірнеше туындысының екі тілдегі нұсқасындағы фразеологизмдерді егжей-тегжейлі қарастырған ғалым Ө.Айтбаев ғылыми салыстыру нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасайды: “Фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді аударудың тәсілін мынадай үш топқа жинақтап айтуға болады. Біріншіден, мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің заттық мағынасын түгел беріп, дәл аударуға болады. Екіншіден, кейбір сөздердің заттық мағынасын өзгертіңкіреп аудару керек. Үшіншіден, аударма тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдерді пайдалану қажет” [1;180].

А.В.Кунин аударманың мынадай түрлерін атап көрсетті:

♦ **Суреттеу тәсілі -** бұл фразеологизмдердің аудармасын тұрақты емес сөз тіркестері арқылы беру. Бұл аударманың түрі терминологиялық фразеологизмдерді аударудың басқа жолы жоқ болған жағдайда өте қолайлы болып табылды. Мысалы: *cross the floor of the house* –“перейти из одной партии в другую” немесе қазақ тілінде *Бетін ашу* – introduce a fiancйe to her fiance’s people according to Kasakh customs; ағылшын тілінде: *to bring(call) to account* – “біреудің істегені (істеп қойғаны) турасында жауап немесе түсініктеме талап ету”;

♦ **Калька немесе сөзбе-сөз аударма тәсілі** сөздікте екі түрлі жағдайда қолданылады.

А) Егер фразеологизмдерді аудармасында басқа тәсілді мүлде қолдануға болмай қалған жағдайда, мысалы*: a fair face may hide a foul heart* (мақ) “за красивой внешностью может скрываться низкая душонка”, *the moon is not seen when the sun shines* – “луны не видно когда светить солнце”;

Б) Мағынасы сәйкес келетін фразеологизмдермен беру, бірақ бұндай тәсілді қолдану ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің мағынасын орысшаландыру, яғни фразеологизмнің өзіндік ұлттық бояуы жойылады. Бұндай жағдайда орыс тілінің фразеологизмдерінің алдына «сравни» деген белгі қойылады. Мысалы: *argues comes on horseback but go away on now* - “беда к верхом, а от нас пешком”. (ср.: Болезнь входит пудами, а выходить золотешками) немесе *So many men, so many minds* – “Сколько людей столько умов” (ср.:Сколько голов, столько умов).

♦ **Жартылай баламасын (эквивалент)** беру арқылы аудару.

А) Бұл жағдайда фразеологизмдер стилистикалық жағынан да мағынасы жағынан да сәйкес келеді, бірақ бейнелілік жағынан әр түрлі болып келеді. Мысалы: *be born with a silver spoon in one’s mouth* –

родиться в сорочке, birds of a feather flock together- рыбак рыбака видит издалека.

Б) Мағынасы, стилистикалық және бейнелілік жағынан сәйкес келеді, бірақ лексикалық құрамы әр түрлі болып келеді. Мысалы: *kill the goose that lays the golden eggs - убить курицу, несущую золотые яица; a wolf in sheep's clothing- волк в овечьей шкуре.*

В) мағынасы, бейнелілігі, стилистикалық бояуы сәйкес келеді, бірақ сөз тәртібі және компенттерінің саны сәйкес келмейді. Мысалы: *fish in troubled waters – ловить рыбу в мутной воде; the game is not the candle - игра не стоит свеч* [5].

"Фразеологиялық бірліктердің аудармасы және салыстырмалы стилистика" атты кітабында Н.Л.Щадрин көптеген батыл пікірлер айтып, өз тұжырымдамасын ортаға салған [6] Зерттеуші бұл проблеманы жан-жақты қарастыруға тырысқан. Әрі еңбекте фразеологизмдердің табиғаты туралы мағлұматтар келтірген. Өз қорытындысының дәйекті болуын мақсат тұтқан автор фразеологизмдердің аудармада берілу жолдарының толыққанды вариантын ұсынуға тырысқан. Сондықтан Н.Л.Щадрин фразеологиялық бірліктерді аударудың сегіз тәсілі бар деп ғалымдар арасында ең ұзақ тәсілді ұсынды. Сол тәсілді біз төменде келтіруді жөн санадық:

1) эквивалент
2) аналог
3) синонимдік балама
4) тұрақты лексикалық балама
5) контекстуальды аналог
6) калька
7) тұрақты тіркес емес, өзгермелі лексикалық балама
8) суреттеу

Н.Л.Шадрин өзі ұсынған 8 тәсілді екіге бөліп қарастырады:

- узуальды аударма
- окказиональды аударма

Автор тілдегі дайын баламалар арқылы аударма жасауды узуальды аударма деп атайды. Оған эквивалент, аналог, синонимдік балама жатады. Узуальды балама арқылы тіржамалаудан окказиональды балама арқылы аударма жасаудың айырмашылығы соңғысында тәржімашы белгілі бір контекстердегі сұраныстарға орай фразеологизмді өзі ойлап табады немесе творчестволық өңдеу енгізеді. Ол фразеологизм болуы да, болмауы да мүмкін. Контекстің үлкен талабына орай немесе контекстің үлкен сұранысына орай бұндай жағдайда аналогта, эквивалент те, синоним де қолданылмай семантикалық және стилистикалық қызметін

дәл әрі нақты беретін окказиональды балама қолданылады. Оны контекстуальды фразеологиялық аналог деп біз жоғарыда мақалдар арқылы беріп кеттік. Ол әдеттегідей аударма нормасымен тіржамалау мүмкін болмайқалған жағдайда узуальды аударманың тең дәрежедегі ізбасары (субституты) бола алады. Автор қалған бесеуін фразеологиялық категория қатарына жатқызбайды. Мысалы: тұрақты сөз тіркестерін бір сөзбен жеткізіп немесе мағынасын беретін аударма түрін келтіре кетейік:

а) *тілдің майын тамызу* – speechify; orate

б) *алақаны кең* - hospitable

в) *бетегеден биік, жусаннан аласа* – modest; responsive

г) *маңдай алды* – excellent; foremost

д) *көздің жауын алады* - beautiful

Н.Л.Щадриннің ойынша, бұндай аудармаға контекст үлкен қомақты әсерін тигізеді. Яғни дәл осы жағдайда бұл аударма эквивалент те, аналог та, синоним де емес, бірақ берілген контексте оның семантика-стилистикалық функциясын тура орындайтын шынайы мағынасын дөп тауып беретін аударма түрі болып есептелінеді. Бұндай аударма жолын Н.Л. Щадрин «контекстуальды фразеологиялық аналог» деп атады [6]. Контекстуальды фразеологиялық аналогты барлық кезде қолдана беруге болмайды. Бұл тәсілді қолдану мүмкін болмай бара жатқанда аудармашы калька тәсілін пайдалану керек. Калька тәсілімен аударылатын тұрақты тіркес өте түсінікті, лексикалық архаизмдері жоқ, ұлттық реалийі жоқ, бейнелілігі шет елдік оқырманға жеңіл қабылданатын жағдайда қолданылады.

Мысалы:

а) *балалыққа салыну*- to play the baby;

б) *тілі байланды*- his tongue tied;

Бірақ мұнда бір жағдайды ерекше ескеру керек. Калька (сөзбе-сөз аударма) таңдағанда тура мағынасы жағынан дөп келетін бірақ ауыспалы мағынасы мүлде сәйкеспейтін жағдайда қолдануға болмайды. Мысалы:

а) *жастыққа мас болу*- drink with love

б) *биенің екі сауымымдай уақыты*- to milk a mare twice

Сондықтан түпнұсқа бертін ауыспалы мағынадан ауытқитын жағдайда калька тәсілін қолдануға болмайды екен.

Әдетте сөзбе-сөз аударма еркін метафоралық сөз тіркесі ретінде қабылданады. Кейде сәтті шыққан сөзбе-сөз аударма өзге тілге сіңісіп, төл фразеологизміне айналып кететін жағдайлар көптеп кездеседі. Әрине аудармашы калька тәсіліне жүгінгенде өз тілінің сөздік қорын байытуды бірінші мақсат етіп қоймайды. Оның бірінші міндеті оқырманға түпнұсқадағы мазмұн мен стилилистикалық ерекшеліктерді жеткізе білу.

Осы тұрғыдан алғанда расында да, фразеологиялық калька аударма процессіндегі заңды балама болып табылады.

Н.Л.Щадриннің жобалануынша, белгілі себептермен жоғарыда атап өтілген бірде-бір аударма тәсілін қолдана алмай қалған жағдайда көмекке түсіндірме, суреттеу тәсілі келеді. Бұл тәсілді В.В.Виноградов "дескриптивті тәсіл" деп атады [7]. Бұл әдіс бойынша аудармашы керемет қиындық туғызатын фразеологиялық бірлікке қарапайым түсініктеме немесе анықтама беріліп талдау жасалынады:

а) алты қанат – Kazakh yurt which consists of six principal components;

б) арам тамақ – one who lives at the expense of society of others and contributes nothing;

в) ат шаптырым жер- at 2-3 kilometers distance from here.

г) өкіл әке- one who brings up a child in place of its father.

Бірақ аудармашы бұл тәсілден аулақ болғаны жөн. Түсіндірме немесе суреттеме аударма неғұрлым жиі болса оқырманын тез шаршатып, жалықтырып жібереді.Сондықтан суреттеу тәсіліне мейлінше аз жүгінуге тырысу керек. Яғни амал таусылғанда ғана, аударма мүмкін болмай қалған жағдайда осы суреттеу тәсіліне жүгінген дұрыс.

А.Ф.Тайтлер бұл тәсіл туралы "Фразеологиялық бірлікті сөзбе-сөз аударма жасауға болмайды, оны оқырманға түсінікті де тапқыр тәсілмен тәржімалау ғана тығырықтан шығарады",- деп жазды өз еңбегінде. Баламалардың қайсысын қолдану керек деген сұрақты әрдайым аудармашы контекстің семантика-стилистикалық анализ негізінде салыстырмалы тілдер нормасына сай өзі шешеді. Оның басты шығармашылық міндеті - түпнұсқа беретін баламаны табу.

Кез келген фразеологиялық бірлік құрылымдық, генетикалық, стилистикалық қасиеттері арқылы ерекшеленіп белгілі бір тіркестер классификациясына енеді.

Фразеологизмдерге объективті нақты мағыналық балама іздегенде оның тек мазмұнына қарамайды, сонымен қатар оның қандай құрылымдық- семантикалық топқа жататыны ескеріліп спецификалық қасиеті де қарастырылуы тиіс. Фразеологизмдердің семантикасы оның құрылымына бағынбайтын бөлек дүние деп қарастыруға болмайтынына баса назар аударғымыз келеді. Көптеген фразеологизмдердің мағынасы мен күші оның құрылымдық (структуралық) ерекшелігінде болуы мүмкін. Дәл осы ақиқатты елемей кетуге болмайды. Р.В.Будаковтың осы жайлы айтып кеткен пікірін келтіре кетейік: "Қазіргі заманғы лингвистика тұрақты тіркестердің семантикасы оның құрылымдық ерекшеліктеріне қарағанда маңызды деп айта алмайды. Тұрақты

тіркестердің структуралы ерекшеліктерін жіті зерттемей ол өз мағынасынан айырылуы мүмкін". Ғалым, зерттеуші Н.Л.Шадрин өз еңбегінде тілдің фразеологиялық құрамындағы 3 құрылымды семантикалық қатар бар деп қарастырады:

1. Сөз тіркесі болып келетін құрылымдық фразеологизм. Бұл топқа бағыныңқы немесе басыңқы құрылымнан тұратын сөз тіркесі жатады.

2. Жартылай предикативті құрылымнан тұратын фразеологизмдер жатады. Ол лексема + бағыныңқы немесе тек бағыныңқы сөйлемнің өзі болуы мүмкін.

3. Сөйлем болып келетін құрылымдық фразеологизмдер. Оған мақал- мәтелдер жатады.

Расында да, фразеологиялық бірліктерді аударғанда оның құрылымдық ерекшеліктеріне баса назар аударуымыз керек. Себебі түпнұсқаның мағынасы мен кейбір көзге көрінбейтін қасиеттері нақ осы құрылым арқылы берілуі мүмкін. Кез келген автор 3 құрылымның тек біреуін нақты жағдайға таңдай отырып, өз стилі мен эффектісін беруі мүмкін. Ал оны тәржімашы ескермей, назардан тыс қалдыруға қақысы жоқ. Сондықтан ол мүмкіндігінше құрылым ерекшелігін жіті бақылап, оның тұтастығын сақтауға, бейнесі мен көркемдік қызметін дәл беруге тырысуы қажет.

С.Влахов пен С.Флорин де фразеологизмдердің аудармада берілу жолының 3 түрі бар деп қорытындылайды.[8;187]

1. Контекстке бағынбайтын мағыналық және коннотациялық жағынан сәйкес келетін толық аударма. Бұл эквивалент арқылы жасалады. Мысалы:

а) *ажары қашу* – lose one's good looks;

б) *ақылдан адасу* – go mad;

в) *арқа сүйеу*- rely upon;

г) *қабағын ашпау* – knit one's brows;

Фразеологиялық эквивалент те аналог та жоқ кезде фразеологиялық емес құралдар арқылы аударылады. Бұл өз тақырыбы айтып тұрғандай фразеологиялық бірлік фразеологизмдер арқылы емес лексикалық құрал арқылы аудару болып табылады. Бұл жолды тек не эквиваленттік не аналогтың мүлде жоқ болған кезінде ғана пайдалануға болады. Бұл аударма түрі компенсациялық мүмкіндігіне қарамай толыққанды аударма деп есептеуге болмайды. Онда әрқашан не бейнелілігі, экспрессивтілігі, коннотациясы, афоризмі, мағыналық кейбір нәзік тұстары көрінбей қалады.[8;196]

Тіл зерттеушілері Г.О.Мұхаметқалиева өзінің "Фразеологизмдерді аударудың спецификасы» атты еңбегінде фразеологизмдерді "өзіндік

эквивалент” арқылы тіржамалауға болады деп жазды. [10;28] Яғни бұны индивуальды эквивалент (өзіндік) фразеологизмдер өте шебер жасалына білсе, онда ол кәдімгі фразеологиялық бірлік қасиетіне ие болады. Оның тек бір айырмашылығы тілде дайын күйде болмауы ерекшеленіп тұр. (не воспроизводимости) Кейде тіпті ол аударылған тілдің сөздігіне нағыз фразеологизмдей сіңісіп кетіп жатады.[10;28] С.Влахов пен С.Флориннің қорытындылауынша, фразеологизмдерді фразеологиялық емес жолмен аударудың 3 тәсілі бар.[9]

- таза лексикалық аударма
- калька
- суреттеу

1. Бірінші тәсіл яғни таза лексикалық аударма, автордың айтуы бойынша, фразеологияның мағынасын еркін сөз тіркесі арқылы береді. Мысалы:

а) екі өкпесін қолына алу – move in great haste;

б) тіл алу – follow smb’s advice

в) ат ізін салмау- do not show up;

2. Калька (сөзбе-сөз). Бұл аударма түрін фразеологиялық бірлік семантика-стилистикалық, экспрессивті-эмоциялық мағынасын басқа тәсілмен жеткізу мүмкін болмай қалған жағдайда қолданылады. [8]

а) *Time is money - уақыт ақша;*

б) Өлі мен тірінің арасында - between life and death;

3. Суреттеме (түсіндірме арқылы жасалынатын) аударма. Дәлірек айтсақ, мұнда фразеологизм аудармасы берілмейді, оған тек түсіндірме беріледі. Бұл тәсіл фразеологиялық бірлік аударма тілде түбегейлі түрде мүлде жоқ, кездеспейтін кезде қолданылады.

а) аузының дәмі кету-lose one’s faculty of perceiving the last of any meal;

б) аруақ қону- become able to perform miracles;

Енді қазақ ғалымдарының еңбектеріне тоқталсақ, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, И.Томанов, Б.Манасбаев, Ө.Айтбаев сияқты тіл зерттеушілері фразеологиялық бірліктерді аударуға кеңінен тоқталған. Аталған авторлар фразеологиялық бірліктерді аудару мәселесінің қиындықтарын көрсетіп қана қоймай, оларды орыс тілінен қазақ тіліне аударудың әр түрлі жолдарын қарастырады. Қазақ тілі зерттеушілерінің пайымдауынша, фразеологиялық бірліктерді аударудың 3 тәсілі бар: [1;87]

1.Біріншіден Фразеологизмдерді аударуда <u>жалпы мағынасы беріледі</u>. Мысалы:

а) *алтын табақ ай* – fool moon;

б) *айы оңынан туды*- he is lucky;

Бұл жағдайда ағылшын фразеологизмдерінің жалпы мағынасы беріліп тұр. Жалпы мағына берілген жерде көркем образ бен автор стиліне белгілі мөлшерді нұқсан келетіні шындық. Екіншіден, фразеологизмдерді аударуда олардың өзара мәндес келетін тілдегі дайын баламалары арқылы тәржімалау. Үшіншіден, фразеологизмдерді аударуда сөзбе-сөз (калька) тәсілін қолдану арқылы аудармасын беру.

Бұл тұсты ғалымдар тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрінен идиомдарды бөліп алады. Мақал-мәтелдер, қанатты сөздердің сөзбе-сөз аударылуға тезірек көнетінін мысалдармен дәлелдейді. [1;88]

Қазақ ғалымдарының пікірінше, нақыл сөздер, көркем бейнелер мен қанатты сөздердің логикалық мәнін, формасын сақтап дәл аудару керек. Бірақ ғалымдар, калька тәсіліне барлық фразеологиялық бірліктердің көне бермейтіндігін ескертеді. Сондықтан да болар аударма тәжірибесінде кейбір сәттерде сөзбе сөз аударма көптеген қателіктерге ұрындырып жатады. Жалпы алғанда біз өз зерттеуімізде аударма теориясының ірі өкілі, фразеологизмдердің аудармада берілу жолдарының негізін қалаушы ғалым А.В.Федоровтың тұжырымдамасына қосыламыз.

Фразеологиялық бірліктердің жалпы табиғаты мен оларды аудармада берілу жолдарын қарыстыра отырып біз мынадай қорытындыға келдік: Фразеологиялық теңеулер ұлттық калоритке бай болғандықтан сөзсіз бір елдегі тұтас бір ұғымның не түсініктің екінші тілде кездеспеуі мүмкін, алайда тығырықтан шығу жолын ғалымдар мейлінше айқын көрсетіп берді. Фразеологизмдерді аударудың нақты 4 тәсілі бар екендігі анықталып, дәйектемелер келтірілді. Жалпы фразеологиялық бірліктерді аудармада берілуінің 4 тәсілі бар деген пікірге тоқталдық.

1. Біріншіден фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі.

Мысалы:

а) *жолы байлану- meet obstacles in one's way;*

б) *бағы байлану- be an obstacle in somebody's way to good luck;*

2. Екіншіден, фразеологизмдерді аударуда олардың өзара мәндес келетін дайын баламаларын қолданамыз. Мысалы:

а) *дауыс көтеру- raise one's voice;*

в) *от салу, от жіберу- to set a fire;*

3. Үшіншіден, көптеген тұрақты тіркестер бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз

аударылады. Мысалы:

а) *қаныңды ішеді- drink all your blood;*

в) *биенің екі сауым уақыты – to milk the mare twice;*

4. Төртіншіден, түсіндірме арқылы беру.Мысалы:

а) *қосағымен қоса ағару-to live a happy life;* немесе ағылшын тілінде:

to bring to account- біреудің істегені турасында жауап немесе түсініктеме талап ету.

Әдебиеттер

1. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыстар. - А.: Ғылым, 1975.

2. Айтбаев Ө. М.Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тіліне берілу жолдары.- А.,1971.

3. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – М.: Высшая школа, 1970.

4. Смағұлова Г.Н. Фразеологизмдердің варианттылығы. – А.: Санат, 1996.

5. Кунин А.В. Англо-Русский фразеологический словарь.3-е изд. – М.. Русский язык, 2001.

6. Щадрин Н.Л. Перевод фразеологических единиц и сопоставительная стилистика. - Саратов: Изд-во Сарат.ун-та, 1991.

7. Виноградов В.В. Основные понятия русской фразеологии.

8. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М.: Высшая школа, 1986.

9. Кеңесбаев І. О некоторых фразеологических единицах в казахском языке. Изв.АН КазССР. Серия филология и исскуств. №135 Вып:1,2 - А-Ата, 1954.

10. Мұхаметқалиева Г.О.Фразеологизмдерді аударудың спецификасы Алматы:

Резюме

В статье рассматриваются способы перевода фразеологизмов, предложенных различными отечественными и зарубежными учеными. Основываясь на положениях крупного ученого-фразеолога и переводоведа А.В.Федорова, при переводе фразеологизмов мы выделяем 4 способа передачи ФЕ: подбор эквивалента, калька (дословный перевод), описательный перевод, генерализация.

Summray

The article is dedicated to the issue of translation ways of phraseological units, suggested by some civil and foreign scholars. Based

upon provisions of a famous scholar of phraseology and translation A.V.Fedorov, we point out 4 ways of rendering idioms: giving equivalents, calques, descriptive translation, generalization.

Сайбекова Н.У.
Алматы

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» РОМАНЫНДАҒЫ ВАРИАНТ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КОМПОНЕНТТЕР ҚҰРАМЫ

Бір тіл-бір ұлт. Өмірде күллі тіршілік атаулының бар саласын қамтитын әр ұлттың тілінде өзіне тән, бейнелі сөз орамдары, тұрақты сөз тіркестері-фразеологизмдер көптеп кездеседі. Тіл-жанды құбылыс.Сөз өз табиғатында тілдің заңдылығы тұрғысынан морфологиялық өзгерістерге ұшырап отырады. Мұндай құбылыс фразеологизм құрамындағы компоненттерге тән. Әдетте, фразеологизмдерді лексика-грамматикалық және семантикалық жағынан өзгермейтін тұрақты тіркестер қатарына жатқызады. Бұл-теориялық қағида. Ал, жанды тіл процесінде жағдай өзгешелеу. Тілдерде қалыптасқан бір ұғымды әлденеше ұқсас, мәндес, мағыналас сөз тіркестерімен жеткізу мүмкіндігі де бар. Олай болса, «өзгермейтін» тұрақты сөз тіркестерінің «тұрақтылығына» да шек келтіруге болады екен. Өйткені фразеологизмдер қаншама тұрақты болғанымен олар да құрамы, құрылымы жағынан құбылып, өзгеріп, тілдерде балама түрде жарыса қолдануы мүмкін. Міне, фразеологизмдердің осындай өзгермелі табиғатының бір көрінісі-оның варианттары деп атауға болады. Демек, фраезологизмдердің тұлғалық, мағыналық, сапалық, сандық өзгерістерге ұшырауы кездейсоқтық емес, олардың табиғатына тән заңды құбылыс. Олай болса, фразеологизмдердің тұлғалық, мағыналық тұрақтылығы деп жүргеніміз, сайып келгенде олардың өзіндік табиғаты, құбылмалы болмысы екен. Фразеологизмдердің тұрақтылығы тікелей вариант ұғымына қатысты.

Ал, тіліміздегі варианттық тілдің өзіне тән қасиеті болғандықтан, варианттардың алуан түрлі болуы да оның тұлғалық, мағыналық дамуының бір көзі болып саналады.[1;3]

Фразеологизмдер сырт тұлғасына, яғни құрылым-құрылысына қарай екіге бөлінеді:

1. Сөйлем құрылымдас фразеологизмдер.
2. Сөз тіркесі құрылымдас фразеологизмдер.

Сөйлем құрылымдас фразеологизмдердің өзін іштей:

а) жай сөйлем құрылымдас;

ә) құрмалас сөйлем құрылымдас

деп екіге бөлуге болады.

Жай сөйлем құрылымдас фразеологизмдерге бағы ашылды, көктен іздегені жерден табылды, ине шаншыр жер жоқ, екі йығын жұлып жеді, жанын қоярға жер таппады т.б. фразеологизмдер жататын болса, құрмалас сөйлем құрылымдас фразеологизмдерге ес біліп, етегін жапты, қаққанда қанын, соққанда жанын алды; ай дейтін ажасы, қой дейтін қожасы жоқ; ішер асқа, киер киімге жарымады; аузын ашып, көзін жұмды т.б. жатады.

Сөз тіркесі құрылымдас фразеологизмдерді:

а) жалаң сөз тіркесі құрылымдас (өзек жалғау, жағасына жармасу, ат шаптырым, жарым түн, түн қатып, суық қол, сақалды басымен, төбесі тесік,бүйрек бет, ел аузында т.б.);

ә) күрделі сөз тіркесі құрылымдас (аузынан жырып беру, аяғына бас ию, ат кекілін кесісу, жаны ұстараның жүзінде,ойда жоқ жерде, аяқ-қолын бауырына алу, жанын көзіне көрсету т.б.) деп екіге бөлуге болады. [2; 66]

Фразеологизм құрамындағы сөздердің тұлға жағына келсек, септік формаларының барлық түрлерін кездестіруге болады.

Проф. Т.Сайрамбаев былай дейді:

"тұрақты тіркестер табиғи түрде септеліп, көнеленген септік жалғаулары арқылы жұмсалады. Ондай кезде тұрақты тіркестер көбінесе барыс, жатыс, шығыс, кейде көмектес жалғауында көріне алады. Мұндай көнеленген септік жалғаулы тұрақты тіркестер екі бағытта, яғни таза түрдегі септік жалғауда және негізгі сөз бен көмекші сөздердің түйдектелуі арқылы келеді".

Мысалы: жарым түн/түн жарым;

арам қол/суық қол;

шой қара/шойын қара;

ақ бата/оң бата;

тасбақа аян/тасбақа жүріс т.б.-атау септігі;

Ел аузында, ел аузына ілігу;
Ит тұмсығы батпайтын/ит тұмсығы өтпейтін-ілік септігі;
Көтере мақтау/көкке көтере мақтау;
көзіңе бақ/көзіңе қара-барыс септігі;
Бойды билеу/бойды жеңу;
демін алу/демін басу т.б.-табыс септігі;
Шығарда жаны бөлек/шығарда жаны басқа;
әзер дегенде/әрең дегенде т.б.-жатыс септігі;
Аузынан суын ағызу/аузынан сілекейін ағызу-шығыс септігі;
Отымен ойнап, суымен қайнау
отымен кіріп, күлімен шығу-көмектес.

Фразеологиялық тұлғалар о баста сөздердің жай тіркесі нәтижесінде пайда болған, жоғарыдағы түрлі септік формалар сөздерінің еркін тіркесті компоненттеріне ұқсас келеді.

Фразеологизмдердің құрамы оны құрайтын компоненттер санына байланысты. Қазақ тілінде және басқа да түркі тілдерінде фразеологизмдер құрамында ең кем дегенде екі лексикалық единицадан жасалып, көбейе беретінін табиғи құбылыс деп қарасақ, қазақ тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы компоненттер саны да бұл заңдылықты дәлелдейді.

Екі-үш компонентті фразеологизмдерден бастап, жеті-сегіз компоненттерге дейін барады.

Компоненттер санын вариантық тұрғысынан қарастырсақ, мынадай екі түрлі өзгерісті байқауға болады.

1. Компоненттер мәндес, синоним сөздермен ауысқанда және трансформация негізінде басқа сөзбен алмастырылғанда фразеологизм компонентттерінің саны айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды.

2. Фразеологизм құрамына кейде үстеме сөз қосып айтылғанда немесе керісінше, компоненттер саны қысқарғанда (түсіріліп айтылғанда), құрамы аралас, өзгермелі болып келеді. Осы айтылған ерекшеліктерді ескере отырып, вариантты фразеологизмдердің компоненттер құрамын мына төмендегідей топтастыруға болады.

1. Екі компонентті: қан қақсату/зар қақсату; ант ұрсын/ант атсын; борышқа бату/қарызға бату; аяқ астынан/табан астынан; арқасы босау/мойны босау; көңілін табу/тілін табу т.б.

2. Үш компонентті: адам құрлы көрмеу/кісі құрлы көрмеу; мойнына су кету/мойнына су құйылу; құлағының етін жеу/құлағының құртын жеу; бөркін көкке ату/бөркін аспанға лақтыру; т.б.

3. Төрт компонентті: сөздің соңын жеп қою (сөзінің соңын жұтып қою; бір қызарып, бір бозару) бір қуарып, бір қызару; санда бар, санатта

жоқ (санақта бар, санатта жоқ; мұз төсеніп, қар жастану) мұз жастанып, қар төсену т.б.

4. Бес компонентті: тырс еткен тірі жан жоқ (қыбыр еткен тірі жан жоқ) қыбыр еткен тірі пенде жоқ, кіндік кесіп, кір жуған жер/кір жуып, кіндік кескен жер; қаққанда қанын, соққанда жанын алу/қаққанда қанын, соққанда сөлін алу.

5. Аралас компоненттер: обалына қалу/көз жасына қалу; атар таң жоқ/ атар таң, көрер күн жоқ; жайылып жастық болу; жайылып жастық, иіліп төсек болу; майдай жағу/майдай жағып, судай сіңу; бір жақсы жері/бір жақсысы.

Жиі кездесетін вариант тұлғалар көбінесе екі-үш,төрт компонентті тіркестер.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқының бес ғасырға жуық тарихи шежіресі топтастырылған, ең алдымен қазақ халқының ұлт болып қалыптасу жолын, сол жолдағы тауқыметті тарихты, қилы кезеңдерді бүгінгі ұрпақ санасына сіңіруді мақсат тұтқан ұлы тарихи шығарма. Поэтикалық құрылымы аса күрделі өзіндік ерекшеліктері бар біртуар туынды, қазақ тарихи прозасының белгілі кезеңдегі көркемдік жетістіктерінің бірі. Қазақ халқының негізгі ұлттық белгісін, тарихи даму жолын, әрі сол тарихи қалыптасқан кезеңдегі тіршілік тынысын әр түрлі тілдік бірліктерді, яғни тілдегі көркем бейнелі тұрақты тіркестерді қолдану негізінде оқырмандарға таныстырды.

Фразеология – phrasis – орам, сөйлемше, logos – ұғым, ілім деген грек сөздерінен жасалған термин. Бұл атау негізінен екі түрлі мағынада қолданылады, яғни біріншіден, тілдегі тиянақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімінің бір саласы дегенді, екіншіден, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан да болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өрнектерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс – тіршілігіне, салт – дәстүріне, әдет – ғұрпына, діни наным – сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін, тұрақтылау негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, этнос өмірімен астасып жатқан мызғымас тұтастығымен, этнолингвистикалық, эксталингвистикалық факторлармен қызықтырады. Ал әр типтес тілдегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу - өзіндік тұңғиық сыры бар, қиындығы да, қызығы да мол күрделі жұмыс. Жалпы тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелу тарихының тым әріден бастау

алатындығын байқаймыз. Француз фразеологизмінің теориясын құрған Ш. Балли.[3]

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы фонетикалық варианттарға тоқталар болсақ, мұнда түрлі компонентті фразеологизмдердің орын алғанын байқаймыз.

1. Екі компонентті: тізе бүгу/дізе бүгу; ойға кету/ойға шому; судай ағу/судай тасу; айбат көрсету/айбат шегу; қан қақсау/зар қақсау; нәр татпау; көңілін аудару/көңіл қою; дем беру; мерейі өсу; іштей суу; түтін түтету;тоят ету; тұспалдап сездіру; аузын ашпау; қырғи қабақтану; тастай түйіну;машық болу; жазым болу; бажайлап қарау; дымы құру; қолы көтерілмеу;өкпесі өшу; зәресі ұшу; жүрегі дауаламау; жермен-жексен ету; сес көрсету; құты қашу; күйе жағу; сыр жату; опа табу; мүлт кету; аяқсыз тастау; арқа сүйеу; бие сауымдай; қыршынынан қиылу; оты сөну; ошағы сөнбеу; шешім келу; бұйда бермеу; тісі батпау; көз тігу; қабырғасы қайысу; тіл қатысу; міз бақпау; жала жабу; миығынан күлу; намысқа шабу; қабырғасы сөгілу; паш ету; дат ету; қамын ойлау; ғайып болу; қардай борату; ат қою; арқасы ұстау; малдас құру; масайрап қалу; делебелері қозу; қошемет көрсету; аруағы ұстау; мазасын алу; ажал түрткілеу; ұйып тыңдау; назар аудару; езу тарту; төтеп беру; сытылып шығу; құса болу; сарғая күту; айызын қандыру; бас қосу; құмырсқадай бықу; ырқына көнбеу; шіркеу келтірмеу; обалына қалмау; шолып өту; өшін алу; кір келтіру;көз жеткізу; есесін жібермеу; қылау түсу; әңгіме шерту;жанына жағу; араша түсу; құнын жоқтау; бұрысқа шығу; зіл сезу; тіс жармау; мойын ұсынбау; сабасына түсу; қарасы үзілу; шек келтірмеу; төсек тарту; көзі ашылу;шыр бітпеу; көкейіне қонбау; уысында ұстау;батылы бармау; зәре-құты қалмау; белдері босаңсу; құлағын тігу;қарасын үзу; қан төгу; қабағын шыту; ғайып болу; мұршат беру;қомын алу; ақылға салу; жол табу; бауыр басу; оң келу; көңілі ауу; тілі күрмелу; бел буу; әңгіме-дүкен құру; ноқта үзу; қол шығару; ұршықтай үйіру; берекелері кету; қарасына ілдірмеу; наразы болу; қабағын ашпау;бабын табу; жылы сөйлесу; қалпақтай түсу; салық болмау; қол көтермеу; басын біріктіру; бүйідей тию; тісін қайрау; тірегі болу; зар болмау;сазайын тарту; бағы көтерілу; малданып алу; көзі ілінбеу; бой бермеу; пұшпағынан іліну; көңілі көншу; селт етпеу; тәжім ету; өзегі өртену; сапар шегу; іргесі ыдырау; мысы жеңу; жүзін көру; тіс жармау; айылын жимау;ара түсу; қанына малу; қаны төгілу; азан-қазан ету; қолы жетпеу; ишарат білдіру; көңілі дауаламау; батылы бармау; сыңай көрсету; көзінің қиығын аудару; ақылына қану; сусынын қандыру; дәм тату; опық жемеу; сәті түспеу; бел байлау; желік біту; қол созу; ауыз жаласу; шоқпарына айналу; араздығы басылу; жауап қайыру; бет

бақтырмау; малтасын езу; көзі түсу; райынан қайту; әкей-үкей табысу; ізін суытпау; көңілі толмау; кебін кию; сауғаға қию; тоғын басу; араны ашылу; ләм-лим демеу; апшысын қуыру; қытығына тию; тасасында қалу; барымта ету; бәтуәға келмеу; кісі салу; ақылға салу; қанына тарту; еңсесі көтерілу; мауқын басу; бет алу; мүшкіл болу; шипасы тию; қаннен-қаперсіз жату; басын сұқпау; дәті шыдамау; ауыз салу; көңілі орнығу; дәті бармау; тісін қайрау; майдай жағу.

2. Үш компонентті: көз жауын алу; көз қиығын аудармау; аужайын байқай алмау; қызығына кіріп кету; күлін көкке ұшыру; көз астымен шолу; бойын ашу билеу; көзінің қарашығындай сақтау; құлаққа ұрған танадай;шат-шадыман боп тасу; қан-жоса етіп қыру; қанатын жая түсу; осал жерінен ұстау; зұлымдығына найза бойламау; адам құтын алу; көз шырымын алу; сыртына сыр шығармау; жанарын төге қарау; көңіліне қуат ету; аяғына жем түсу; сөзді әдейі бұру; көңілін көл-көсір ашу; сары қарын болу; жан азабына өртену; бүйректен сирақ шығару; дәтке қуат болу; ала жіпті аттау; тұғырынан тая қоймау; шөлі қана тояттану; қолтығына су бүрку; қабағы қарс жабылу; бос қол қайту; құрығы мойнына түсу; қолдан қолға түсірмеу; сөз астарын түсіну; аузымен құс ілу; хал үстінде жату; жүрегіне қанжардай қадалу; ақ сүті ұру; сырттай қыр көрсету; мұртын балта кеспеу; ұйқысын шайдай ашу; ала ауыздығын пайдалану; көмейіне құм құйылу; іргесін алыс салу; абыройын айрандай төгу; тасы өрге домалау; қиюы келе қалу; ит жығыс түсу; тілі байланып қалу; өрісі ұзаққа бармау; суық сөз әкелу; сыныққа сылтау іздеу; бетіне қан жүгіру; қыр соңына түсу; қара терге малыну; ақ көбік ату; қоян-қолтық алысу; жастыққа мас болу; бетінен қаны қашу; көзі ұшқын ату; көзіне көзі түсу; өресінен аспау; құлағына құю; ақылға шөлдеп келу; көзіне шөп салу; бойын жинап алу; қол астына кіру; байыбына жете түсінбеу; астыртын дем беру;жігерін құм ету; сары уайымға түсу; іргесін алыс салу; оқтаудай боп жарау; беделі түсе бастау; ат құйрығын үзу; даңқы жер жару; көңіліне олқы соғу; ызадан қаны қашу; қырғи қабақ ету; екі елі ажырамау; жан алқымнан алу; жаны жай табу; шашау шығармай ұстау; аза тұту; жол соғу; жүрегіне біздей қадалу; салы суға кету; төрт тағандап тұру; мұртын балта кесу; абыройы айрандай төгілу; терісіне сыймай ашулану; жауырды жаба тоқу; жанын пида ету; қол ұшынан жалғасу; қолтығына кіріп алу.

10. Оспанова Ф.Қазақ және ағылшын фразеологизмдерінің уәждемесі. филол.ғылым. канд. дисс.автореф.. , Алматы – 2007.

Түйін

Мақалада таңба уәждемесі мәселесінің зерттелу тарихы қарастырылады. Сонымен қатар таңбалар вебалды және бейвербады қарым – қатынаста түрлі жүйелікпен сипатталады.

Summary

In article the problem of research of motivation of a sign is considered. Signs on two different sign systems: language and nonverbal dialogue differ with character of motivation.

Желдібаева Р.Б.

Алматы

ҚЫТАЙ ТІЛІНІДЕГІ «个»GE МӨЛШЕР СӨЗІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мөлшер сөздердің пайда болуы және жетілуі - толассыз даму мен өзгеру үрдісі. Кейбір мөлшер сөздер құралу-қосылу барысында зат есімдермен немесе етістіктермен біртіндеп тұрақты қатынастар орнатып, жиі қолданылуы дағдыға еніп, бірте-бірте қазіргі қытай тіліндегі мөлшер сөздерді қалыптастырған. Енді бірі мөлшер сөздердің қолданылу жағынан көне қытай тіліндегі мөлшер сөздерден айырмашылығы зор, себебі көне қытай тіліндегі мөлшер сөздердің қазіргі қытай тілінен қатты ерекшеленетін өз үйреншікті қолданылу әдістері бар. Мысалы, 《诗经·硕鼠》өлеңдер жинағының ішіндегі “三岁贯女” (үш жас әйел) , қазіргі қытай тіліндегі кездесетін мөлшер сөз “岁” (жас) емес,“年” (жыл) деп аталады; 《战国策·赵策》шығармасының ішіндегі 《今三世以前[jin san shi yi qian]》(үш ғасыр бұрын) , бұл жердегі 三世 [san shi] қазіргі қытай тілінде 《三代[san dai]》(үш ғасыр) деп айтылады. Сондай-ақ, кейбір аталуы күрделі, қазіргі қытай тілінде қолданылмайтын мөлшер сөздер де бар. Мысалы, “都城过百雉[dou cheng guo bai zhang]”(қала дуалы жүз чжаннан биік (әсіреле у)) , мұндағы “雉[zhang]”чжан – мөлшер сөз, әдетте қала дуалының биіктігі бір чжан (қытай тілінде 3 , 33 метрге тен ұзындық мөлшері), ұзындығы үш чжан екендігін білдіреді. “帅车二百乘” (әскербасылар отыратын көне екі жүз соғыс арбасы), мұндағы“乘[cheng]” мөлшер сөзі, әдетте бір арбаға төрт ат жегілгенін білдіреді. Чуньчю дәуірі кезінде兵车一乘 [bing che yi cheng]

(көне соғыс арбасы) сонымен қатар, 甲士三人[shen tu san ren] (үш әскер (солдат)) қамтитын. Тағы бір мысал, “文车二驷 [wen che er pi]” (патша ақылшылары мінетін екі арба), мұндағы “驷” төрт ат бір арбаны сүйрейтінін білдіретін бірлік; “金王之地，方五千里 [jin wang yi di, fang wu qian li]”(Цзинь патша иелігіндегі жер бес мың ли («里ли» жарты шақырымға тең қытай бірлігі)), мұндағы “里”мөлшер сөзі шығыс пен батысты, әрі оңтүстік пен солтүстіктің ұзындығын білдіреді. Көне қытай тіліндегі көптеген мөлшер сөздер бүгінде қолданылмайды, мысалы, “马五十丙”(елу ат) , “高万仞”(он мың жэн дей биік (мөлшер сөз)) , “一被一袭”( ) , “宅一区”(бір аумақ (ішіндегі) үй) , “举百钧” (бір жүз садақты көкке көтеру) , осындағы мөлшер сөздер ертеден қолданыстан шығып қалған, тек көне кітаптар немесе идиомалық тіркестерде ғана кездеседі.

Төменде қазіргі қытай тілінде жиі қолданылатын “个”ge мөлшер сөздің сөзге айналу тарихы келтірілген: бірнеше қолданыс аймақтарын салыстырып, сөздің бір түйінінен бүкіл болмысын тану арқылы олардың даму ізі мен мәдени қайнар көзін анықтауға тырысамыз.

“个”– нің түп мағынасы – «бамбук», 《说文解字》(«Иероглифтерді талқылау») кітабында былай деп түсініктеме беріледі: «个 （ge）– бұл бамбук». Оның мөлшер сөз ретінде біршама ертерек қолданыла бастаған, мысалы:

(1)竹竿万个。[zhu gan wan ge]（史记·货植传）Бамбукттан он мың **тал**

(2) 负胜矢五十个.[]（荀子·议兵）жеңіске жету үшін елу **талын** қолдан.

Лю Шижу мырза ертеректегі шығармаларда “个” сияқты мөлшер сөздер жиі кездеседі деп есептейді。 Мысалы:

(1) 如有一介臣。 [ru you yi chen] Нақ бір ақсүйек болса.（礼记·大学，《书·秦誓》бастапқыда“一介臣” еді）

《解名》 («Есімдер сыры») кітабында: “竹曰个，木曰杖“个” бамбукты, 杖 ағашты білдіреді” делінеді , “个” алғашқы туындыларда көбінде бамбук, жебені білдіруде қолданылады. Хань дәуірінің бамбуктегі

жазбаларында да “个”ge сирек кездеседі, тек Шығыс Хань дәуірінің аяқ кезінде ғана ауызекі тілде біртіндеп қолданыла бастайды

Хань дәуірінде едәуір ортақ сипатқа ие мөлшер сөз “杖”zhболып табылады, ал“个”ge ол кезде тек бамбукты білдіру үшін қолданылған. Оңтүстік Бэйчао дәуірінде оның қолданылу аясы кеңейе бастап, енді бамбукқа қатысты заттарды ғана емес, сондай-ақ, заттарды, адамды және хайуанаттарды сипаттауда қолданыла бастады. Мысалы:

1) 堂屋西壁下.....有三个石柱。[tang wu xi bi xia .....you san ge shi zhu] Залдың шығыс қабырғасында ..... үш тіреу бар. （搜神记）

2)莫惜床头百个钱。[mo xing chuang tou bai ge qian] Моланың басына ақша қойды.（鲍照·拟行路难）

3）两个华树，数个猛狗 [liang ge hua shu, shu ge meng gou] Екі терек, көп жабайы ит.

我是万乘君王，沙汝三五个之类，何有患乎？[wo shi wan cheng jun wang, sha shu san wu ge zhi lei, he you huan hu] мен патшалардың патшасымын, әйелім сансыз, менде қандай уайым болсын. （搜神记）

天生男女共一处，愿得两个成翁姬。Ер мен әйел жартылғаннан кейін бірге болу керек, екеуінің өмірі бай болсын .

“个”ge мөлшер сөзі алғашқы қытай тарихының Таң дәуірінде қолжазбаларда пайдаланыла бастаған. таң дәуіріндегі қолжазба және әдебиеттерде ge мөлшер сөзі қазіргі қытай тіліндегі қысқарған ge мөлшер сөзіне қарағанда толықтырылған түрінде кездеседі. Сол дәуірдегі ge мөлшер сөзінің қолданылуына тоқталатын болсақ, бұл оның шығармалардағы пайдалану орнына байланысты болған. Бұл дәуірде шығармашылықтың екі түрлі бағыты болған: біріншісі – бянвэн, екіншісі – юйлу. Олардың тілдері бір-бірінен ерекшеленген. Бянвэн түрінде жазылған шығармаларда көне классик тілін көп қолданған, сондықтан да бұл шығармаларда ge мөлшер сөзін кездестіру қиын.

Таң дәуірінде сөйлесу тілі шығармаларда толық юйлу түрінде жазылған десек қателеспеген болар едік. Өйткені, сол дәуірдегі буддаға табынушылардың Чанг бағыты көне тілге қарағанда халық арасында кең таралған юйлу түріндегі шығармаларды көп жазған. Осы шығармалар

негізінде құрамында “个”ge мөлшер сөзі бар сөйлемді мысал ретінде келтіруге болады.

Қазіргі қытай тілінде “个”ge сөзі толыққанды мөлшер сөзге айналды.

“个”ge мөлшер сөзі қытай тілінде қолданылу көлемі жағынан ең көп қолданылатын мөлшер сөздердің бірі болып табылды. Қытай тілінің «现代汉语频率词典» сөздіктің негізіне сүйенетін болсақ басқа мөлшер сөздермен салыстырғанда “个”ge мөлшер сөзі ең көп қолданылатын 8000 сөздің ішіндегі 9 орында тұрады. “个”ge сөйлемде қолданылуы орны ең икемді, қолдану аясы кең. Ол арнаулы мөлшер сөздері жоқ заттарғада және кейбір мөлшер сөзі бар заттарғада қолданылады.

“个”ge бәріне ортақ мөлшер сөз болып қолданылып қана қоймай, сонымен қатар көп кездесетін ерекше қолданысқа ие. Біріншіден қимыл әрекетке қатысты қолданылуы, мұндай ерекше қолданысты шетелдіктерідің меңгеруі мен түсіну қиынға түседі. Қытай тілін үйренушілер “个”ge ның ерекше қолдануын нақты анықтап алуы аударма қызметі үшін беретін жәрдемі аса зор.

Жалпы мөлшер сөздерді қолдануда тілдік дағдыға назар аудару керек. Егер мөлшер сөз бен анықталушы сөздердің ұштасуында қателік туындауы мүмкін. “个”ge мөлшер сөзі мөлшер сөздер арасында ауқымы кең, әсіресе аузыекі тілді қолдану өте икемді. “个”ge орынсыз қолдану бірқатар қателіктерге әкеледі. Мысалы,

人们用一个特别的眼光看我。[Ren men yi ge te bie de yan guang kan wo.] Елдер маған ерекше көзқараспен қарады.

上月，我写了一个信给你。[Shang yue, wo xie le yi ge xin gei ni.] Өткен айда мен саған бір хат жаздым.

马大妈一人喂了五个大肥猪。 [Ma da ma yi ren wei le wu ge da fei zhu.] Ма шешей бір өзі бес үлкен семіз шошқаны жемдеді.

Жоғарыдағы сөйлемдерде арнаулы мөлшер сөздер қолдану керек жерге, “个”ge мөлшер сөзін қолданған. 1- Мысалдағы 眼光 [yan guang] көзқарасты білдіріп тұр, абстрактылы затқа жатады, оған арнайы қолданылатын 种 [zhong] мөлшер мен анықтау керек. 2- Мысалда 信 [xin] хат 封 [feng] мөлшер сөзін, 3- мысалда 猪[zhu] шошқаға [只zhi,头 tou,

口kou] қолданылады. Бұлардың барлығы арнайы қызметтегі мөлшер сөздер

“个”ge етістік толықтауышты құрылымда немесе меңгеруі модельді етістіктің ортасында келіп қимыл әрекеттің реті мен санын білдіреді. «бір рет» немесе «біреу» деген мағынаны білдіреді. “个”ge - нің алдында кейде сан есім «бір» ді қосып қолданамыз. Мысалы ,今天见个面，我讲几句活。[Jintian jian ge mian, wo jiang ji ju huo.] Бүгін кездесуге байланысты, мен бірнеше ауыз сөз сөйлеймін.

他早就想找个机会和小乘客谈一次。[ta zao jiu xiang zhao ge ji hui he cheng ke tan yi ci.] Ол бірер орай тауып Сяо шыңмен кеңірек сөйлесуді бұрыннан көңіліне бүгіп келе жатқан еді.

“个”ge етістік пен толықтауыштың ортасына қолданылып үнемі екі немесе екіден артық “个”ge мен құрылған етістік толықтауышты сөз тіркесімен қатар келеді.Сөйлемнің соңында үнемі 的[de] немесе 什么的[shenme de]келеді. Кейде «什么[shenme] » сөйлемнің алдына келіп, сөйлем соңында «啊a » қосылып айтылады. Тек бір ғана етістік толықтауышты сөйлем болған кезде етістік толықтауышты сөйлемнің соңына сөзсіз «什么的shenme de» қосылып келіп, сөйлем жеңіл, еркін айтылады. “个”ge нің алдына сан есім қосуға болмайды. Мысалы, 他就喜欢画个画，写个读什么的。[ta jiu xi huan hua ge hua, xie ge du shenme de.] Ол шынымен сызу, өлең жазуды жақсы көреді.

什么送个信儿啊，跑个腿啊，他都干得了.[Shenme song ge xin er a, pao ge tui a, ta dou gan de le.] Хат жеткізу болама, жүгіру болама, одан ешқандай жұмыс қашып құтылмайды.

“个”ge етістікті толықтырғыштық құрылымның ортасында қолданылып, толықтарғыштың белгісі ретінде қызмет атқарады. көмекші сөз “个”ge мен негізінен қарайлас, бірақ «得[de]» мен салыстарғанда айтуға икемді, “个”ge жеңіл оқылады ауыз екі тілде көп қолданылады Етістіктің артына «了le» келіп қимыл әрекеттің әлде қашан болып кеткендігін білдіреді.Мысалы,

织布机叽叽嘎响个不停。[Zhi bi ji ji ga xiang ge bu ting]Бұл тоқу машинасы тоқтамай гүрілдейді.

他喋喋不体地说个没完。[ta zui die die bu ti di shuo ge mei wan.]Ол аузы жабылмай сөйлеп кетті.

“个”ge аз сандағы етістік немесе зат есімдермен бірігіп, етістік баяндауышты сөйлемнің алдына қолданылып іс әрететтің аяқталып немесе өте тез болғандығын білдіреді. “个”ge нің алдына сөзсіз «一 yi бір» қосылып келеді. Мысалы: 这一拳打得敌人一个跟头栽在烂泥塘里。[zhe yi quan da de ren yi ge gen dai zai lan ni tang li.]Бұл жұдырық баптап ұрылғандығы сондай, жауды батпаққа ұшырып түсіріді.

他一个箭步蹿上去。[ta yi ge qian bu cuan shang qu]Ол бір секіріп шығып кетті.

“个”ge етістік пен болжалды сан есімнің арасына келіп жеңіл, тез әрі еркін сөз сыңайды білдіреді. “个”ge- нің алдына сан есім қосуға болмайды, есімдік «它» ta- ны қосуға болады. Мысалы ,

哥俩儿也不过差个两三岁。[ge lia er ye bu guo cha ge liang san sui.]Ағалы - інілі екеуімізге 2-3 жас айырмашылық бар.

他一天走个百八十里，也不觉得累。[ta yi tian zou ge bai ba shi li, ye bu juede lei.] Ол күніне бірер жүз шақырым жол жүрседе, шаршадым демейді.

“个”ge мен «一百 yi bai ，一千yi qian ，一万yi wan » қатарлы сан есімдер бірігіп қолданылып, етістіктің алдына келіп «很hen, 非常fei chang 特别te bie» мағынаны білдіреді. Мысалы,

这是交给你，我一百个放心。[zhe shi jiao gei ni, wo yi bai ge fang xin.] Бұл істі саған тапсырсам, ерекше алаңсыз боламын.

谁要是破坏民族团结，我们可是一千个不答应，一万个不答应。[shui yai shi bo huai min zu tuan jie, wo men ke shi yi qian ge bu da ying.] Кімде кім ұлттар ынтымағына қауіпсіздік жасаса, біз қарсы қатты тұрамыз.

Жіктеу есімдігімен жалқы есімдер үнемі “个”ge - ге бағынбайды. “个”ge жіктеу есімдігі мен жалқы есімдердің алдына қолданылып бір түрлі ерекше дәріптеуді білдіреді. Үнемі екі сөз тіркесі сәйкесті түрде шығып отырады, екі сөз тіркесі сәйкесті түрде келген кезде “个”ge ның

алдындағы «бір» ді қысқартуға болмайды, сөз тіркесі ерекше көрсетіледі. Мысалы,

一个你，一个他，星期天从来不上街。[yi ge ni , yi ge ta , xing qi tian cong lai bu shang jie.] Бірі сен бірі ол жексенбі күні базарға шықпайсыңдар.

一个石河子，一个库尔兰勒市容整洁，漂亮。[yi ge shi he zi, yi ge ke er lan li rong zheng huo, piao liang]. Бірі Шизанзының , бірі Корланның қала көрінісітері әдемі.

“个”ge сұраулы есімдіктер «什么 shen me» «» лардың алдына қолданылып «елемеу, аямауға және менсінбеу» мағынасын білдіреді. Бір түрлі мақұлдаушылық сөз сынайын береді. “个”ge -нің алдына сан есім қосуға болмайды . Мысалы,

他一个小孩子，能干什么。[ta yi ge xiao hai zi, neng gan shen me.] Ол бір кішкентай бала болса, не істей алады.

一人才和一瓶啤酒， 算个啥.[yi ren cai he yi ping pi jiu sha.]Бір адам бір шөлмек сыра ішсе не болатын еді.

“个”ge «有/ 没+ 动/ 形[you/ mei + dong / xing]» ортасына қолданылып ауыз екі сөйлеу мәнерін тереңдетіп бір түрлі еркін сөйлеу әдісін білдіреді. Сұрауға немесе болымсыздық түріне көп қолданылады. Мысалы,

他一讲起来，就没个完。[ta yi jiang qi lai, jiu mei ge wan.]Ол сөйлеп кетсе сөзі түгелмейді

我没个对，向你赔个不是该行了吧。[wo mei ge dui, xiang ni ge bu shi gai xing le ba]. Мен қате істедім сенен кешірім сұрасам болады емес пе.

“个”ge мен «把ba» бірлесіп зат есімнің алдына колданылып болжал санды білдіреді. «某一个[mou yi ge]，一两个[yi laiing ge]，一半次[yi ban ci]，一半个[yi ban ge]，少许[shao xu]» қатарлы мағыналарды білдіреді. Көбінесе уақытты білдіретін зат есімдердің алдына қолданылады. Мысалы, 多个把人也住得下。[Duo ge ba ren ye zhu de xia.]Және бір екі адам болса да сияды.

知道青年到我们村里来已有个把日了。[Zhi dao qing nian dao wo men cunli lai yi you ge ba ri le.]Білімді жастар кентімізге келгеніне бірер ай болды.

“个”ge «把ba» мен «把ba» ның толықтауышының ортасына келіп ерекше дәріптеуді білдіреді. «这个zhege» немесе “个”ge деген мағынаны білдіреді. “个”ge нің алдына «一[yi]бір» қосуға болмайды. Егер алдына «一бір» қосылса ерекше дәріптеуді білдірмейді.

Мысалы, 看你，把个孩子打得满身是伤。[Kan ni , ba ge hai zi da de man shen shi shang.] Қарашы сен, кішкентай баланы ұрып денесінің барлық жерін жаралап тастапсыз.

“个”ge мөлшер сөзретінде «些xie»нің соңына қолданылып жұрнақты толықтайды. Мысалы, 这么些个书哪看得完。[zhe ne xie ge shu na kan de wan.] Осыншама кітапты қайтып көріп болуға болды.

有一些个令人舞的事情。[You yi xie ge ling ren wu de shi qing.] Адамды жігерлендіретін кейбір істер бар.

Жоғарыда айтып өткенімізде қортындылай келе “个”ge ның мөлшер сөздік қаситеті әлсіреген сайын грамматикалық мағынасы күшейеді. “个”ge «数量词shu liang ci » яғни сан есім мен зат есімнің ортасына қолданылатын мөлшер сөздер құрылымынан аттап өтеді. Ол әртүрлі күрделі зат есімдік сөз тіркестерін өлшеп қалмастан сонымен қатар соңында зат есімдік емес мүше қалыптастырады. Мысалы, етістік толықтауыш етістік толықтырғыш қатарлы қимылдық мөлшер мен басқада грамматикалық ойларды білдіреді,“个”ge етістік толықтырғыш құрылымының ортасына келіп біршама өзгеретін көмекші сөзге айналдырады.

Әдебиеттер

1. Хы Жие. «Қазіргі қытай тіліндегі мөлшер сөздердің зерттелуі» Пекин,2000 153-171б
2. Ли Үимиң. «Қытай тіліндегі мөлшер категориясы» Пекин, 2000
3. Каримов А.А Счетные слова в китайском языке, АКД, Ташкент, 1999
4. Жаң Жыгоң. Қытай тілі грамматикасы білімдері. Шаңхай, 1959
5. Жаң Жиң. Жаңаша жазылған қазіргі қытай тілі. –Шаңхай, 1980
6. Хуаң Бороң, Ляу Шүйдоң. Қазіргі қытай тілі. –Пекин, 1997

Резюме

В статье рассматриваются особенности употребление счетное слова “个”ge в китайском языке.

Summary

This article considers specific usage of measure words in Chinese.

ЯЗЫК ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ



Ахетов М.К.
Алматы

ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІНІҢ ІЛКІ БАСТАУЛАРЫ

Қазақ шешендік өнері жайлы сөз қозғағанда әйгілі философ Әбу Насыр Мұхаммед ибн Ұзлағ Тархан әл-Фараби (870-950) есімін атамау мүмкін емес. Әл-Фарабидің түсіндіруінде адамға тіл тек жақсы сөз айту үшін, ізгілікті насихаттау үшін, сондай-ақ жаратушының ұлықтығын мадақтау үшін берілген. Шешендік пен даналықтың сыры да осында деп ұққан ол: «Язык человека должен повторять хорошие и правдивые слова. Воспевают обычно того, кто достоин этого. Тот, кто исполняет все это, является истинным мудрецом, который наслаждается своей мудростью и ее тайнами. Противоположный ему ослепляется подобно позолоченной меди. И если ты лишился всего этого, ты останешься несчастным. Упаси боже нас от мучении в загробной жизни», - дейді. (1;440). Әл-Фарабиді қазақ шешендігінің бастауында тұрған тұлға ретінде қарастыруымыздың өзіндік себебі бар. Қазіргі Қазақстан аумағындағы түркілік ортада дүниеге келіп, көшпелі қоғамда дүниетанымы қалыптасқан ұлы ойшыл шешендік өнердің теориясы хақында сөз қозғап, әлемдік ғылымға сүбелі үлес қосқан алғашқы тарихи тұлға.

Антикалық дәуірдегі ұлы Грек ойшылдарының философиялық ой-тұжырымдарын жаңаша бағалап, «Екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фараби Сыр өзені бойындағы Отырар қаласында дүниеге келгенімен, өзінің негізгі еңбектерін араб тілінде жазды. Сондықтан да Батыста оны мұсылмандық философияның негізін қалаған араб ғалымы ретінде таныды. Ұлы ғалымның бізге жеткен «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында пайымдама», «Екі философтың – Қасиетті Платон мен Аристотельдің көзқарастарының ортақтығы туралы», «Сөз – ғылымдардың классификациясы туралы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат», «Музыканың ұлы кітабы» секілді еңбектері бүгінгі күнге дейін өзінің ғылыми құндылықтарын жойған жоқ. Шешендік өнерге қатысты әл-Фарабидің пікірін «Сөз – ғылымдардың классификациясы туралы» атты еңбегінен көруге болады. Ғылым түрлерін: Тіл туралы ғылым; Логика; Математика; Арифметика; Геометрия; Оптика; Жұлдыздар туралы ғылым; Музыка туралы ғылым; Салмақтар туралы ғылым; Шебер тәсілдер туралы ғылым; Физика; Метафизика немесе «тәңірлік ғылым»;

Азаматтық ғылым; Юриспруденция; Догматикалық діни ілім; (2;113-199) - деп жүйелеген ғұлама риторикаға арнайы тоқталады.

Аталмыш еңбектің «Логика» тарауында әл-Фараби былай дейді: «Риторикалық пайымдаулар дегеніміз – адамды қандай пікірге болсын сендіре алатын, ал оның ақыл-парасаты - оған не айтса, соған қанағат тұтатын және оны азды-көпті растап беретін пайымдаулар…

Алайда сенімдер әрқилы болғанымен оларда еш нәрсе ақиқатқа жақын жорамал туғызбайды. Осы мағынасында алсақ риторика диалектикаға қайшы келеді». Көріп отырғанымыздай, ол риторикаға философиялық категория ретінде қарады да, шешендікті ақиқатқа жетудің емес, грек философтары тәрізді сендірудің, көпшілікті не нәрсеге болса да иландырудың құралы деп білді. Сондай-ақ, адамдардың бақытты қоғамда өмір сүруінің алғышарты ретінде әл-Фараби азаматтық қоғамды атады. «Азаматтық саясат», «Мемлекет қайраткерінің афоризмдері» сияқты социология жайындағы ірі шығармаларында әл-Фараби Платон тәрізді азаматтық қоғам туралы ілімді өзінің бүкіл ілімімен мейлінше тығыз байланыста қарастырады.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактатта» әл-Фараби адам өмірінің мақсаты кемелділікке ұмтылу, ақиқатты тану, ал шешендік өнер кемел басшының бойында болуға тиісті ең басты қасиеттің бірі деп санайды:

«Ешбір жанға бағынбайтын басшы адам міне осындай. Ол – имам, ол – қайырымды қаланың бірінші басшысы, ол – қайырымды халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады. Біріншіден, бұл адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатындай болуы керек; өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек; әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болу шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын тілмар болу шарт; өнер-білімге құштар болу, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек; тағамға, ішімдік ішуге, сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болу

керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт; шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек; жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болуға тиіс;» (2; 335-336)

Ғылыми еңбектерімен әлемге кеңінен танылған Әл-Фараби өзінен кейінгі мұсылман ғалымдарға философияда, нақтылы ғылымдарда, музыка мен медицинада даңғыл жол салып берді. Оның еңбектерімен атақты сопы Қожа Ахмет Йасауидің де танысқандығы туралы белгілі фарабитанушы М.Бурабаев былай дейді: «Ясави родился в Испенджабе (Сайраме). Первые уроки брал у своего отца Ибрагима и в местном медресе. Некоторое время жил в Отраре и в Бухаре, где изучал философию, медицину, математику, астрономию, географию, а так же труды аль-Фараби, аль-Бухари, аль-Фергани…» (3;41)

Қожа Ахмет Йасауи – түркі сопылық дүниетанымының бастауында тұрған ұстаздардың ұстазы, күллі түркілік мәдениетке жаңаша сипат, тың мән-мағына берген кемеңгер әулие. Ол негізін салған рухани ілім барша түркі халықтарының сапалық тұрғыдан өсуіне, дамудың жаңа бір сатысына көтерілуіне тікелей ықпал етті. Адамның рухани тұрғыдан кемелденуін, пенденің өз бойындағы кемшіліктерімен ымырасыз күрес жүргізуін, он сегіз мың ғаламды жаратушы Алла тағалаға деген шексіз махаббатты насихаттаған Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикмет» атты еңбегі көшпелі түркілер арасында адамгершілік қағидаларын белгілеп, одан кейінгі ғасырлардағы қоғам өмірінің болашағын айқындап берді.

Қожа Ахмет Йасауидің дүниеге келген мерзімі туралы деректер қарама-қайшылыққа толы. «Ортағасырлық жазбаларда Қ.А.Йасауидің хижраның 562 жылы (1166 жыл) дүниеден өткені айтылады. Осы дерекке және хикметтердегі мәліметтерге сүйене отырып, ақынды 63 жыл өмір сүрген деп санайтын зерттеушілер оның туған жылын 1103 жылмен шендестірсе, 73 жыл жасаған деп есептейтіндер бұл мерзімді 1093-94 жылдармен белгілейді. Сопы ақын 125 жыл өмір сүрген деген болжамға ден қойған ғалымдар оны 1040 жылдары туылған деп есептейді. Ежелгі Сайрам (Испиджаб) қаласында дүниеге келген Йасауи руханитәрбиенің алғашқы сабақтарын өз әкесі Ибрахим шайхтан алады. Әкесі дүниеден өткен соң, Арыстан бабтан аманат-ілімді қабылдаған болашақ Түркістан пірі біршама уақыт Йасы (Түркістан) қаласын мекен етеді. Есейе келе ілім іздеп, өз хикметтерінде айтылғандай, «Хорасан,

Шам, Иракқа сапар шекен» Йасауидің өмір жолын бірқатар деректер Бұқаралық атақты сопы Жүсіп Хамаданимен байланыстырады. Өз дәуірінің көрнекті ғұламаларымен, мәшһүр сопыларымен сұхбаттас болған, сопылық тәжірибесін жетілдіріп, рухани кемелдену сатыларын өткерген ақын толысқан шақта Йасыға оралады. Сонда тұрақтап, тариқат ілімін таратады, өзінің ғибратты хикметтерімен мәшһүр болады. Өмірін алла жолына арнаған, сансыз көп шәкірт тәрбиелеп, рухани кемелдікке жеткізген Йасауи 63 жасқа келгенде «Мұстафаға матам (аза) тұтып» жер астындағы құлшылық мекеніне – қылуетке түседі. Сопы ақын өмірінің неше жылға созылғаны беймәлім, бұл жайында тек аңыздарда келтірілетін Йасауидің өзі айтты делінген: «Жер бетінде неше жыл өмір сүрсем, жер астында да сонша жыл өмір сүремін» деген сөзі мен «Жүз жиырма беске кірдім, біле алмадым» деген хикмет жолдары ғана сақталған (4; 3-4)

Қазақ философиясының, көркемдік ойлауының, шешендік өнерінің бастауында Қожа Ахмет Йасауидің тұрғаны еш дау туғызбайтын ақиқат. «Хазірет Сұлтан Алғарфин Қожа Ахмет Йасауи Шаһынша әулие бір күн «тоқсан тоғыз мың машайық» атанған мүридлерін жамиғ қылып, баршасына бұйырды дейді. Ан хазіретіміз салиалла тағала ғалия өсләм миғраж асқанда, Құдай тағаланың құдіреті илан тоқсан тоғыз мың сөз сөйлескен екен. Отыз үш мың шариғат, отыз үш мың тариқат, отыз үш мың хақиқат – соның бәрі бір кітапта асла (әсте) болмайды, бір жерден табылмайды. Сіздер баршаларыңыз бір жерде отырып, бас-басыңызға бір ауыздан сөз айтыңыздар, кейінгі заманға жәдігер болып қаларлық болсын. Сол Құдай тағаланың құдіреті илан Мұхаммед пайғамбардың сөйлескен сөзін пендеде білуші жоқ. Бірақ сіздердің сөздеріңіз сол зордың көлеңкесі сықылданып, жұрт аузында қалсын! – дегенде,

– Қай қай ретті қылып сөйлейміз? – деп, Сұлтан хазіреттерінің өзінен сұрағанда, зат Шариф мүбәрәк тәліптері илан өзі айтты дейді: – «Мақал» деп айтылатұғын сөз болсын: «Шаруа көшсе байиды, Дәруіш кешсе байиды», «Уақытсыз ерден – бақытсыз ұрғашы артық». «Осы мақалдар Сұлтан хазіретлерінің өз аузынан шыққан» - деп Мақтымқұл сөзінің есебінде (сынды) бар ғазизлер айтқан.

Тоқсан тоғыз мың машайық бір төбенің ту басына орнап, үшал жайға «Мәслихат төбе» деп ат қойды дейді. Сондағы орнаған жайлары дария жағасы екен.

– Хазіреттің бұлай айтысында бір сыр бар ғой, – дескеннен, сонан сол дария «Сыр суы» атанды дейді.

Сонда бұлар бас қосып, не айтарын біле алмай, жөнделе алмай, біріне-бірі: «Сен айт, сен айт!» – десіп, жалғызы дәнеме айта алмаған, ең алдыңғысының айтқан сөзі екен:

– Хазірет баршамызға бас-басыңа бір сөз айтып шығарды. Жалғызың дәнеме айтпайсың, «Өзің білме, білгеннің тілін алма» – деген осы екен, – дейді. Сонда солардың ең аяғы, соңында қалғаны айтқан екен:

– Шідердің қасында құйысқанға қыстырылған тезек сықылды болып жүріп, мен не айтамын?! – деген екен.

Орта бойында біреуі дәнеме айта алмаған соң:

– Кел, мұны қол-аяғын байлап, тіпті ештеме айтпаслық (қа) суға тастап жіберелік! – деп, бас салғанда:

– Құдай-ай, ту… «Көп қорқытады, терең батырады» - деген осы екен-ау! – депті дейді.

Сол ретпенен әрқайсысы бір сөз сөйлеп, қазақ ішінде «мақал» деп айтылып жүрген сөз сол тоқсан тоғыз мың машайықтан қалған екен десіп келеді». (5;50-51) Бұл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинаған аңыз-әңгімелерінен алынған үзінді. Қазақ фольклорының, философиясы мен көркемдік ойлау жүйесінің негізі болып саналатын мақал-мәтелдердің осындай рухани кемел ұстаздардан тарағанын көрсететін бұл мысалдан Қ.А.Йасауидің қазақ мемлекеттігінің де бастауында тұрғанын аңғарамыз. Айтылған сәтінде нысанаға дөп тиіп, уақыт сынынан сүрінбей Қазақ шешендеріндегі рухани кемелділік, моральдық тұрғыдан тазалық Қожа Ахмет Йасауи негізін қалаған ілімнен бастау алады. Көне Грекия мен Римде шешендік өнер ақиқатқа жетудің емес, көпшілікті иландырудың, өз қалауыңа халықты сендірудің құралы болса, қазақ шешендік өнеріндегі «қара қылды қақ жару» принципі, яғни, ақиқаттың, әділеттің үстемдігі ұлы ұстаздың енгізген жаңалықтары еді. Қ.А.Йасауи талабы бойынша шешеннің халық алдындағы беделінің бірден бір көрсеткіші – оның ары мен қолының кіршіксіз тазалығы, иманының кәмілдігі еді. Қ.Бәрібайұлының:

Шабылмаған жүйріктен,

Белі жуан бесті артық.

Тұрлауы жоқ шешеннен,

Үндемеген есті артық. – деп жырлағанындай, шешен сөзінің салмағы оның сыртқы сұлулығында емес, шынайылығында және шешеннің моральдық келбетінде еді. Қ.А.Йасауи қалдырған «Диуани

хикмет» еңбегі бүгінгі күнге дейін қазақ шешендік сөзінің іргелі бір саласы – уағыз үлгілерінің қалыптасуына ықпал етіп келеді.

XII ғасырда бытыраңқы моңғол тайпаларының басын біріктірген Қабыл ханның тұқымы Есукей батырдың Өлең атты бәйбішесінен Темучин атты ұл дүниеге келеді. Есукейдің бәйбішесінен Темучиннен басқа Хасар, Хачиун-бек, Тэмугэ атты үш ұлы мен Тэмулун атты қызы, Сочихэл атты екінші әйелінен Бектер мен Белгітай атты екі ұлы болады. 1162 жылы туылған Тэмучин өзінің ерекше қабілет-қарымының арқасында Шыңғысхан атанып, қазіргі Моңғолия, Қазақстан, Ресей территориялары аумағында ұлы империяның негізін қалады. Ол түркі-моңғол тайпаларының басын біріктіріп, Еуразия кеңістігі бұрын-соңды көріп-білмеген алып ұлысты басқарды. Пікір білдіруде, ғылыми тұжырым жасауда аса талғампаз Ш.Уәлиханов Шыңғысхан хақында мынадай пікір айтады: «Қазақтар қолданатын «шешен» сөзінің түп-төркіні – дана, ақылды деген мағынаны білдіреді. Бұл көне моңғол сөзі, ерте заманда да дәп қазіргі қазақтар қолданып жүрген мағынада, аз ғана дыбыстық өзгерісте айтылған. Бізге белгілі шығыс жазбаларында Шыңғысханның арғы бабалары Санан Сеценде Цибибигай сэцэн деп аталған. Солтүстік моңғолдар – халқастар соцен, сэцэнь деп те айтады» (6;119).

Әсілі, «шешен» сөзі сол тұстағы түркі-моңғол тілдеріне ортақ болған, тіпті, Шыңғысхан тұсында іргелес жатқан түркі және моңғол тайпалары бір тілде сөйлеген деген де пікірлер бар. Моңғол тілінің білгірі ғалым Базылхан Бұқатұлы да осыған назар аударады (7;7).

Сөз құдіретін бағалау, сөзге тоқтау және оны қадірлеу Шыңғысхан заманында да баршаға ортақ дәстүр болатын. «Со времени Чингиз-хана существовал обычай, говорится в «Сборнике летописей» Рашида ад-дина, чтобы изо дня в день записывали слова хана, причем хан для этой цели часто говорил рифмованной прозой, «складно и со скрытым смыслом» - деп жазады атақты орыс түркологы Т.И.Сұлтанов Рашид ад-Динге сілтеме жасай отырып. (8;31) Сондай-ақ, Шыңғысханның сөйлеген сөздерін сарай айналасындағылар арнайы жариялап, оны көне түркі сөзімен «білік» деп атаған. «Шыңғысханның қасиеттері мен әдеттері» атты тарауында Рашид ад-Дин келтірген деректер бойынша Шыңғысханның сөздері терең мағыналы, өмірдің өзінен алынған мысалдарға толы болып келеді. Ол былай дейді: «Зұлымдықтан өзінің ішін тазалай алған адам, ұлысты да ұрылардан тазалай алады». Тағы бір сөзінде: «Бізден кейін дүниеге келетін адамдар заңды қатаң сақтамаса, олардың мемлекеттері шайқалады да, артынан үзіледі. Сонда

олар жандарын салып Шыңғысханды іздейді, бірақ оны таппайды». Шыңғысханның кейінгі ұрпақтары арасында білік оқу құралы ретінде қабылданып, әр жылдың басы мен соңында әскери ақсүйектер, нояндар мен қолбасылар білік айтудан сайыстар ұйымдастырған. Білікті білу билікке қол жеткізудегі маңызды талаптардың біріне айналады, тіпті Қытайда таққа мұрагер таңдау барысында білікті ең жақсы меңгергені жеңімпаз деп танылады.

Шыңғысханның тарихи сахнаға шығуымен мемлекетті басқарудың жаңа жүйесі қалыптасты. Бұл мемлекеттік құрылымды тек Шыңғыстың шексіз билігіне құрылған монархиялық деп айтуға келмейтін, себебі ханның құзіреті шексіз емес еді. Мемлекеттік маңызы бар мәселелерді хан өзінің қарауындағы ру-тайпалардың көсемдері – билермен, нояндармен, батырлармен ақылдасып шешетін. Өз кезегінде ойын ашық айта алатын осындай әскербасылардың, талантты билердің қалауы хан билігін едәуір шектеуге, ханды өздерімен санасуға мәжбүр етті. Сондай-ақ, заң бойынша мемлекеттік құрылымда да тақты мұрагерлікке қалдыру қарастырылмаған. Заңмен бекітілмегендіктен әрбір ханның төре тұқымынан сайлануы монғолдардың өз қалаулары болып саналды. Шыңғысханның халық алдындағы еңбектерін көзімен көрген және оның жеке басын қатты сыйлағандықтан оның ұрпақтарының тақты мұрагерлікке беруіне қарсы болуға еш негіз жоқ еді. Монғолдар жақсы қасиеттер мен кемшіліктерді адам бойына туабітті қанмен беріледі деп есептеді де, Шыңғысханның және оның ұрпақтарының ерекше жаратылғанына кәміл сенді.

Шыңғысханның қарсыластары белгілі нояндар Алтан, Хучар, Сече-Бікі секілді рубасылар қалыптасқан көне дәстүрлі жүйені бұзғысы келмеді. Өздеріне шектен тыс мүмкіндіктер беретін, зорлық-зомбылыққа, заңсыздықтарға, бір-біріне деген сенімсіздікке құрылған ескі жүйе бұлардың жосықсыз әрекеттер жасауына қолайлы болатын. Өзіне қойылған заман талабы мен соңына ерген халқының қалауын өте жақсы сезінген Шыңғысхан қатаң тәртіпке, өзара бір-біріне деген жанашырлыққа құрылған жаңа заң жүйесін – Ұлы Жасаның негізін қалады. Шыңғысхан жасаған мемлекеттік құрылым мен заңдар жүйесі күллі Еуразия құрылығындағы ұлттар мен ұлыстардың дамуына даңғыл жол ашып, мыңдаған халықтардың өзара тәжірибе алмасуына ықпал етті. Бұрын-соңды заңсыздыққа, зорлық-зомбылыққа, күштінің әлсізге көрсеткен әділетсіздігіне батқан алып аумақ, ендігі жерде ретке келіп, барлығы Ұлы Жасаға бағынды.

Жасаның толық нұсқасы жасақ, моңғолша «дзасак» – «қаулы», «заң» деген мағынаны білдіреді. Шыңғыс ұлысына қарасты барлық моңғол тайпаларына Жаса заң ретінде 1206 жылғы Ұлы құрылтайда жарияланды. Одан кейін 1218 жылы қайта қаралып, 1225 жылы соңғы нұсқасы бекітілді. Өзге ұлттар мен ұлыстардың тілі мен дініне, салт-дәстүріне ешқандай шектеу қоймай, еркіндік берген Шыңғысхан жасаған жүйе соттардың ашық әрі жариялылық жағдайда өтуіне, баршаға түсінікті болуына мүмкіндік берді. Сот алдында қоғам мүшелерінің барлығы атақ-даңқына, лауазымына, шыққан тегіне қарамастан құқықтары тең болды. Ғалымдар тарапынан кейін әскери демократия деп аталған бұл жүйе «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» қағидасын заңдастырды.

Әскери демократия терминін алғаш рет американдық тарихшы-этнограф, археолог Льюис Генри Морган (1818-1881) енгізеді. Л.Г.Морган бұл терминді көне Грекиядағы алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырар тұсындағы билік түрін белгілеу үшін пайдаланса, кейін қоғамдық формацияларды бүге-шігесіне дейін зерттеген К.Маркс пен Ф.Энгельс бұл сөзге тың тарихи мағына береді. Кеңес ғалымдары да әскери демократияны алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, мемлекет құрылар тұстағы қоғамды саяси тұрғыдан ұйымдастыру формасы деп қабылдады. Бұл тұста демократиялық жолмен сайланған әскери көсемдердің, қолбасылардың билігі артады.

Даладағы әскери демократияның жарқын көрінісі ретінде түркі-моңғол ақсүйектерінің ресми кеңесі – құрылтайды атауға болады. Бұл көшпелі тіршілікке бейімделген, қоғам мүшесінің ұлыстағы ең өзекті мәселелер бойынша ой-пікірін ортаға салуына мүмкіндік беретін көне Грекия мен Римдегідей Халық Жиналысы еді. Көне түркілер дәуірінде, кейін Шыңғысхан империясында құрылтай аса маңызды рөл атқарды. Онда, негізінен, Ұлы хан сайлау, жаулап алынған жерлердің әкімшілік-аумақтық шекараларын белгілеу және басшысын тағайындау, ұлыстың ішкі-сыртқы саясатын айқындау, әскербасыларды сайлау сынды маңызды мәселелер қаралды.

Ғалымдар арасында «Қаз» сөзін – халық жиналысы деген мағынаны білдіреді дейтін де пікір бар. Көшпелі жағдайдағы әскери демократияның қазақ хандығы тұсындағы жарқын көрінісі ретінде осы «Қаз» жиынын атауға болады. «Жеті Жарғыда» биліктің ең жоғарғы деңгейі ретінде осы «Қазды» атайды. «Қаз (мәслихат, жиын) – бүкіл қазақ елінің бас қосқан кеңесі. Ел басына түскен өте ауыр, даулы, жауапты мәселелерді талқылауға үш жүздің бас көтерер азаматы (ат-

сайманымен, бес қаруы бойында) түгел қатысады. Көрші елдермен соғысу не одақтасу, не мойынсұну т.б. бойынша шешімді бекітуге тек «Қаздың» ғана деңгейі келеді. «Қаз» бекітпесе хан мен сұлтан болса да, елдің беделді билері болса да биліктері заңсыз деп табылады», - деп жазылған «Жарғының» «Билік деңгейлері» атты бірінші тарауының 6-шы бабында (9;67).

Жоғарыда аталған себеп-салдарларды, тарихи деректерді саралай келе, Қазақ қауымында құқықтық мәдениетпен бірге шешендік өнердің дамуына, сөз культінің қалыптасуына ықпал еткен басты-басты мынадай себептерді айтуға болады:

1. Мемлекеттік құрылымның көне сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен бастап ерекше әскери демократиялық жолмен дамуы;
2. Құқықтық мәдениеттің көшпелі тірлік жағдайына сәйкес далалық үлгі бойынша қалыптасуы және кейін Шыңғысхан жүйелеген «Жаса» негізінде «Қасым ханның Қасқа жолы», «Есім ханның Ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді заңдар формасында жасалуы;
3. Қараханидтер дәуірінде ислам дінінің түркі тайпаларына енуі және Сүнниттік ханифит мазһабындағы Ахмет Иассауи негізін салған сопылық ислам дүниетанымының қазақ даласына таралуы;
4. Еуразия кеңістігінің зор аумағын алып жатқан көшпелі тыныс-тіршілік, шаруашылық жүйе және осындай ерекше жағдайға байланысты қалыптасқан саяси-әлеуметтік, тұрмыстық ахуалдың әсері. Абыз дәстүрі;

Әдебиеттер

1. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. Алматы, 1985. С.440
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы: «Ғылым» - 1973 жыл 113-199 б.)
3. М.С.Бурабаев. Коран и хикметы Ахмеда Ясави. – Алматы – 2006, С.41
4. А.Әбдірасылқызы. Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі. Алматы: 2007 3-4 бб
5. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 11 том. Павлодар – 2007 жыл. 50-51 бб
6. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. - Алматы: «Жазушы». 1985 ж. 119 б.
7. Монголдың құпия шежіресі. Өлгий. 1979 жыл. 7 бет
8. Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – Москва 2006 г. С.31

9. Артықбаев Ж.О. «Жеті Жарғы». – Алматы, 2004. 67 бет
10. Қазақтың ата заңдары. – Алматы: «Жеті жарғы», 2005, 29 бет

Резюме

В статье рассматриваются проблемы генезиса казахского ораторского исскуства.

Summary

This article deals with the problem of genesis of the rhetoric .

Әбдіқалық К.С.
Алматы

АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ АВТОРЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМДАР

Шығарма мәтінінің тарихын зерттеуде авторы белгісіз мұралардың иесін анықтау сияқты мәліметтер де маңызды роль атқарады. Яғни, бұл атрибуция шығарманың белгілі бір авторға тиесілі екенін дәлелдейтін текстологияның бір саласы болып табылады. Кейде ол тек болжамдардан құрылып, оны анықтауда көп жақты дәлелдеулер болуы да мүмкін. Бірақ ол көз жеткізілген болжам болуы қажет. Осы мәселені кеңінен өрбіту үшін “Дала уалаятының газетінде” басылған “Тәкаппар әскер басы турасынан”(1995, №3) атты аңыз әңгіменің авторы Абай болуы мүмкін деген болжам айтқым келеді.

“Тәкаппар әскер басы турасынан” атты аңыз әңгіменің “Ескендір” поэмасына ұқсастығы абайтанушылардың назарына ілігіп, жете зерттелген жай. Анықтап айтқанда, “Ескендір” поэмасының шығу төркіні туралы сөз қозғаған ғалымдардың ішінде газеттік нұсқаны арнайы қолға алып, ерекшелігін танытқан зерттеуші – З.Тайшыбай. Ол “Абайтанудың революцияға дейінгі қайнар көздері”(1995) атты кандидаттық диссертациясында бұрыннан сөз басып келген екі нұсқаның ұқсастығын, яғни, сюжет желісі, сөз саптауына дейін бірдейлігін сөзбе-сөз салыстыру арқылы нақтылай түсіп, “Абай “Ескендір” дастанын жазғанда “Дала уалаятында” жарияланған “Тәкаппар әскер басы турасынан” деген әңгіме текстін толық пайдаланған” деген батыл тұжырым жасады. Ал әңгімеде кездеспейтін дастандағы кейбір жайларды: Ескендірдің жасы, әкесінің аты – Филип, данышпанның есімі – Аристотель екендігі туралы деректерді Абайдың қайдан алуы мүмкін деген мәселеге де барынша зер салады.

Осы тұста “Ескендір” поэмасының шығу төркінін іздеген М.Әуезов, Ә.Дербісалин, А.Нұрқатов, Ә.Жиреншин, С.Қасқабасов, Қ.Салғарин, Т.Әлімқұлов, Қ.Жұмалиев, М.С.Сильченко, Е.А.Кастюхин, тағы басқа ғалымдардың пікірлерін ескеріп отырады. 1890 жылы шыққан көп томдық “Энциклопедиялық сөздікті” тілге тиек етіп, сол арқылы да Ескендірдің тарихи тұлғасымен танысуы әбден мүмкін деген ой айтады. Сөйтіп, бұл еңбекте “Ескендір” дастанының түп қазығы осы газеттік нұсқа болып табылады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында аты-жөні көрсетілмеген бұл аңыз әңгіменің авторын Абай деп қарастырған пікірлер де бар. Бұған қарсы

З.Тайшыбайдың көз жеткізер айғақтары бола тұрса да, толық тарала қоймаған бұл мәселеге қысқаша тоқтала өткен жөн.

Абай мұрасы болуы мүмкін деген болжамның шындыққа жақындауы – ғалым С. Қасқабасов пікірі. Ғалымның айтуынша, қазақ арасындағы Ескендір туралы шығармалар үш түрлі сюжеттен тарамданады. Біріншісі – Ескендір патшаның өлмес суды іздеуі, екіншісі – қос мүйізді Ескендір мен шаштаразшы туралы, үшіншісі – адамның көз сүйегі жайындағы сюжет болды. Бір ғажабы, осы үш сюжет те ертегі, аңыз әңгімелер түрінде "Дала уалаятының газетінде" жарияланды. (1895, №5; 1900, №11, 12; 1895, №3).

С. Қасқабасов: "Алғашқы сюжеттің қазақ жеріне Низамидің "Ескендір-намасынан", ал екінші сюжеттің Рабғузидің "Қисас-ул-әнбиясынан" тарағыны белгілі"– дей отырып, Абай пайдаланған үшінші сюжеттің түп-төркініне іздеу салады да, оның көне заманғы Талмудта бар болып шыққандығын, оған Абайдың В. Жуковскийдің "Две повести" деген өлеңі арқылы барған деп ой айтады. Сөйтіп, ақынның бұл дастанды жазудағы мақсатына тоқтала келіп, "Абай бұл ойын жүзеге асыру үшін алдымен өзіне белгілі сюжетті қара сөз түрінде "Дала уалаяты газетінің" бетінде жариялайды" деген қорытындыға келеді. "Олай дейтін себебіміз", – дейді ол "газетте басылған текст мен "Ескендір" поэмасын салыстырғанда, сюжеттік қана емес, сондай-ақ Ескендір патшаға еш уақытта берілмеген мінездеме, сөздер мен сөз тіркестері, кейіпкерлердің сөздері бірдей екендігі көзге түседі. Айталық, бұрын ешқандай авторда немесе фольклорлық шығармада айтылмайтын Ескендірдің отаны Македония екенін хабарлау және кейіпкерге мінездеме беру газет текстінде де, Абай "Ескендірінде" де бірдей". Мұны салыстыру арқылы дәлелдей келе, "бұл мысалдардың екі тексі бірдей болуы және екі шығармадағы сюжет желісі, оқиға дамуы, кейпкерлер диалогы, оларға берілген мінездеме, детальдар мен ситуациялардың біркелкілігі газеттегі әңгіме мен "Ескендір" поэмасы бір адамның қолынан шыққандығын көрсетеді"/1/**,**– деп түйіндейді. Бірақ С. Қасқабасовтың осы тоқтамына З.Тайшыбай қарсы шығып, яғни, "Абай жазған болса – қай тілде жазған? Орысша ма, қазақша ма?"– деп сауал тастайды. Содан соң ол әңгіменің орысша басылуын түпнұсқа, қазақшасын аударма ретінде қарастырады да, Абайдың қазақша нұсқасын пайдаланғандығын көлденең тартып, "Абай жазбаған" деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, М.Мағауиннің "Бұл тіпті, Абай қолынан шыққан әңгіменің бүлдірілген редакциясы да емес" деген пікірін қостайды.

Негізінен М. Мағауиннің газеттік нұсқаны Абай жазбағандығын дәлелдеу үшін "Рас, бұл әңгіменің түп тамыры Абай "Ескендіріне"

тіреледі. Бірақ сол поэманы естіген екінші бір адамның қолынан шыққан олақ мазмұндау демекпіз”/2/,– деп дастаннан аңыз әңгімені туындатуы мүлдем қиынсыздау. Өйткені зерттеушілердің пікірінше, “Ескендір” поэмасы 1900-1902 жылдар аралығында жазылған /3/. Екіншіден, Мағауиннің ойын қуаттаған З.Тайшыбай да бұл дастанды 1895 жылы, яғни газеттік нұсқадан (1895 жыл, 21 қаңтар) кейін жазылған деп тұжырымдайды.

Демек, алдымен аңыз әңгіме, содан кейін “Ескендір” дастаны дүниеге келген.

Сонымен газеттегі түпнұсқасының орысша болуы дәлелденген шындық делік, бірақ оған да Абайдың еш қатысы жоқ деп кім айта алады? Бәлкім С.Қасқабасовтың “Ескендір туралы қазақ ертегілері және Абайдың “Ескендір” поэмасы” атты мақаласындағы “Абай “Ескендірінің” негізігі арқауы ең алдымен В.Жуковский поэмасы; Абай ол поэманы еркін түрде аударған; Жуковскийде жоқ эпизодты Талмудтан қосқан” (Қазақстан мектебі, 1968, №2) деген айғағына сүйенсек, Абай екі жанрдағы шығарманы біріктіріп, жаңғырту сәтінде алдымен орысша проза түрінде жазуы да әбден мүмкін ғой дейміз баяғы. Оның үстіне, М. Әуезов айтқандай, “Тегінде, Абай бірнеше өлеңдерінде, поэма жазуды өзіне мақсат етпеген…” көрінеді. Осы тұспал да “Ескендірдің” алғаш проза үлгісінде жазылғандығын айқындай түсетін тәрізді. Демек, аңыз әңгіме авторын Абайға телуге болатын сияқты. “Ескендір поэмасының” өзгешелігін айтқанда, “ерте заманнан Шығыста – Фирдауси, Низами, Жәми, Науаи, Батыста – Лампрехт, Ламберу, Бэрнэ, Шатильонский, Шамиссо, ал Ресейде – В.Жуковский жырлаған Ескендір бейнесін Абай да сомдаған. Бірақ ол Ескендірді бұрынғы авторлардан өзгеше, басқа сипатта көрсеткен. Ежелден әділ патша, батыл жауынгер ретінде дәріптеліп келген Ескендірді Абай “мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам” қатыгез де тойымсыз шапқыншы етіп суреттейді”/3/,– деп пайымдаймыз. Ал дастандағы Ескендірдің дәл осындай бейнесі газеттік нұсқада да баяндалғандығын ескерсек, онда ұлы ақынның өзіне тән ерекшеліктері қандай болмақ? Осы тұрғыдан келгенде бұл әңгіменің Абайға бір жақындығы бар сияқты.

Енді осы ойымызды нақтылай түсу үшін ақынның өз сөзіне де жүгінелік. Ол дастан соңында былай дейді:

Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,

Мұны бір өзге сөздің бірі деме.

Алдымен осы өлең жолдарындағы “сөз” бен “әңгіменің” мағынасына үңілсек, “сөз” кең ұғымда, яғни оқиға аясында қолданылған. Мәселен, газетте басылған “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” атты әңгіме тақырыбындағы “сөз” де, Шәкәрімнің “Енді айтайын Еңлік

пен Кебек сөзін” дегендегі “сөзі” де Еңлік-Кебек оқиғасын білдіртсе, Абайдың “аз-ақ сөз” деп “Ескендір” оқиғасын, “өзге сөз” деп басқа шығармаларды нұсқағаны көрініп тұрған жоқ па?

Ал осы дастанды “әңгіме” деп атауын қалай түсінуге болады? Әрине, ақынның эпикалық поэзия жанрындағы туындыны проза ретінде қарастырмағаны белгілі. “Әңгіме” сөзі, тіпті, хикая мағынасында алынуы мүмкін. Дегенмен мұның да өз қолдану реті бар, әрі қолданыста болған сөз. Онда бұл ”Ескендірдің” аңыз әңгімеден өрбігендігін мегзейтін сілтемесі емес пе? Осыған орай дастанның тақырыбы да әу басында ”Ескендір әңгімесі” деп аталғанға ұқсайды. Абай шығармаларының 1909 жылы шыққан тұңғыш жинағында ”Ескендір әңгімесі” деп аталуы нені аңғартқандай. Ақынның тағы бір әңгімесі ”Әзім әңгімесі” деп аталады. Ол да ”Мың бір түн” ертегісінен алынған бір уақиғаның өлеңмен жазылған түрі. Демек, “Ескендірге” де (1909) ”әңгімесі” деген сөздің тіркесуі жинақ шығарушылардың емес, Абайдың өзіне тән стилінен деп білу керек. Сондай-ақ, Шәкәрім ақынның да ”Әңгіме алдында аз сөз” деп тақырыпша қою арқылы дастанын ”әңгімеге” балап, тақырыбын ”Еңлік-Кебек әңгімесі” деп атауы осы Абай дәстүрінің жалғасы емес пе? Түйіп айтқанда, тақырып атауы мен ақын тіліндегі “әңгіме” сөзі ”Ескендірдің” негізі аңыздық прозада жатқандығын айқындай түседі. Ендеше, Абайдың дастан оқиғасын ”аз-ақ айттым” дегені алғашқы нұсқаны аз-ақ мөлшерде толықтырып жырлағандығын аңғартады. ”Әңгіменің” сонымен бітендігін хабарлауы да осы жорамалды дәлелдей түспек.

Ал ”Мұны бір өзге сөздің бірі деме” деп бұл туындының осы тақырыптағы басқа шығармалардан өзгеше екендігін ескертуі әрі дастанды ”Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?!” деген сауалдан бастауы арқылы ақын нені ұқтырғысы келді? Зерттеушілердің бірсыпырасы Абайдың осы риторикалық сауалына ден қойып, ой толғаған. Тіпті, белгілі ғалым Ғ. Есім бұл жөніндегі мақаласын осылайша, яғни ”Осы жұрт Ескендірді біле ме екен” (Ақиқат, 1994, №4.) деп атайды. Олардың айтуы бойынша жұрт білетін Ескендір басқа, Абай халыққа өзі білетін, яғни, тарихтағы Ескендірдің шын тұлғасымен таныстырғысы келеді. Бұл рас. ”Ескендірдің” ерекшелігі осында екендігі де ақиқат. Олай болса, газетте жарияланған аңыз әңгіменің авторы да Абайдың өзі болуға тиіс. Себебі: ақын әңгіме сюжетін пайдаланып, жұртқа белгілі Ескендір бейнесін қайта сомдаған болса, онда оның жоғарыдағы сауалды қоюы екіталай. Әрі ”әңгіменің” өзгешелігін ескертуі де түсініксіз сипат танытар еді. Зерделей келгенде, Абайдың бұл сөздері алғашқы нұсқаны өзіне меншіктеуден туған жоқ па деген ойға бастайды.

Жалпы, текстологияда белгісіз шығарманың авторын анықтау атрибуцияға тиесілі болса, ал керісінше шығарманың авторын ол еместігін дәлелдеу атетеза болып табылады. Атрибуцияға мысал ретінде ”Ескендір” туралы аңыз әңгімені алған едік, енді атетезаға байланысты ”Еңлік-Кебек” туралы аңыз әңгімені қарастырамыз.

“Дала уалаятының газетінде” басылған “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” (1892, №29, 31, 32, 34-40) атты аңыздық прозаның да авторы туралы түсініксіз пікірлер бар. Негізінен бұл – халықтық мұра. Қазақша нұсқасының соңында “Ұмтылған” деп қол қойылғанмен, орыс тіліндегі нұсқасының тақырып соңында “Сибирский вестник” газетінің 60- сандарынан алынып басылғаны туралы мәлімет беріледі. Демек, жариялаушының аты-жөні мүлдем белгісіз. Десек те, кейбір зерттеушілер осы туындыны Шәкәрімге теліп, дәлелдеуге тырысады. Тіпті, мұны Абай мұрасы деп танушылар да жоқ емес. Олай болса, әңгіменің авторы туралы талас туғызудың қажетсіз екендігіне көз жеткізейік.

Расында да, аңыз әңгіме авторы туралы ғылымда әр түрлі пікір бар. Әсіресе, Шәкәрімнің 1988 жылғы жинағын қолға алғанда “Абайдың інісі” атты тақырыппен алғы сөз жазған М. Мағауиннің бұл жөніндегі тұжырымы ойландырады. Онда: “1892 жылы “Дала уалаятының газетінде” (№29,31-32,34-40) жарияланған “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” атты көлемді прозалық шығарма өзінің таным өрісі, ой өрнегі тұрғысынан ғана емес, сөз саптау, сөйлем құру, көркемдеу тәсілдері жағынан алып қарағанда да тек Абайға ғана тән сыпат танытады”,– делінген. Газеттік нұсқаны бұлайша бағалау, әрине, аңыз ерекшелігін арттыра түседі. Бірақ әңгіменің Абай пайдасына шешілуіне келісу қиын. М. Мағауин аңыз иесін Шәкәрім деушілерге келіспеушілік таныта отырып мынадай айғақтар келтіреді: “Дала уалаятындағы” хикая: … Қазақ ішінде бәрі де өзгеріп кетті- мінездері де, жер-суы да. Жақсы болды ма, жаман болды ма, ендігі жазғанымнан көрінер”,- деген сөздермен тәмамдалады. Айтылмақ пікір газет бетіне шықпаған. Бірақ, Абайды” “Ғақлясының” ішінде жүр. “Отыз тоғызыншы сөз” деп нақты атауға да болады, мінез -құлық жайы, тұрмыс- тіршілік кебі байыпталатын басқа санды “Сөздерге” сілтеуге де болады”. Сонымен бірге ол “Әңгімені Абай пайдасына шешуге негіз беретін ең басты дәлел оның бүкіл құрылымында, образдар жүйесінде. “Дала уалаятындағы” “Еңлік –Кебек” кейіпкерлері Шәкәрім жазған “Жолсыз жазадағы” тұлғалардан мүлдем басқа, тіпті кереғар сипатта”/4/,– дейді. Ғалымның мұндай ойлары “Бес арыс”(1992) жинағында жарық көрген Шәкәрім жайлы ғылыми мақаласында да берілген.

Алайда аңыздың авторы туралы талас туғызудың қажетсіз екендігін мынадан көруге болады: біріншіден, жазушы әңгімені “Осы мәселе бұрынғы уақыттан қалған, қазақтың кәрі шалдары бұрынғы өткен уақыттарын айтып отырады, өздерінің ата-бабаларынан қалған сөздерін. Солардың айтуларынша, қазақтың жүріп –тұру шаруасы бұрынғы заманда осы күнгіден артық екен…”(1892, №29) деген кіріспе сөзден бастап, “Біз де шалдардың айтқанын қостайық, қазақ ішінде бәрі де өзгеріп кетті, мінездері де, жер, суы да. Жақсы болды ма, жаман болды ма ендігі жазғанымызда көрінер” (1892,№40) деп аяқтауына қарағанда өзін аңыздың авторы емес, ел ақсақалдарының аузынан естігенін ғана хатқа түсірген жариялаушы ретінде санаса керек.

Екіншіден, газеттік нұсқа Абайдың да, Шәкәрімнің де үлесіне тимейді. Өйткені мұнда жазушы әңгіме соңында “Содан соң, недәуірден соң, Кеңгірбай бидің ағайыны Қалқаман деген айыпты болды дейді қыз алып қашып. Сонда Кеңгірбай барымтаны тоқтатуға былайша билік қылды дейді: “Қалқаманды атқа міндіріп қойып дұшпандарынан бір мерген шығып Қалқаманды атсын. Атып өлтірсе, сұраусыз, өлтіре алмаса – жазасыз” деп. Мерген атқан екен, Қалқаманға оқ тимей қалыпты. Сонда Кеңгірбай Қалқаманға “Жазаңнан құтылдың”,– деген екен. Қалқаман айтты дейді: “Мені құдай құтқарса да, сендерге өлген кісімен бірдеймін, мұнда тұрмаймын” ,– деп Бұхарға кетіп, тұқымы осы күнге дейін бар дейді, жүз үйлі жан,”– деп Қалқаман-Мамыр оқиғасына қысқаша тоқталғанда, бұл оқиғаның Еңлік-Кебек оқиғасынан әлдеқайда бұрын және де Қалқаманға үкім шығарушы Кеңгірбай би емес, оның атасы Әнет баба екендігін шатастырған. Шежіре бойынша Әнет баба Кішікұлы Абайдың алтыншы атасы Әйтекпен бірге туысқан да, Қалқаман сол Әйтектің баласы, ал Кеңгірбай болса Әйтектің шөбересі. Олай болса, әңгімедегі жіберілген жаңсақтыққа қарап, бұл туындының авторы Абай немесе Шәкәрім деп қарастырудың жөні келмес.

Нақтылай түссек, Шәкәрім ақын Қалқаман-Мамыр оқиғасын “Бұл әңгіме 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған анық іс, біздің қазақ қалмақтан жеңіліп “Ақтабан шұбырынды”болғаннан бір-ақ жыл”/4/– деп қарастырса, Еңлік-Кебек оқиғасын “Бұл әңгіме 1780 жыл шамасында осы Шыңғыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс”/4/,– деп анық жазады. Ал газеттегі “Бұдан 150 жыл бұрын Жуантаяқ деген тайпада бір жас Кебек деген батыр болыпты” деген негізге сүйенсек, онда аңыз бойынша Еңлік-Кебек оқиғасы 1742 жылы болғанға ұқсайды. Және де бұл жылы Кебек жиырма жасқа келіп, 7-8 жылдан кейін, яғни, 1750 жылы Еңлікті кездестірсе, Шәкәрімнің 1780 жыл деп көрсеткен кезінде Кебек он бес жаста болады.

Міне, уақыт жағынан “Еңлік-Кебек” нұсқаларының өзінде 30-35 жылдай айырмашылық бар. Сонымен қатар Қалқаман мен Кеңгірбайдың бір мезгілде өмір сүрмегендігі Шәкәрім шежіресінен анық байқалады:“… Әйтектің бәйбішесінен – Олжай, тоқалынан – Байбөрі, Қалқаман. Бұл Қалқаман Мәмбетайлардың бір Мамыр деген қызды алып қашып, сол тақырыпты садақпен атуға бұйырылып, садақ қара санына тиіп, өлмей қалып, Әнет бабаңа өкпелеп Бұқара маңындағы елге барыпты, тұқымы бар деп естиміз. Мұнымен туысқан Байбөрі Бәкең атанып, оның нәсілі мұнда жүз үйдей бар… Жоғарыдағы Олжайдың үш баласы: Айдос, Қайдос, Жігітек.

… Жігітектің бәйбішесінен – Кеңгірбай би, Сеңірбай, Қабекең атанған Кеңгірбай еді”/5/. Сонымен, осы деректер газетте жарияланған аңыздық прозаның аталмыш ақындарға еш қатысы жоқтығын көрсетіп, ел аузынан жиналған фольклорлық мұра екендігін анықтай түседі.

Ал М.Мағауиннің бұл әңгімені Абай пайдасына шешіп, Шәкәрімге тиесілі еместігін айтқандағы ең басты дәлелі – образдар жүйесіндегі айырмашылыққа көңіл аударсақ, бұл да қисынға келіңкіремейді. Мәселен, “Еңлік-Кебектің” бұл екі нұсқасында “мүлде басқа, кереғар сипат” танытатын кейіпкер тек Кеңгірбай би ғана. Сонымен қатар Шәкәрім Еңлік образын кескіндеуде аңыздан бөлек бірсыпыра жаңалық енгізген. Бірақ екі нұсқаның да құяр арнасы ортақ, Еңлік – өз бостандығын аңсаған, асқақ махаббат иесі. Ал Кеңгірбай би газетте жарияланған әңгімеде Шәкәрім нұсқасындағыдай тұлға емес. Ол жазықсыз жастардың қанына ортақ болған, екі жүзді би болып көрінеді. Тіпті, Қалқаман оқиғасына қатысты эпизод та осы Кеңгірбай бидің кейпін таныту мақсатында келтірілген. Түйіп айтқанда, Кеңгірбай би туралы деректің дұрысы Шәкәрім нұсқасында деп тапсақ, онда аңыз иесінің Абай еместігіне толық көз жеткіземіз деуге болады.

Әдебиеттер

1. Қасқабасов С. Абай және фольклор. Алматы: Білім, 1995.

2. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы, 1991.

3. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. 2-том. Алматы: Жазушы, 1995.

4. Шәкәрім. Өлеңдері мен поэмалары. Алматы: Жазушы, 1988.

5. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан және Сана, 1991.

Резюме

В настоящей статье подвергнуты анализу различные мнение об авторстве легенд и приводятся своеобразные аргументированные предположения по этому поводу.

Summary

The article deals with different opinios about authorship of legent and argumented prediction about it.

Bazargaliyeva A.
Almaty

ROBERT LAWRENCE TRASK: BIOGRAPHY AND HIS CONTRIBUTIONS TO LINGUISTICS

Robert Lawrence Trask was a Professor of Linguistics at Sussex University. He was known as one of the very few linguists recognised and celebrated by the Basque people as a master of their extraordinary and famously unique language.

Known as Euskera, it is one of the most mysterious of the world's languages - an "isolate" unrelated to the Indo-European languages which surround it. Its origins have puzzled scholars for generations, some thinking it related to the languages of the Caucasus, some that it derives from the non-Arab languages of North Africa and others believing it developed in isolation. The obscurity of its origins is matched only by the difficulty of its grammar, syntax and pronunciation.

There is a popular myth in the Basque attributing the Basques' moral uprightness to the failure of Satan's proselytising mission among them many centuries ago: after ten years of trying to lead them from the path of righteousness, the Devil gave up because the only words of their language he could master were "bai eta ez" - yes and no.

Trask was one of the few outsiders to succeed where the Devil had failed. He was an honorary member of the Euskaltzaindia, the Royal Academy of the Basque Language, and the author of several textbooks and monographs on the subject as well as on broader themes of language and linguistics.

Besides the fact that he was one of the world's foremost scholars of Basque, he also wrote a history of the language which is both outstanding in its own terms and a superb vindication of the methods of classical historical linguistics, of which he had also written a fine textbook. Larry's interests were wide, and he had recently been involved with the question of the origin of language in general and with the relation between different language families, as well as writing guides to Internet etiquette and punctuation. He wore his learning with real modesty and never sought the front of the stage he found himself on in the last eight years or so of his life, though he held his own there with distinction.

Robert Lawrence Trask was born on 10 November 1944 in Olean, in rural New York State, where the wildlife fascinated him. This is an extract from his autobiography: '… and I was raised in the wilderness of western New York State, where the deer outnumber the people by at least 100:1. And I do mean

`wilderness': I've seen a black bear walk past our living-room window'. His mother's family came from Germany, and his father's from Scotland, Wales, and Ireland. His great-great-great-grandfather Trask emigrated from Glasgow in 1800, though his surname is Scandinavian: träsk means `pond' in Norwegian. Thus his family background was a blend of Celtic, German and Scandinavian and his path towards Euskera, the Basque language, was circuitous.

His first degree was a BS in chemistry at Rensselaer Polytechnic Institute, New York, followed by a Master's at Brandeis University. He signed up to serve a year with John F. Kennedy's Peace Corps as a chemistry teacher in Turkey. These are his own words from his autobiography:'… Then I spent a year in the Peace Corps in Turkey, teaching at a university in Ankara. This was a colorful year to be in Turkey: one afternoon there was a gunfight outside the window of the lab where I was teaching; the army moved in with tanks and occupied the campus; and I was politely informed by a left-wing organization that I would be killed if I didn't leave (nothing personal - that's just the way things are when you're American). So I left'. After he had to flee his university post in Ankara because of that political turmoil exposed him to danger (it was in 1970), he decided to go back home via a few days in London. Thus he came to England for a two-week holiday, but it had gotten a little out of hand: he had been there for 34 years. In London, he made his first acquaintance with Euskera, a language unrelated in its roots to any other on Earth. This prompted him to divert his scientific curiosity towards linguistics. He started learning Basque and enrolled in the Central London Polytechnic's (today the University of Westminster) undergraduate degree course in Linguistics. He not only mastered the impenetrable language but developed a formidable mastery of historical morphology, grammar, orthography and other branches of his new discipline.

While in London, he met the woman who was to become his first wife, Esther Barrutia. She was a native of Elorrio in the Basque country (a Spanish Basque) trilingual in Spanish, Basque and English.

After his undergraduate degree, he enrolled at the School of Oriental and African Studies in London to work for a PhD on the syntax of Basque, under the supervision of Professor Charles Bazell; the PhD was awarded in 1983. During his studies at this university Trask completed a doctorate on the Basque language and began an academic career which took him from the Polytechnic of Central London to the University of Liverpool, where he lectured for nine years until his department fell victim to the rationalization drive of the 1980s. The lecturers in Linguistics let their plight be known at a national linguistics conference, whereupon four other universities immediately expressed their desire to welcome them in; eventually Trask and his colleague Max Wheeler

were relocated to Sussex University in Brighton in 1988, where he became a jewel in the crown of its School of Cognitive and Computing Sciences.

This forced departure was unfortunate for Liverpool, but a brilliant move by Sussex, because the two linguists were already then, and continued to be, two of the best and most admired in Britain. His Liverpool colleagues and students remember Trask fondly, not least because as a senior tutor, in one of the undergraduate halls of residence he presided over an astonishing number and variety of games-hundreds of board games lined one of the rooms at the hall in the way that books lined his office – and he arranged lively games of baseball in the hall grounds; above all he presided over protracted and even eerie sessions of the role-play game Dungeons and Dragons. His sense of fun was irrepressible.

In Sussex he was in different environment, being part of a School of Cognitive and Computing Sciences. Academically, he flourished. Over the next 16 years he published an average of over a book a year. He gained a personal chair in 1998, by which time he had become an internationally respected star. It was difficult for colleagues, and even for himself, to keep track of all books he wrote. None had actually been published before his arrival in 1989, but he had been preparing the material for several publications all along.

There are some of his books : *A Dictionary of Phonetics and Phonology*, Routledge, 1996, *Towards a History of the Basque Language*, John Benjamins, 1995 [co-edited with J. I. Hualde and J. Lakarra], *Language: The Basics*, Routledge, 1995 , *Language Change*, Routledge, 1994 , *A Dictionary of Grammatical Terms in Linguistics*, Routledge, 1993 , *A Textbook of Syntax*, University of Sussex Cognitive Science Research Report 204, 1991 , *Historical Linguistics*, Edward Arnold, 1996 ,*The History of Basque*, Routledge, 1996 ,*The Penguin Guide to Punctuation*, Penguin, 1997, *Student's Dictionary of Language and Linguistics*, Edward Arnold, 1997, *Key Concepts in Language and Linguistics*, Routledge, *A Dictionary of Historical and Comparative Linguistics*, Keele University Press, *The Beginning of Language: The Origin, Evolution and Spread of Human Language*, Cambridge , *The Basque Language Today*, Routledge [part of a series edited by me] , *Student's Guide to Grammar*, Committee for Linguistics in Education.

He also wrote a wide range of articles about his researches in Basque.

However, mostly he is best known for three brilliant references among above mentioned works, they are the followings:

Dictionary of Grammatical Terms (1993), was what first made the whole of linguistics sit up and realize that here was an exceptional talent- exceptional in the clarity not only of his understanding of complicated matters of detail, but also of his concise explanations, which come straight to the point without

padding, obfuscation. If one wants to understand some aspect of grammar, in almost any language, five minutes with book will probably enlighten one more effectively than a large specialist tome on the topic.

It would be tempting to attribute the book's success to Trask's exceptional common sense, except for the fact that Trask himself was highly sceptical of the value of common sense. He worked on a basis of ever-expanding knowledge and of scientific method, whereas common sense to him implied reliance on instinct and hunches rather than on knowledge and experience; and he had a point. After all, linguists on opposing sides of arguments often claim both to appeal to common sense. Trask had no great theory of his own to proselytise, which helped greatly in a field where theories go out of date so soon. That dictionary is probably within easy hand's reach in the office of almost every university linguist.

It was followed by the equally remarkable, full and concise *Dictionary of Phonetics and Phonology* (1996), which in one way was more impressive, in that Trask had not previously been thought of himself, as a specialist in this filed: and, the last of this trio, t*he Dictionary of Comparative and Historical Linguistics*(2000), which is similarly full of simply phrased, intelligent explanations of highly complex topics pertained to the study of almost any language or language family that a potential user could be interested in. Other ostensible general works tend to be based on a knowledge mainly of English theories based on English; not Larry Trask's.

This last work demonstrated the way that his interest had developed during the 1990s, when he turned himself into a world expert in historical linguistics. His *Historical Linguistics* (1996) is one important result of this.

This is a major introduction to historical linguistics, designed for students who have no background in historical linguistics but who have at least some knowledge of phonetics, phonology and morphology. Historical linguistic theory is introduced throughout where appropriate, although the book presupposes no acquaintance with contemporary theories of phonology or syntax.

He gives in this book a thorough survey of the various ways in which languages change-lexical, semantic, phonological (the most studied area), morphological and syntactic, also consequences of change (dialect and language families), methods in historical linguistics, and later chapters deal with sociolinguistic aspects of change, language contact, birth and death of languages, language and prehistory and finally the issue of very remote relations.

The result is that this work includes the study of the prehistoric languages of the remote past, in which the main analytical weapon comes from

reconstructing backwards from the attested languages that have subsequently developed from the ancestor under study; so establishing which existing languages are related in such a way, by sharing an ancestor, is a crucial initial step to subsequent analysis.

Dorothy Disterheft, University of South Caroli: "Larry Trask's Historical Linguistics is what I've been wanting for years: an introductory undergraduate book which presents the latest developments in historical research in a clear, exciting, and straightforward way."

One of the largest benefits of this work, in my view, is the fact that Trask frequently uses examples from Basque to illustrate points, very useful additional perspective for those with knowledge only of Indo-European languages. Trask still, however, uses plenty of examples from the Indo-European field, and does not neglect such famous topics as Grimm's Law or the English Vowel Shift. He provides numerous references for further and more in-depth reading for a given chapter's topic at the end of the chapter, and a brief description of each of these references.

He also approaches the debate on alternatives to the comparative method much more even-handedly than some of his colleagues. Although he does dismiss Merritt Ruhlen's Proto-World proposals (offering a good deal of evidence in support), he nonetheless does his best to be more neutral for other controversies, such as the Nostratic hypothesis (the proposal linking the Indo-European, Altaic, Afro-Asiatic, Dravidian, and Caucasian language families [and sometimes others]). He even asks other linguists to approach the Nostratic hypothesis fairly and with an open mind. Although he ultimately takes a stance against most radical proposals of this type, he nonetheless gives them a much more balanced portrait, and gives enough opposing arguments to allow readers to draw their own conclusions, which, considering the controversies in the world of historical linguistics today is particularly impressive.

Moreover, he became a pervasive presence on the electronic discussion list for Historical Linguistics, which already seems much duller without him. He entered those discussions in order to seek enlightenment rather than to exhibit his erudition: as he liked to say, "Historical linguistics is difficult", and he was happy to ask for and take advice from anybody. This humility largely explains why he knew so much more than most. Here was a scholar with traditional virtues, working cheerfully in the most modern environments.

His writings were laced with good humor and readily accessible to the non-specialist. As his Sussex colleague Richard Coates remarked, "He wore his learning with real modesty", which endeared him to students and scholars in the Basque country itself as well as in his adopted homeland. When he attended a linguistics conference in Guernica, a famous bertsolari - an exponent of the

Basque tradition of spontaneous oral versifying - declaimed an instant poem on the theme of love conquering language barriers.

All his works are splendidly intelligible. They are also widely used in the United States. Many lecturers will be basing their own teaching on his work by now, and his eventual influence will be immeasurable.

Language: the basics (1999) and A Student's Dictionary of Language and Linguistics (1997), for example, can be recommended as initial readers to anybody, student or not, who wishes to have a clearer understanding of what language is, and of what linguistics do and do not do. Indeed, Trask wrote so well and so clearly that even his dictionaries can be read straight through like novels, with enormous profit and often entertainment.

At the time of his death he was on research leave, having gained a Leverhulme Major Research Fellowship to prepare his long-envisaged Etymological Dictionary of the Basque Language. He continued working on this project long into his unpleasant battle with motor neurone disease, and this illness lasting about two years, ultimately deprived him of the power of speech, though he maintained a lively correspondence with his peers by e-mail and had done unstoppable contributions to the e-discussion list for Linguistics and Historical Linguistics(as I have mentioned above). His second wife, Jan, to whom he was utterly devoted, sustained and nursed him through his final illness.

He died aged 59 on March 27, 2004 in Brighton, just as colleagues were preparing to present him with a festschrift. It is a two-volume collection of nearly 40 essays in his honour,(which is pressed partly on Basque and partly on Historical Linguistics), written by many experts and colleagues who wished to honour his achievements. The original plan was for it to be secret until publication, but when his death became imminent, they realized in time to tell him about this project, and that news cheered him up greatly.

Last year, the journalist Andrew Brown said quite rightly that Larry Trask was the one linguist working in Britain who deserves to be as widely known as Noam Chomsky. He is fondly remembered by Sussex and Liverpool colleagues and students; he was exceptional, and one of the greatest scholars that those universities have ever had.

He was essentially a modest, cheerful, friendly, helpful and unassuming man, who just loved most of all to enlighten people.

It is to be hoped that the progress he had made will not now be lost.

References

1. http://www.independent.co.uk/news/obituaries/professor-larry-trask-549717.html, Wednesday, 7 April 2004, Roger Wright.

2.http://www.grijalvo.com/Mullan/b_Larry_Trask_eng.htm, Michael Mullan - Larry Trask**,** Spanish translation by Juan Manuel Grijalvo.

3.http://www.sussex.ac.uk/press_office/bulletin/23apr04/article10.shtml, Larry Trask.

4.buber.net> Basque> Euskara> Larry> WebSite> The Larry Trask Archive: A Brief Biography.

http://www.cogs.susx.ac.uk/users/larryt/biography.html Revised: 24 August 1996.

Түйін

Мақалада американдық профессор Роберт Лоренц Трасктың өмірбаяны мен оның лингвистика және тарихи лингвистикаға қосқан үлестері туралы баяндалады.

Резюме

В данной статье рассматриваются биография и внесенные в лингвистику и историческую лингвистику труды американского профессора Роберта Лоренца Траска.

Жанұзақова Қ.Т.
Алматы

АСҚАР АЛТАЙДЫҢ «АЛТАЙ БАЛЛАДАСЫ» РОМАН-МИФІНДЕГІ РОМАНТИКАЛЫҚ АРНА

Көп ғасырлық бай дәстүрі бар қазақ әдебиеті ұлттың рухани мәдениетінің үлкен бір құрамдас бөлігі ретінде үздіксіз жүйелі әрі көп кешенді зерттеуді қажет етеді. Әдебиет тарихының түрлі кезеңдерін теориялық тұрғыда бағамдау әлемдік көркем мәдениет дамуының жалпы жүйесінде диахрондық, синхрондық аспектілер тұрғысынан халықтың рухани ізденістерінің орны мен қызметін анықтауға, сол арқылы егеменді еліміздің жалпыадамзаттық ғылыми-мәдени үрдіске батыл қадам жасауына мүмкіндік береді.

XX ғасырдың соңы - қазақ әдебиетінің даму тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі. Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылғы атаулы күннен жаңа қоғамдық дәуір, жаңа тарихи кезең басталды. Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттануда бет алған басты ғылыми бағыттардың бірі – бұрындары ойдан шығарылған социалистік реализм әдісімен әдіптеліп, сыңаржақ көзқарас тұрғысынан бағаланған әдеби шығармаларға жаңаша

ойлау жүйесіне лайық әділ бағасын беру қолға алына бастады. Осы кезеңнен бастап проза егемендікке қол жеткізген тәуелсіз қазақ мемлекетінің аяғына тұруы, қалыптасуы жағдайында дамыды. Осыдан келіп қаламгерлер жаңа мазмұндық, пішіндік ізденістерге ұмтылып, болмыстың дәстүрлі түсініктері мен «социалистік реализмге тән концепциялардан» бас тартты [1, 3].

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінде тарихымызды қайтадан жаңа көзқарас тұрғысынан саралау, тарихи оқиғаларға жаңаша баға беру орын алды. Жазушылар халқымыздың өткен тарихи бастауларына ден қойды. Осы ретте қаһарманның ішкі әлемінің ұңғыл-шұңғылына бойлау, оның қоршаған ортамен, болмыспен, табиғатпен қарым-қатынасын көрсету басты бағдарға айналды. Прозалық шығармаларда адамгершілік жады, инсаният, жатсыну мәселелері алдыңғы қатарға шықты.

Жаңа дәуір жаңа мазмұн әкелсе, көркем әдебиеттің оның табиғатына сәйкес жаңа формада бейнелеуі заңдылық. Осыған орай, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының мақсат-мұраты, тыныс-демі, өрнек-айшықтары да жаңаша, өзгеше болып қалыптаспағы заңды болатын. Алдымен кешегі кеңестік замандағы идеология келмеске кетті. Қазақ прозасы айтар ойының ауқымдылығымен, психологиялық тереңдігімен, көркем образдардың кеңдігімен, сан алуандығымен ерекшеленеді. Прозада түрлі тенденциялар, алуан әдеби дәстүрлер табиғи үйлесті.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетте де прозалық шығармалардың құрылымында жетекші орынды аңыз-әңгімелер, мифтер алады. Көне аңыздарға иек арта отырып, жазушылар қоғам дамуының ерекшеліктерін безбендеп, ұрпақтар, дәуірлер сабақтастығын бейнелейді. Миф шығармада көтерілген философиялық мәселелердің шексіздігін, мәңгілік, тұрақты сипатын пайымдауға мүмкіндік береді. Миф шығарманың көркемдік құрылымын күрделендіріп, мағыналық ауқымдылығын кеңейтеді, тұспалдау, меңзеу формалары арқылы белгілер, символикалық бейнелер қатарын қалыңдатып, баяндауды ассоциациялармен, реминисценциялармен байытады.

А.Алтайдың «Алтай балладасы» («Алтайдың алқызыл модағайы») атты роман-мифінде (2001) романтикалық аңыздың айқын модернистік, постмодернистік танымменұштасқан үйлесімді бірлігін, синтезін көреміз. Шығарманың жанрлық ерекшелігі оның «роман-миф» деп аталуында, яғни тұтастай аңызбен астасып келуімен байланысты.

Роман сюжетінің негізінде көзге алабөтен, ерекше экзотикалық оқиға, романтикалық аңыз жатыр. Аңыз Қызыр байдың қызы Бұлабикеге Ұлар деген аңшы жігіт пен Айқоңыр деп аталатын аюдың ғашық болуын,

олардың арасындағы тартысты баяндайды. Роман ыстық күні тау суына шомылуға келген Бұлабикеге аюдың көзі түсіп, шабуыл жасауымен басталады. Жан ұшыра қашқан жалаңаш қызды аңшы Ұлар құтқарып қалады. Екеуінің арасында махаббат сезімі тұтанады. Алайда Ұлар мен Бұлабикенің қосылуына ағайындары қарсы болады. Кедергі болғаны байдың қызын кедейге бермейміз деген сылтау емес, атастырып қойған жері бар, ұрын келген күйеуі бар, ардан аттамайық деген себеппен. Бұлабикенің өзі де Ұларды тоқтатады. Бірақ оң жақта отырып жүкті болып қалған Бұлабикенің сыбысы елге жайылып, күйеуі одан бас тартады. Ағалары мен әкесі қыздан сырт айналады. Ағайындарының, апасының қарсылығына қарамастан Бұлабике қандай жағдай болса да, құрсағындағы баласын аман алып қалу қамын ойлайды. Ұлардың хабарсыз кетуі де қызға ауыр соққы болды. Ол қайғысын өлең арқылы шығарады:

Алтайдың шулап тұрар қалың нуы,
Атқы боп асып тасар қардың суы,
Қорғасын қара сазын қыстан қалған
Үйірінен бөлінген мен бір қуы...
Қанаты қысқы аққудай,
Қу көңілім жылады–ай!...

Бұлабике босанған соң, аяқ астынан қайтыс болады. Біреулер оны улап өлтіріпті десе, енді бірі бала үстінде жан тәсілім еткен деседі... Ұзақ уақыт бойы ат ізін салмай кеткен Ұлар қызды көмген соң ғана келеді. Сүйгенінің бейітіне келсе, Айқоңыр елде жоқ сұмдық іс жасап, көрді ақтарып, өлікті қорлап тастапты. Романның басында сарқырамада болған айқастан кейін екеуінің кездесіп отырғаны осы.

Романның шешімі де Ұлар мен Айқоңырдың бір-бірін мерт еткен жекпе-жегімен аяқталады. Айқоңыр аңшыны ауыр жаралайды. Қапыда қалған Ұлар да аюдың қолтығына селебесін сұғып үлгереді. Өзі хайуанның қолынан мерт болады. Көрден шығып қалған Бұлабике қабірге қайта қойылады. Ұларды қарағайдың түбіне көмеді. Айқоңырды орман ішіне атпен сүйретіп апарып, үстіне бұтақтарды үйіп жинап, өртеп жібереді.

Ұлардың серігі Сумылтықты адамдар үйірге апарып қосады. Басында жетімсіреп, анда-санда ысқырған дыбыс естісе, еленделп жүретін ол да біртіндеп иесін ұмыта бастайды. Тек адамдар аңызды ғана ұмытпайды.

Шығармада Бұлабикеге ғашық болған Айқоңыр аюдың «адамша» ойланып, «адамша» толғанатын тірлігіне таң қаласың. Бұлабикеге аңшы мен жыртқыш аюдың ғашық болуы, олардың психологиялық ахуалы

табиғат құбылыстарымен сабақтас суреттелген. Екі жас «көкжал арлан мен қара қаншықтай қатар жатқан» Үлкен Қаражал мен Кіші Қаражалдың арасындағы сайда кездесіп жүреді. Екеуінің тілегі де жүрегі де бір. Соны сезгендей «құла құнан мен құбақан айғыр да таң сібірлей өретінді шығарды. Олар да бір-біріне үйірсектеп кетісті. Шамдана, шабырқана тебіспеген, қайта жал мен жаясын тістей қасысқан.

Тіпті, осы бір сүйір сай төбесінен төнген баданадай жұлдыздар да ақпады. Таңға сөнбеген. Жарық ай да жамбасқа қисайғанша қимады. Сәулесін себездеген. Қос Қаражалдың қапталындағы қалың қарағай да мұнарлана мүлгиді. Шыққа белшесінен бататын шалғын да шыланбады. Қоңыр самалмен сілкіне сілбімеген. Бар дүние екі ғашықтың бақытты шырқын бұзбауға тырысты» [2, 24].

Осы үзіндіден жазушының қаһарман мен табиғат болмысын егіз санайтын танымын аңғарамыз. Ұлар мен Бұлабике махаббатына қатысты тұста табиғат құбылыстары да иіліп, мейірімді қалпын танытады, болысады, автордың сезімдерін қозғайды. Бұл үзіндіде табиғат суреті романтикалық ажарда айшықталған. Пейзаж – бір–біріне ғашық екі жастың ішкі жан дүниелерінің лирикалық сипаттамасы. Пейзаж ғашықтардың ішкі жан құбылыстарының психологиялық фоны қызметін атқарып тұр. Тіпті олар параллель ғана емес, тығыз бірлікте, біртұтас бейнеленген.

Зерттеуші Ш.Елеукенов романның «идеал атаулыны мансұқ ететін, ұстаздық тағылымдардан бойын аулақ ұстайтын» постмодернистік танымен, фрейдистік философиямен ұштасатынына тоқтала келіп, шығармада аңыздың баяндалуындағы романтиканы да атап өтеді: «Көңілден бәрі ұмыт. Ұмытылмағаны жұмбақ аңыз, миф. Енді олар роман беттерінде көркем бейнеге айналды. Ендігі жерде, тіпті ұмытылмақ емес. Өйткені тіршіліктің терең құпияларына көз жіберген талап қағаз бетінде таңбаланды. Өмір көкжиегінің арғы жағында «не барға» ұмтылды. Ал қызыл модағайлардың ат тұяғындай ауыр бастарын шұлғытып тұрған жер – *романтика желі*...» - дейді [3, 66].

Тағы бір атап өтерлік жайт, зерттеуші романды Проспер Мерименің «Локис» атты шығармасымен салыстырады да: «Осының бәрі жұмбақ, аңыз, миф. Миф десең де, тамыры пәлсапасы тереңде жатқан дүние. Оқиғаның астары «ойпыл-тойпыл ойларға бастайды. Әлемдік әдебиет беттеріне үңілтеді. Атап айтқанда, сонау XIX ғасырдағы француз жазушысы Проспер Мерименің «Локис» атты новелласын парақтатады.» - [3, 58] дейді. Зерттеуші жалпы екі шығарма арасындағы тақырыптық ұқсастықты атап өткенімен, туындылардағы романтикалық сарынға кеңірек тоқталмайды.

Шын мәнінде, Ш.Елеукеновтің «Алтай балладасы» романын Мериме новелласымен сабақтастыруында үлкен мән бар. Проспер Мериме - романтикалық дәстүрдің тұғыры мықты XIX ғасырдағы француз жазушысы. Оның шығармаларында реалистік және романтикалық тенденциялар ұтымды ұштасып жатыр. Қаламгердің қайтыс боларынан бір жыл бұрын жазған «Локис» атты шығармасында да романтикалық сарын күшті сезіледі.

Шығарма тақырыбына (локис сөзінің баламасы – аю) аю туралы романтикалық оқиға арқау болған. Шығармада П.Мерименің халық санасындағы аңыз-әңгімелерге, халықтың таным-түсінігі мен сенімдеріне құштарлығын, ыстық сүйіспеншілігіне куә боламыз. Ол Литва табиғатының поэтикалық бейнесі, оның фольклоры туралы мәліметтерді романтик А.Мицкевичтің «Пан Тадеуш» поэмасын алған. Новеллада құпиялылық, мистикалық бастау басым.

Шығарма немістің тілші-ғалымы, профессор Виттенбахтың атынан баяндалады. Новелланың басты қаһарманы – жас граф Михаил Шемет. Ол ақылды, білімді, көп ізденетін адам. Оның анасын бір кездері әкесімен бірге орманға аңға шыққанда, аю алып қашады. Қатты қорқып қалғаны соншалық, есінен ауысып қалған әйелді жұрт ағаштардың арасынан тауып алады, аюды да атып өлтіреді. Бірақ әйел одан кейін оңала алмайды. Тоғыз айдан соң ұл босанады. Баласынан шошып, оны қабылдамай «өлтіріңдер аюды! хайуанды өлтіріңдер» деп айқай салады. Ел әйелді жынданып кетті деп шешіп, оны жабық жерде қамап ұстайды.

Баласы анасындай емес батыл болады. Ол орманда зор жыртқыш аюмен алысып, айқасқа түседі. Аю оны астына алып ұрады да, иіскелеп, иіскелеп, тиіспей тастап кетеді. Түйсігі елден ерекше графтың таңғажайып мінездері көп. Оның бір-біріне жақын орналасқан көздері адамның өңменінен өтеді. Жанарының жарқылы да айналасына қорқынышты. Ол «тәні аппақ» панна Ивинскаяға ғашық (тән құмарлығы ма, әлде платоникалық сезім бе өзі де түсінбей дал болады) болып, алғашқы түнін өткізгеннен кейін, оны өлтіріп, орманға қашып кетеді.

Әңгімені баяндап отырған профессор да оның бойынан жыртқышқа тән мінездерді байқайды. Графтың өзі де еркінен тыс мінездеріне алаңдайды. Бірде ол профессордан: «Біздің табиғатымыздың екіұдайылығын, дуализмін қалай түсіндіре аласыз?» - деп сұрақ қояды.

- Кейде биік мұнараның басында немесе жардың жиегінде тұрып, бір мезетте әрі төмен қарай өзіңізді тастап жібергіңіз келеді, әрі санаңызда оған қарама-қарсы қорқыныш сезімі туады... Қолыңызда оқтаулы мылтық. Алдыңызда ең жақын досыңыз тұр. Сіз оның маңдайынан атып жібергіңіз келеді. Өлім туралы ойдан сұмдық қорқып кетесіз, алайда іштегі бір күш

сізді соны істеуге тартады. Айналдырған бір сағаттың ішінде сенің санаңа талай ойлар келеді. Оларды сыртқа шығарсаң, сені түрмеге отырғызады, не жындыханаға тығады» [4, 565] - дейді.

Проспер Мериме халық арасындағы аю мен адамнан жаралып, кісікиіктеу боп туған адам туралы аңызды әдеби шығармаға айналдырған. Адамның дуалистік, яғни хайуандық және кісілік екіұдайы табиғатын литва халқының аңызы арқылы безбендеген. Жазушы адам жанының ғажайып дуализміне назар аударғысы келеді. Ол аңызға сүйене отырып, адам табиғатында бар инстинкт, хайуандық түйсік пен адамдық мінезді бір адамның бойына жинақтаған.

Осы жұмбақ оқиғамен жанасымы бар А.Алтайдың романында Бұлабикеге қатысты аюда хайуандық инстинкт басым болса, ал Ұлардың бойында махаббат сезімі, сағыныш, отбасын құру туралы ой басым. Айқоңыр образының өзі дуалистік негізде жасалған: бір жағынан, ол жыртқыш аң, екінші жағынан ғашық жан иесі. Айқоңырдың Атқыбұлақтың басында суға түсуге келген Бұлабикенінің жалаңаш мүсініне ұрлана қарауы, қызығуы, оның қуып жүріп, бас салуы, арқасынан жалауы, аймалауы жыртқыштық, құмарлық сезімінің көрінісі болса, аюдың қызды ұмыта алмай, күнде зарыға күтуі, қызға аңсары ауғаны соншалық, Елес бейнесінде санасында сомдауы жан жарасын, сағынышын бейнелейді.

«Алтай балладасы» романының көркемдік шешімі: «...Бұлабикенің бейіті қалқиған бұл өңір келе-келе Қызбейіт атанып кетті. Бұл күнде қалқайып тұрған мола да жоқ, орны - жермен-жексен. Қарағай-шыршасы селдіреген, оты қашқан жалаңаштау жон ғана жантайып жатыр. Алтайдың алқызыл модағайлары ғана көктемнен күзге дейін ат тұяғындай ауыр бастарын шұлғып, жылқыдай жусап тұрғаны» [2, 214] – деп аяқталады.

Романның «Алтайдың алқызыл модағайлары» деген қосалқы тақырыбына арқау болған модағайлар шығарманың әр жерінен қылаң береді. Табиғаттың бір бөлшегі болған модағайлар мәңгіліктің метафорасы ретінде алынған. Ол – Алтай тауының қойнында болған жұмбақ аңыздың жалғыз куәсі. Қанша уақыт ағып өтті, Ұлар да, Бұлабике де, Айқоңыр да бұл дүниеде жоқ, олардың моласы да жермен-жексен жерге сіңіп кетті. Тек алқызыл модағайлар ғана қалған, қала береді де.

Модағайлар – Ұлар мен Бұлабике махаббатының да куәгері. Ұлардың түсінде модағайлар сүйіктісі Бұлабикенің шашында жүр. «Ол түс көріп жатыр. Қиялы қиянда... Сөйтсе, Бұлабике... Қолаң шашы алдына түсіріле өрілген. Өрім ұшында шолпымен қоса Алтайдың алқызыл модағайы қадалыпты. Төңірегі тола гүл: қызғалдақ, сарғалдақ, қарғалдақ.

Арғы бөктерде түйенің табанындай ашылған алқызыл модағайлар қаулайды, батар күндей шулайды.

Бұлабике қол бұлғайды. Жаныма кел дейді. Барайын десе өткелсіз өзен кес-кестейді. Бұл амалсыз көнеді. Бұлабике бұртияды, мұңданады. Қырын қарайды, тіпті... қимай қайта қайырылды. Ұлар болса, өтінішін өтей алмайды. Ажалды өзенмен ойнауға батылы бармайды» [2, 100] деген жолдар лирикалық өлеңдей әсер етеді.

Бейіт басындағы сұмдық оқиғаны да: ойрандалған Бұлабике қабірін, «мылжа-мылжасы шығып», көр түбінде бүк түскен Ұларды, жарылған қарнынан қан ақтарылған Айқоңырды бақылап тұрған – осы модағайлар. Жазушы осы жантүршігерлік оқиғадан соң бірден табиғатты суреттей бастайды: «Тымбайдың биігінен ай бағана асып, батып кеткен. Көкте жұлдыздар алыстапты. Таңғы салқын суыра соқты. Орман ішінде суыл тұрды. Таң хабаршысындай сыпыра тиген жел төбе маңының шалғынын сауырынан сипай толқындатып өткен де, қызыл іңірде – ақ алақандай шымылдығын жапқан модағай гүлдері ұзын мойнын иген. Жыландай жылжып салқын таң қараңғысы түсті» [2, 213].

Романда Ұлармен қатар Айқоңыр да жиі түс көреді. Ұлардың балалық шағына, әкесіне байланысты естеліктерімен қатар Айқоңырдың да қонжық кезі, Сары кірекейге байланысты өткен күн елестері параллель суреттеледі. Кейіпкердің өзіне қарата айтылып, эмоциялық әсерін, жан сырын байқататын, сана ағымымен сарындас келген ішкі толғаныстарында мінез-құлықтары ашыла түседі.

Айқоңыр – ерте көктемде оянып, қара күзге дейін ұйқыға бас алдырмайтын, өзі сирек кездесетін, Алтайдың алып қара аюы. Оның қызға деген құмарлық сезімінен өзгеше қырынан танимыз. Тіпті романды оқи отырып, кей тұстарында ой желісінің кімдікі екенін авторлық баяндаудан аңғармасақ, сезім иірімдерін адами тұрғыдан танып, аюдың емес, адамның ішкі сыры екен деп түсініп қалатын сәттер де бар. Айқоңыр аю болғанымен адамша ойлайды, адам сияқты түс көреді. Романның басында аю «демін адамша ішіне тартып» тапжылмай қызды күтіп отырады. Ол бейне кездесуге келген бозбаладай «әлгінде ғана Атқыбұлақтың биігінен аста-төк ақтарылған сарқырама астынан малмандай болып шықса да, бой-бойын белгісіз ыстық буып, қара тұмсығын тер басқан. Бүк қысқан ұры қолтық іші алқымын ісінтіп, тынысын тарылтса да шыдаулы. Жалтаңдау жалама беткеймен еңкейген құла құнанда қыз-бойжеткен Бұлабике үшін шыдаулы» [2, 5]. Қызды көрген сәттен бастап-ақ аюдың түсінде Елес, сарқырамада көрген қыздың сұлбасы ізінен қуып жүреді. Түсінде елеспен тілдеседі. Қолым енді жетті дегенде, ғайып болады, алуан сезімдерін

қозғайды. Оның құмарту, қайғыру, сағыну, аңсау, т.б сияқты сезімдерін жазушы қыз төңірегінде дамытады.

С.Иманасов романға жазылған «Табиғаты бөлек, танымы терең» деп аталатын алғысөзінде «Алтайдың алқызыл модағайының» авторының алдымен не жазатынын жақсы зерттеп біліп алғанын, аңызбен астасқан шығармадағы «аңшы мен аю» оқиғасы, «жазушы шеберлігі кім-кімді де селт еткізе» алатынын жазады. «Асқардың аюы аюша «ойлайды», аюша «әрекет етеді», оған «имандай ұйып сенесің, иланасың» [2, 3] дейді.

«Айқоңырға «адамдық жан», «характер» бітіргенде, түп есепте сол адам табиғатының «фрейдизм» ашқан бейсаналық тағылықтың бүркеулі белгілерінің сыртқа булыға шыққан жынын әшкерелеп көрсету көзделген. Айқоңыр кейіпкер ретінде – адамның құпия бейсаналығының айнасы. Бұлан-талан бұлағай салған жүгенсіз тағылық сезім әрекеті. Ондай сезімді ноқталап қана ұстау керек. Ноқта – адамзат мәдениеті, өркениеті, ар-инабат секілді Құдай дарытқан қасиеттер болса керек» [3, 59]. Роман сырттай қарағанда аюдың әйелге құмартуын қозғайтын сияқты, бірақ шығарманың айтар ойы күрделірек. Аюдың және адамның қызға махаббаты, сол жолда үшеуінің де құрбан болғанын баяндайтын романтикалық оқиға, аңыздың постмодернистік шешімін көреміз.

Әдебиет тарихына көз жіберсек, қашанда жаңа дәуірдің жаңа тақырып ала келетіні белгілі. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдар әдебиетінде жаңа бетбұрыс байқалды. Жаңа заман лебі дүниеге жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Әдебиетке жаңа қаһармандар келді, өмірді бейнелеу кеңістігі кеңейді, философиялық сарын, драматизм күшейді. Әдебиет өмірді бұрынғыдай таптық аяда бейнелемей, әлеуметтік-шаруашылық мүддені емес, ұлттық мүддемізді жоқтаған күрескер кейіпкерлерді алға тартты. Тәуелсіздік жылдарындағы проза кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргіннің сырын тереңдете ашуға бет қойды. Руханият, инсаният мәселелеріне терең бойлауға мүмкіндік туды. Уақыт талабына орай тереңге тамыр жайып, жаңа сапалық қасиеттермен толыса түскен әдебиетіміздің қуатты бір бұтағы прозада өзгеше бояу, соны нақыштар, рухани ізденістер бой көрсетті.

Әдебиеттер

1. Рустемова К.Р. Некоторые особенности современной литературы. – Алматы, Респ. изд. Кабинет, 1996. – 108 с.

2. Алтай А. Алтай новелласы: Роман-миф, повесть-притча, новелла. –Алматы: Өлке, 2001. – 292 б.

3. Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. - 10 Т. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001) / М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Қазақпарат, 2006. - 10 Т. – 528 б.

4. П.Мериме. Избранное. Пер. с франц. –М.: Художественная литература, 1979. – 621 с.

Резюме

В статье рассматриваются романтические элементы в романе-мифе А.Алтая «Баллада Алтая».

Summary

This article deals with the romantic tendencies in the novel "Ballade of the Altai" by A.Altay.

Мулдабекова Н.Ю.
Караганда

РОЛЬ И ФУНКЦИИ АВТОРСКИХ СЛОВООБРАЗОВАНИЙ В ТРИЛОГИИ-ДЖ. Р.Р. ТОЛКИЕНА «ВЛАСТЕЛИН КОЛЕЦ»

Существуя как элемент сознания, «языковая картина мира выявляется в грамматической категоризации мира, в лексической систематизации его (в том числе в мотивированности слов), в метафоризации процесса отражения в языковом моделировании мира, в ключевых концептах» [1;54].

Можно предположить, что в таком случае новые слова, функционирующие в дискурсе произведения, являются отражением ключевых концептов, характерных для виртуальной картины мира, вычленяемых посредством семантизации авторских словообразований (АС).

Смысловая сторона вымышленных слов является наиболее важной для восприятия содержания текста читателем как непосредственным получателем информации, т.к. помимо выполнения своих прямых функций, словообразования обретают еще и функцию знаковую, оказываются способными нести некие добавочные (коннотативные) значения.

Согласно определению (Ю.Д. Апресяна, коннотациями лексемы называются несущественные, но устойчивые признаки выражаемого ею понятия, которые воплощают принятую в данном языковом коллективе оценку соответствующего предмета или факта действительности; таким образом, образуя «содержательные элементы, логические и мотивные, которые складываются в стереотип», они не входят непосредственно в

лексическое значение слова и не являются следствиями или выводами из него [2;159]. «Из этого определения следует, что коннотации, с одной стороны, не противопоставляются понятийному содержанию слова, а с другой, - не относятся к лексическому значению последнего» [3;115].

Все АС можно разделить по тематическим группам согласно их основному значению, при этом обратить внимание на коннотативные элементы, указывающие на ментальные характеристики этносов и их взаимодействие друг с другом, что соприкасается с замыслом писателя.

Многие исследователи полагают, что инновации научной фантастики представлены следующими группами:

1) слова-экзотизмы «с ярко выраженной экспрессией, у которых необычное звучание принимает на себя функции образности и выразительности и приобретает художественно-изобразительный смысл, т.е. эстетизируется» [4;5];

2) слова-термины, «как правило, это названия наук, достижений науки и техники далекого будущего или вымышленного мира» [5;5];

3) слова общеупотребительные, «которые в контексте научной фантастики становятся знаками ирреальных предметов», т.е. узуальные слова с окказиональным смыслом [6;8].

Для инноваций Толкиена данная классификация не подходит. Во-первых, слова терминологического характера среди них отсутствуют, во-вторых, АС с необычным звучанием не лишены смысла - их значение может быть выявлено путем разложения на основные семантические компоненты (например, Nazgul, от эльф, nazg «кольцо» + gul «чары», «находящийся под чарами кольца»).

В отличие от АС фантастов, словообразование Толкиена значимы, так как являются единицами созданных им же языков. В данном случае можно говорить о так называемом эффекте «отстранения», который на лексическом уровне осуществляется в функционировании необычных слов, выражающих реалии выдуманного мира [6; 9].

Т.Н. Любченко и О.И. Лебедь так же указывают на существование в произведениях жанра научной фантастики и фэнтези так называемого «эффекта отстранения», который «работает» в двух противоположных направлениях. Первое - создание «странного», особого фантастического языка героев, полного *необычных слов* и фразеологизмов. ... Второе - стремление вызвать у читателя знакомый образ, ассоциировать фантастический мир с окружающей действительностью, осознанное «очеловечивание» фантастического героя. С этой целью в его речь включаются «земные» пословицы, «крылатые слова», афоризмы,

«аллюзии на исторические события», географические и этнографические реалии» [7; 77].

Подобные слова «имеют разные «внешние» и «внутренние» свойства: с точки зрения читателя, они новы и необычны, но с точки зрения воображаемого мира они являются частью языкового окружения» [5; 5]. Обладая национально-культурной коннотацией, АС Толкиена соединяют «знак и концепты, стереотипы, эталоны, символы, на основе которых происходит формирование языковой картины мира» [8;11].

В корпусе АС Толкиена выделяются апеллятивы, антропонимы и топонимы.

АС-апеллятивы, являются самой малочисленной группой - 100 слов в оригинале и 95 в русском тексте. Их семантика исследуется при помощи компонентного анализа, который многими признан самым экономичным и оправданным из всех методов, применяемых к характеристике семантического поля [Белоусова, Васильев, Кузнецов и другие].

АС, с одной стороны, являются отражением культуры кельтов и германцев, чьи эпосы послужили основой для создания произведения, с другой - благодаря языковой и ментальной деятельности писателя они обрели собственную жизнь, отражая культуру и историю различных этносов, проживающих на территории Средиземья.

Как известно, при передаче лакун на другой язык переводчику приходится учитывать их психологические и культурологические компоненты, т.к. по своей сути подобные образования носят экстралингвистический характер. Таким образом, можно говорить об определенных фоновых знаниях читателя, воспринимающего текстовую информацию, связанных с кумулятивной функцией языка, когда «язык выступает связующим звеном между поколениями, хранилищем и средством передачи внеязыкового коллективного опыта, ибо язык не только сиюминутно отражает современную культуру, но и фиксирует его предшествующие состояния» [9;47].

Как справедливо отмечает Л.С. Макарова, «в переводе художественных произведений понятие фоновых знаний выступает в «тройном» измерении»:

1) фоновые знания «создателя и потенциального читателя оригинала»;
2) уровень «культурологической компетенции переводчика»;
3) «набор стандартных представлений об иноязычном языковом коллективе и его культуре у читателя перевода» [10; 69-70]

Предполагается, что средний читатель, несмотря на популярность трилогии, не осведомлен о значении АС и семантизирует их только при

помощи контекста, переданного переводчиками посредством определенных модификаций, что объясняет некоторые несоответствия с оригиналом.

Членение виртуального мира по аналогии с реальным миром «убеждает читателя в возможности его существования, служит достоверности изображаемого» [6; 9].

К существительным, обозначающим живые существа можно отнести 2 подгруппы: названия лиц и животных.

В составе названий лиц, имеющих общий денотативный компонент, можно выделить:

I) названия племен и народов: I-lalflings - *невысоклики,* wargs - *варги,* Dunadain - *дунаданцы,* Fallohides - *беляки,* Onodrim - *онодримы,* ores - *орки* и т.д.

Следует, отметит, что в ряде АС, имеющих общую сему «орки» (от англ. ore - «гоблин»), присутствует коннотативный компонент с отрицательной оценкой (презрение, недовольство), выявляемый посредством контекста: bararum - *барарум* (энтский язык), gorgun - *горгуны* (друэдайнский язык), yrch - *ирчи* (эльфийский язык).

В языках этих этносов слово «орки» имеет эмоциональную оценку грубых, жестоких существ, к тому же еще и людоедов:

And these – *burarum* - he made a deep rumbling noise like a discord on a great organ - 'these Ores, and young Saruman down at Isengard? [12:125]

Или эти - *барарум,* - он сделал звук точно лопнула контрабасная струна, - “или эти Орки, что ли, и молодой Саруман в Изенгарде?” [13; 430].

В другой подгруппе в тексте перевода наблюдается ряд несоответствий по сравнению с оригинальным текстом.

Слово Barding (люди Барда) отсутствует, однако добавлена единица «ристаниец» (житель Рохана) как альтернатива слову «мустангримец», отсутствующая в оригинале, а также слово fildar (эльф, эльфы) - Эльдар трансформировано в эльфийский антропоним, отсутствующий в оригинальном тексте:

The Elves may fear the Dark Lord, and they may fly before him, but never again will they listen to him or serve him. And here in Rivendell there live still some of his chief foes: the Elven-wise, lords of the *Eldar* from beyond the furthest seas [12: 12].

Многие эльфы, хотя отнюдь не все - страшатся воинства Черного Властелина, им приходится отступать перед его могуществом ...однако он уже никогда не сумеет заставить их подчиниться или заключить с ним союз. Мало этого, здесь в Раздоле, до сих пор живут его главные

противники, почти такие же могучие как он,-я говорю о Преображающихся эльфах, древних владыках *Эльдара-Заморского* [13;195].

Использование переводчиками слова «волколак» при переводе узуального werewolve (оборотень, вервульф) вызывает у читателя дополнительные ассоциации, не предусмотренные самим автором, затемняет смысл:

There are ores and **trolls,** there are *wargs* and *werewolves.*. [12: 12].

Ему подвластны многие существа: орки и тролли, *варги* и *волколаки.* [13; 195].

Как видно из примера, в мире Средиземья представлены два волкоподобных существа: *оборотни* (полулюди, полуволки - европейский фольклор) и *варги (*волки, обладающие интеллектом, понимающие человеческую речь - выдумка писателя).

Перевод не позволяет ощутить читателю разницу между двумя реалиями, вносит некоторую неясность в повествование.

Также наблюдается некоторое несоответствие в использовании заглавных букв, связанное с тем, что в английском языке этнонимы часто пишутся с заглавной буквы, но не являются онимами: Halfling - н*евысоклик,* Nazgul - *Назгул.* В традициях русской орфографии подобные слова пишутся с маленькой буквы, но в ряде случаев переводчики сохранили английский вариант написания, очевидно, с целью создания эффекта отстранения, однако несколько непоследовательно.

2) названия титула или должности: Thain - *Хоббитан,* Ernil - *Эрнил,* Shirriff - *Ширриф* с дополнительной семой «почтение»:

It is true that the Took family had long been pre-eminent; for the office of *Thain* had passed to them (from the Oldbucks) some centuries before, and the chief Took had borne that title ever since. The *Viamship* had ceased to be more than a nominal dignity [12; 33].

Древнейшим родом испокон веков были у них Кролы: титул *Хоббитана* перешел к ним (от Побегайков) много сот лет назад, и с тех пор его неизменно носил старейшина Крол. Титул *Хоббитана* стал всего лишь знаком почтения [13;14].

Переводчики очень удачно модулировали слово Thain «вождь» - *Хоббитан* (хоббитский титул), добавив слово «хоббит» в семантическую структуру АС, упростив его понимание - у читателя сразу возникает ассоциация с культурой хоббитов.

3) названия, отражающие семейные отношения: sister-daughter - *сестрина дочь,* sister-son - *сестрин сын.*

Выделенные лексические единицы, образованные на основе древнеанглийского языка, архаичны по своей структуре, как и сама речь

жителей Рохан, к которой они принадлежат, что удачно отражено *я* переводе:

'Go, Eowyn *sister-daughter'* said the old king. 'The time for fear is past [12;22].'

-Иди, Эовии, сестрина дочь - повелел конунг. - Время страхов миновало [13;479].

4) названия, характеризующие взаимоотношения друг с другом: melfon - *М'жюн,* Snaga - *Снага,* Bounder - *пролаза.*

Mellon переводится с эльфийского как «друг» и также выполняет функцию заклинания, открывающего двери в Морийские Топи:

Picking up his staff he stood before the rock and said in a clear voice:Mellon [12;194]!

Он встал уверенно, подошел к стене, направил Жезл на Звезду Феанора и звонким голосом сказал: - Мэллон [13;284]!

«Snaga» в переводе с оркского означает «раб» - так большие орки называли орков мелкой породы.

Словом Bounder хоббиты называли тех, кто без приглашения пересекал границу их территории с тайным умыслом.

Данное слово имеет негативную коннотацию, т.к. хоббиты любили покой и несколько опасались странных чужеземцев, и носит просторечный характер, тем самым удачно вписываясь в культуру хоббитов, преимущественно сельских жителей.

5) названия военных подразделений; eored - *эоред* (военное конное подразделение роханцев), Hobbitry-in-arms — *ополчение* (хоббитов):

Tell the *eored* to assemble on the path' and make ready to ride to the Entwade [12;51].	И выстрой *эоред* на дороге, сейчас пойдем к Онтаве [13; 400].

К сожалению, в процессе переводческих модуляций сложная для перевода реалия Hobbitry-in-arms - «ополчение» потеряла свою колоритность:

The Thain was the master of the Shire-moot, and captain of the Shire-muster and *the Hobbitry-w-arms^* but as muster and moot were only held in times of emergency, which no longer occuncd, the Thainship had ceased to be more than a nominal dignity [12: 33].	Хоббитан главенствовал на всеобщих сходках, предводительствовал дружиной и *ополчением,* но и дружина и ополчение потребны были лишь в случае опасности, а случаев таких давным-давно не бывало, и титул Хоббитана стал всего лишь знаком почтения [13;14].

6) названия Божеств: *Valar - валары.*

Выделенный окказионализм имеет дополнительную сему «добро, защита», значение которой реализуется в контексте, указанном ранее.

Эльфийское слово Vala - Valar представлено в оригинальном тексте в форме множественного числа, к нему избыточно добавлена флексия множественного числа, которая характерна для номинации этносов в русском варианте.

7) названия, указывающие на возраст: sharkti - *шарку.*

A sudden light broke on Frodo. *'Sharkey'* he cried.

Saruman laughed. 'So you have heard the name, have you? All my people used to call me that in Isengatd, I believe. A sign of affection, possibly. But evidently you did not expect to see me here [12; 92].'

Тут-то Фродо и осенило. *Шаркин* — вскрикнул он.

Что, имечко уже прослышали? Так мои поданные, помнится, называли меня в Изенгарде. Видно, любили. Но какая встреча: вы меня разве не ожидали здесь увидеть [13; 956].

В тексте данная реалия (функционируя в тексте как сноска) используется при создании прозвища Sharkey (Шаркич). При компонентном анализе было выявлено, что структура данной языковой единицы, происходящей от оркского sharkii - «старик», коннотативно осложнена посредством уменьшительного суффикса -еу, выражающим значение «любовь, привязанность».

Все АС, за исключением слова Neekerbreeker, являются нейтральными.

Окказионализм Neekerbreeker осложнен коннотацией, выражающий эмоциональную оценку надоедливого насекомого, и также представляет собой образование по аналогии со звуками, издаваемыми этими насекомыми, что вызвало у переводчиков ассоциации с кровососущими комарами:

There were thousands of them, and they squeaked all round, neek-breek, breek-neek. unceasingly all the night, until the hobbits were nearly frantic. The next day, the fourth, was little better, and the night almost as comfortless. Though the *Neekerbreekers* (as Sam called them) had been left behind, the midges still pursued them [12; 163].

Всю ночь уши терзало тарахтение: «Крровочки! Крровочки! Крровочки!» Под утро хоббиты просто ошалели. Немногим лучше был и четвертый день; немногим легче четвертая ночь. *Кровопросцы,* как их обозвал Сэм, не стрекотали, но комарье по-прежнему колыхалось над путниками ненасытно звенящим облаком [13; 163].

П. Среди неодушевленных существительных были выделены следующие тематические группы:

1) названия растений: elanor - *Элаиор,* mallom - *мэллорп,* pipe-weed - *трубочное зелье,* simbelmync - *сичбсшмепны,* galenas - *гспенас,* asea aranion - *ацеа арсишон* и другие.

Большинство из них семантически не ясны для читателя. Некоторые из них имеют аналоги в разных языках: simbelmyne *(симбельмейи)* - на роханском, evermind (*поминальник)* - вариант того же слова на всеобщем языке (вестроне). В одном случае аналог отсутствует - elanor *(Элаиор)* - sun-star:

'Well, Sam, what about *elanor*, the *sitn-sfar*, you remember the little golden flower in the grass of Lolhlorien? [12: 108]'	- Хорошо, хочешь ли, Сэм, назвать ее *Элаиор* - помнишь, такие зимние золотистые цветочки на лугах Кветлориэна? [13; 964]

2) названия конкретных объектов, имеющих дополнительные семы «дом, быт» - talan - дэлонь и его эквивалент (let (-), smial - *смиал,* matliom - *муссом*, jools -дра*гоценные штуки* и «магия» - Silmaril - *Сильмарилл,* palantfr -*палантир, фиал* Данные ЛИ также в основном семантизируются только при помощи контекста:

In those days the Great Enemy, of whom Sauron of Moittor was but a servant, dwelt in Angband in the North, and the Elves of the West coming back to Middle-earth made war upon him to regain the *Si/matils* which he had stolen; and the fathers of Men aided the Elves [12; 185].

В те дни Всеобщий Враг, кому и сам Саурон был лишь прислужником, царил на севере, в Ангбэнде, но эльфы Запада вернулись в Средиземье, чтоб войной отнять у него украденные волшебные алмазы *Сшмаршды,* и предки людей были заодно с эльфами [13; 173].

3) названия веществ с дополнительными семами «материал» - mithril -*мифрш,* hithlain (-), lebethron - *лебетрон* и «пища» - miruvor - *мирувор,* lembas -*путдиба,* waybread - *дорожный хпеб.*

Все они номинируют объекты, созданные различными этносами, и позволяют читателю составить свое представление об их культуре. Об их назначении трудно судить только по значению морфем, т.к. все они, за исключением АС- waybread, относятся к вымышленным языкам.

Так, слово waybread является переводом на английский язык окказионализма lembas на эльфийском языке:

So it is,' they answered. 'But we call it *lembas* or *waybread*, and it is more strengthening than any food made by Men, and it is more pleasant than cram, by all accounts [12; 110].'

- У нас они называются не галетами, а *путлибами,* или, в переводе на всеобщий язык, *дорожным хлебом,* - объяснили эльфы. – Путнику достаточно всего лишь *путлиба* в сутки, чтобы не чувствовать ни голода, ни усталости [13; 345].

4) отвлеченные понятия с дополнительными семами «искусство, культура» - ann-thennath - э*нн-сеннат,* Springle-ring - *Брызга-дрызга,* ithildrin - н*очелыф* и его синоним starmoon (-), Westron (-), «исчисление» - времени, Lithe - *прилипки,* Rethe (-), Yule - *Просечень,* и количества, Gross - *гурт,* «явления природы» - ghash - *гхаш.*

В русском тексте трилогии ряд слов отсутствует - Westron (всеобщий язык), stannoon (эквивалент эльф, ithildrin - *ночельф),* Rethe (время года). Данные АС можно семантизировать только с помощью контекста:

'That is a song, he said, 'in the mode that is called *atm-thennath* among the Elves, but is hard to lender in our Common Speech and this is but a rough echo of it [12; 184]'.

На самом-то деле, - заметил он, - это вовсе не рассказ, а песнь: такие песенные сказания у эльфов называются *энн-сеннат».* На нашем языке они не звучат - вы слышите дальнее, неверное эхо [13; 172].

Как видно, основную массу АС составляют сюжетно - релевантные лексемы, обозначающие реалии фантастического мира, представленные существительными номинативного характера.

Для данных окказионализмов также характерна скрытая экспрессивность и в определенной степени затемненное семантическое значение.

В отличие от художественных словообразований, «содержащих открытую выразительность», вызывающих «яркие, неожиданные образы» и передающих чувства, «скрытая (информационная, предметно-логическая) выразительность» окказионализмов фэнтези и научной фантастики создает виртуальную «картину мира художественного произведения» [5; 9].

Своеобразие АС Толкиена проявляется и в тех функциях, которые они выполняют в тексте трилогии, являясь стилеобразующей чертой произведений подобного жанра.

В силу перечисленных специфических особенностей данных инноваций, подтверждается, что все они имеют номинативную функцию окказионализмов, направленную на обозначение конкретных предметов вымышленного мира [Белоусова, Елизарова, Медведева, Новикова, Соскина и др.].

Так как «среди причин появления словообразований в научной фантастике ведущая роль принадлежит причинам экстралингвистического характера, определяемым художественными особенностями фантастических произведений», словообразования выполняют также и креативную (художественную) функцию, создающую так называемый «эффект отстранения» [14;10]. «...Они участвуют в построении воображаемых фантастических миров, описываемых в произведениях этого жанра» [5; 5].

Иными словами, отстранение является типичной жанровой чертой научной фантастики и фэнтези. Все виртуальные объекты воспринимаются читателем странными не из-за необычности средств их описания, а потому, что они необычны сами по себе по замыслу автора. Они являются нормой в созданном мире, как и их нестандартное языковое оформление, являющееся частью языковой игры писателя как стилеобразующей черты жанра.

В целом, функционирование словообразований в русском и английском текстах мало отлично, т.к. они выполняют свою главную функцию - номинацию реалий виртуального мира, что объясняет их скрытую эмоциональность и информативность.

Литература

1. Луговая, Е.А. Топоним виртуального пространства как культурно-историческая категория (на материале эпопеи Дж.Р.Р. Толкиена «Властелин Колец»): рукопись дис. ... канд. филол. наук / Е.А. Луговая. - Ставрополь, 2006.-189 с.

2. Апресян, Ю.Д. Избранные труды: В 2 т. Т 2.: Интегральное описание языка и системная лексикография / Ю. Апресян. - М.: Языки русской культуры, 1995. - 766 с.

3. Гудков, Д. Б. Коннотации и символические значения единиц вербальных культурных кодов / Д.Б. Гудков // Русский язык: исторические судьбы и современность: Материалы \\ международного конгресса русистов-исследователей. -М.: МГУ, 2004. -С. 115- 116.

4. Новиков, Н.В. Новообразования в современной научной фантастике (словообразовательный и мормативио - стилистический аспекты): автореф. дис.... канд. филолог, наук / Н.В. Новикова. - М., 1988. - 21 с.

5. Соскина, С.И. Окказиональные образования научной фантастики (на материале английского языка): автореф. дис. ... канд. филолог, паук / С.Н.Соскина. - Л., 1980.-22 с.

6.Медведева, Е. Й. Лексико-семантическая и композиционная организация текстов научной фантастики (на материале современного

англо - американского короткого рассказа) : автореф. дис. ... канд. филолог, наук / Е.И. Медведева.- Л., 1986.- 26 с.

7.Любченко, Т. Окказионализмы в научной фантастике: переводной аспект / Т. Любченко, О. Лебедь / Материалы Всесоюз. науч. конференции- семинара, посвящ. творчеству И. А, Ефремова и проблемам науч.фантастики.- Николаев, 1988.- С. 16 - 80.

8. Лебедева, Е.А. Ономастикон произведения «Властелин Колец»; структурный, семантический и функциональный аспекты: автореф. дис. ... канд. филолог, наук / Е.А. Лебедева. - Ростов-на-Дону, 2006. - 23 с.

9. Стернин, И.А. Лексическое значение и энциклопедическое знание /И.А. Стернин // Аспекты лексического значения. - Воронеж: Изд-во Воронежского университета, 1982.-С. 10- 17.

10. Томахин, Г.Д. Реалии-американизмы; Пособие по страноведению / Г.Д.Томахин. - М.: Высшая школа, 1988. -238 с,

11. Макарова, Л.С. Коммуникативно - прагматические основы художественного перевода / Л.С. Макарова. - М.: Изд-во Московского государственного облаеп юго университета, 2004. - 256 с.

12. Tolkien, J.R.R.. The Lord of the Rings: The Two Towers: В 6 кн. Book Ml.: В 2 т. Volume I /J.R.R. Tolkien; комментарий, словарь Е.В. Гвоздковой. - На англ. яз. - М: Айрис-пресс, 2002. - 256 с.: ил. - (Читаем в оригинале).

13. Толкиен Дж.Р.Р. Властелин Колец: Трилогия / Дж.Р.Р.Толкиен; пер. с англ. В.С. Муравьева и А. А. Кистяковского. - М.: Изд-во Эксмо, Изд-во Яуза, 2004. - 992 с.

14. Белоусова, Е.А. Окказиональное слово в произведениях современной научной фантастики: автореф. дис.... канд. филолог, наук / Е.А.Белоусова. - Майкоп, 2002. - 20 с.

15. Елизарова, М. Н. Новообразования-имена собственные в произведениях современной научной фантастики / М.Н. Елизарова // Гуманитарные проблемы глазами молодых. - Орел, 1994. - С. 86-92.

Түйін

Мақалада Толкиеннің семантикалық авторлық сөз құрамына талдау беріледі. Олардың шығармадағы орны анықталады, әртүрлі сөз құрамын зерттеушілердің классификациясы салыстырылады.

Summary

The article analyzed semantics of author's word-formations of Tolkien, because they are units of his own languages. Role and function of word-formation is defined, and compared classifications of word-formations of various researchers.

Оспанов Е.Т.
Алматы

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ АВТОР МЕН ОҚЫРМАН ҚАТЫНАСЫ

ХХ ғасырдың 60-70 жылдары жазушы мен оқырман арасындағы өзара қарым-қатынасқа деген қызығушылықтар арта бастады. Осы уақытқа дейін тек бір жақты зерттеулер, яғни автордың төңірегінде ғана жүргізілді. Бұл өз кезегінде көркем шығарманың терең қырларын дәл ашып бере алмайды. Сондықтан да, автор қандай дәрежеде қарастырылса, оқырман туралы зерттеулерде өз деңгейінде жүргізілуі қажет деп білеміз. Қазір лингвистика ғылымында автор мен оқырман арасы «автор-мәтін-оқырман» дәрежесі төңірегінде өрбіп жүр.

Көркем шығармадағы автордың басты ұстанымы оқырманды әлемдік маңызды сипатқа ие оқиғалардан хабардар ету. Осы тұста автордың әлемдік бейнесі қандай деген мәселе туындайды. Аталған мәселе төңірегінде Б.О.Корман мынадай пікір білдіреді: «Автор есть носитель мироотношения, выражением которого является все произведение или их совокупность» [1.56]. Бұл пікір автордың өзіндік жалпы әлемдік жеке ұстанымы бар тұлға екенін білдіреді. Автордың өзіндік жекелік дара тұлға екендігі және көркем шығараманың туындауы барысында пайда болған идеяның жекелікке тән екені тағы да нақтылана түседі. Б.О. Корман көркем шығарамадағы автор тұлғасын бірнеше өзара ажырамас мынадай бірліктер төңірегінде қарастырады:

1) «автор как некий взгляд на действительность, выражением которого является все произведение;

2) автор – повествователь;

3) автор как особая форма выражения авторского сознания в лирике, отличная от лирического героя;

4) автор биографический» [1.9].

Бұл аталаған пікірден автордың көркем шығараманы тудырудағы белгілі бір ұстанымдарға жүгінетіндігін байқатады. Қ. Есенова қазіргі кезде зерттеушілер автордың прагматикалық ұстанымдарын мынадай үш түрге жіктеп көрсетеді дейді:

1. **Ақпараттық ұстаным** мәліметті іріктеп ұсыну барысында жүзеге асырылады;

2. **Фатикалық ұстаным** материалды оқырман назарын аударту үшін пайдалану;

3. **Манипулятивтік ұстаным** – мәтінде баяндалып отырған оқиғаларға қатысты оқырман көзқарастарын қалыптастыруды мақсат етуден көрінеді. [2.63]

Көркем шығарма немесе кез келген мәтін осы принципттер негізінде құрылып, оқырманға, қабылдаушыға әсер ету жолдарын қарастырады, яғни қандайда бір байланыс орнатылады. Автор мен оқырман байланыс арнасының екі жағында болғандықтан қарам-қатынас барысында екеуінің рөлі бірдей болуы шарт емес. Әдетте көркем шығарамада автор рөлінің маңызы ерекше, дегенмен оқырманның өзіндік бейнесін де жоққа шығара алмаймыз. Мәтінді оқып түсінуі арқылы оқырманның әлеуметтік тұлғасы қалыптасады. Қабылдаушының әлеуметтік санасына әсер ету өз кезегінде автордың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Қ. Есенова: «Қандай рөлді таңдаса да автор алдында мынадай коммуникативтік мақсат қойылады: біріншіден, аудиторияны ақпаратандыру, яғни белгілі бір оқиғаға немесе құбылысқа қатысты мәліметтерді көпшілікке тарату, екіншіден, сол хабарлама арқылы оқырманның әлеуметтік мінез-құлқына, дүниетанымына әсер ету, үшіншіден, адресатқа әсер ете отырып, оны белгілі бір әрекетке үндеу немесе шақыру, мұны әлеуметтік коммуникациядағы ең басты социопрагматикалық фактор дейді» [2. 139]

Көркем шығарамадығы оқырман рөлі қазіргі тіл білімінде – *адресат, реципиент, интерактант, қабылдаушы, респондент* сияқты атауларға ие болып жүргенінен-ақ, өзіндік көпқырлылық маңызы бар екенін аңғартады. Оқырман сөзіне В.И.Даль «человек, читающий книги для себя»[3. 688] Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «**Оқырман** - әдебиет оқитын қауым, жұртшылық» деген анықтама береді. [4. 630] Берілген анықтамалар оқырманның бір емес, бірнеше адамдар екенін және көркем немесе публицистикалық мәтіндерді оқып, қабылдаушы көпшілік аудиториясы екенін аңғарамыз.

Кез келген мәтіннің оқырманы болуы тиіс, егерде мәтін оқылмаса ол мәтін өлі мәтін болып есептеледі. Көркем шығарма өзінің оқырманын тапқан кезде ғана өзінің қатысымдық қызметін жүзеге асырады. Содай-ақ көркем шығараманың құндылығы өз оқырманын табуына да байланысты. Себебі, оқырманның қабылдау деңгейін қабылдаушылардың саналық дәрежесіне қарай жіктеуге тура келеді. Осыған сәйкес оқырманға әсер ету ерекшелігін аңғара аламыз. Көркем шығармасыз оқырман болмаса, қандай да бір шығарманың қатысымдық қызметін оқырмансыз ажырата алмаймыз.

Шығарманың оқырманға әсері шығармаға байланысты емес, ол оқырманның психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Яғни, бір шығарма бірнеше оқырманға әр түрлі деңгейде әсер етуі мүмкін. Шығармасыз оқырман болмаса, сол сияқты шығарманың әлеуметтік рөлін оқырмансыз елестету мүмкін емес.

В. Иванушкин оқырманды әлеуметтік қоғам мүшесі ретінде: «социологическая личность, которая вступает в определенный контакт с содержанием и формой книги», - деген тұжырым жасай отырып, ол оқырманның психикасы ойды қабылдайтын белсенді реципиент, әрі оның ойы сыни болып келеді, сондай-ақ болар болмас интеллектуалды дамуының арқасында автор ойын жөнге келтіріп, реттейтін аппарат деп көрсетеді. [5:19]. Мұндай байланысты Б.Боровичте көрсетеді, яғни оқырман мен автор арасындағы байланыста оқырманды әлеуметтік тұлға деп таниды.

Қазіргі кезде «оқырман» анықтамасы ғалымдар тарапынан өз дәрежесінде талқыланып, нақтылана түскен десек болады және бұл пікірлер оқырманды қажетті тілдік және мәдени дағдыларға ие, қатысымдық мәтінді қабылдай алатын индивид, жеке адам деген тұжырым жасайды. Қабылдаушының өзіндік қалыптасқан дағды деңгейлері, сонымен қатар басқа да сиаттамалық зеттеулер әр түрлі оқырманда түрліше болып келеді. Қабылдаушы жайлы жинақталған негізгі мәселелердің бірі оқырман түрлерінің ғылыми типологияға негізделіп бөлінуін де басшылыққа алады. Шығарманы зерттеу немесе мәтінтану барысында оқырманды топтастыру әдетте әлеуметтік демографиялық сипатына (жынысы, жасы, білім деңгейі, кәсіби еңбегі және т.с.с.) қарай топтастырылады. Оқырманның мінез-құлқын болжау мен түсіндіру үшін, оны белгілі топқа топтастыру үшін оқылымды елестетуі, жүйелілігі, жиілілігі мен уақыты, оқылатын басылым, көркем шығарма түрлері, олардың жанрлық, тақырыптық, тілдік диапазоны, көркем әдебиеттің қайнар көзі және оны қабылдау арасындағы өзара қатынас, білімділік деңгейі мен оқығанды түсіну қабілеттері ескеріледі. Алайда көркем әдебиеттің оқырманға әсер ету тиімділігін арттыру үшін тек оқырманның сыртқы мінез-құлқына арқа сүйеу жеткіліксіз. Осы орайда оқырмандарды белгілі бір топтарға бөлуде мынадай тұлғалық сипаттамаларға, яғни мақсаттар, оқылым уәждері, оқырман құндылықтарының бағыты, оқылымның арнаулы қызметтері (эстетикалық, танымдық, алған мәліметін, оқығанын пайдаға жарату және т.б.) ескеріледі. Оқырмандық бағыттылықты не анықтайды деген сауалға оқырман белсенділігінің іріктелуі мәліметтің көзін таңдауда,

қабылдау ерекшеліктері, әсер алушылығы, оқығанын түсіну мен бағалай білуін айтуға болады [6:596].

Осылайша, оқырман ешбір өзгеріссіз әлеуметтік тұлға ретінде қарастырылады. Ол, яғни оқырман ерекше оқырмандық психологияға ие, сонымен қатар автор тарапынан шығатын, басылым, көркем шығарма түрлері, таралу арналары мен жарнамалануына тікелей әсер ететін, әрі қоршаған ортаның әсерін қабылдайтын іс әрекет обьектісі болып табылады. Оқырман психикасының өзгеріске ұшырауы қоғамдық идеологияға тікелей байланысты. В.Иванушкин автор мен оқырман арасындағы «оқылым процесі оны түсіну формуласын» есептеп шығарды. Оларға:

А - оқырман денінің саулығы, темперамент, табиғи қабілеттілігі, тұқым қуалаушылығы, балалық шағындағы білім алу жүйесі,

В - динамикалық белгілері: класстық қатыстығы, интеллектуалдық дамуы, мамандығы мен кәсіби ерекшеліктері, оқылым тәжірибесі, лексикалық қоры, әлеуметтік идеологияның әсері,

С - кітапты қолдану обьектісі ретінде қарастыру,

D – оқырманның кітапты меңгеруі, игеруі немесе түсінуі, мәтіннің оқырманға әсері деп мына формуланы береді: **c: (a+b) =d.** [5:21].

Көркем мәтіннің оқырманға деген карым қатынасын зерттеу шынайы (эмпирикалық) немесе потенциалдық (гипотетикалық) алғашқыда диалог принципіне құрылған деп, бірінші рет оны методологиялық бағдар ретінде В.Гумбольд енгізген. В.Гумбольдтан соң А.Белецкий, Д.Чижевський: «книга не является монологом, а диалогом с «абстрактным» собеседником», яғни кітап монолог емес, ол абстрактылы әңгімелесушімен диалог деп түсінік берді [7. 35].

Кез келген әрекет негізінде, оқылымды оқырман әрекеті десек, оның түбінде қажеттіліктер жатыр. Психологияда қажеттілікті үш топқа бөледі: биологиялық, әлеуметтік және идеалдық. Оқырман әрекетін идеалдық қажеттілікке, яғни дүниені тану, өзінің орнын, өмірдің мәнін табу және т.б. жатқызуға болады. Дегенмен, оқылым әлеуметтік және биологиялық қажеттіліктермен де уәжделеді. Білімге құштарлық, мағлұмат іздеу осының бәрі тек оқу арқылы жүзеге асады. Ф.Оразбаева: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен сөз тіркестердің мағынаса мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» - деген анықтама береді [8. 278].

Көркем шығараманы талдау барысында зерттеушілердің пікірі автордың негізгі ұстанымдары мен басты идеясы автор бейнесіне

шоғырландырылып түсіндіріледі. Бұл пікір, әрине, автор тілі мен баяндау тәсілінің, өзіндік шеберлігін ашып беретіні сөзсіз. Дегенмен шығарманы автордың тиісті айтпақ ойына сай қабылдаушы сіңіре алды ма деген заңды сұрақтың тұратыны даусыз. Сондықтан да көркем шығарма мен кез келген туындыларды автор ұстанымын анықтай отырып, оқырманның қабылдау көрсеткіштерімен қоса қарастыру шығарманың тиісті дәрежеде қатысымдық қызметін атқара алу дәрежесін ашып береді.

Әдебиеттер:

1.Корман Б.О. Лирика и реализм. Иркутск: Изд-во Иркут. ун-та, 1986.

2. Қ. Есенова. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. Алматы, 2007.

3. ДальВ.И. Толковый словарь великорусского языка: В 4-х т. –М.: Терра, 1995. –Т. 4: H-V.

4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-пресс, 2008.

5. Иванушкін В. Проблема читачівства та її вивчення. – К.: УНІК, 1926. – 32с.

6. Книговедение. Энциклопедический словарь. - М.: Издательство «Советская Энциклопедия», 1982.-661с.

7. Чижевський Д. До психології читача та читання // Бібл. вісник.- 1996. - № 3. – С. 35-37.

8. Ф.Оразбаева. Тіл әлемі. Алматы: Анарыс, 2009.

Резюме

Данная статья посвящена проблеме коммуникации между автором и читателем, а также определяет статус читателя как адресата в процессе языковой коммуникации в художественной литературе.

Summary

The article focuses on the research of the communication between author and reader, also defines reader's status as an addressee in lingual communication in fiction.

Қасенов Е.С.
Алматы

І.ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ҚЫЗЫЛ» ТҮР-ТҮС АТАУЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ МЕН ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Тіл ақиқат болмысты тану барысында жинақталған әлем туралы біліміміздің жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Олай болса, белгілі бір ұлт даралығы, дүниетанымы мен болмыс-бітіміндегі ерекшелігі бірден-бір құрал – сол ұлттың тілі арқылы айқындалады. «Тіл - адам санасының бейнесі. Ал біздің санамыз көбіне бізді қоршаған мәдениет, ортаның әсері негізінде қалыптасады. Түсті қабылдау барлық адамдар үшін бір болғанымен, ми (сана емес) біздің жалпы адамдық табиғатымызбен бірге қалыптасатындықтан, тілдік концептуализация әр мәдениетте әр түрлі болып келеді» [1]. Әр халық түр-түсті өз дүниетанымына, өз кезеңінің тарихи құбылыстары ерекшеліктеріне байланысты түрліше қабылдайды. «Түр-түс – адамның өмір сүру әлемі» болып табылатындықтан адамзат баласы түстерді мақпал түннің түсіндей *қара,* жаңа жауған қардың түсіндей *ақ,* зеңгір аспан түсіндей *көк*, батқан күннің шапағындай *қызыл* деп таныды [2, 14].

Түр-түс атауларының ішіндегі өзінің ұзақ дамуы барысында тұлғалық өзгерістерге ұшыраған түс атауы - қызыл түс. **«Қазақ тілінің түсіндірме создігінде»: 1. *Қызыл*** сын.е. 1. *Қан түсті қырмызы.* 2. *Жылқы малында болатын ақ аралас көкшіл түс.* 3. *Сиыр, түйе малында болатын ашық қоңыр түс. 4.* Ауыс. *Адам жүзіндегі қан күрең рең, қызарған шырай.* 5. *Шайдың ал күрең түсті қоюы.* 6. *Социалистік революцияны, Кеңес өкіметі мен Коммунистік партияны жақтаушы.* 7. Ауыс. *Малдың, аңның, құстың еті.* 8. Ауыс. *Қырмандағы ұшырылған таза астық.* 9. Ауыс. *Жеміс сөлінен дайындалған шарап.*

Бұл түс атауы кей кезде өзінің тарихи негізіндегі ұғымынан өзге кейін пайда болған шартты, символикалық мағынасында жұмсалады. **Қызыл** –оттың және қанның түсі болғандықтан жүрекпен де байланыстырылады. Молшылық белгісі ретінде мерекелік дастарханға қолданылады. Қызыл – өңіл көтерудің, қуаныштың, тойдың, әдеміліктің символы. Мәселен, *Қыз Жібек» жырындағы: Қыз Жібектің ақтығы, Наурыздың ақша қарындай. Ақ бетінің* ***қызылы****, ақ тауықтың қанындай,* - деп келетін немесе «Ер Тарғын» жырындағы: *Қара жерге қар жауар, Қарды көр де етім көр. Қар үстіне* ***қан тамар****, Қанды көр де бетім көр,*- деген жолдардағы теңеулер жоғарыдағы сөзіміздің жарқын дәлелі.

Қызыл – «от» сөзімен мағыналас түс**.** Осы түс атауының этимологиясына үңілсек, **қызыл -** сөзіндегі *ыл* жұрнақ, **қыз -** өлі түбір Н.Баскаковтың да пікірінше, *қыз* түркі тілінде «от» мағынасында жұмсалған. XI ғасыр түркі тілдерінде *«қыз»* сөзінің-*қызыл* түс мағынасында қолданылғаны айтылады. Сонымен «*қыз»* түбірі ерте замандарда синкретизм ретінде бірде етістік,бірде сын есім мағынасында қолданылған [3, 950].

«**Қызыл**» сөзі таңбалық жағынан көптеген тілдерде ұқсас болып келеді. Мәселен, славян тіліндегі **красный (**қызыл) сөзі **красивый** (сұлу) (красивая девица, красноречье) сөзімен өзара түбірлес; Түрікше *қырмызы*-қызыл*,* әдемі. Үнді европада **kür/ker**-*жану, от, ағаш, бояу.* Үнді арияша -**kora**-*жас, жаңа;* қазақта **қызыл** әдемілікті білдіреді. Демек, әр ұлт, әрбір тіл иесінің түр-түстерді қабылдауда, оларға атау беруде өзіндік, жеке ерекшелігі пайда болып, таным жүйесінде тек өзіне ғана тән оның жеке тәжірибесі негізінде қалыптасқан белгілер көрініс береді. Осы белгілер халық тілінің құнарлы да, сүбелі бейнесі сол халықтың көркем әдебиеті арқылы көрінеді. Әрбір көркем әдебиетті қалыптастырушы жеке тұлға ұлт тілінің мүшесі ретінде өз болмысы мен танымдық қасиеттері арқылы ерекшеленіп, ұлт тілінің сөздік құрамын кеңейтуге әсер етеді.

«Қызыл» түс атауы Ілияс поэзиясында іштей үйлесімділік туып, ақын тілінің ерекшелігін танытады. Мысалы,

Қызыл жоса сел *еткен*
Сарыарқаның даласын:
Зар жылатқан, еңіреткен
Қатыны мен баласын. (Дала,94) - деген өлең жолындағы «қызыл-жоса» тіркесі бейбіт елдің бей берекетсіз нақақтан төгілген қаны екенін танытып тұр. Осыған орай тілімізде *«аямау»* мағынасын беретін *«қызыл жон қылу», «қызыл қырман қылу»* фразеологизмдері қолданылады.

Тап соғысы болды жақ,
Біреу – ***қызыл,*** *біреу –* ***ақ****. (Дала,93)*

Басқан күнде жерді жау,
Мына, жалғыз қара кім?
Қызыл тулы *кім мынау?*
Қалды аңғармай шал мұны. (Дала,100)

Деп сұрады анау шал,
Қасында тұр бір бала.
Қызыл жаға *– орамал*

Пионердің біреуі. (Дала,114)

Сондықтан айналады көкте қыран,
Түспекші қайда ***қызыл,*** *қайда қоян.*
Әлемнің үстіндегі қара бұлты,
Қан жауып қанатынан, соғар боран. (Қанды қыран,401)

Әнекей, күншығысқа ол ұшты ма,
Қытайдың қызылына *ауысты ма? (Қанды қыран,401)*

Тарыққанда тапқаны,
Тек тынысы ***қызыл жақ.*** *(Кеңес,406)*

Ағарып таң атқанда
Қызыл *бізді қарсы алды. (Кеңес,406)*

Әлемге ұран болар, нұрландырар
Қып-қызыл *тамшы қаннан ту жарқырап. (Суық күн,416)*

Барабанды дүрсілдеп
Өңшең ***қызыл жағалар!*** *(Тап алдында, 425)*-деген шумақтардан *«Қытайдың қызылы», «қызыл тулы», «қызыл жаға», «қып-қызыл тамшы қан»* деген тіркестерді кездестіреміз. Бұл мысалдардағы «қызыл» түс атауы түсті білдіру қасиетінен ажырап, тарихи оқиғаға байланысты таптық символикалық мәнге ие болған. «*Біреу –* ***қызыл,*** *біреу –* ***ақ»*** деген жолдағы «қызыл-ақ» қарама қарсы мәнде қолданылып, шаруа мен жұмысшы тап өкілдері мен солардың жойқын күштерін танытып тұр.

Сондай символикалық мәнге ие болған түс атауларын мына жолдардан да көреміз:

Қаһарман ***қызыл әскерім,***
Жігер білек, жаужүрек
Қызыл қыран. *(Қызыләскер, 295)*

Еңбекші елдің қорғаны
Қызыләскер. *(Қызыләскер, 295)*

Қызыл алаң
Ол-дария. (Мавзолей, 299)

Осы жолдарда ақынның *қызыл* сөзін белгілі тарихи оқиғаларға, тарихи орын мен нышанға дәлме дәл, шеберлікпен қолданылғаны

байқалады. Мұндағы *“қызыл қыран”, “қызыл алаң”, “қызыл әскер”* тіркестері кеңес өкіметінің орнауымен байланысты пайда болып, сол кездегі халық ұғымына әбден сіңісіп кеткен түсініктер.

Ал келесі өлең жолдарындағы:

Түлкі қыз қызыл алтай, *кер марал қыз,*
Ақ қоян, бозша байтал, ақша нар қыз.
Қымыздай балға ашытқан тәтті қызға,
Жігіттер, бәріңізде-ақ сұқтанарсыз. (Күйші, 162)

От жағып, ет пісірген міне біреу,
Бүрсеңдеп ***қызыл сирақ*** *дір-дір қағад (Күйші, 175)*

Мінген атым – Түрксіб,
Ту түтінім бұлықсып,
Қуанам, келем ауылға,
Қызыл сирақ *кедей жоқ,*
Қара лашық, жер үй жоқ,
Қырық найзалы жауында (Түрксіб)

Қысырын емген ***қызыл тай.*** *(Оқимын, 116)*

Қызылдап қан *жүгіріп реңіне,*
Жалтақтап қарай берді қыз өңіне. (Күйші, 199)

Қарсылап алдында отыр сұр мегежін,
Бетінде Қарашаштың ***қызыл да*** *жоқ (Күйші, 102)* - деген *«қызыл алтай»* тіркесі қыздың құлпырып өскен әдемілігі мен сылаңдаған сұлулығын білдірсе, келесі жолдардағы ***қызыл тай*** сөзі «балғын», «жас» семасын танытса, ***қызыл сирақ*** лексемасы «аш», «жалаңаш» мағыналарында жұмсалып, фразеологизм болып тұр. «Қызыл сирақ (кедей) – *сіңірі шыққан жарлы»* деп түсіндіріледі [4, 488]. Ал, ***«қызылдап», «қызыл»*** сөздері «ұяң», «пәк» семасын білдіріп, ақын тілінде «жылы», «ыстық ықылас» мағынасында қолданылған.

«Аруақ» деп, «алдалап!»
Кетті шұбап, күңірене,
...қызыл табан *болды уркіп* – деп келген жолдардағы «***қызыл табан болу»*** табанынан таусылды, көп жүріс көрді деген мағынада қолданылып, «тозу», «қажу» семаларын танытып тұр.

Ақынның:
Қызылда *қыстың күні шұнақ қаққан,*
Аязда түкірігің түспей қатқан. (Күй, 214)

Шатырлап бұлт алған Алатауды,
Сатырлап бұршақ төгіп, нөсер жауды.
Сарқанның ***қып-қызыл*** *боп суы тасып,*
Не болды, біле алмағам, шалдың аулы. (Күй, 219)

Жер-көкті аяз бүріп, ***қызыл жалап,***
Бұрқ-сарқ боран құсып, шашып, төгіп.
Өтіпті ақ қояндар қырғын қыстар,
Түкірік түспей қатқан, жұрт жұтатқан. (Қыс, 52-53)

Жерге жетті бір қаза,
Аяз ***қызыл үскіріп.*** *(Қыс, 53)* - дегендегі ***«қызылда», «қып-қызыл», «қызыл жалау», «қызыл үскіру»*** лексемалары «қатты суық», «алапат долылық» мағыналарында жұмсалса, *«қызыл жалау», «қызыл үскіру»* тіркестеріндегі *қызыл* сөзі *жалау, үскіру* сөздерімен тіркесе келіп, фразеологизмге айналған. Ал,

Нұрланып ***қызыл от*** *боп күн шыққандай,*
Түн кетіп жарқанаттар тұншыққандай (Күй, 221) – деген жолдағы ***«қызыл от»*** лексемасынан оттың түсі емес, күннің алаулаған ыстық шапағы танылады. Әрі бұл тіркесті ***«қызыл жалау», «қызыл үскіру»*** тіркестеріне антоним ретінде қарастыруға да болады. Мұндай сөз өрнектерін төмендегі жыр жолдарынан да байқаймыз:

Кешкі күн сәулесімен ***қызыл алтын***
Көктегі жосалады бұлттың жарпын. (Рүстем қырғыны, 17)

Қызарды *аспан жанып өртенгендей,*
Шық жылап тұра ала ма мөлтеңдемей. (Рүстем қырғыны, 20)

Күн жылжып көтерілді көкке таман,
Қызарып *болғандай боп бұлан-талан.*
Айбалта күн астында жарқылдайды,
Көксейді сүйір найза сұңгуге қан. (Рүстем қырғыны, 20)

Қып- қызыл *жамағандай тауды* ***мыспен,***
Қорғасын қорығандай су-күміспен. (Тау суреті, 39)

Көкше көкте ақша бұлт
Көміліп күн нұрына;
Жел байырқау, жер сұлық,
***Қызғыл** алтын шұғыла. (Ақшам, 39)*

Сонымен, І.Жансүгіров поэзиясындағы «қызыл» түр-түсі атауына байланысты қолданылған сөздер мен сөз тіркестері таптық мәнге ие болған, табиғат құбылыстарының кейбір қалпын білдірген, адам іс-әрекетіндегі, табиғатындағы кейбір жағымсыз қылық, мінезді танытқан. Бір сөзбен айтсақ, Ілияс қолданысындағы «қызыл» түрлі мағыналарға ие болып тұр. Белгілі бір тарихи оқиға, тарихи кезеңмен байланысты туындаған «қызыл» түр-түс атауына қатысты тілдік бірліктер Ілияс поэзиясында сонылығымен ерекшеленеді және жеке дара символикалық, бейнелік мәнге ие. Ойды дәл беру және оқырман ой-сезіміне әсер етудің бір тәсілі ретінде қолданылған бұл ұғымдар ұлттық болуымен де айрықша. Сондықтан да ақын туындыларындағы «қызыл» түр-түсіне қатысты тілдік бірліктер – белгілі бір халықтың рухани-мәдени өмірімен тығыз байланысты ұлттық дүниетанымын, халық танымындағы әлемнің тілдік бейнесін танытады.

Әдебиеттер

1. ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы, №8 (90). 2005 ж.
2. Аитова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы. Фил. Ғыл. Канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 2005. 126 бет.
3. ДТС, М, Наука, 1969.
4. Фразеологиялық сөздік. Алматы, «Арыс», 2007. 800б.
5. Жансүгіров І. «Көп томдық шығармалар жинағы», Алматы, «Жазушы», 2002ж
6. Жансүгіров І. «Құлагер», Алматы, «Жібек жолы», 2006 ж

Резюме

В данной статье рассматривается различное применение оттенков «красного» цвета в поэзии И.Жансугурова.

Summary

Different using tone "red" colour is considered In article in poetries I.ZHANSUGUROVA.

Рахманова Н.М
Алматы

ШЫНАЙЫ ШЫНДЫҚТЫ СУРЕТТЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК ШЕШІМДЕР

Уақыт көркем шығармаларды таптық таным тұрғысынан сомдауды қажетсініп жатса да, әлеуметтік кеңістіктің ызғарлылығы, жүдеулігі Б. Майлин, М.Әуезов сынды қаламгерлерді баяз таптырмай қоғам бейнесін сыншылдықпен де, шыншылдықпен де суреттеуге себепші болды. Б.Майлиннің алты бөлімнен тұратын «Әже» әңгімесіндегі суреттелетін оқиғалар тізбегі төңкерістен кейінгі уақытты қамтиды. Әңгімеде сұлу да сылқым Зылиха, жуас Қарымсаққа тұрмысқа өз қалауымен шыққанымен, кедейленген қазіргі тұрмысына риза емес. «Әже, қарным ашты» деген ұлы мен қызының сөзі оған шаншудай. Күйеуін де қорашсынады, мынандай ажармен бәйбіше болып, малынып отыру да арманы. Зылиханы дел сал қылып, ойы мен санасын арпалыстырған Қоржынтайдың: «Қазір слабоданың заманы, Кәрібай саған сыртыңнан ғашық, өзі жұрт ағасы, асқан бай» деген азғырынды сөзі. Б.Майлиннің 1987 жылғы бес томдық шығармалар жинағынан «қазір слабоданың заманы» деген сөздер алынып тасталған. Жаңа заман әкелген әйел басына азаттық, теңдікті байлықпен шатастырған Зылиха, бай болса ғана басқа жұртпен теңесетіндей сезімде болады. Осы сезім жетегімен Қоржынтайдың қолқасына «Жарайды» деп қалғанын өзі сезбей қалады. Тіпті құдай қосқан қосағы мен балаларын тастап кетіп бара жатып та, өз ісіне өзі есеп бермейді. Жазушы Зылиханы жан дүниесіндегі аласапыранды былай суреттейді: «Қане жүр» деп Қоржынтай қысып барады. Қоржынтайдың сыбырын әзірейілдей көріп, Зылиханың денесі, тітіркеніп сала берді. «Менде нең бар, мен байымды, балаларымды тастап әзәзілдің жолына түсе алмаймын!» деп, үйінен қуып шыққысы да келеді. Бірақ, басты тұмандаған қара күш ерікті билеп, ырық бермейді, сүйретіліп орнынан тұрып, не қыларға білмей дағдарғанда, Қоржынтайдың бұрын бір айтқаны есіне түседі, «балаларыңды бірден ала кетуге болмайды, барған соң сотқа арыз бергін, алады да береді. Сенің балаң Кәрібайдың баласы, сенің балаларыңның оған жаттығы болмайды»,- деп еді Қоржынтай. Зылиха талған көңілге осыны сеп қылғандай, осыны ойлап өзін өзі айналдырғандай болып ақтық рет балаларын сүйіп, «алтын босағасын» аттап, жөн тартып еді...»

Слабоданың заманы желпіндірген «Зылиха енді Кәрібайдың тоқалы болып, Ажар бәйбішеге күң атанып, малайдың жұмысын істеп жүр».

Өткен күні көзден бұл-бұл ұшқан. Жұқа киіммен Кәрібайдың үйінен қашып шыққан Зылихаға суық өтіп, айықпас дертке душар болады. Осы тұста автор ойланбай от басқан Зылиханың әрекеті арқылы арды-ұятты ұмытқан әйелдің опынуымен бірге, Кәрібай, Қоржынтай сияқты пысықайлардың да жаңа заманда әйел теңдігін қалауынша бұрмалап, қоғамның ілгерілеуіне тұсау болғанын сездіреді.

Жазушы Зылиханың ішкі монологында: «Мен сендерді ескермедім, сендерді жылатып тастап, өзіме бақыт іздемекші болды. Қарымсақтың жаман үйінен, жетпейтін кем-тар дүниесінен аттап өтіп, жұмақтың есігін ашпақшы болдым. «Пәлен жерден пәленшенің қатыны қашты» дегенді естігенде, менің ойымша, солар адам көрмеген бір қызықты тұрмысқа кіріп жатқан секілді болушы еді, ақырында сол ынтықты көріп, көңілді бастым...» деп өзіне өзін төреші етеді.

Автор Зылиханы ісіне, мінез-құлқына қарай жазалайды. «Пәлен жерден пәленшенің қатыны қашты» деген байырғы қазақ ұғымына тосын сөз, бұл жаңа заманмен ілесе келген сөз. Зылиха бұғаулы өмірден теңін іздеп қашқан жоқ, онікі керісінше қашыс болды. Жазушы әйел теңдігі мәселесін әркім өзінше ұққанын ескерте кетумен бірге, Зылиханың өзіндік болмысындағы дүниеқоңыздықты, байлық жолында көз жұмбайлыққа баратынын жарық дүниеге ілесе келген мінез-құлқындағы тұрақсыздықтан іздейді.

Автор Зылиханың түсі арқылы әңгіменің негізгі тұжырымын жасайды. «Ұлпаны маңдайынан сүйіп, Бақытжанды алдыма алып, енді емізе берем дегенде еңгезердей бір қара кісі арт жағымнан келіп желкеме түйіп келіп жіберді, «лағынет, арам қолыңмен жас нәрестені, күнәсіз періштені не бетіңмен ұстап отырсың!» деді... Алдым терең жар екен деймін, омақата құладым». Бақытын бағалай білмеген Зылиханы автор түсіндегі сөзі арқылы жазалайды.

Кеңес үкіметі орнап, бірақ ел тізгіні толықтай қолына тимеген тұстағы ауыл өмірін қаз қалпында суреттеген шығарманың бірі – М.Әуезовтің «Жуандық» әңгімесі. Т.Кәкішев автор бұл әңгімені жазуда шыншыл реализм әдісін ұстанған дегенді айтады.

Әңгіме талай жыл байдың есігінде таң атырып, күн батырған кедейлердің егіншілікке айналып, өз бетімен тіршілік қаракетін жасаудағы талпыныстарын суреттеумен басталады. Жиырма-отыз үйлі кедей-кепшік екі-үш жылдан бері егін салуды машық қылған. Тағдыры бір, мұңы бір кедейлер енді бұрынғыдай жуан ауылға жалтақтауды қойған. Есі дерттері, аңдыған баққандары салған егіндері. Табиғат жомарттығының арқасында биыл «ақ бидай, қара бидай аттың бойын жасырады, құдай Ақөзекке беріпті». Теңсіздік әлемінен сытылып

шыққан «Жақсылық он бес-жиырма ірі қарасы бар, қырық-отыз тұяғы бар еңбекшіл, қарекет иесі. Үй ішіндегі топты жанды қысы-жазы тыным таппай еңбек қып, жанын жалдап асырайды.

Қолындағы аз ғана малды соңғы үш-төрт жылдың ішінде егінге айналған соң құрап алған. Әуелгі жылда екі жер егін салып, содан ішермендік, тұқымдық алған соң жер емшегін емуден дәндей берді. Баяғыдан бері арамтер болып жүріппіз, мал жерде көмулі жатыпты. Еңбек қылсаң – бермесі жоқ екен. Енді барымызды егінге салып, күнелтсек деген ниетіміз бар» дейтін кешегі Әбіш байдың есігіндегі кедей.

Өзінде жер жоқ Жақсылыққа жерді жаңа орнаған үкімет берген жоқ. Әбіш берді. Байлардың кедейлерге жер беріп қарасуына себепші болған Кеңес үкіметінің айдыны болуымен бірге, Жақсылықтың да талай жылғы еңбегі мен жанасымы, сол ортадағы орнының жағдаяты. Жұрт қатарлы тіршілік ете алатынын Жақсылық та Әбішке сездіреді. «Жақсылық бір жерге орнығып ірге көмсем деп айта берген соң, біргүні Әбіш шүленсіп, мырзасып отырып: Ақөзекке өзгелермен сен де егін сал деген. Бұл өзек түгелімен Әбішке тиісті емес болатын. Өзге кедейлер осы сияқты, әрбір байдан рұқсат алып келіп отырған. Сол ретте Жақсылық та Әбішке тиісті жерге келіп қора салып алған».

Бүгінгі Жақсылықтың кешегі Жақсылық емес екенін Әбіш те іштей сезіп, оған құтты қоныс болған Ақөзекті пәлсінгенін білдіріп те жүреді. Жақсылық жаңа қоғамдық қатынастарды өзінше пайымдап ой түйеді: «Бұл орайда советтің кедейге есе беріп, теңшілік әперуге айналғанын өзге елмен бірге Жақсылық та сезе бастаған. Сыртына шығарып, ешкімге айтпаса да ішінен: «Сенің табаныңда езілуім жеткен жоқ па? Ендігі жуандығыңа құдай сақта!» дейтіндей ойлар ойлай бастады».

Осы күрең қабақтықты Жақсылықтың партия сайлауы тұсында Әбіштің қарсыластарының тобына қосылуы одан әрмен қоздырады. Әбіш жағы жеңіп шыққаннан кейін Жақсылық «Жуан ауыл бұрынғы өктемдігін істеп келіп, бір қысастығын тигізіп кетер ме деп қорқатын». Күзеуге келген бай аулына уақтылы барып амандасуға қолы тимеген Жақсылық іштей күйзеліп, әйтеур бір қауіпті күтеді. Үшінші күн Әбішке сәлем беруге келе жатып Жақсылық жаз бойы көзден таса қылмай, баптап, қорып жүрген егініне түскен жүз қаралы жылқыны көріп есі шығып кетеді. Жақсылықтың «не істесе де – істейтіні биыл» деген күдігі расқа шықты. Кейіпкердің тығырыққа тірелген рухани күйзелісі, іште қайнаған ашу-ызасы оны бейсаналы қылықтарға әкеледі. «Ауыздан ащы зар мен қарғыс араласып, айғай шықты. Көзден бұла болып жас ытқыды. «Қорлық – ай, қорлық – ай! Әй өлейін, өлмесем сенен келген керді көрейін!» деп айғайды салып жылқыға келіп араласып, дүркірете Әбіш

аулына қарай қуа жөнелді. Жағында тыным жоқ, айғай салады, қарғайды. Оңаша жуын ауылды жетпіс жеті атасынан бері қарай құлдилап боқтайды да, көзінен құшып – ыршып жасы кетіп жылайды да?»

Автор кейіпкердің сыртқы қимыл қозғалысы, сезімдік- эмоциялық құбылыстары арқылы оның ішкі әлеміндегі күйзелісті,азапты аша түседі.Ақырында есін жиған Жақсылық егін жегініне бай аулы бет бақтырмай дау айтса, соған қарсы айғақ деп екі семіз атты ұстап алып үйіне келеді. Әбіштің бұл ерлігі жылқы иесі Құрманды да, оның ағасы Әбішті де түтіктіреді. Істің нақақтығын ойлап, түсінісуге ызамен келген Жақсылықты "екі бай қатар сұрланып, оқты көздерімен атты. Бір болыс елді партияда жеңіп бүктеп алған Әбішке шүйкедей Жақсылық бұйым ба? Жерге қағып жібермесе – несі кісі?!"Ақтарыла сөйлеп, өз кеткен есесін түгендеуге келген Жақсылықты «Құрман жанында жатқан қамшыны жұлып алып, атып тұрып Жақсылықты отырған жерінен тұрғызбай батырлатып жөнелді. Басқа тиген қамшымен бірге дүреден сонағұрлым ауыр сөздер боқтықпен араласып, Жақсылықтың арнамысын да тілгілеп жатыр. Басында кішкене тырбанып қарсылық көрсетіп, бас қорғайын деп орнынан тұра беріп еді,- отырған екі-үш қонақ Жақсылықтың екі қолынан ұстай алды.Содан соң Құрман қолындағы қамшыны басы үзілгенше Жақсылықтың бауыр сыртынан бірдей дүре соғып ойына келген жауыздығын істеді».

Жақсылық сияқты қорғаны жоқ кедей-кепшікті дүремен, қорқытумен ықтыру Әбіштердің ел мінезіне қарай әрекет істеудегі, сынақтан өткен тәсілі. Өзі шағынуға келген Әбіштің бұндай көзбе-көз іздеген қысастығы Жақсылықты күйзелтеді. Іштей егілген Жақсылыққа үйдегі айғаққа екі атты алуға келген байдың адамдарының қатынын сабап, бала-шағасын зарлатып кеткені қорлық үстіне қорлық қосады. Әйелінің қордаланған жасы: «ұлыққа шақ,ұлыққа бар!», «Өл,өлмесең, өшіңді ал!» дегізеді. «Жақсылық ақылы осы сөзді естіген соң ғана орнына түсті. Дертіне жаңа ғана ем тапқандай. Қатын,баланың не көргенін сұрап,уату керек болса да, оның бірін де ескерместен,бет-аузның қанын да жұмыстан үйінің сыртында арқандаулы тұрған торы атын әкеп ерттеп алды. Ақөзектен қырық шақырым жерде Ақтаста начальник бар деп еститін. Бар қорлығын соған айтпақ болып, шауып жөнелді». Жаңа қоғам өз парызын өтеп, Әбіш пен Құрманды жауып қояды. Жақсылықтың кегі қайтқандай, көңілі жұбанып: «-Енді сол екеуінен не көрсем де арманым жоқ! Әйтеуір кегімді бір алдым. Ырзамын-ырзамын...Советім! Баяғыдан білсемші!деп, жолшыбай келе жатып жүз қайырып айтты».

Жақсылықтың қуанышы Әбіштің жақтастарының ызасын келтірді, намысын қоздырды. Еркін жүріп,еркін қимылдаған Қараадырдың атқамінерлерін Жақсылықтай құнсыз-пұлсыз кедейдің елдің бетке ұстары Әбіш пен інісін қаматып қойғаны намыстандырады. Кедейді матап ұстауды дағы еткен топтың ұстанғаны «Әлде болса неғылса да осы қарсылықты» істеген Жақсылықтарды осы істі машық қылмайтын етіп бұқтырып, шошытып жіберу керек!» - Ниет осы».

Автор заман тынысын сездіріп өтеді. «Әлде болса «жуан» деп дабырайған сөздер көп болса да, бұл күнге шейін бұл елдің ішінде ешбір жуанға жүген - құрық тиген жоқ. Сондықтан бұрыннан көп сөйлесіп, көп жүріп, көпті көріп кіріп - шығатын тесіктің жөнін көп байқағандықтан елдің пысықтары Әбіш пен Құрманды іздеудің жолдарын тауып алды». «Ел берекесін ойлағандар Әбіш пен Құрманды босатып алады. Жақсылық қуанышы баянды болмады. «Жақсылықтың шығынын төлеймін» деп начальникке қолхат жазған «Құрман оны берген жоқ, сұрайын деген Жақсылыққа тағы да бұрынғыша зәрін шашып, маңына дарытпаған. Бұл төлеу былай тұрсын, енді Жақсылықты бір азырақ көп жуанның талқысына салып, тәубесін есіне түсіру керек. Әбіш пен Құрман өз жақындарымен бұл жайды ақылдасқанда Жақсылықты қайта ұлыққа бармайтын ғылу керек дескен».

Бір болыс елдің атқамінерлеріне таң болып көрінгені Жақсылықтың бұрын елде жоқ қылық начальникке арызданғанда кімге арқа сүйгені. Ауылға милиция әкеп ат ойнатып, сол елдің айдыны Әбішті байлатқан Жақсылықтың қылығы кісі өліміндей қылмысты жұмыс болуға айналды. Бұл істе Жақсылыққа дем берді делінген Алатай аулы басын арашалап, «өз бетімен істеген тентектігі» деп ат-тонын ала қашты. Жуандардың бұрынғы бірлігі - бірлік, берекесі – береке болды. Жақсылық қылығы ел ішінде іріткі дарытқан саналып, оған ел болып жауықты. Нәтижесінде «Желінген егіннің шығынын алмақ болып отырған Жақсылық енді бұрынғы егінінің бәрінен айрылды. «Бермесе қайта кел» деген начальникке енді бара алмады. Шығын алу былай тұрсын, егін жиып алған соң, Ақөзектегі қорасын тастап, Әбіштің жерінен көшетін болды».

Автор нақты сол тұстың тарихи келбетін берерде өмірлік шындықтанн аттап кете алмаған. Қазақ қауымы ескі мен жаңаның бетпе-бет келген тірлік тартысында әлеуметтік теңсіздікті де ұмытып, ел іргесінің бүтіндігін, елдің бетке ұстарларын сыйлау психологиясын қатаң ұстанғаны баяндалады. Желпінген Жақсылықтың ел ішінде жақтастары жоқ, бәріне жалғыз жүгіреді, маңайымен ақылдаспай, етқызулықпен істеген әрекеттері өзіне соққы болып тиді.

Жақсылықтың ортасынан түңілуі, маңынан жақтас таппай ел ішінен ықтиярсыз көшуі модернистік ұстаным әдебиетін еске салады.

Автор «ел жақсыларының» іс-әрекетін, Жақсылықтың өз ісіне опынуын суреттеу арқылы оқушыны ойландыруды көздеген. Төңкерістің берген теңдігін ел іші ұғынбай жатқанда дара шапқан Жақсылық, әрине, мүйізге ілінеді.

М.Әуезов өзін қанша бейтарап ұстанғанымен елдің бүлінуіне себепші болғандарға көзқарасын «Шырық бұзған қылық» деген авторлық баяндаумен білдіреді.

Әбіштер тарапынан жасалған қатыгез, әділетсіздік ұйғарымдарды автор қаламайды, олардың бірін-бірі қорғауға жұмылған әрекеттерін «ел берекесі» деген боп деп кекесінмен мысқылдайды. Автор «арызшыға шала сенетін» милиция начальнигінің әрекетіндегі тыңғылықсыздыққа да, «сау басымызға сақина тілейік деген ниетіміз жоқ» деп Жақсылықтан бойларын алып қашқан Алатай аулының әрекетін де құптамайды. Автор әңгімедегі кейіпкерлердің әркім өз деңгейінде жеңіліске ұшырап жатуының басты себебі сана төмендігі дегенге меңзейді. Сана төмен болғанда «жуандық» салтанат құратынын автор сездіреді.

Автор жер аттарын атауда да өз көзқарасын сездіреді, Жақсылық егін салған «Ақөзек», ел жуандары жиналған жер «Қараадыр», Жақсылық еңбегіне қастық істейтін тұста Әбіш аулы «Дөңқияқа» келіп қонады. Автор жаңа қоғамдық өзгерістер үстемдік алмаған тұстағы ел ішіндегі құбылыстарды суреттеуде өзінің шынайылығынан танбаған. Б. Майлин де, М.Әуезов те жаңа заман идеологиясымен керітартпа орта арасындағы кереғарлықты сезінді. Азаматтық құқық тапталып жатқан уақытта қаламгерлер басқа қоғамдық мінез іздегендей күй танытады.

Әдебиеттер

1. Майлин Б. Алты томдық шығармалар жинағы, 3-Т,Алматы, 1962-109бет.

2. Майлин Б. Алты томдық шығармалар жинағы, 3-Т, Алматы 1962-111бет

3. Кәкішев Т. Октябрь өркені, Алматы, 1962-103бет

4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т -1 Алматы, 1979-277бет

Резюме

В статье рассматривается мотивизация образа общества Б.Майлиным, М.Ауезовым.

Summary

In the given article we consider motivation an image of society by B. Mailin and M. Auezov.

Толқынова Ш.
Алматы

БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯЛАРЫ («Балдырған журналының» негізінде)

Болмыстың алуан түрлі құбылыстарын танып білмейінше, адамның өзін-өзі рухани тәрбиелеуі мүмкін еместігін ескерсек, бүгінгі таңдағы балалар әдебиетінің көркемдік дамуы, оның зерделеніп бағалануы басты назарда болуы тиіс.

М. Горький: «Балаларға арналған әдебиет өзінің көркемдігі жағынан кем дегенде үлкендерге арналған әдебиеттің алдыңғы қатарлыларымен иық теңестіре алатындай болуы керек» деген [3]. Ендеше, бүгінгі таңдағы балалар әдебиетіне ұлы жазушы ұстанған осынау биік талап тұрғысынан қарайтын болсақ, қаншалықты көңіл толтырарлық туынды, балалар базарлығы боларлық қаншалықты мұрамыз бар? “Балалар поэзиясының басты міндеті- жас ұрпақты көркемдік шындық негізінде өмірлік шындықтың сан қырымен таныстыру болып табылады” деп түсінсек, бүгінгі балалар поэзиясы осы міндет тұрғысынан таныла алды ма? [1]

Жас өркеннің өнегелі тәрбие алуына том-том қатталған кітаптардан гөрі, көз тұнарлық көркем суретті басылым атаулының орны ерекше. Сонау кеңес заманында балаларға арналған қазақ тіліндегі басылым тек “Пионер” мен «Балдырған» журналы ғана болса, уақыт өте келе мұндай басылымның қатары «Балбұлақ», «Мөлдір бұлақ», «Ақжелкен» (бұрынғы “Пионер”), «Ұлан» секілді т.б. газет-журналдармен көбейе түсті. Десек те, балалар әдебиетінің оның ішінде балалар поэзиясының кешегі көркемдік деңгейі мен бүгінгі болмысын бағдарлап, таразылап беретін басылымның бірі -жетпіс жылдық тарихы бар «Балдырған» журналы.

К. Чуковский: «Балалар әдебиетінің әрбір кезеңі сол тұстағы үлкендер әдебиетімен сабақтастырыла зерттелуі тиіс» деген [3]. Поэзияның дамуы қоғамдық ой- сананың дамуынан тысқары қала алмайтынын ойға алсақ, тәуелсіздік алған 90 ж. бас кезінде ел тағдыры, елдік мұрат, ел мүддесі дейтін ұғым, түсініктерге ерекше екпін түсіріле бастағаны белгілі.Алғашқы жырлардың бірі мынадай:

Өзіңдікі- Елің де,
Өзіңдікі- Жерің де.
Өзіңді өзің еткен Бақ,
Тәуелсіздік төріңде.

Қанатыңнан қайырылып,
Қыр-арқаңнан майырылып,
Қонақ-тәуелсіздіктен,
Қала көрме айырылып.-

деген егемендігін алған елдің ертеңіне елеңдеген жанарындағы үміт пен үрей, көңілдеріндегі күдік пен сенім, қуаныш пен тәубешілік – осы кезең поэзиясының негізгі өзегі болды. “Келгені рас па, кетіп қалмас па екен?” деген Иранбек ақынның үрей мен үміті- жаңа ғана елдік алған қазақ елінің күпті көңілінің сыры.

90ж. тұсында жарық көрген көптеген жыр кітаптары тәуелсіздік алғанға дейінгі дәуірде жазылған жырларды құраған. Оның басты себебі, осы кезеңдегі ақындар даусының өте бәсең, кітап шығару ісінің тоқырауға ұшырағанынан деп білеміз. Тек мерзімді баспасөздерде, теле-радио арналарда ғана еміс-еміс естіліп тұрды. 90ж. орта тұсынан бастап қана тәуелсіздіктің тынысы анық сезіліп, жырлар жазыла бастады.

Т.Медетбектің: Тудық біздер көрінбейтін *бұғаумен, //*Жүрдік біздер көрінбейтін *кісенмен.//* Е.Раушановтың *//Мен қайрылдым, сен-дағы бұрылшы, інім,// Қалай, не деп ұғамыз мұның сырын?//Аяғыма қараймын- шідерім жоқ,//Неге қақсай береді жіліншігім?//*Немесе К.Ахметованың: *Мен Алладан сұраймын мінәжат қып,//Заман бізге жасамай, сірә, жаттық //Бұл далама, ұлтыма, ұрпағыма, //Шын мәнінде келгей деп шын Азаттық.* –деген жырлары куә.

Үлкендерге арналған өлеңдердің кей жағдайда оқырман түсінігіне ауыр соғатыны ұшырасады, бірақ ол өзінің астарлы толғам, кесек образдарының көзге көрінбес ішкі сұлулығымен, эксперименталдық сипатымен ақтала алады. Балалар поэзиясының ерекшелігі сол - ондай базаны көтере алмайды; айқындылықты, түсініктілікті, образ дәлдігін керек етеді. Тәуелсіздік - бұл бір күннің ісі емес, ақыл-ой күресін, сана сілкінісін талап ететінін ескерсек, тәуелсіздік ұғымының балалар поэзиясына кештеу келгенінің себебі айқын.

Балалар поэзиясында алғаш тәуелсіздік ұғымын әкелген жырлардың бірі Т.Молдағалиевтің «Тұңғыш президент» өлеңі.

Шықты тарап ой данадан,
Бер қарады жұлдыз беті.
Өзі қалап, сайлап алған,
Елімнің бар президенті.

Гүлін атты арманымыз,
Тыңдап оны, сөзін ұғын.
Батырымыз, бағланымыз,
Сардарымыз өзі бүгін.

Шырақ етіп өмір нұрын,
Алыс тартты алдағы жол.
Ел намысын, елдің жүгін,
Арқалаған ардағым ол. [2]

Ел намысы мен елдің жүгін арқалаған батырлар мен сардар бейнесі баланың қиялына ертегілер арқылы еніп қойған. Яғни, бала батыр адамның қандай болатынын көз алдына елестетіп, «президент» ұғымы батыл, әрі ержүрек, бәрін білетін мықты адам болып сіңеді. Және сол мықты адам арқылы тәуелсіздік деген ұғым өлеңде ақын ойы тарапынан «өзіңнің басшың, өзіңнің төл туың мен елтаңбаң болуы керек» деген шартталықпен түсіндірілген. Мұндай ойын ақын одан әрі «Әнұран», «Елтаңба», «Қазақтың туы», «Алматы-Астана» деген өлеңдерінде аша түседі. Балалар поэзиясы үшін аса қажетті құрал-баланың сана-сезіміне әсер ете алатын қуатқа ие бейнелі сөз болса, ақынның «тәуелсіздік» ұғымын «гүлін атты арманымыз» ал «президент» ұғымын «батыр» деп түсіндіруі осы талап тұрғысынан алғандағы ақынның шеберлігі деп айтуға болады.

Жете ме, жүрегіңе үнім менің?
Бақытын танып ұлы сүйінсін ел.
Шешілді құрсап тұрған түйін, шідер,
Тәуелсіз жарқыраған күніме бұл,
Дүбірлі кең дүние, сүйінші бер!- [2]

деп барша дүниеден сүйінші сұрай келген Қ.Бұғыбаеваның жырындағы қуанышты леп ересектерге түсінікті. Жеңіл құрылымға құрылса да, ақынның “шешілді құрсап тұрған түйін, шідер” деуі балдырғандар түсінігіне күрделі ой секілді. Өлеңнің өн бойынан өріс алып тұрған қуаныш пен шаттықты- жаңа ғана жарқырай көтерілген көк туы, ел еңсесін көтерген елтаңбасы, әуелеген әнұраны бар егеменді елдің қуанышын балалар ұғымына сіңіру үшін әсте, үлкендердің көмегі керек. Әйтсе де, тәуелсіздіктің лебін, сырын түсіндіре білген ақындар бар.

Тәуелсіздік-ту көтерген жеңісің,//Өмір бойы өзің жейтін жемісің.//Тәуелсіздік- қорғаушысы өзіңсің,//Ер жеткенде қару алып қолыңа *(Т. Қабылғали “Тәуелсіздік жыры”).//*Тәуелсіздік маған кеп,//Қолын берген сөнбес күн.//*С. Қалиұлы “Тәуелсіздік деген не?”).*Тәуелсіздік-Бақ туын//Қолға ұстайтын сәт бүгін.//Ақсарбас-Тәуелсіздік- ынтымақ,//Тәуелсіздік-еркіндік.

*(Ө. Ақыпбекұлы “Тәуелсіздік- Бақ туы”).//*Тәуелсіздік- қыран қанат,//Арқалаған алып күнді.//*(Т. Сарыбай “Тәуелсіздік –таңның нұры”)[2]*

Міне, “тәуелсіздік” балалар ұғымында “ынтымақ пен еркіндік, арайлап атқан таң, қыран қанаты, сөнбес күн”. Сөйтеді де, “оның қорғаушысы енді өзіңсің” деп жас оқырманына үлкен мазаматтық міндет жүктейді. Десе де, тәуелсіздік ұғымын тек осындай бірлікті ұғымдармен түсіндіріп қойсақ, өте жеңіл де оңай, таяз түсінік қана қалыптасар еді. “Мемлекеттің-Ата Заңында атап көрсетілен Туы, Елтаңбасы, Әнұраны және төл теңгесі жөніндегі әңгіме қозғау деген сөз мемлекеттің тәуелсіздігін тануға бастайтын қадам”. Ендеше:

Көк туым көтерілді бағым жанып, //Елтаңбам төрде әлемге танылды анық. //Шырқадым Әнұранды бар дауыспен, //Арманым-Ата Заңым қабылданып.-деген О.Асқардың. // Бір адамда екі жүрек болмайды, //Қазақ үшін Отан біреу, Ту жалғыз.- деген Н. Айтұлының асқақ ойлары балалар поэзиясында қалай түсіндірілді?

Халық сенген заңымыз,//Әділдікті қолдайды.//Жақсарсын деп халіміз, //Адам құқын қорғайды. *(Е. Өтетілеуұлы “Ата Заң”).* Көгілдір туы қазақтың, //Көксеген жетті тарихтан. //Белгісі біздің азат күн, //Тұғырын берік танытқан.

*(К. Салықов “Көгілдір туы елімнің”)*Шаңырағы Нұр таратқан Күнге ұқсап,//Елтаңбасы, сағыныштан оянған.*(“Елтаңба”).* Бірігіп бір жүрекпенен шырқайтұғын,//Әнұран!//Мемлекеттің халық әні. *(“Әнұран”).*Отанымның жер бетіне желбіреп, //Жеңістерін жеткізетін Көк Туым. *(Қ. Бұғыбаева “Көк ту”)[2]*

Тәуелсіздік рухының жас өркен бойына сіңіріліп жатқан ұғымы міне, осындай. Асқақ армандар мен биік белестерге шақыратын азаматтық ойлардың бала бойына отаншылдық рух пен патриоттық сезімді дарытудағы жолы рухани байлық көзі –жауһар жыр. “Ұлттық топырақтан неғұрлым алыстап,балалардың туған еліне, халқына деген айрықша құрмет, алабөтен махаббат сезімін оятуға, һәм нығайтуға қуатты ықпал ете алмайды. Халықтың жаны, психологиясы, арман-тілегі, тұрмыс-тіршілігі шынайы да шебер бейнеленбейінше, оның өзіндік қайталанбас рухы танылмайды” [1]. Олай болса, жалынды жырлары арқылы жас оқырманына ұлттық рухта тәрбие беру әрбір қаламгер алдындағы ұлы міндет.

Осындай озық ойлы, балалар поэзиясына барынша жатық, тілі жеңіл ақындарымыздың бірі М. Әлімбаев отаншыл ойды «Біздің Қазақстан» өлеңінде: *Анамыздай тілеуі ақ,//Отан бізде біреу-ақ,//Ол-біздің Қазақстан.*-деп білдірген.

«Ана» қашанда қасиетті ұғым. Бала санасында да анадан артық дана, анадан артық ақылды пана адам жоқ. Бұл өлеңі арқылы ақын бала

санасына «анамыз біздің біреу –ақ, ендеше қасиетті Отан да бізде біреу-ақ» деген ойды астыртын айпақшы.

Тәуелсіздік идеясына бірден бір бағдар болған, қатар түлеп, жандана түскен тақырыптардың бірі–Астана болды.Астанаға арналған алғашқы жырладың лебі үміт пен тілекке, қуаныш пен сенімге құрылды:

Астана бол, аман бол, //Ақылман бол, амал бол.//Тайсалмайтын тәмам бол,//Тәуелсіздікке қамал бол...- деген К.Ахметова, *Ежелгі мекен. Жас қала, //Ақмола енді Астана. //Қалалар көп қой басқа да, //Астана ұлтқа бас пана...* - деген А. Егеубай жырлары да игі тілекке ұласқан ұлы армандарға бойлаған [4].

Балалар поэзиясындағы Астана тақырыбы да тілек пен сенімге құрылып, Аспанмен таласқан зәулім үйлер мен көз тұнарлық көркем сұлулығын, биік мұнара - Бәйтерек бала көкейіндегі арман табы мен қиял қанатын қомдап, қаншама баланың арманына арман қосты.

Еуразия кіндігін-Елордам деп мақтанам.

(Ө. Ақыпбекұлы), *Егемен елге ерекше нұрын шашқан, //Тілейміз құт, береке Астанаға*. (К. Салықов) [2].

Адамның дүниетанымы кеңейген сайын оның қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өз орнын нақтылау мүмкіндігі де соғұрлым арта түспек. Осы мақсатта адам өмірінің ізденіске, таным-білім жолындағы әрекетке толы бастапқы кезеңінде балалар поэзиясының мол мүмкіндіктерін пайдалана білу аса маңызды. Ол үшін балалардың қиялдау, елестету, ойлау қабілетін дамытып, бойларындағы поэтикалық сезімдерін оятуға ықпал ететін, айналадағы жаратылыс жұмбақтарын арқау еткен поэзиялық туындылар, сондай-ақ өмірін ұлы мұраттарға арнаған, халық бақыты үшін күрескен жандардың жан-жақты жарқын бейнелері жасалуы қажет. Олай болса, тәуелсіздік туралы түсінік, туған елдің тарихы, Астана туралы арман жырлар мұнымен тоқтап қалмасы анық. Күннен-күнге құбылып тұрған мына қоғам бүгінгі бала болмысын батыстың бағдары мен шығыстың шырайына еліктетіп бара жатқан тұста, ұлттық келбетімізді ұстап қалу оңайға түспесі анық.

“Балалар поэзиясы да әлеуметтік өмірдегі құбылыстар мен жағдайлардың барлығын бейнелеуге қабілетті. Сондықтан осындай құбылыстарды жинақтай білген көркем образ қаншалықты маңызды роль атқарса, бала бойында адамгершілік көзқарастың қалыптасуында сол көркем образ арқылы жас оқырманды ойлануға өздігінен бағалай білуге дағдыландыратын шығарма идеясы да маңызды роль атқарады. Идея - жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келен ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы болуымен бірге, тәрбиелеушілік міндетті қатар атқаруы тиіс” [1]. Озық ойлы

балалар поэзиясы жас оқырманын қашанда ізгілікке жетелеу жолында отаншыл ойлары мен ұлтжандылық мұратынан еш аумаған және келешекте де солай болып қала берері анық.

Әдебиеттер

1. Дүйсенбайұлы Ә. А. Балалар поэзиясының көркемдік өрісі. //ҚазҰУ хабаршысы №2. 2006

2. «Балдырған» журналының 1990-2009ж аралығындағы сандары .

3. Б.Ыбырайым. Сырлы әлем.- Алматы : Ана тілі, 1997.

4. Қайырбеков Ә. Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясы. // канд.дисс. –Алматы, 2005

Резюме

В этой статье рассмотрено - независимые идеи детский поэзии. Основные произведение опубликовано журнале "Балдырған" (1990-2009г.).

Summary

The basik production of «baidirgan» magazine (1990-2009) Choose basic

Шоинжанова М.Т.
Алматы

М. ИКБАЛ МЕН С. ТОРАЙҒЫРОВ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИЕТ ӨКІЛДЕРІ

Икбал творчествосын зерттеушілер оны Шығыс пен Батыстың Руми, Хафиз, Данте, Мильтон, Галиб, Гете сияқты көптеген ақындарымен салыстырады. Икбал олардың творчестволық тәжірибесінен үйреніп, оған үнділік сарын беруге тырысқан. Бұл жерде Торайғыров туралы сөз болмаса да, олардың творчествосында ұқсастықтар байқалады, яғни үнді және қазақ ақындарының поэзия тілі мен поэтикалық ой толғамында өзара үндестіктер көрінеді.

XX ғ. Басында Қазақстан мен Үндістанда феодалдық қоғамның ыдырап, жаңа капиталистік қатынастардың қалыптасуына байланысты қоғамдық және рухани өмірде өзгерістердің пайда болуы осы елдердің әдебиетінің дамуы мен әлемдік әдебиет өкілдері саналатын ақын жазушылардың творчествосына бірқатар өзара ұқсас құбылыстар алып келеді.

Әлемдік әдебиет туралы сөз қылғанда, бұл терминді белгілі бір ұғыммен байланыстырамыз. Алғаш рет бүкіләлемдік әдебиет идеясын XIX ғ. 20-жылдың аяғында Гете қалыптастырғаны белгілі. Оның айтуынша, бүкіләлемдік әдебиет ұлттық шектелуге тыйым сала отырып, тарихи даму барысында барлық халықтардың қол жеткен құндылықтарын ала білуі тиіс. Әлемдік әдебиеттің саналуан дәстүрлерін қайта өңдеп, өз творчестволарына арқау ете білген жаңа заманның жаңа ақындарына Үндістан өкілдері – Р. Тагор мен М. Икбалды жатқызуға болады. Әлемдік әдебиеттің басқа да классиктері сияқты олардың творчествосының маңызды белгісіне жоғары көркемдік, нағыз халықтық, ұлттық және жалпыадамзаттық белгілердің өзара үйлесімділігі жатады.

Жазушылардың бір-бірінен таланты, білімі мен өмірді түсінуі, дүниетанымы, көркемдік ерекшеліктері, ұлттық сипаты жөнінен өзгешеленіп тұратыны белгілі. Алайда, оларды бәрінен де бұрын шығармаларының қоғамдық мәнге ие болуы жақындастырады. Олар әр елдің халықтарының көкейінде тұрған, әлемдік әдебиет шешімін табуға тиісті сұрақтарға жауап беруге ұмтылды. Олардың творчестволары ұлттық қана емес, жалпыадамзаттық мазмұнға да ие бола отырып, түрлі мәдениеттер арасында өзара түсіністік пен диалогты қалыптастыруға жағдай жасайды. Әлемдік әдебиеттің осындай классиктері мен жазушылары шын мәніндегі халық жазушылары болып табылды. Олардың жазу стилін, поэтикалық тілі мен бейнелеу тәсілдерін, т.б. ерекшеліктерін айқындайтын ұлттық белгілерінің өзгешелігіне қарамастан, олар өмірді, ең алдымен адамды сол дәуірдің алдыңғы қатарлы қоғамдық және үлгі тұтарлық құбылыстарымен байланыстыра суреттейді, олардың өмір сүруі мен қалыптасуына кедергі келтіретіндерді сынға алады. Олардың шығармалары өз отандастарына ғана әсер етіп қоймайды, сондай-ақ басқа елдерде де кең қолдау тауып, адамзаттың мәдени дамуында маңызды рөль атқарады.

Урдудың қазіргі заманғы поэзиясының негізін салуда Иқбалдың еңбегі өте зор. Иқбал творчествосында адам тағдыры халық тағдырынан бөлініп қарастырылмайды, яғни тығыз байланыста. Үнді ақыны адам рөлін төмендетіп көрсететін әдебиеттегі кейбір ескірген бағыттармен күресті. Үстемдік құрған догмалар жағдайында ол өмір сүру қуанышын уағыздады оның басты кейіпкері өзіне өзі сенімді өз күші мен құдіретін көрсете алатын еркін адам болды осы арада алғаш рет өзін өзі еркін сезініп бағалай білген өз күшінің шексіздігіне көзі толық жетіп өзін өзі игере білген дара адам туралы идеяны қолдаған Иқбал мен Торайғыров концепцияларының ұқсастығын айтпай кетуге

болмайды. Иқбал өмірге маңызы бар сұрақтарды өзінше шешуге, адам мен табиғат арасындағы күрделі қарым-қатынастарды түсінуге, қоғам дамуының жолдарын көрсетуге өркениет алға басу жолдарын анықтауға ұмтылды. Сондай-ақ ескі әдеби бағыт өкілдері тарапынан моральдық этикалық және эстетикалық нормаларға сәйкес келмейтіні жөнінде сынға ұшыраған өз замандастарының айтарлықтай маңызды ерекшеліктерін жақтауға күш салды. Иқбал творчествосының негізгі тақырыбы адам және өмір болып табылады ешқандай күрес жүрмейтін тоқырау билеген ертегі әлемінен гөрі Иқбал қуанышы мен қиыншылығы мол жер бетіндегі өмірді артық көрді ғашықтардың жүрегі мәңгі жұмақта өледі, ол жақта не қайғылы ән не қиындықтар не қиналған дос жоқ , деп жырлайды ол. Иқбал мәңгі жас тамаша өмірді жырлау арқылы ресми, діни ортамен қақтығысқа түседі ол адамға адамның өзі мен қоғам үшін жауапкершілік арта отырып оны орта ғасырлық мұсылмандық моральдан босатып алды деп жазады Иқбал творчествосы мен зерттеуші Н.И.Пригарин Иқбалдың гуманистік ізденісінің жоғары азаматтығы ең алдымен адамның өз отандасының табиғатын өзгертуге ұмтылуында жатыр. «Поэмы машриқ» атты шығармашылығында Иқбал адам табиғаты өзгермейінше ешқандай жаңа әлем пайда болмайды деп жазады. Ол әлемді өзгерте алатын күшті, батыл, ширақ іскер адамды жырға қосады, адамды әлемдегі нағыз жетілген қалыптасқан жаратылыс деп есептейді. Иқбалдың шығармашылығындағы адам әлемді қайта өзгерте алатын күшімен мүмкіндігін дәлелдей отырып құдаймен таласқа түседі. Иқбалдың нағыз идеалды адам туралы түсінігі сол кезде Үндістан мен басқа шығыс елдерінде кең тараған адамның билік басындағыларға еш қарсылықсыз бағынуын зұлымдық пен қорлық зомбылыққа көнуін уағыздайтын, қоршаған ортаға немқұрайлылық енжарлық тудыратын идеологиядан ерекшеленеді. Иқбалдың жоғарлы деңгейдегі гуманистік идеялары Торайғыров творчечтвосындағы жоғарғы азаматтық пафоспен үндес келуіне байланысты салыстыра зерттеуге негіз болады. Зорлық-зомбылық үстемдік еткен жағдайда Торайғыров «адамдар мен халықтар арасындағы алауыздық» пен тарихтың қайғылы қарама-қайшылықтарының мемлекет пен жеке адам, халық пен билік арасындағы шешімі жоқ қақтығыстаға себеп болатынына жаны күйзелді деп жазады В.М.Маркович «алайда ол осының бәрін түсіне отырып, жалпыға ортақ, бірыңғай, әділ, жан-жақты қалыптасқан басқа бір өмірді жырлайды». «Адамның бір жақты дамуы мен жан дүниесін сезімін» В.М. Маркович көріп, қазақ кейдейлерінің ауыр өмірі мен жағдайына куә болған Торайғыров сияқты Иқбал да капиталистік қоғамда адамдар

арасында таза есепсіз туыстық қатынастардың болуы мүмкін емес. Қазақ даласындағы ескі жүйе олар кімдер атты өлеңде сынға ұшырайды. Онда ақын артта қалған қоғам өкілдерінің портреттерін жиіркенішпен суреттейді. Алайда Торайғыров үмітсіз писсимист емес ол өмірге ақыл оймен шындықтың әділеттіліктің салтанат құратынына сенеді. «Өмірге» атты өлеңінде ақын өз отанының көгін де ататын таңды еркін халықты көргісі келетін арманын жеткізеді. Торайғыровтың патриоттық лирикасы халық билігінің жаңа дәуірі туатынын сезіну қуанышына толы болып келеді. «Туған халқыма» атты өлеңінде ол өз отандастарының азаттыққа деген сезімін нығайтуға ұмтылады. Халқына осы өлеңін арнай отырып қазақ ақаны әділеттіліктің сенетініне сенімін білдіреді жаңа өмірді жырлау сияқты осындай сарынды халық билігінің жаңа дәуірінің туатынына сенімді үнді ақынның творчествосында да кездесуге болады. Әлемді қайта құрудың жаңа түрі пайда болды шығыс пен батыста сенің жаңа дәуірің басталды. Иқбал өткен ғасырдың басында үнді қоғамында орын алған анта-гуманистік бағытты сынай отырып, адамды экономикалық саяси рухани жағынан кемсітіп төмендететін әдіс тәсілдердің бәріне қарсылығын білдірді. Тагордың «Өркениет тоқырауы» деген мақаласында өркениетті капитализм деп түсіндірген сияқты Иқбал да сорақылық өркениетті сынай отырып капитализмге төмендегідей сипаттама береді. Батыстың аспанында адамгершілік жоқ онда қан тоқтамай ағуда жұмыссыздық, жоқтық азғындық. Осылар да батысты сипаттауға жетеді Иқбал рессимист емес. Оның поэзиясын Торайғыровтың патриоттық лирикасымен жақындастыратын басты белгілерге ақынның әділетсіздік пен адамның ар-намысын аяққа таптайтын кемсітушілікке қарсы күреске шақырады.

Жұмыскерлер қанынан байлар өздеріне лағыл тастар жасайды,

Сараң бай шаруаларды қайыршылық күйге түсіреді, деп жазады ол. Иқбал творчествосын зерттеушілер ақынның урду поэзиясында жоғары азаматтық пен демократиялық алға ұмтылушылық бағытының негізін салғандығын атап өтеді. Мысалы, Магендра былай дейді урду газеліне әлеуметтік бағыт берген Иқбал өз кезегінде С.Сейфуллин қазақ ақындарын Торайғыровты тар мағынада емес азамат ақынның ұлы арманын түсінуге, одан батыл түрде ойлап сезіне білуді үйренуге шақырады. Сонымен ХХ ғ. Басында Торайғыров қазақ қоғамының патриоттық, азаматтық сезімдерін оятуға ұмтылса Иқбал үндістандағы отаршылдық қалдықтың салдарынан ауыр депрессияға түскен өз отандастарын құтқаруды армандайды. Торайғыров сияқты Иқбал да мәдени мұраға деген ұлттық көзқараспен шектелмейді. Ақын үшін классикалық мұра өз отандастары мұсылмандар жасаған тамаша рухани

және көркем құндылықтардан ғана емес, сонымен бірге адамзат өзінің мәдени дамуын қалыптастырған ең үздік туындылардан да тұрады. Ол нәсілдік діни қауымдық қарама- қайшылықты жоюға шақырады, адамзаттың беріктілігін жырлады.

Біз не ауғандықтар не түріктер не татарлар емеспіз

Бір бір гүл шоғында бір бұтаққа пайда болдық

Біз бір көктемнің жемісіміз.

Иқбалдың творчестволық әдіс тәсілі күрделі және әлі толық зерттелген жоқ. Өз қорытындымызды жеткілікті деңгейде негіздеп дәлелдеуге мүмкіндігіміз аз бола тұра басқа да үнді жазушылары сияқты Иқбал творчествосы үшін де, жаңа үнді әдебиет үшін де романтизм мен реализм арасындағы өзара байланыс күрделі болып келеді деп өз ойымызды білдіреміз. Адамның қоршаған ортамен біртұтастығын ескі әлеуметтік шарттармен қақтығысқа түсетін жеке адамның сипатын беруде, адамның ішкі рухани жан дүниесіне, табиғатқа арнауында және барлық нәрсенің басталу ретіндегі махабатты жырлауда Иқбал өзін романтик ретінде көрсете білді.

Алайда Иқбал романтизмі енжар реализм емес, ол айқын әрі белсенді сипатқа ие, кейде ол үгіт-насихатты көздейді.

Осы жағынан ол Торайғыров поэзиясына жақын «Икпал гуманистік бағытты ғана ұстанбайды. Ол тыныштықты емес, ширақтық пен жергілікті жақтайтын ақын,»-деп А.А.Эпджинер дұрыс атап көрсетеді.

Иқбал қоршаған ортаны терең танып, қазіргі өмірдегі адам рөлі мен адамзаттың бүкіл тарихын түсінуге ұмтылуы оның творчествосында релистік бағыт тудырды. Сол сияқты Торайғыровта «біржақтылық субъективтілікті жеңе отырып, нағыз өмірді суреттейтін ақынға айналды», - бұл анықтаманы өзіне –өзі берген еді.

Қазақ ақынының творчествосын зерттеушілердің пікірі бойынша, оның поэзиясынан қоршаған ортаны танып-білуге деген қажеттілікті –өз дәуірінің тынысын сездіретін қазіргі замағы адамның өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге ұмтылушылықты байқауға болады. Белгілі бір деңгейде Иқбал туралы да осыны айтуға болады. Нақты осындай қажеттілік салдарынан Иқбал творчествосында реалистік элементтер пайда болды.

Зерттеушілердің пікірінше, Торайғыровтың еңбегі қазақ әдебиетінің дамуында ерекше. Барлық қазақтар үшін ол қазақ халқының рухы деген не, оның барлық күші қайда бағытталған, қазақтардың идеалы қандай деген сұрақтарға жауап береді. Біздің ойымызша, Иқбалдың ұлылығы оның поэтикалық түрде өз отандастарының өзіне

тән белгілерін көрсете білгенінде және Торайғыров сияқты ол да өз елінде халқының ойы мен сезімдерін жеткізе білген нағыз халық ақынына айналды. Иқбал поэзиясы ескірген жоқ және ешқашан ескірмейді де. Ол адамның жан-дүниесіне қозғау салады, жәй-күйін, сезімін дөп басады. «Торайғыровты бізге жақындатқан бізге балалық шақтан таныс оның өлеңдері, біздің онымен жақын болып кеткеніміз соншалық, кейде туған жер, оның табиғаты, махаббат қуаныштары мен қайғысы бірге жүретін өмір туралы жырлайтын Торайғыров поэзиясының біразын ойша қалай пайдаланғанымызды да білмей қаламыз»,-деп жазады зерттеуші.

Сол сияқты Иқбалдың отандастары да өмірдің әр кезеңдерінде өздерінің сүйікті ақындарының өлеңдерін естеріне түсіреді. Мүшайралар мен әдеби кештерде ғана емес, күнделікті өмірде де Иқбал өлеңдерін жиі естуге болады. Халық олардан өз арман-тілектеріне жауап іздегендей болады. Осы тұрғыда Иқбалдың замандасы, оның поэзиясын жоғары бағалаған тамаша үнді жазушысы Премчандты атап өтуге болады. Премчанд туралы «Премчанд-перо солдаты» атты кітабында жазушының ұлы Амритрай Премчандтың Иқбал поэзиясын халық тағдырын айқындайтын ең жоғары поэзия деп санағандығын айтады. «Мупши Иқбалды өте жақсы көрді,- деп жазады Амритрай,- ол өз сөздеріне мағына қосқысы келсе, Иқбал поэзиясына сүйенетін».

Менің өмірім толқыған толқындар сияқты тынышсыз

Бірақ, мен осы теңіз жағалауын іздеп жүр деп ойлама.

Өмірге деген құлшыныс, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, өз халқына қалтқысыз қызмет ету, оны шындық пен әділдіктің жолына бағыттау сияқты арман-тілекті Тагордың «Адасу» поэмасынан кездестіруге болады.

Премчандқа Иқбал өлеңдеріндегі адам барлық кедергілерді жеңетін күш-қайраты туралы жарқын идеясы қатты ұнады. Премчанд «Жастық шақ, биік идеалдар, табандылың, қайраттылық. Бұл туралы Иқбалдың сөздерімен былай айтуға болады:

Біздің ессіздігіміздің шөл даласында Жәбірейіл –түкке тұрмайтын құрбандық.

О, табанды қайраттылық,

Өзіңе өзің арқан таста.

Иқбал да Торайғыров та алдыңғы қатарлы жазушылардың Ассоциасының жұмысына қатыспайды. Алайда олардың өлеңдері Қазақстан мен Үндістанның көптеген алдыңғы қатарлы әдебиетшілеріне шабыт, творчестволық бағыт беріп отырады.

Торайғыров Абай дәстүрін жалғастыра отырып, өмірден үйрене отырып, заман ағымына құлақ түріп, көз салады, адамның ішкі жан дүниесін ашып көрсетеді, қазақ поэзиясының жаңа мүмкіндіктерін белгілеп береді. Осы сөздерді Р.Тагор дәстүрін жалғастырушы үнді ақыны Иқбалға қатысты да айтуға болады. Кейде біз белгілі бір жазушының құдіреттілігін жылдар өте келе ғана сезініп, бағалай бастаймыз. Тарихи даму Торайғыров пен Иқбалдың әдебиетте алатын орны мен әдебиет дамуындағы олардын рөлін жете түсінуге көмектеседі деп ойлаймыз.

Торайғыров пен Иқбалдың творчествосының ұқсастығы олардың қазіргі өмірде танымалдылығын да айқындайды. Олардың творчествосы әлемдік әдебиеттің мол қазынасында берік орын алған және көптеген шығармалары басқа тілдерге аударылуда, жер шарының алыс түкпірлерінде естілуде. Бұл Ұлы ақындардың мәңгі өлмейтіндігін дәлелдейді.

Әдебиеттер

1 Поэзия народов Индии. – М., 1962. – 190 с.

2 Тагор Р. Күйреу. Соңғы поэма. Романдар. Әңгімелер. Өлеңдер. – Астана: Аударма, 2007. – 480 б.

3 Серебряков И.Д. Литературы народов Индии. – М.: Высшая школа, 1985. – 304 с.

4 Икбал М. Таң самалы. Ауд. Ә.Дастанұлы. – Алматы: Санат, 1998. – 175.

5 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы-А.Қазақ университеті, .

Резюме

В статье рассматривается развитие литературы в Индии и ее связи с другими культурами. Литература является одной из важнейших сфер в Индии. Это работа также важна тем, что вложила мост между казахской и индийской литературой.

Summary

The article deals with the historical overview of the development of India literature. It is one of the works that lead a bridge between Kazakh and Indian literary tradition.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Иванченко Ю.В. – КазУМОиМЯ им. Абылай хана, магистрант, преподаватель английского языка
Тулеева Ч.С. - Кыргызский государственный университет строительства, транспорта и архитектуры им. Н. Исанова, кандидат педагогических наук, и.о. проф. кафедры иностранных языков,
Кенжеғараев Н. - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты
Сүйеркұл Б.М. - А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтыны, аға ғылыми қызметкер
Мулдабекова Н.Ю. - Центрально - Казахстанский Университет МГТИ - «Лингва», соискатель
Зульярова Р.М. - КазУМОиМЯ им. Абылай хана, магистрант
Алексеева О.Г. – Центрально Казахстанский Университет МГТИ – Лингва, ст. преподаватель
Сері Л.Т. - КазУМОиМЯ им. Абылай хана, ст.преподаватель
Оспанов Е.Т. - Абай атындағы ҚазҰПУ филология факультетінің оқытушысы
Бакитов А.Т. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің Әскери институты, еуропа тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымының кандидаты
Исабекова Ұ.К. - Абай атындағы ҚазҰПУ, доцент, филология ғылымдарының кандидаты
Жұбаева О.А. - Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты , грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты
Сайбекова Н.У. Абылай хан атындағы Қазақ Ұлттық Халықаралық қатынастар және Әлем Тілдері университеті «Шет тілінің аударма теориясы мен машығы» кафедрасының магистранты
Оналбаева А.Т. - Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, кандидат филологических наук, доцент
Ахетов М.К. - Алматы қаласы Тілдерді басқару департаментінің бастығы, филология ғылымдарының кандидаты
Рахманова Н.М. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті, филология ғылымының кандидаты, доцент.

Жанұзақова Қ.Т. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доцент м.а.филология ғылымдарының кандидаты.
Джамбаева Ж.А. - Семипалатинский государственный педагогический институт, кафедра теории и методики русского языка и литературы, кандидат филологических наук, и.о. доцента
Насыритдинова Ә.Н. – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, қазақ тілі кафедрасы, қазақ тілі кафедрасының ассистенті.
Құсайынова Ж.А. - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Қасенов Е.С.- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, оқытушы
Шоинжанова М.Т. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, аспирант
Базаргалиева А.М. - КазУМОиМЯ им. Абылай хана, магистрант
Божеева А.Е. - КазУМОиМЯ им. Абылай хана, магистрант
Толқынова Ш. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, магистрант
Әбдіқалық К. С.- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, аға оқытушы, филология ғылымының кандидаты
Искакова Н.С. - КазУМОиМЯ им. Абылай хана, аспирант
Байсарина Ж.С. - Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, аға оқытушы
Оналбаева А.Т. - КазНПУ имени Абая. к.ф.н, доцент
Акат Нургельди - Каз УМОиМЯ им.Абылай хана, магистрант
Шыныбекова А.С. – М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, «Тілдер» кафедрасының оқытушысы, ф.ғ.к., доцент
Жанабекова А.Ә.-А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты
Зарифова К.А. - бакалавр
Юсуф Яйладжы - Абылай хан атындағы ҚазХҚжәне ӘТУ, ізденуші
Айбарша Ислам- Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, ф.ғ.д.
Байгонысова К.О. - соискатель КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Желдібаева Р.Б. – филология магистрі, Абылай хан атындағы
ҚазХҚжәне ӘТУ

СОДЕРЖАНИЕ

Язык-мышление-культура

Жаңабекова А.Ә. Функционалды-семантикалық темпоралдылық және модалдық категорияларының семантикалық тоғысымы.....5
Жұбаева О. Грамматикалық танымның ұлттық ерекшеліктері.....13
Джамбаева Ж.А. Концепт «семья» в языковом сознании представителей тюркоязычных социумов 21
Zariphova K. Criteria of Defining Compunds in modern Linguistics.....27
Исабекова Ұ.К. Түркі тілдерінің негізгі лингвистикалық категориялары.....32
Насыритдинова Ә.Н. Техникалық терминдерді аударудың кейбір мәселелері.....37
Құсайынова Ж.А. Модалділік және инверсия құбылысы 44
Югай М. Сущность явления интерференции при контакте языков.....49
Ислам А. Ілеспе аударма технологиялары мәселелері.....56
Юсуф Яйладжы. Қазақ және түрік халықтарының танымындағы «отан» концептісі.....60

Текст и дискурс

Алексеева О.Г. Метафора «мир-сцена» скрытая в подтексте трагедии «Гамлет», ее перевод на русский язык.....66
Божеева А. Проблема художественного времени и пространства в художественном произвендении (на примере произведений С. Моэма).....74
Zulyarova R.M. Intercultural Aspects of Translation 81
Оналбаева А.Т. Национальное речевое поведение в сфере невербального общения.....87
Кенжеғараев Н. Абай лирикаларындағы дискурс турлері 95
Нургельді А. Техникалық мәтіндерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударудың функционалды-стильдің ерекшеліктері.....103
Шыныбекова А.С. Кейіпкер дискурсындағы гендерлік стереотип 108
Шыныбекова А.С. Мәтін мен дискурстың коммуникативтік табиғаты туралы.....113
Байгонысова К.О. Семантические группы футуральных значений в современном английском языке……..119

Лексика и фразеология

Бакитов А.Т. Қазақ және француз мәдениеттерінің концептілік өрістеріндегі фразеологиялық стереотиптер.....127

Байсарина Ж.С. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түс фразеологизмдерінің символикалық ерекшеліктері 135
Сайбекова Н.У. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы фразеологизмдердің фонетикалық варианттары 141
Saibekova N.U. Phraseology and classification of phraseological units……147
Сүйеркұл Б.М. Жазба ескерткіштердегі метафора құбылысы 153
Сері Л.Т. Салыстырмалы фразеологизмдерді аударудың негізгі тәсілдері.160
Сайбекова Н.У. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы вариант фразеологизмдердің компоненттер құрамы.....170
Иванченко Ю.В. Сопоставительное исследование представления о женщине, отраженного во фрзеофонде неродственных языков 177
Искакова Н.С. Микро-макроконтекст как факторы варьирования английского прилагательного.....183
Оналбаева А.Т. К проблеме исследования мотивированности знака.....191
Желдібаева Р.Б. Қытай тілінідегі «个» ge мөлшер сөзінің қолданылу ерекшелігі 197

Язык художественной литературы

Ахетов М.К. Қазақ шешендік өнерінің ілкі бастаулары.....204
Әбдіқалық К.С. Аңыз әңгімелердің авторы туралы болжамдар.....213
Bazargaliyeva A. Robert Lawrence Trask: biography and his contributions to Linguistics.....220
Жанұзақова Қ.Т. Асқар Алтайдың «Алтай балладасы» роман-мифіндегі романтикалық арна 226
Мулдабекова Н.Ю. Роль и функции авторских словообразований в трилогии-Дж. Р.Р. Толкиена «Властелин колец» 234
Оспанов Е.Т. Көркем шығармадағы автор мен оқырман қатынасы.....245
Қасенов Е.С. І. Жансүгіров поэзиясындағы «қызыл» түр-түс атауының қолданысы мен танымдық сипаты 250
Рахманова Н.М. Шынайы шындықты суреттеудегі көркемдік шешімдер..256
Толқынова Ш. Балалар поэзиясындағы тәуелсіздік идеялары («Балдырған журналының» негізінде) 262
Шоинжанова М.Т. М. Икбал мен С. Торайғыров әлемдік әдебиет өкілдері.....267

Сведения об авторах.....274

ҚХҚжӘТУ ХАБАРШЫСЫ
“Филология” сериясы

ВЕСТНИК КазУМОиМЯ
Серия “Филология”

№1(23)2010

Подписано в печать 04.06.2010г. Формат 60х90 1/16.
Бумага офсетная. Печать RISO. Объем 16,9 п.л. Тираж 100 экз.

Отпечатано в редакционно-издательском центре
КазУМО и МЯ им. Абылай хана
г.Алматы, ул.Муратбаева 200, 108 каб.
тел. 2920767